3. *Безруков В. Организация государственного планирования и регулирования экономики. //Плановое хозяйство. – 1990. – №3. С. 69.*
4. *Экономическая и социальная политика Франции. /Пер. с франц. – М: Французская организация технического сотрудничества. 1995. – с. 24.*
5. *Сенчагов В. О японском опыте управления (размышления после командировки). //Вопросы экономики. – 1990. – № 5. С. 142.*

Резюме

Индикативное планирование является наиболее распространенным средством регулирования социально-экономического развития в условиях рыночной экономики. Оно представляет собой механизм координации интересов и деятельности государства, предприятий, домохозяйств в условиях рынка. В статье рассмотрены различные подходы к индикативному планированию, а также его формы и разновидности.

Түйін

Индикативтік жоспарлау нарықтық экономика жағдайында әлеуметтік-экономикалық даму ахуалын реттейтін ең көп таралған жолы болып табылады. Ол нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің, кәсіпорындардың, үй шаруашылықтарының қызығушылықтары мен іс-әрекеттерін реттейтін механизм. Мақалада индикативтік жоспарлауға деген әр түрлі көзқарастар, формалары мен түрлері қарастырылған.

Resume

Indicative planning is the most common means of regulating social and economic development in a market economy. It is a mechanism for coordination of interests and activities of the state, enterprises, households in the marketplace. The paper considers different approaches to indicative planning, as well as forms and varieties.

КУДЫС Е.
э.ғ.к, профессор, XINJIANG университеті
экономика институты ҚХР

ӨНДІРІС САЛАСЫНДАҒЫ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Көп жылдық шетелдік және отандық индустриалды бизнес тәжірибесі көрсеткендей, индустриалды жүйеге жасалған ең құнды талдау өз бетімен емес, ынталандыру мен ауысымдар бар жағдайда ғана құнды. Бұл салааралық баланс Нобель сыйлығының лауреаты В.Леонтьевтің жасаған әдісінің тиімді екенін көрсетті. Оның көмегімен өткен ғасырдың 60-70 жылдары қорлардың шығыны, өндірістік тауарлардың пайдалылығы жайлы салыстыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндігі туды [1, Б. 22-44].

Нарықтағы маңызды өзгерістер келесі жағдайларменен анықталады:

- ынталандыруға бағытталған миссия мен жаңалықтардың басымдық негіздері;
- өзгеріс кезінде сақталуы тиіс қоғам құндылықтары;
- шаралардың үздіксіздігі;
- өзгеріске қатысушылар арасындағы иерархиялық қатынастар.

Сондықтан индустриалды даму мақсаттары мен стратегиясын бағдарлау кезінде жүйелік негізде геоэкономикалық, технологиялық және әлеуметтік-саяси қағидаларды, персоналды психологиялық ынталандыру мен кәсіпорындағы басқару әдісін толық зерттеу қажет. Қабылданған Қазақстанның 2030-Стратегиясына сай индустриалды саясатының стратегиялық мақсатының басымдық негізі болып өндірістің әртараптандырылуы және минералды-шикізат кешенінен жоғары технологиялық өндіріске инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асады.

Жалпы XX ғасырдың екінші жартысындағы өндіріс эволюциясының тиімділігі басқару әдістері мен техника және технология жетістіктерімен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі пайда табумен қатар өндірістің маңызды көрсеткіштері болып еңбек өнімділігі, рентабельділік пен бәсекеге қабілеттілік, экологиялық тазалық пен үздіксіз даму болып табылады. Сонымен қатар, индустриалды дамудың негізін құрайтын басқару қызметін, өндірістің дамуын, маркетингтік басқаруды қамтитын толық циклді қарастыру қажет.

Индустрияның кез келген саласы үздіксіз өзгеріс жағдайында болумен қатар, жалпы экономикалық және технологиялық динамикаға, нарық және салааралық байланыста болады. Бүгінгі таңда ол өзгерістердің жылдамдығы халықаралық жаһандану үрдісіне тікелей қатысты болып отыр. Нәтижесінде дәстүрлі салалық көрсеткіштер техника-экономикалық логика негізінде тұтас индустриалды дамуды құрау қажет.

Нақты өндірістік-экономикалық даму тек дәстүрлі технологиялық тәртіптердің ауыстыру нәтижесінде жүзеге асырылады. Сондықтан, жаңа индустриалды саясат өз уақытындағы ескі технологияны жаңа технологиямен алмастырылуын қамтамасыз етілуді талап етеді. Осындай іс-шараларды жүзеге асыру арқылы 1950 жылдың ортасында әлемдік техника-экономикалық жетістіктері бар мемлекеттердің технологиялық деңгейін 5-технологиялық өңдеу жұмыстарын жандандыру арқылы, өнімдердің соңғы түрлерінің санын көбейтуге және өнім сапасын арттыруға қол жеткізді. Кеңес Одағымен қатар Қазақстанда ол уақытта 3,4-технологиялық өңдеу жұмыстарын қолдану қолға алынып жатқан болатын. Бес балдық жүйе бойынша индустрия өндірісінің бүгінгі жағдайы көрсетілген. Байқап отырғанымыздай 5,6-технологиялық өңдеу деңгейлері жоқтың қасы [2]. Сондықтан экономикамыз әруақытта, әсіресе, дағдарыс кезінде әлжуаз келеді (1-сурет).

Әлемдік нарыққа ену мәселелерін тез арада шешу үшін бесінші технологиялық өңдеу жұмыстары ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың, өндіріс пен газды қайта өңдеу, электронды және микроэлектронды өндіріс, оптико-талшықты техника, бағдарламалық қамтамасыз ету мен робот жасау, жаңа технология мен басқару әдістерінің қосындысы ретінде құралып, жүзеге аса бастады.

1-кесте. Дағдарыстан кейін кәсіпкерлікті өркендетудің индустриалды-инновациялық негіздерін жүзеге асыру тұжырымдамасының өзара қарым-қатынасының жүйелі іс-әрекеттер реті

Іс-шаралар Технологиялық деңгейлер	Құқықтық база	Ресурс	Инфра-құрылым	Кадр дайындау	Мемлекеттік реттеу	Ақпараттық, ғылыми, әдістемелік қолдау
Жоспарлау	3	3	3	3	3	3
Барлау	3	3	3	3	3	3
Өндіру	3	3	3	3	3	3
Байыту	2	2	2	2	2	2
Қорыту	2	2	2	2	2	2
Өңдеу	1	1	1	1	1	1
Терең өңдеу	0	0	0	0	0	0

Өндірістік-технологиялық үрдістің қозғаушы күші болып жоғары білікті жоба,технологиялық ойлар, негізінде капитал өндіргіш салалар негізін құрады. Индустриалды дамудың стратегиясы, тұжырымдамасы және әдістемесі әр сала үшін таңдау және диффузия тетігіне әкелуі қажет. Осылайша, индустрияны стратегиялық жоспарлау кезінде, тек капитал өндіргіш саланың басымдығын ғана емес, сонымен қатар нарық экономикасымен анықталатын технологиялық қосындылардың дамуы мен қазіргі әлеуметтік тап қайшылықтарының әсеріне көңіл аудару қажет. Сондықтан индустриалды даму тұжырымдамасында бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерімен бірге қарастырылуы қажет.

Өндірістің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші төмендегі ұлттық экономикалық жүйедегі сыртқы және ішкі сипаттамалар жиынтығымен анықталады:

- экономикалық жүйе ашықтығы;
- қызметтердің барлық деңгейлеріндегі ынталандыру;
- қолданылатын іс-шаралардың үздіксіздігі;
- еңбектің алдыңғы қатарлы көрсеткіштері;
- инновациялық белсенділік;
- инвестиция және болашағы бар технологиялар;
- өсіп келе жатқан еңбек өнімділігі;
- инфрақұрылымға тартылатын инвестициялар;
- инфрақұрылым қызметін анықтаушы есеп-қисап;
- тұтынушылардың сұранысы.

Индустриалды дамудың сәттілігі әр сала, әр өндірістің бәсекеге қабілеттілігімен анықталады, ал ол өз кезегінде қарым-қатынас пен кәсіпкерліктің сапалық негізіне байланысты. Жаңа индустриалды даму

«әлеуметтік эволюция» нәтижесі ретінде жаңа мінез-құлықтық ортаны эволюция логикалық ережелер, құндылық шарттар, эмоционалды таңдау, дәстүр, этикалық нормалар негізінде қалыптастыруды талап етеді.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы қоғамдық-экономикалық ұйымдар үшін дамыған елдерде, адамдардың экономикалық мінезі-құлқы мен әлеуметтік ұйымдастырылуы анықтаушы, реттелуші және еркін әдістердің жиынтығы ретінде анықталды. Мезоэкономиканың түрлі салалары үшін көлденең немесе тік басқару қарым қатынасы қолайлы болып табылды. Осылайша минералды-шикізаттық кешен (МШК), технологиялық, экономикалық және құқықтық басқару әкімшілік тұрғыдан шектелу негізінде жүзеге асырылған. Осындай жағдайда кәсіпорын басшылығы мен персоналдың психологиялық жағдайы алдағы мәселені шешуге ұмтылған болса, онда өндірісте сәттілік мүмкіншілігі күрт артады. Осындай кәсіпорындар неғұрлым көп болса, ұлттық индустрияның жаңа кезеңінің синергетикалық және мультипликативті негізде пайдасы көп болады.

Қазақстанда минералдарды шикізаттардың өндірілуі ЖҰӨ-ң басым көпшілігін алады. Бұл МШК-ң үстемдігін көрсетеді. Қазақстандағы жағдайдың қайшылығы және ерекшелігі МШК-ң үздіксіз дамуы шикізаттық салалар мен аз деңгейде өнім өндіретін салалардың ғаламдану жағдайында орын алуы бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділік көрсеткіштері үлкен әсерін тигізеді. Қазақстанның өндірістік қорының әртараптандырудың жалпы бағыттаушысы болып, МШК-ң барлық көрсеткіштерін сақтай отырып, оның үлесін ЖҰӨ-де 30-40% төмендеуі болып табылады. Өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті бар индустриалды саланың минералды-шикізат кешені мен аралық өнімдер өндірісінен бәсекеге қабілеттілігі жоғары саналатын дайын өнімдер өндірісіне өту келесі көріністермен анықталады:

- саланың құрылымдық күрделілігінің артуы;
- өндірістік өнімнің функционалды түрлерінің артуы;
- саланы индустриалды реттеу сапасының жақсаруы;
- материалды, қаржылық және ақпарат ресурстарының басқа салалармен алмасу жылдамдығының артуы;
- салаішілік ауысу ағымдарының теңдігі.

Әлеуметтік және экологиялық талаптарға сай бәсекеге қабілеттілігі мен кешенді техника-экологиялық дамуы келесі көрсеткіштермен:

- технологиялық тиімділік;
- шығындар тиімділігі;
- экологиялық тиімділік;
- нарықтық тиімділік;
- менеджменттік тиімділігімен анықталады.

Жаһандану жағдайындағы даму технологиялық, дүниежүзілік шаруашылық және нормативті-құқықтық қатынастарда минералды-шикізат кешенімен қоса индустриалды салаларды органикалық негізде қарастыру төмендегі бағыттар және үрдістермен сипатталады:

- дүние жүзілік құрылымдық талаптар, жалпы мәдени құндылықтар мен әлемдік бағыттар;
- ұлттық саяси-құқықтық орталардың жақындауы;
- геоэкономикалық қатынастардың либерализациялық үрдістері;
- жеке кәсіпорындардың әлемдік нарыққа шығуы;
- жалпы экономикалық аймақтар пайда болуы.

Сонымен, дағдарыстан кейінгі жаңа индустриалды даму келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталуы қажет:

- өмір сапасын жоғарылатудағы нақты міндеттерді шешу;
- қаржылық қолдаудағы жариялылық пен мөлдірлік орын алуы.

Мемлекеттік институтарының инвестициялық қолдауы таза бәсекелік басымдықтарды құрайтын стратегиялық міндеттерді шешуші төмендегі жобаларға бағытталуы қажет:

- экономиканың ғылыми сыйымды және жоғары технологиялық өндірістің өңдеуші секторының дамуын қамтамасыз ету;
- өндірістегі инновациялық белсенділікті жоғарылату;

- ғылыми-техникалық ортада кіші және орта бизнес дамуын біріктіру;
- тең бәсеке жағдайын жасау;
- өңдеуші индустрияның экспортқа бағытталуы;
- бәсеке артықшылығының құрылуы.

Көңіл аударатын жайт, жеке кәсіпкерлік субъектілері тарапынан инвестициялану мүмкіншілігінің аздығымен анықталады

Сонымен қатар, міндетті түрде отандық ғылымның химия, мұнай химиясы, металлургия, ядролық физика, геофизика, микробиология, биотехнология мен гендік инженерия, жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды өнім түрлері мен шикізатты терең өңдеу, өңдеу өндірістерінде бәсеке артықшылықтарын анықтау бағыттары қарастырылады. Сонымен бірге индустриалды дамуды жүзеге асырудағы бар шаралар бір жүйеге біріктіріліп, өзара құпталуы қажет.

Ғылыми сыйымды өндірістің дамуына болжамды дұрыс жасау дүниежүзілік өндірістік күштердің дағдарыстан кейінгі кезде дамуы тұсында мүмкіншілігі артады. Дамушы елдердің басымдық мақсатына тән көрініс компьютерлік техниканы пайдалану арқылы 5-технологиялық өңдеу деңгейіне қол жеткізу болып табылады. Бұл деңгей белгілі бір нақты уақытта физикалық, химиялық және жаңа технологиялардың ерекшеліктерін бір-біріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Алтыншы технологиялық өңдеу деңгейіне өту жүзеге асырылады және ғылыми экономикалық дамудың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Келесі экономикалық өсім стратегиясын дағдарыстан кейінгі кезде қоғамда жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Экономикалық дамудың негізгі сипатының бірі – оның біртексіздік мінездемесі. өте жоғары бәсекелестік ортамен анықталатын кезеңде жоғары технологиялық өңдеу деңгейіне ауысуы кезінде жетекші болып табылған елдердің капиталы құнсызданып, мамандар біліктілігін жоғалтулары мүмкін. Осы кезде өндірістік-технологиялық жүйенің ашылып жатқан жаңалықтары капитал тарту орталығына айналады. Осылайша алдын ала ғылыми-техникалық, инвестициялық және өндірістік капиталға ие болып отырған елдер бәсеке қабілетіне ие болады. өндірістік-технологиялық жүйеде жоғары технологияны жаппай игеруі мүмкін емес. Жоғары технологиялар келесі белгілерге ие:

- жүйелік ғылымның қажет етілуі;
- үрдістердің физикалық және математикалық жобалары;
- ізденіс жұмыстарының технологиялық ортамен тығыз қатынаста жүзеге асырылытын барлық кезеңдері;
- кәсіпорында білікті мамандар, жабдықтар, жоғары технологиялар, өлшеу құралдары, компьютерлік жүйенің болуы.

Жоғарыда келтірілген жоғары технологияның белгілері алдағы жұмыстың көлемін, жетілдіру мүмкіншіліктерін, жұмыс орындарының саны, т.б. арқылы білуге мүмкіндік береді. Ғылыми сыйымды өндірістің дамуы экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Айтылған бағыттарды басқара алмаған жағдайда, ел экономикасы «дамуды қуып жету» жағдайында ғана болады. Сонымен қатар ынталандыру жүйесі келесі міндеттерді шешуге бағытталуы қажет:

- инновацияны қолданудың жалпы белсендірілуі;
- ғылыми сыйымды жоғары технологиялық өндірістің дамуы;
- экономиканың нақты секторының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатылуын қамтамасыз ету;
- құрылымдықты қайта құруға қол жеткізу;

Дамыған нарық экономика елдерінің тәжірибесінен алатынымыз: ғылыми-техникалық дәрежесі бар нарықта жоғары инновациялық белсенділік басымдық негізде қамтамасыз етіледі және ұлттық экономиканың мүмкіншіліктерін анықтауда мемлекеттің инновациялық қызметті қолдану және дамыту тетіктерін анықтаумен сипатталады.

Әдеттегідей, Қазақстанда маңызды ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау мен таңдау «кабинет тыныштығында» жүзеге асырылады, оған тіпті білікті емес мамандарда да қатысуы мүмкін. Нәтижесінде бағдарламалардың жүзеге асырылуы көпшілік жағдайда үнемі теріс нәтижелер беруі мүмкін.

Шет ел мемлекеттерінің тәжірибесіне көз жүгіртейік. Мысалы, Францияның өндіріс министрлігі, 18 ай бойы жетекші өндіріс фирмалар және ғылыми ұйымдар арасында сауалдама жүргізді. Ондағы мақсат – келесі 5-10 жылда басымдық және ғылыми негіздегі технологияларды анықтау. Сұрау нәтижесінде 1085 технология анықталды. Сол кездегі жағдайда енгізуге жоғары дайындығы бар технологиялық жобалар таңдалып, алынды. Нәтижесінде Франция «мықты» 66 технологиялық жобалар мен «әлсіз» 17 технология жобаларға ие екені анықталды. Сонымен қатар жеке бағыттар бойынша, Францияның әлсіз бағыттары да анықталды. Оларға енді мемлекет тарапынан қолдау және дамыту қажеттілігі анықталды. Мемлекеттік мүмкіндіктер ретінде салықтық, кедендік баждық жеңілдіктер қарастырылды. Бұл қадамдар өндіріс пен банктік-өндірістік қорлар мен ғылыми саланы біріктіру негізінде жүзеге асырылды.

1949 жылы Жапонияда жалпы ұлттық конференцияда басты мемлекеттік, ұлттық алты бағыт таңдалды. Олар мемлекеттің, ғылым мен өндірістің, банктердің қатысуымен жүзеге асты. Атап айтсақ, кеме жасау, электроника, синтетикалық материалдар т.б. экономика салалары жатады. Басымдық ұлттық бағдарламаларды жүзеге асырудың нәтижесінде Жапония экономикасы дүниежүзілік тауар өндіруде жетекші орынға ие болды.

Шет елдік тәжірибені қалай пайдалану қажет және Қазақстан жағдайында не істеу керек? Ең алдымен, демократиялық негіздегі басымдық бағыттар таңдаған және оң нәтижеге қол жеткізген Франция, Жапония, АҚШ және т.б. елдердің тәжірибесін қолдану қажет. Бағыттарды бағалау үшін сауалдама жүргізіп, ғалымдар мен инженерлердің пікірін білу қажет. Өзінің субъективтілігіне қарамай сауалдамалар тұтас және нақты көрініс береді. Осы көріністі негізге ала отырып, ұлттық басым бағыттардың сызбасын қарастыруға болады.

Ресей тәжірибесі бойынша мемлекеттік деңгейде үш топтағы бағыттарды ұсынылуына көңіл аударуға болады.

Бірінші топ – мемлекеттік егемендікті сақтау қажеттілігімен анықталады. Сонымен қатар мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етілуі және халықаралық беделін сақтау қарастырылады. Бұған түпкілікті зерттеу, қауіпсіздік, сыртқы ортаны қорғау жұмыстары мен мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық көрсеткішдердің дамуы арқылы қол жеткізуге болады. Мүмкіндіктердің бұл тобын «сындарлы» деп айтуға болады.

Екінші топ – мемлекеттің әлемдік нарыққа шығу ұмтылысынан туады. Олардың қатарына зерттеулер мен елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуші жобалар жатады. Бұл топты жетекші психологиялық деп те атайды.

Үшінші топ – отандық өндірушілерді қолдауды ұсынады. Олардың тауарлары бүгінгі күні әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті емес, бірақ сатып алу қабілетін ескере отырып, елімізде және ортаазиялық аймақта тиімді жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан бастапқы міндет болып отандық тауарларды дүниежүзілік деңгейге тарту болып табылады. Сонымен қатар отандық тауарды жетілдіре отырып, біз экономиканы көтеріп қана қоймаймыз, жұмысбастылықты қамтамасыз етіп, сатып алу мүмкінділігін, халықтың өмір сапасын жоғарылатамыз. Көңілге қонатын және сұрақты шешуге әсер ететін негізгі көрсеткіш болып технологиялық алдыңғы қатарлы кәсіпорын санының артуы болып табылады. Сонымен қатар ол жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етеді. Мүмкіндіктердің бұл тобын әлеуметтік бағытталған деп атауға болады.

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып, ерекше айтатын жағдай, стратегияның негізгі бағыты, біздің ойымызша, жоғары технологиялық, ғылым сыйымды және экспорттық бағытталған өнім мен өндірістердің дамуы болып табылады.

Ғылыми сыйымды технологиялар мен өнімді алудың қайнар көзі болып, фундаменталды және қолданбалы ғылымдарының зерттеулерінің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу болып табылады. Ғылыми зерттеулер нақты ортаның тану шекараларын анықтап, интеллектуалды өнім мен білімнің жаңа деңгейінің құрылуына мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау Қазақстанның фундаменталды және жартылыстану ғылымдарының іздеу жұмыстарына халықаралық білім нарығында белгілі деңгейде кеңістік алуға мүмкіндік береді.

Техникалық дамыған елдерде ғылым жоғары қарқынмен, технологиялық қаруланумен, ғылыми орталықтардың құрылуымен қатар жүреді.

Белгілі ғылыми,білікті мамандар көңілін аударған, болашағы бар ғылыми-техникалық бағыттарға келесілерді жатқызуға болады:

- физикалы, химиялық және ақпараттық технологиялардың көмегімен минералды шикізатты игеру мен терең өңдеу, төтенше жағдайларда қолдануға қажет таза металдарды өндіру мүмкіншілігі;
- ақпараттық технологиялардың дамуы;
- ғарыштық мониторинг пен геоақпараттық технологияларды пайдалану;
- жаңа жоғары молекулярлы заттарды жасау, белгіленген функционалды қасиеттермен нанотехнология өнімі арқылы таза материалдар мен берілген құрылымды балқытпаларды өндіру;
- ғылыми-технологиялық биология, биотехнология мен гендік инженерия салаларында өнімді жасау.

Нәтижесінде алынатын ғылыми-техникалық өнім, табиғи шикізатты өндірістің басқарылуы мен тиімді қолдануы, ақпараттық коммуникацияның дамуы мен қол жеткізген білім дәрежесі Қазақстанды ақпарат пен білім бағытында жетекшілер қатарына шығаруы мүмкін. Сонымен бірге ақпараттық-коммуникациялық нарықтың Орта Азия аймағындағы жетекші рөлдеріне қол жеткізуі мүмкіншілігі артады.

Жоғарыда келтірілген ойларды біріктіре отырып, Қазақстанда жаңа ғылыми сыйымды, жоғары технологиялық өндірісті жасау үшін нақты жағдай бар.

Әлемде жаңа технологиялық жағдай құрылды және ол табиғи ресурстарды терең және кешенді қайта өңдеуге негізделген. Технологиялық жағдайдағы өзгерістердің анықтаушысы болып, ақпараттандыру мен экономикалық дамудың негізі ретінде ақпарат ресурстарының енгізілуі болып табылады [3-5].

Индустриалды бағдарлама постиндустриалды дамудағы ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуеттердің өсуіне әсер етуі қажет:

1. 5-6 технологиялық өңдеу деңгейінің құрылуы. Бесінші технологиялық өңдеу деңгейі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың, газды өндіру мен өңдеу, электронды және микроэлектронды өндірістің, робот жасау, икемді автоматтандыру мен басқару әдістерінің қосындысы болып табылады. Негізгі анықтаушы факторы болып микроэлектронды қосындылар болып табылады және бүгінгі таңда бесінші технологиялық өңдеу деңгейі дамушы елдердің экономикасында негізгі орын алады.

Бәсекеге қабілетті мүмкіншілігіне ие болу мақсатында Қазақстанға төртінші және бесінші технологиялық өңдеу деңгейіне өту қажет. Нәтижесінде тиімсіз және бәсекеге қабілетсіз салалардан бас тарту қажеттілігі пайда болады. Айтылған өндірістің ғылыми-технологиялық қызмет стратегиясын жүзеге асырғанда, 6-технологиялық өңдеу деңгейіне өту үшін дайындық жұмыстарын жүргізілуі қажет. Ол ізденістердің негізін биотехнологиялық, химия, ғарыштық техника мен махотроникалық салалық зерттеулер құрайды және ол салалардың негізі Қазақстанда бар.

2. Қазіргі заманғы ғылымды көп қажет ететін инфрақұрылымдық ұйымдар – Байқоңыр, Курчатов, Приозерск, Степногорск, Алатау кенттерінің ғылыми орталықтарында орналасқан.

3. Қазіргі бар ғылыми-техникалық әлуетті дағдарыстан кейінгі кезде экономикада қолдану мүмкіншілігі. Қолдану тетігін анықтау мақсатында елдің ғылыми-техникалық капитал жағдайына мониторинг жасау қажет. Қазақстанда қазір белгілі білім негізінде минингеллектуалды меншік бар, бірақ олар төмендегі ғылым талап ететін өндіріс салаларында әлі сирек қолданылады:

- биотехнология, биохимия;
- ядролық технология;
- сирек металдар негізінде жаңа материалдар жасау.

4. Төмендегі ғылыми-техникалық ізденістерді жүзеге асыру үшін басымдық негізде мемлекеттік деңгейде мына бағыттарға қолдау жасалуы қажет:

- жаңа материалдар мен химиялық технологиялар;
- ақпараттық технология;
- «тірі» жүйелер технологиясы.

5. Өндіріс саласына инновацияның ендіруді жылдамдатуға бағытталған заңнамалық базаны жетілдіру. Қазақстанда инновациялық қызметтің еркіндігін қорғауға және мемлекеттік қолдауға бағытталған қолданыстағы құқықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және заңдар мен нормативтік актілерді шығару үрдісі қарастырылуда.

Қазіргі мезгілде тек мемлекет қана экономиканы жаңартудың қозғаушы күші бола алады, өйткені отандық жеке сектор әлі ұзақ уақыт ірі және ұзақ мерзімді инвестициялар жасай алмайды. Мемлекеттік қолдау бірнеше салааралық жобалар мен жаңа экспортқа бағытталған өнім шығару шеңберін жүзеге асыруға бағытталуы керек.

Жақын арада мақсатты зерттеу мен жағымды жағдайлар негізінде жоғары технологиялық өнім кешені құрылуы мақсатында төмендегі бағыттарда шаралар қолдануы қажет:

- бейбіт мақсаттағы атом энергиясы мен басқа да дәстүрлі емес энергия көздері;
- сирек металдар негізінде жасалатын жаңа материалдар;
- жаңа электрохимиялық материалдар, ертінділер, түрлі қабаты бар тот баспайтын болат т.б.;
- химия, мұнай химиясы, жоғары сапалы мұнай химиялық өнімдері, соның ішінде этилен, полиэтилен, т.б. салаларындағы жетістіктер;
- қатты денелер физикасы, радиофизика салаларындағы нәтижелер;
- биотехнология, биохимия жетістіктері.

Шет ел фирмаларымен бірігіп, дүниежүзілік нарықта орын алуларына мүмкіндік беретін Қазақстанда ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етілген бағыттар бар. Қазақстанның экономикалық түрлі салалары түрлі техникалық деңгейге сай. Олар бәсекеге қабілетті, сондықтан олар үшін де жеке жобалар жасалуы қажет. Мемлекетте ғылыми-техникалық өндірістік орталықтар Алматы, Қарағанды, Өскемен, Астана т.б. қалаларда шоғырланған. Мұның барлығы технопарктер құруға мүмкіндік береді. Ол ғылыми, өндірістік қызметтік желілер құруға жағдай жасайды. Ал олар өз кезінде интеллектуалды өнім, ғарыштық қызмет, ақпараттық технология, радиоэлектроника, атом технологиясында көп мүмкіндіктер береді.

Сонымен қатар өндірістік, ғылыми базаны тиімді және мақсатты пайдалану үшін төмендегі өндірістерді кеңейтуге мүмкіндік бар:

- ядролық отын;
- уран ерітінділері;
- мыс-берилл ерітінділері;
- тантал-ниобий түрлерін игеру;
- титан гупкасы өнімдері жатады.

Бұларға сұраныс атомдық, ғарыштық, радиоэлектронды өндіріс салаларының өсуіне байланысты артып отырады.

Қазақстанда индустриалды саясатқа негіз болған жобалар іске асуда. Атап айтсақ, Курчатов қаласында термоядролық реактор құрылысы басталды және ақпараттық технология бойынша жұмыстар кеңейтілуде.

Қазақстанда 65 млн.тонна жоғары сапалы кварц бар және ол кремний өндірісіне жарамды. НЦ КПМСРК институтында 95,5% тазалықпен кремний алу технологиясы жасалған. Осы уақытқа дейін шикізат түрінде Ресей мен Украинаға сырттан алынып келген.

Қазақстанда экономиканың базалық салаларын құрайтын мұнай-газ, тау кен кешендерінің дәстүрлі кәсіпорындарында жоғары технологиялы экспортқа бағытталған өнімге бейімделуі қажет. Табиғаттың мұндай мүмкіндіктерін қолданбау үлкен қателік.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы маңызды көрсеткіштердің бірі энергия сыйымдылық болып табылады. Қазақстанда отын-энергетикалық ресурстардың шығыны өндірісі дамыған елдермен салыстырғанда 2-3 есе артық. Сондықтан отын-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды, талдау және елде шығарылатын өнім энергия сыйымды өндіріс көздерін дәлелді таңдау және іріктеу қажет. Электроэнергетикада электроэнергияны желілерде жоғалту – 20%, ал жеке аймақтарда 30% құрайды. Отын мен энергия ресурстарын үнемдеу мақсатында Стратегияда 2015 жылда ЖҰӨ-ң энергия қажет етуін екі есе төмендетілуін қамтамасыз ету көрсетілген.

Бізге белгілісі, газ бен электроэнергияға реттелетін ішкі баға сырттан әкелетін өнім бағасынан төмен. Мұндай қос стандарт бағалық құн және экономиканың жалпылық құн жүйесіне теріс әсерін тигізеді. Бұл экономиканың жалпы тиімділігін төмендетуге алып келеді. Себебі, біріншіден, өндіріс

құрылымы энергияны сыйымды салаларға ауысады; екіншіден, энергия көзін үнемдеуді ынталандыру төмендейді. Нәтижесінде бұл елдің экономикасының шикізатқа бағытталғандығын көрсетеді.

Ғылым мен ғылыми-техникалық спектр сертификатталған дайын өнім мен жартылай дайын өнімді өндіруді реттеп, ғылыми-техникалық өнім номенклатурасын кеңейтеді. Сирек және өте сирек кездесетін металдардың негізіндегі өндірісті зерттеу нәтижелері, биометалл ертінділері, магнит материалдарының қосындыларын зерттеу жаңа ғылыми сыйымды өндіріс саласын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ферро ерітінділерінің кең түрін ұйымдастыру саласы кеңейді. Биотехнология, ғарыш технологиясы мен фитохимия саласында ғалымдардың тәжірибе нәтижелері белгілі. Дағдарыстан кейінгі кездегі қоғамда ғылыми сыйымды ақпараттық технология мен техника өнімдері, телекоммуникация мен байланыс өнімдері негізінен өндіріледі. Осылардың негізінде ақпараттық технология мен телекоммуникация саласында жұмыс көлемі кеңейеді.

Сонымен, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан дағдарыстан кейінгі кездегі қауымдастыққа сенімді ену және әлемдік нарыққа өз бағдарламалық өнімін ұсыну мүмкіншілігіне ие бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Леонтьев В.В. Межотраслевая экономика: пер. с англ. – М.: Экономика, 1997. – 479 с.*
2. *Исабеков.Б..Н. Кәсіпкерлікті өркендетудің индустриалды инновациялық негіздері. Түркістан: " Тұран". 2008. 334 б. Б. 165-168.*
3. *Информационные технологии управления: учебное пособие; /под ред. Ю.М. Черкасова. – М.: ИНФРА-М, 2001. – 216 с.*
4. *Гринберг А.С., Король И.А. Информационный менеджмент: учебное пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 415 с.*
5. *Дудорин В.И. Информатика в управлении производством: учебник. – М.: Менеджер, 1999. – 464 с*

Түйін

Қазіргі кездегі пайда табумен қатар өндірістің маңызды көрсеткіштері болып еңбек өнімділігі, рентабельділік пен бәсекеге қабілеттілік, экологиялық тазалық пен үздіксіз даму болып табылады. Мақалада өндіріс саласындағы индустриалды-инновациялық дамудың басымды бағыттарына жеке-жеке сипаттама берілген.

Резюме

В современное время в промышленной отрасли кроме прибыли важными показателями являются производительность труда, рентабельность, конкурентоспособность, экологическая чистота и непрерывное развитие. В статье по отдельности описывается приоритетные направления индустриально-инновационного развития промышленной отрасли.

Resume

In modern times in the industrial sector but profits are important indicators of productivity, profitability, competitiveness, environmental cleanliness and continuous development. The article deals with the priorities of industrial-innovative development of the industrial sector.

СЕРІКОВ Б.,
э.ғ.д., «Сырдария» университеті

АГРАРЛЫҚ РЕСУРСТАР ӘЛЕУЕТІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Экономикалық әдебиеттер мен ғылыми зеттеулерде «ресурстық әлеует» түсінігі көп қолданылып жүр. Бірақ бұл түсінік экономикалық және сандық бағалауда мақта саласында мамандандырылған өңірлердің ерекшеліктерін ескеріп толықтырулар енгізуді, пайдалануда тиімділігін арттыру бағыттарын анықтауды қажет етеді.

Бұл проблеманың өзектілігі рыноктық қатынастар жағдайында, яғни жекеменшік негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда арта түсуде. Осы тұрғыдан ресурстардың даму қағидаттарын әдіснамалық тұрғыдан толықтыру және тұжырымдар әзірлеу маңызды.

Ресурстар өндірістің материалдық негізін құрайды, олар өндірістік үрдіске қамтылғанша «статика» жағдайында тұрады. Өндіріске ендірілген соң қоғамдық қажеттілікті өтейтін материалдық құндылыққа айналып, тұтыну қасиеттеріне ие болады.

Ресурстар өндірістік үрдістің бастапқы кезеңінде қолданысқа ендіріледі, әр түрлі қосындыларда үйлесімді пайдалану нәтижесінде алуан түрлі сипаттағы соңғы нәтижеге қол жеткізіледі.

Бірқатар авторлардың ой-пікірі бойынша ресурс дегеніміз өндірістің кіріс шығын құрамы және өндірістік үрдіске пайдалануға жататындығын сипаттайды, бірақ оның нәтижесін қорытындылай алмайды. Басқа сөзбен айтқанда ресурстық әлеует өндірістің нәтижесімен диалектикалық қарама-қайшылықта болады, оның нәтижесінің басты шарты өзара тығыз байланыстағы бірлігінде, бірақ теңестіруге келмейді. Осындай ой-пікірлерге сүйеніп көптеген факторлардың өзара байланысын экономикалық көзқараспен сараптап барлығын өндірістік ресурстарға жатқызуға болмайды.

Ауыл шаруашылығының ресурстық әлеуетін қалыптсатыратын және дамытатын бастапқы негіздерге табиғи және жасанды сипаттағы ресурстар жатады, олардың өндіріске қатысы бар ма, жоқ па оған тәуелсіз. Адамзат игілігіне өндіруші қабілеті және мүмкіндігі бар бай және сан алуан ресурстар берілген. Басқаша айтқанда табиғаттың өзі адамзаттың өмір сүруі және қоғамды дамыту үшін ресурстар әлеуеті ретінде: жерді, ағын суды, ауа райын, биологиялық, материалды – заттық, еңбекке жарамды адамдарды, зияткерлікті т.б. берген. Ең негізгісі осы әлеуетті қоғамның жалпы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және тиімді пайдалану маңызды мәселе.

Адамның өмірдегі іс-әрекеті осы ресурстарды ғылыми негіздерге сүйеніп пайдаланып және тұтыну қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттау болып табылады:

- олар нақты өндірістік мақсаттарды жүзеге асыруға қатысады;
- өңдеу, өзгерту үрдісінің нәтижелерінде аралық түрдегі және категорияланған өнім сипаттарына ие болады;
- өнімнің көлемін және сапасын арттыруға, шығындарды азайтуға мүмкіндік туындайды.

Осындай сипаттамаларға ие болған ресурстар әлеуеті өндірістік ресурстарға жатады.

Бізге белгілі болғандай алғашқы ресурстық әлеует екі ғана құрамынан тұрады: жер және еңбек ресурстарынан. Ғылыми-техникалық даму мен инновациялық қызметтер өндірістің ең маңызды құрамы болып қалыптасып, оның күрделенуіне және дамуына тікелей ықпалы болады. Оның құрамы әр түрлі болып, оған: шикізат және материалдар, мәшине және жабдықтар, жұмыс күші, қаржы және ақпараттар қосылды.

Ауыл шаруашылығының ресурстық әлеуетін қалыптастыруда табиғи элементтерге қосымша ғылыми-техникалық жетістіктің және инновациялық қызметтердің маңыздылығы арта түседі.Мысалы, жаңа техника мен технологияның, автоматтандыру және компьютерлендіру деңгейі, ирригация мен мелиорация жұмыстары, тыңайтқыштар мен биологиялық препараттар, қазіргі заманғы менеджментті ендіру т.б. табиғи және жасанды ресурстардың әлеуетін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оның жоғары өнімділік элементтерін арттырады.

Қазақстанның оңтүстігінде мақта кешенін дамыту қуаң және тәлімі жерлерді суландырумен тікелей байланысты. Бұл өңірлердің табиғи ресурстар мен өндірістік күштер әлеуетін дамыту, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы рыноктық қатынас жағдайында жердің құнарына , ағын су және басқа ресурстарға тікелей байланысты болып, маңыздылығы арта түседі. Суармалы жерлердің басқалармен салыстырғанда артықшылықтарда бар.

К.Маркс суармалы жердің артықшылығын былай жазған: «Суармалы емес жермен салыстырғанда, бірдей жер көлеміне он-он екі адам көп жұмыспен қамтылады және олар он екі немесе он бес есе көп пайда алады» [1].

Суармалы жерде жоғары табысты техникалық дақылдар, көкөніс, бау-бақша тағы басқа азық-түлік, қоғамдық тұтыну тауарларының қорын арттыруға бағытталған салалар өндірісі ұйымдастырылған. Тәлімі жерлерді суландыру қуаңшылыққа күрестің басты шарасы, жердің құнарын ағын суды пайдалану арқылы арттырады, табиғаттың қуаңдылығын, 45^0 -50^0С ыстықтық ресурсын кепілді және сапалы өнім алуға пайдалану мүмкіндігі жасалады.

Біздің пікіріміз бойынша суландыру – құнарсыз қуаң даланы халық игілігіне пайдалануға, табиғитты жаңартуға, оның ресурстар әлеуетін адам тіршілігінің жоғары тиімді «таусылмас қорына » айналдыруға бағытталған шаруашылық-экономикалық шара.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2011жылғы халыққа Жолдауында: «Ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, 2020 жылға қарай 4 есе өседі» деп атап өтілген тапсырмасын суармалы жерлерде жүзеге асыру мүмкіндігі жоғары [2]. Себебі суармалы жерлерде өндірісті интенсивті, ғылыми негізделген егіншілік жүйесін, жоғары өнімді жаңа техника мен технологияны, иновациялық қызметтерді кең қолданып бағдарламаланған, кепілді өнім алу әлеуеті бар. Сонымен қатар жаңа экономикалық өңірлерді дамытып, халықтың тез өсіміне қажетті әлеуметтік нысандарды, ауыл кәсіпкерлік жүйелерін дамытуға қолайлы. Еңбек ресурстарының пайдалану тиімділігі артады.

Осы орайда аридтты қуаң даланы суландыру жерді жаңа сападағы құнарлылыққа, әлеуетке ие табиғи ресурстық база қалыптастыруға және дамытуға қолайлы. Осылармен қатар ауыл шаруашылығының ресурстық әлеуетін құрайтын маңызды фактор – бұл ауа райы [3]. Оның элементтеріне жататындар: жылылық, ылғалдылық және күн жарығы.

Бұл ресурстардың бастысы жер – ауыл шаруашылық дақылдарын орналастыру үшін, ал ағын су мен ауа райы биологиялық массаны қалыптастыру үшін қажет. Өндірісті серпінді дамыту осы аталған базистық ресурстарды тиімді пайдалануға тікелей байланысты (1-кесте) [4].

1-кесте. Мақта өсіруге мамандандырылған Мырзашөл өңірінің табиғи ресурстар әлеуеті

Ресурстар түрі	Ресурстардың әлеуеті
Суармалы жер	Су және мелиоративтік жүйелермен қамтамасыз етілген 136,8 мың га жер, орташа балл бонитеті – 48-74, жер асты су деңгейі – 1,5-2,0 м, су жүйесіндегі тиімді әсер коэффиценті – 0,68-0,70;
Ағын су	Жылдық орташа пайдалану нормасы 5800-6000 т/метр, 1га вегетациялық суаруға – 2800-3000, сор шаюға – 3000 т/метр, экологиялық тұрғыдан орташа ластанған;
Ауа райы: – вегетациялық кезеңдегі ашық күндер саны – тиімді жылылық температурасы – күннің жарығы және жылдық радиация мөлшері	Дала жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы күндер саны: қараша-қазан айларында – 48, қыс айларында – 32, наурыз-сәуір айларында – 38; Орташа тәуліктік температура 25 ^{0}С, жоғарғы шегі кейбір күндері 45-50^{0}С жетеді, жаз айларына жалпы ыстықтық ресурстың 80-85 % құрайды, 5 сәуір-15 қазан аралығындағы жылы кезең 194 күнге тең, осы кезде жалпы ыстықтықтың температура жиынтығы 4100-4500^{0}С, ал көп жылдық тиімді ыстықтық температураның қосындысы 2100^0- 2300^{0}С құрайды. Жылдық жиынтық радиация мөлшері 115-160 ккал/см ^{2} дейін ауытқиды, ал вегетациялық кезеңдегі ауытқу көрсеткіштері 50-85 ккал/см ^{2} дейін.
Еңбек ресурстары	Жалпы өңірдегі халықтың саны 290,0 мың адам, аумақтағы тұрғындардың тығыздығы 155,8 адам, экономикалық белсенді бөлігі 202,3 мың адам, 79,0% құрайды.

Орта талшықты мақта сұрыптарын өсіруге және өнімнің сапалы пісіп жетілуіне қажетті ашық тәулік саны 130-140, осы мерзімде тиімді температураның мөлшері 1900-2100 ^{0}С тең. Шит себуді бастау үшін орташа тәулік температура +14 ^{0} С төмен болмауы керек, бұл көрсеткіш күнтізбе бойынша сәуір айының бірінші онкүндігіне сәйкес келеді.

Қуаң даланы суландырып құнарын арттыру арқылы табиғи ресурстарды: топырақ құнарын, ағын суды, ауаның жылылығын, сәуле радиациясын басқа қолайлылықтарды және адам ресурстары мен озық тәжрибені үйлестіруді және тиімді пайдаланып, мақта кешенінің бәсекелестікке қабілеттілігін артыру әлеуетін жоғарылатуға болады.

Жерді пайдалану, оның ресурстық әлеуетін, өнімділік тиімділігін арттыру үшін ғылыми негізделген жүйеде ауыл шаруашылық дақылдарын оңтайлы құрылымда орналастырып, табиғи және жасанды ресурстарды үйлестіру мен бір кезеңде агротехникалық шараларды дер кезінде жүзеге асыру ұтымды нәтиже береді.

Жер және оның құнарлы топырақ қыртысы өсімдіктің өсуі мен дамуына қажетті вегетациялық және биологиялық факторлармен жеткілікті қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан адам және еңбек өндірістік үрдістерді басқару арқылы әсер етіп табиғи және жасанды ресурстардың әлеуетін жоғарылата алады.

Жерді бағалау күрделі және сан қырлы проблема. Мұнда өндірістің кешенді факторлары мен түрлі шарттары есепке алынуы керек. Жердің ресурстық әлеуетін бағалау үшін оның жүйелі зерттеулер кадастырын әзірлеу арқылы сандық, сапалық және басқа агроөндістегі ресурстық әлеуетін анықтау дұрыс нәтиже береді. Бұл зерттеулерді өңірдің табиғи-топырақ ерекшеліктерімен байланыстыру қажет. Осыған байланысты жерді бағалаудың шешуші критерийі биологиялық өнімділікті анықтау яғни атмосфералық температураны, ылғалдылықты және күн сәулесінің жарық мөлшерін есепке алу. Жылылықты сүйетін мақта дақылына мамандандырылған өңірдің биологиялық және ауа райы әлеуетін төмендегі формула бойынша анықтау ұсынылады.

$$БКП\ j = Б\ К_{pj} \frac{\Sigma\ t^0 > 10^0}{1000^0},$$

Бұл жерде : БКП j – өндірістің биоклиматтық ресурстық әлеуеті;

Б – топырақтың балл бонитеті;

$К_{Pj}$ – топырақтың биологиялық өнімділік коэффиценті.

$\Sigma\ t^0 > 10^0$ – биологиялық тиімді температураның жылдық жиынтығы (орташа тәуліктік 10 ^{0} жоғары), осы температурада өсімдіктің организмінде фотосинтез үрдісі белсенді жүреді;

1000 ^{0} – өсімдік өсірудің солтүстік шекарасындағы биологиялық тиімді жылдық температураның жиынтығы;

Ресурстық әлеуеттің заңдылықтары бар, оның мәні құнарлығы төмен топырақтан оңтайлы температурамен қамтамасыз етілген жағдайда құнарлы топырақтан өндірілетін өнім массасын алуға болады. Осыған байланысты тұжырым: биомассаны, яғни ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін қалыптастыру негізінен фотосинтез үрдісіне және фотосинтезге әсері бар белсенді радиация деңгейіне байланысты.

Ғылыми мекемелердің зерттеулері бойынша, Орталық Азия мемлекеттеріне жылдық жиынтық радиация мөлшері 115-160 ккал/ см^2 дейін ауытқиды, ал вегетациялық кезеңдегі ауытқу көрсеткіші 50 ккал/ см^2 - тан 85 ккал/ см^2 дейін [5].

Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өсіруге мамандандырылған аудандарда табиғи, агроклиматтық ресурстарын экономикалық өңірлер бойынша келтіреміз (2-кесте).

Қуаң даланы суландырып құнарын арттыру арқылы топырақ құнарын,ағын суды, ауаның жылылығын, сәуле радиациясын, адам ресурстарын, жалпы табиғи және жасанды ресурстардың әлеуетін дұрыс пайдалану мақта саласының тиімділігін және бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудың кепілді жолы.

2-кесте. Мақта өсетін өңірлердегі агроклиматтық ресурстар әлеуеті

Табиғи экономикалық өңірлер	Аудандар мен қалалар	Топырағы, сорлану деңгейі	Фотосинтездің белсенді радиация деңгейі, ккал/ см^2
Мырзашөл	Мақтаарал	Сұртопырақты, әр түрлі деңгейде сорланған	60,0
Орталық	Арыс, Бөген және Шардара	Сұртопырақты, сазды, сорлану деңгейі әр түрлі	55,0
Түркістан	Түркістан, Ордабасы	Сұртопырақты сорлану деңгейі әр түрлі	50,0
Келес	Сарыағаш	Сұртопырақты, аз тұзданған	60,0

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *К.Маркс, Ф.Энгельс, жинақтары –т.23-451-452 б.*
2. *Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан халқына Жолдауы, 28 қаңтар 2011жыл / Егемен Қазақстан, 29 қаңтар 2011 жыл.*
3. *С.Муравский, Сущность, состав и структура агропромышленного производственного потенциала // АПК: Экономика и управление, 2000, №3, с.42-44.*
4. *Мақтаарал гидрометрологиялық станциясының көпжылдық есебі, 2000-2008 жж./ Атакент қ.*
5. *Б.Серіков. Мақта кешенінің экономикалық тиімділігін арттыру проблемалары, монография/ Алматы-Агробаспа-2008.*

Түйін

Мақалада мақта өсіру зоналарында ресурстық әлеуетті қалыптастыру мен көтеру және мақта шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру жолдары талданған.

Резюме

В статье анализируются пути формирования и повышения потенциала природных ресурсов зоны хлопкосеяния и их роль в повышении эффективности и конкурентоспособности хлопководства.

Resume

This article analyses the methods of the formation and increase of the potential of natural resources in cotton producing areas their rol the rise of electiveness and competitiveness among farmers.

ДЖЕТПИСОВА А.Б.
Атырауский институт нефти и газа,
к.э.н., профессор

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ УПРАВЛЕНИЯ ИНВЕСТИЦИЯМИ

Управление инвестициями представляет неотъемлемую часть более общей системы управления национальными экономиками.

Однако следует иметь в виду, несмотря на то, что в управленческой деятельности разных элементов национальных экономик имеется немало специфического, в содержании управления можно выделить много общих моментов, которые разрабатываются в рамках теории управления.

Под теорией управления принято понимать научную базу управленческой деятельности, которая определяет направления и пути совершенствования процесса управления в целом, методы реализации его обобщенных функций и вытекающих из них управленческих задач [1].

Основу построения любой теории в соответствии с методологией, разработанной А.М. и Д.А. Новиковыми, составляют взаимосвязанные структурные компоненты и системообразующий элемент, который и определяет состав и структуру компонентов, входящих в систему. Исходя из этого, центральным системообразующим элементом теории управления инвестициями является категория «инвестиции» как последний результат отвлечения (абстрагирования) от предметов их особенных признаков. Как уже было отмечено выше, под категорией «инвестиции» мы понимаем систему экономических отношений, формирующихся в процессе преобразования инвестиционных ресурсов в затраты с учетом целевых установок инвесторов [2].

Структурными компонентами теории управления инвестициями выступают: предметы (объекты) управления; система управления; функции управления; задачи управления; условия; типы управления; методы, формы и средства управления; факторы, влияющие на управление; принципы управления; механизмы управления.

В широком понимании управление представляет собой сознательное воздействие со стороны людей на объекты живой и неживой природы и процессы, в которых участвуют эти объекты, с целью получить желаемый результат. Следуя этому определению, можно выделить три компонента управления: субъект управления – активная сторона, лицо, которое управляет; объект управления – пассивная сторона, подвергающаяся воздействию со стороны субъекта; управляющее воздействие – способы, инструменты, посредством которого субъект влияет на объект.

Содержание управления, виды управляющих воздействий существенно зависят от объекта и уровня управления. В качестве объекта управления могут выступать [2]:

- собственно объекты в их материально-вещественном воплощении;
- процессы, в которых участвуют, задействованы указанные объекты;
- отношения между людьми, возникающие в ходе протекания процессов.

Основу методологии исследования управления инвестициями, в первую очередь, составляют системный подход и структурный анализ. При рассмотрении управления инвестициями необходимо исходить из положения, что оно является системой, которая сформировалась в результате исторического развития экономических систем на различных уровнях иерархии как необходимое условие общественного воспроизводства, удовлетворяет всем системным свойствам, соответственно имеет собственную структуру и иерархию взаимосвязанных элементов, каждый из которых выполняет отдельную функцию и участвует в реализации целевой функции, взаимодействуя с внешней средой.

Применение системного подхода к управлению инвестициями обусловлено кризисом ортодоксальной экономической теории, что проявляется, по мнению Г.Б. Клейнера, в следующем: разрыве взаимосвязи между макро- и микроэкономикой; трудностях описания взаимодействия разнородных экономических объектов – организаций, индивидов, институтов; недостаточности аппарата для описания иррационального поведения субъектов; осознании значимости факторов, не укладывающихся в рамки традиционной экономической теории [4].

Как уже было отмечено выше, инвестиции с точки зрения структуры представляют собой единство трех составляющих: ресурсов, экономических отношений между субъектами по поводу выбора вариантов вложений и объектов вложений, что позволяет нам выделить в качестве объекта управления именно инвестиции как основной компонент инвестиционной деятельности и инвестиционного процесса.

Управление инвестициями осуществляется в процессе инвестиционной деятельности в виде вложения капитала в различных формах и организации практических действий по его осуществлению. Как объект управления, инвестиции, с учетом двойственного характера их сущности, могут выступать в виде инвестиционных ресурсов (всех видов имущества) и в виде объектов вложения (затрат).

Как показали результаты исследования существующих подходов к классификации инвестиций (работы М.В. Чиненова и др., Иванова Г.И., Подшиваленко Г.П., Лахметкиной Н.И., Макаровой М.В., Ивасенко А.Г., Мазур И.И., Шапиро В.Д., Бланка И.А., Бехтеревой Е.Е., Карлика А.Е., Корчагина Ю.А.,

Маличенко И.П., Ковалева В.В., Липсица И.В., Коссова В.В, Блохиной В.Г, Гончаренко Л.П., Царева В.В., Игониной Л.Л., Киселевой Н.Н., Боровиковой Т.В., Сухарева О.С. и др.), доминирующим признаком классификаций является разграничение инвестиций в зависимости от объектов вложения, в соответствии с которым различают реальные и финансовые инвестиции. В этом случае реальные и финансовые инвестиции выступают как объекты предпринимательской, коммерческой, инновационной, финансовой и др. видов деятельности, формирующие предложение на инвестиционном рынке.

С другой стороны, если в уставный капитал предприятия, объекты предпринимательской и др. видов деятельности, осуществляются вложения в виде ценных бумаг, нематериальных активов, объектов недвижимости и т. д., то в этом случае все виды вкладываемого имущества выступают как инвестиционные ресурсы – накопленный капитал, формирующий спрос. В связи с этим, по нашему мнению, целесообразно управление инвестициями как систему рассматривать в разрезе трех объектов управления: управление инвестиционными ресурсами, управление реальными инвестициями, управление финансовыми инвестициями.

Учитывая, что инвестиции, в соответствии с данным выше определением, по своей сущности представляют собой все виды имущества и т.д., следует, на наш взгляд, уточнить предмет управления. В качестве предмета управления вышеперечисленными объектами мы предлагаем рассматривать: состав и структуру, ограничения и нормы инвестиционной деятельности, предпочтения, информированность.

Состав определяет, кто и что входит в систему управления, структура – совокупность связей между элементами системы, то есть кто и с кем взаимодействует; ограничения и нормы – кто и что может делать; предпочтения – выбор инвесторов объектов вложений и источников финансирования; информированность – кто что знает.

Цели и задачи управления вышеперечисленными объектами обусловливаются уровнем – иерархией экономических систем, масштабы и структура которых предопределяют особенности управления.

В переводе с греческого «hieros» – священный, «arhe» – власть, что означает соподчиненность и первоначально данный термин применялся для характеристики взаимоотношений в аппарате управления государством, армией и т.п., а затем концепция иерархии была распространена на любой согласованный по подчиненности порядок объектов. Исходя из системных свойств экономики, следует заметить, что такое свойство социально-экономической системы как неоднородность и сложность предопределяет и метод борьбы с этой сложностью – иерархическую структуру. В экономике иерархии могут выстраиваться практически по любому признаку: сложность, уровень абстрагирования, степень вмешательства и т.д.

Поэтому в принципе, в иерархических структурах важно лишь выделение уровней соподчиненности, а между ними и в пределах уровней между компонентами могут быть любые взаимоотношения. В широко известной работе М. Месаровича «Теория иерархических многоуровневых систем» в зависимости от принципа взаимоотношений элементов в пределах уровня и различным правом вмешательства вышележащего уровня в организацию взаимоотношений между элементами нижележащего выделены особые классы иерархических структур типа «страт», «слоев», «эшелонов».

Управление инвестициями как необходимое звено рыночного механизма, обеспечивающее свободное движение финансовых потоков между хозяйствующими субъектами с наибольшей эффективностью, имеет особое значение не только на микроуровне экономических отношений, но и в масштабах государства. На уровне государства инвестиции выступают основой расширенного воспроизводства, ускорения технологического обновления и сбалансированного развития отраслей экономики, решения проблем повышения конкурентоспособности отечественной продукции, безработицы, социальной сферы, охраны окружающей среды и т.д. В этой связи управление инвестициями на данном уровне (эшелон 3) является одной из наиболее острых и важнейших задач устойчивого развития экономики и позволяет выделить его в качестве верхнего уровня иерархии.

Следует также выделить и еще один уровень управления инвестициями – вид деятельности или отрасль (эшелон 2). В настоящее время понятие отрасли как совокупности предприятий, для которых характерны единство экономического назначения изготовляемой продукции, однородность производственно-технической базы, специфичность состава кадров и условий труда, в статистических данных

не используется в связи с переходом на международные стандарты статистики (SIC), где отрасли, имеющие общий характер производства, объединены в сектора: добывающая, обрабатывающая промышленность и т.д. Однако, учитывая различные отраслевые особенности, например, добычи нефти и алмазов, внутри каждого из секторов выделяют виды деятельности – добыча топливно-энергетических ископаемых, текстильное и швейное производство и т.д.

- *Стимулирование увеличения масштабов деятельности субъектов хозяйствования.* Наиболее радикальным инструментом воздействия на налогоплательщиков в этом направлении является введение фиксированных налогов, налоговые обязательства по которым не связаны с конечными финансовыми результатами деятельности их плательщиков;
- *Стимулирование рационального использования ресурсов.* В определенном смысле на решение этой задачи направлено само введение таких налогов и сборов, как водный и земельный налоги, сборы за использование объектов животного мира и водных биологических ресурсов, экологический налог.
- *Повышение экономической заинтересованности предприятий в инновационном развитии.* Эта задача решается путем налогового стимулирования: повышения образовательного уровня работников предприятий; развития научной и научно-технической деятельности субъектов хозяйствования (как по индивидуальному, так и по корпоративному подоходным налогам); введение целевых льгот для инновационных проектов; средствами амортизационной политики и т.п.

Инструменты налогового регулирования:

1. *Общий уровень налогообложения как системный регулятор.* Повышение налотовой нагрузки, как правило, является фактором, сдерживающим экономическую активность и процессы накопления, способствующим ускоренному развитию теневой экономики. Снижение уровня налоговой нагрузки чаще всего способствует оживлению всех экономических процессов и снижению уровня теневой экономики, однако сопровождается временным сокращением доходной части бюджета на период до соответствующего увеличения налоговых баз.

2. *Структура действующей в стране налоговой системы как системный регулятор.* Изменение этой структуры может быть осуществлено двумя основными путями: во-первых, введением новых либо отменой применяемых налогов и сборов, а во-вторых, изменением соотношения эффективных налоговых ставок по разным группам налогов, что может быть реализовано путем скоординированного применения элементных инструментов налогового регулирования.

Важнейшими структурными показателями налоговой системы являются: соотношение прямых и косвенных налогов (уменьшение этого показателя в общем случае позволяет переносить центр тяжести налогообложения с производителя на потребителя и стимулировать накопления и инвестиции, а его увеличение снижает стимулы для производства и получения доходов, но снижает остроту проблемы переложения налогов); соотношение корпоративных и индивидуальных налогов (с помощью регулирования этого соотношения государство может существенным образом стимулировать деловую активность, влиять на структуру инвестиций и изменение объемов производства. Увеличение этого соотношения способствует росту реальных доходов населения и сокращению масштабов теневой экономики (за счет легализации выплаты доходов физическим лицам). При этом одновременно оказывается косвенное регулирующее влияние и на потребление за счет увеличения чистого дохода, который остается в распоряжении конечных потребителей. Вместе с тем чрезмерное увеличение налогового бремени для юридических лиц приводит к таким отрицательным последствиям, как повышение цен, уменьшение внутренних источников инвестирования и потеря конкурентных позиций производителями товаров (работ, услуг);

3. Применение альтернативных систем налогообложения как системный регулятор. К таким системам относятся: система налогообложения для сельскохозяйственных товаропроизводителей, упрощенная система налогообложения, система налогообложения в виде единого налога на вмененный доход для отдельных видов деятельности.

Как правило, альтернативные системы направлены на стимулирование развития отдельных секторов развития экономики и приоритетных форм предпринимательской деятельности. Альтернативность этих систем налогообложения в большинстве стран, использующих такой регулятор, обусловлена следующими обстоятельствами: переход на одну из этих систем налогообложения (при условии соблюдения установленных ограничений) обусловливается в большинстве случаев решением самого налогоплательщика; одна и та же деятельность, осуществляемая экономическим агентом, может облагаться налогом только по одной системе налогообложения — обычной или альтернативной; каждая из этих систем является альтернативой общей системе налогообложения, т.е. ограничивает соответствующий перечень налогов и сборов, которые являются обязательными к уплате. При этом выбор одной из этих систем освобождает плательщика от уплаты ряда наиболее фискально значимых налогов и сборов, которые предусмотрены общей системой.

4. Специальные территориальные режимы налогообложения как комплексный регулятор. Данный регулятор включает в себя все многообразие специальных (свободных) экономических зон (СЭЗ).

Использование таких инструментов может быть направлено на решение приоритетных задач экономического развития тех регионов, которые имеют существенный потенциал в соответствующей сфере (внешнеторговые, рекреационные зоны, зоны высоких технологий или технопарки) либо нацелено на выравнивание регионального развития за счет повышения инвестиционной привлекательности депрессивных регионов, что позволяет решить и присущие им социальные проблемы. Отличительными особенностями специальных режимов налогообложения как комплексных инструментов налогового регулирования являются следующие: в рамках каждого специального режима применяется комплекс взаимозависимых и применяемых одновременно налоговых льгот, которые касаются различных налогов и сборов. В большинстве случаев они касаются НДС, налога на прибыль, таможенных пошлин и некоторых разновидностей имущественных налогов (прежде всего земельного налога); специальные налоговые режимы вводятся на определенный соответствующим законодательным актом период; специальные режимы направлены на стимулирование развития регионов или областей с помощью создания соответствующих условий для интенсификации инвестиционной и инновационной (преимущественно в рамках технопарков) деятельности. Другие цели налогового стимулирования (например, стимулирование производства отдельных видов товаров, создание благоприятных условий для отдельных социальных групп плательщиков и др.), которые решаются путем применения элементных (локальных) инструментов, специальным налоговым режимам не присущи; для каждого специального налогового режима устанавливаются приоритетные виды и специальные условия осуществления предпринимательской деятельности (например, ограничивается минимальный объем инвестиций), что и обусловливает крут субъектов таких спецрежимов; для средств налогового регулирования этой группы характерным является сочетание собственно налоговых льгот с другими мерами неналогового регулирования предпринимательской деятельности.

5.Специальные отраслевые режимы налогообложения как комплексный регулятор. Они, в сущности, представляют собой комплекс льгот, который вводится одновременно по нескольким разным налогам и сборам, и касаются субъектов хозяйствования одной отрасли или налогоплательщиков, осуществляющих определенный вид деятельности.

6. Инструменты, связанные с объектом и предметом налогообложения, как локальный регулятор. Изменение состава объекта или предмета налогообложения несомненно оказывает влияние на экономическое поведение налогоплательщиков. В результате выведения из состава объекта налогообложения отдельных видов деятельности или хозяйственных операций их осуществление становится для плательщика более рентабельным. Вполне понятно, что при прочих равных условиях налогоплательщик склонен к выбору такого варианта хозяйственного поведения, который обеспечивает минимальный объем налоговых потерь.

7. Определение состава налогоплательщиков как локальный регулятор. Масштабы налогового регулирования и его эффективность определяются тем, насколько полно охвачены налогом потенциальные субъекты налогообложения. Следует различать установленный законодательством порядок определения субъектов налогообложения, который является встроенным в конструкцию налога ин-

струментом, и освобождение от налогообложения отдельных соответствующих установленным критериям групп плательщиков, что может быть классифицировано как налоговая льгота.

8. Инструменты, связанные с порядком исчисления налоговых обязательств, как локальный регулятор. Практически в каждом налоге и сборе содержатся локальные регулирующие механизмы, которые стимулируют или сдерживают определенные действия плательщиков с помощью специальных правил исчисления элементов налоговых баз и налоговых обязательств. К ним относятся: порядок и масштабы применения обычных цен; метод налогового учета; механизм уменьшения налогооблагаемой прибыли на сумму отрицательной налоговой базы прошлых налоговых периодов (механизм перенесения убытков); механизм корректировки (прироста или убыли) запасов, применяемый в случае использования метода налогового учета «по первому из событий»; возможность уменьшения суммы подлежащего уплате налога на прибыль на сумму расходов по уплате других налогов.

9. *Налоговые льготы как локальный регулятор.* В отличие от проанализированных выше локальных инструментов налогового регулирования, которые встроены в конструкцию соответствующего налога и являются составляющими общего порядка налогообложения, налоговые льготы представляют собой исключение из общего порядка. И этим исключением могут воспользоваться только отдельные группы плательщиков, соответствующие установленным критериям.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Иванов Ю.Б., Тищенко А.Н. Современные проблемы налоговой политики. – Харьков: ИНЖЭК, 2006.*
2. *Заяц Н.Е. Теория налогов: учебник. – Мн: БГЭУ, 2002.*
3. *Караваева И.В. Налоговое регулирование рыночной экономики: учебное пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005.*
4. *Майбуров И.А. Теория и история налогообложения: учебник. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007.*
5. *Иванов Ю.Б. Налогообложение: проблемы, теории и практики. – Харьков: ИНЖЭК, 2009.*

Ключевые слова: налоговое регулирование, налоги, налоговая система, государственный бюджет, налоговая нагрузка, налоговые льготы

Резюме

Налоговое регулирование – это целенаправленное воздействие государства на поведение экономических агентов посредством использования различных методов и инструментов налоговой политики для достижения желаемых социально-экономических результатов. Обобщены теоретические аспекты содержания налогового регулирования, выделены задачи и инструменты налогового регулирования в целях выявления основных направлений дальнейшего налогового регулирования государством.

Tax regulation: the purposes, problems, classification

Resume

Tax regulation is a purposeful influence of the state on behavior of economic agents by means of use of various methods and tools of a tax policy for achievement of desirable social and economic results. Theoretical aspects of the maintenance of tax regulation are generalized, problems and tools of tax regulation with a view of revealing of the basic directions of the further tax regulation by the state are allocated.

Түйін

Салықпен реттеу: мақсат, есептер, саралану

Салықпен реттеу – бұл керекті әлеуметтік-экономикалық нәтижелердің табысы үшін әр түрлі әдістер және салық саясаты арқылы экономикалық мінез-құлығына мемлекеттің нысананы көздейтін әсері. Салықпен реттеуді мазмұнның теориялық тұрғылары қорытқан, мемлекеттің ары қарай салықпен реттеудің негізгі бағыттарының анықталуы мақсаттарындағы есеп және салықпен реттеудің аспаптары ерекшеленген.

ҚАЗЫБАЕВА М.Н.,
ҚазҰАУ PhD докторанты

КӘСІПОРЫН ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Шаруашылық етуші субъектінің бәсекеге қабілеттілік деңгейі туралы қорытындылар жасалатын болғандықтан, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін шешу оның бәсекеге қабілеттілігін бағалаумен тығыз байланысты. Бағалау шаруашылық етуші субъектінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шаралар даярлау үшін жіберілетін нүкте, осы шаралар нәтижелілігінің алғышарты, сонымен қатар, бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын анықтаудың әдістемелік негізі болып табылады.

Қазіргі кезде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың жалпыға танылған бірегей әдістемесі жоқ болғандықтан, болашақта бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтауда бағалау көрсеткіштерінің саны барынша аз болатындарын табу мақсатында экономика мен басқару теориясындағы қазіргі әр түрлі объектілердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудағы белгілі әдістерді талдау негізінде олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемесін даярлау үшін бағдарларды ұсыну маңызды міндет болып отыр. Әрбір нақты жағдайда, шешім қабылдайтын адамдар өздерінің міндетті қалай қабылдап, түсінгендеріне, бағалау мақсатына, қолда бар бастапқы ақпарат, бизнестің ерекшелігіне қарай өзінің әдістемесін даярлайды, немесе өздерін қанағаттандыратын белгілі әдістерді қолданады. Бұлай қараған кезде, бір кәсіпорынның әр түрлі әдіснемелер бойынша алынған нәтижелері едеуір көлемде ерекшеленіп, тіпті бір-біріне қарама қайшы келулері де мүмкін. Бұндай жағдай тиімді басқару шешімдерін қабылдауға ықпал етеді деп айту қиын. Сондықтан да, ғылыми қауымдастық алдында ешқандай едәуір өзгерістер енгізбей, экономиканың барлық салалары кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың бірегей әдістемесін даярлау міндеті тұр.

Кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін қолданылатын барлық әдістерді келесідей тоғыз топқа бөліп қарастыруға болады:

Бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың классикалық ықпалы салыстырмалы артықшылықтар идеясын алға тартады. Адам Смит ұсынған абсолюттік артықшылық (absolute advantage), табиғи (natural advantage) және қалыптасқан артықшылықтарын (acquired advantage) теорияларын Дэвид Рикардо нарықтық күштер өздері-ақ елдің ресурстарын барынша өнімді қолданылатын жаққа бағыттайтын салыстырмалы артықшылық (comparative advantage) концепциясы түрінде жетілдірді. Д. Рикардо мамандану тек субъект басқалармен салыстырғанда өндірісте және берілген тауарды өткізуінде қандай да абсолюттік артықшылыққа ие болған кезінде ғана емес, яғни мамандану кезінде осы тауардың өндіріс шығындары басқа аналогты тауарларға қарағанда төмен болуы міндетті емес, тек сол субъект салыстырмалы артықшылықтарға ие тауарларды өндірсе, яғни бұл тауарлар бойынша шығындар қатынасы, басқа тауарларға қарағанда, басқа субъектілердің шығындарынан барынша жайлы болғанда пайдалы болатындығын дәлелдеп берді. Салыстырмалы артықшылықтар теориясы орын алуы үшін кем дегенде екі субъект пен екі тауар болуы керек. Бұл теорияның кемшілігі – қазіргі қандай да бір нарықтың нақты жағрафиялық шекарасын анықтау, бәсекелес тауарлар мен кәсіпорындар санын анықтау күннен-күнге қиындап бара жатқан заманда, ол әр түрлі мемлекеттердің жер аумақтарын ескермейді, өндіріс технологиясы барлық жерде бірдей деп, кәсіби білікті күш пен капиталдың бір елден бір елге өту мүмкіндігін жоққа шығарып, нақты бәсекеден мүлдем басқаша: барлық елдерде өндірілген еңбек пен капиталды бірдей деп, өндіріс үрдісі мен өнімділікті тұрақты деп қарастырады.

Жекелей топты өндіріс факторлары теориясы мен А.Маршалдың шаруашылықтар мен салалар теңдестігі теориясына негізделген өндірушінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістері құрайды.

Өндірушінің тепе-теңдігі жағдайында – берілген нарықтағы техникалық деңгейдің және сұраныстың өзгермейтіндігі шартында тауарды шығару мен өткізудің максималды мүмкін көлеміне қол жеткен кезде – өндірістің әрбір факторы бірдей және бір мезетте барынша жоғары өнімділікпен қолданылады, демек саладағы өндірушілер жоғары пайда алмайтындықтан да, салаға жаңадан бәсекелестердің кіру қаупі де болмайды. Өнім шығаруға деген ынта өндірістің қандай да бір факторы толық пайдаланылмай немесе өндіріс ауқымы шығындар минимумын қамтамасыз етпеген кезде пайда болады. Бұл ықпал бойынша бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың алғышарты болып өндірушілерде басқа бәсекелестерге қарағанда жақсы өнімділікпен қолдануға болатын өндіріс факторларының бар болуы саналады. Өндірушінің тепе-теңдік теориясы жетілген бәсеке жағдайындағы саланың даму үрдістерін зерттеу үшін даярланғандықтан және ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде сұраныс, техника, өндіріс факторларының даму деңгейі үнемі өзгеріп отыратын кезде тепе-теңдік теориясына негізделетін кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдісі шектеулі болып келеді.

Американдық экономист Дж.Б.Кларк ұсынған тиімді бәсеке теориясына негізделген әдістердің мәні кәсіпорынның қазіргі бәсеке деңгейіне жеткілікті, шаруашылық қызметті ұстап тұруға жеткілікті алғышартты даярлау, яғни бәсекеге қабілетті деп барлық қызметтер мен бөлімдер жұмысы барынша жақсы ұйымдастырылған кезде табылады. Бұл әдістің маңызды ерекшелігі кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін белгілі бір уақыт аралығына байланыстыру. Әдістің негізінде кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігінің алғышарттары мен көрсеткіштерін өнімді шығарудағы шығындардың тиімділігін, өнім өндірісінің пайдалылығын, өндірістік үрдісті тиімді басқаруды сипаттайтын көрсеткіштер; айналым құралдарын басқару тиімділігін, кәсіпорынның өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау қабілеті, көрсететін көрсеткіштер; нарықта жарнама мен ынталандыру құралдарымен тауарды өткізу мен жылжытуды тиімді басқару туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін көрсеткіштер; тауардың бәсекеге қабілеттігі (тауар сапасы мен оның бағасы) көрсеткіштері деген төрт топқа бөледі. Тиімді бәсеке теориясына негізделген өндірушінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістері АҚШ, Батыс еуропа елдерінде кеңінен таралған.

Кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға негізделген әдістер тобы кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі қаншалықты жоғары болса, оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігі де, соншалық жоғары болады деген ойға негізделеді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін әр түрлі маркетингтік және көбінің негізінде баға-сапа қатынасын табу жататын квалиметрикалық әдістер қолданылады.

Тұтынушы үшін тауардың тұтыну құндылығы мен ол төлейтін тауар бағасы арасындағы айырмашылық қаншалықты жоғары болса, тауардың бәсекеге қабілеттілігіндегі тұтынушы үлесі де соншалықты жоғары. Бұндай ықпал өндірішінің талданатын өнімін бәсекелес-фирманың аналог тауарымен бірнеше параметрлері бойынша салыстыру арқылы жүзеге асады. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бұндай жолмен бағалау кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға жақын болғанымен де, бұндай ықпал аясында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты шарты өндіріс технологиясы, сапа, маркетинг аумағындағы тиімді қызмет болып табылады.

Әр түрлі тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі деңгейін бағалаудың матрицалық әдістері ерекше орынға ие. Әдістеме негізінде – кәсіпорын өнімі мен технологияның өмірлік циклін есепке ала отырып, бәсекеге қабілеттілігін бағалау жатыр. Кез келген тауар немесе технология тауардың өмірлік циклінің белгілі кезеңдерінен өтетіні белгілі, ал тауар өндіруші, оның нарықтағы үлесі мен сатылым динамикасында көрініс табатын, әрбір кезеңде тауарды қандай да бір ауқымда өткізе алады. Өнімнің өмірлік циклі барысында оның бәсекеге қабілеттілігін бағалау оның бәсекелік қабілетінің төмендеу кезін дер уақытында байқап, өндірістен алу, модернизациялау не дифференциация, немесе нарықтың басқа сегментіне көңіл аудару сияқты қажетті шараларды уақытылы орындауға мүмкіндік береді. Ең танымал матрицалық әдістер болып Бостон консалтинг тобының негізін қалаушы Брюс Д.Хендерсен ұсынған матрица (BostonConsalting Group (BCG) – «өсу-нарықтағы үлес» және «GE/McKinsey» – «нарық тартымдылығы – кәсіпорынның бәсекелік орнығуы», ADL – «өмірлік цикл – нарықтағы позиция» саналады. Матрицалық әдістер бағалаудың нақты нәтижелерін көрсеткенімен де, олар объектінің

(кәсіпорын) бәсекеге қабілеттілігін тек саланың нақты шекарасы аумағында көрсетуі, кәсіпорын қызметінің күрделі құрылымын тым қарапайымдауы, әрі нарықтың тартымдылығы (BCG) бойынша тек оның өсу қарқынымен, ал компания сәттілігінің жалғыз кілті осы нарықтағы үлесімен анықтауы, әрі кәсіпорынның жаңа бәсекелік статусқа қол жеткізуі бойынша ұсыныстар бермеуі матрицалық әдістердің кемшілігі болып табылады.

Кәсіпорынның стратегиялық әлеуеті тұрғысынан бәсекеге қабілеттілікті анықтау әдістері. Оған М.Портердің «Бәсекенің 5 күші», «4P» «SWOT талдау» әдістерін жатқызады. Оның ішінде, Портердің концепциясы негізінде бәсекенің бес күші үлгісінің элементтері мен кәсіпорындар бойынша рейтинг және балдар (5 балдық шкала) көрсетілетін кесте жасалады. Рейтинг мәндері қосылып, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың көрсеткіші максималды мүмкін рейтинг сомасының мәнінен үлес ретінде кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігі рейтингісінің нормаланған индексі (%) анықталады. Рейтинг индекстерін бағалаудағы едәуір айырмашылықтар ақпарат жеткіліксіздігі мен сарапшылар деңгейлерінің міндетке сай еместігін көрсетеді.

Есептік және есепті-графикалық әдістер. Қандай да бір объектінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін есептеу үшін әр түрлі бағалау алғышарттар тізімі қолданылатындықтан, олар барынша объективті болып табылады. Олардың негізінде нақты мәліметтер бойынша бәсекеге қабілеттіліктің бірегей, топтық және интегралды көрсеткіштері шығарылады. Сонымен қатар, әдістеме мәліметтері алынған нәтижелерді көрсету және кейінгі талдау үшін жеңілдету бойынша графика түрінде көрсетіледі. Объективті әдістер белгілі бір ақпараттың бар болуын барынша талап ететін, барынша көп еңбекті қажет еткенімен, олардың көмегімен алынатын нәтижелер дәл болатындықтан, объектілердің бәсекеге қабілеттілігін бағалауда қолданған дұрыс.

Зерттеушілер анықтаған бәсекеге қабілеттілік факторларын бағалау және басқа көрсеткіштерді анықтау үшін субъективтілік пен шарттылық тән, жуық бағалаулар, «сараптамалық әдістер» қолданылады. Бұндай бағалауларды негізгі әдіс ретінде пайдалану бастапқы факторлар мен бағаланатын бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің математикалық байланысының әлсіз болуына алып келгенімен, оларды әдістерді мүлдем қолданбау мүмкін емес. Сараптамалық бағалаулар басқарушылық қызметте өте жиі қолданылады. Сараптамалық әдістердің басты артықшылығы – олардың әмбебаптығы: сарапшы топтың көмегімен барынша жылдам және қарапайым түрде қандай да бір кәсіпорынның жағдайы туралы ақпаратқа қол жеткізуге болады. Онымен қоса, кейбір қажетті параметрлерді сандық түрде анықтау мүмкін болмаған кезде сараптамалық әдістердің теңдесі жоқ.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың интегралды әдісі. Оған тұтынушы қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін көрсететін (тауардың салыстырмалы бәсекеге қабілеттілігін сипаттайды) алғышарт және өндіріс тиімділігінің алғышарты (активтер пайдалылығы, өзіндік капитал пайдалылығы немесе белгілі бір кезең үшін орташа пайдалылық нормасы) жатады. Егер интегралды көрсеткіш 1-ге тең болса, талданып отырған кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорын-бәсекелестің бәсекеге қабілеттілік деңгейіне сай келеді; егер интегралды көрсеткіш – 1-ден төмен болса, зерттеліп отырған көрсеткіш мейілінше бәсекеге қабілетсіз; егер 1-ден жоғары болса, бәсекелеске қарағанда бәсекелік әлеуеті өте жоғары болады. Әдістің қарапайымдылығынан, өндірушінің бәсекелік жай-күйі туралы бірегей бағалар алуға мүмкіндік береді. Бірақ тәжірибе жүзінде өнім түрлері мен құрылым бойынша бірегей екі не одан көп бәсекелес-кәсіпорын табу мүмкін болмайтындықтан, әрі бұл әдісті әртараптандырылған кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауда қолдануға мүмкін болмайды.

Кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың осындай әдістерін талдау барысында көптеген әдістерде нақты тізімдерге берілетінін және олардың көбін қолдану мүмкіндігінің төмендігін көрсетті. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі жүйесі ашық, оған ықпал ететін факторлар санын тізіп айту мүмкін емес. Содан да, қаншалықты ол тізім кең болғанымен де, жеткілікті деп есептелмегендіктен, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалауда адекватты бола алмайды. Қандай да бір кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдісін таңдау бір жағынан, функционалды толықтық пен бағалаудың сенімділігін қанағатандыруы тиіс, екінші жағынан, оны анықтау үшін қажетті уақыт пен құралдар шығындарын қысқартуы тиіс болып табылатын маңызды шешім. Сонымен қатар, бағалау әдісі сандық және сапалық объективті баға алу мүмкіндігін анықтайды және кәсіпорындар бәсекеге қабілеттілігі

мен олардың бәсекелік артықшылықтарын қалыптастыру мен тиімді басқарудың негізі болып табылады. Сондықтан да, оның мәнін ашу, мақсаткерлігін негіздеу және минималды қателікпен бағалауға қол жеткізу мүмкіндігін ашуды анықтайтын бағалау әдісін таңдау бағалау процедурасының негізгі кезеңдері болып табылады.

Осыны ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың келесідей негізгі принциптерін ажыратуға болады.

Біріншіден, зерттеу объектісін нақты елестету керек, басқаша айтқанда, қандай объектінің бәсекеге қабілеттілігі зерттелетін болады. Екіншіден, зерттеу жүргізілетін деңгейді таңдап алу керек. Мысалы, тауардың бәсекеге қабілеттілігін аймақтың басқа кәсіпорындарымен салыстырып, нақты кәсіпорында бағалауға болады немесе берілген аймақ/елдегі тауар өндірісі бәсекеге қабілеттілігін басқа аймақтардағы/елдердегі аналогты тауарлармен салыстырып бағалауға болады. Бұл жерде, мемлекет, кәсіпорын, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жекелей алып бағалаған кездегі қарастырылатын алғышарттар әр түрлі болатынын ұмытпау керек. Әрі саланың ұлттық шаруашылықтың маңызды бөлігі ретінде оның орындайтын спецификалық функцияларын (мысалы, ел тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету) есепке алған жөн. Бұлай бағалау кезінде саланың сыртқы экономикалық аспектісі мен оның ұлттық шаруашылық жүйедегі орны арасында қарама-қайшылықтар орын алуы мүмкін. Дегенмен, оларды әлеуметтік және елдің ұлттық қауіпсіздігі секілді факторларды есепке алатын мемлекеттік, құрылымдық саясатты жүргізу арқылы шешуге болады.

Зерттеу деңгейіне байланысты берілген объектінің бәсекеге қабілеттілігін сандық бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін құралдар жиыны анықталатын болады.

Ауыл шаруашылығындағы әр түрлі шаруашылық құрылымдарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау өте күрделі, әрі көп еңбек талап ететін жұмыс болып табылады.

Біріншіден, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалаған кезде даладан тұтынушыға дейінгі барлық өмірлік циклі бойынша барлық сапа көрсеткіштері мен барлық персонал жұмысының ресурсыйымдылығы есепке алынуы керек, ал оны іс жүзінде ұйымдастыру, әсіресе шағын кәсіпорындарда өте қиын болады.

Екіншіден, қазіргі уақытта аграрлық сектордағы шаруашылықтардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау бойынша, өкінішке орай, халықаралық нормалар мен құжаттар жоқ.

Үшіншіден, Қазақстандағы жүргізіліп отырған техникалық, кадрлық, әлеуметтік саясат ауыл шаруашылығы құрылымдарының дамуы, олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету бойынша сұрақтармен кешенді түрде айналыспайды.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалауда екі жолды назарға алу қажет:

Берілген техникалық деңгейде бәсекеге қабілеттілікті арттыру, яғни сату бағасын төмендету есебінен, осы өнімге сұранысты қамтамасыз ете отырып, өнімді өткізуді өсіруге болады, ал табыс минималды-мүмкін деңгейден төмен болмайды;

Одан жоғары техникалық деңгейде өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, яғни осы өнімнің сату бағасын арттырып, сол өткізу көлемінде немесе бұрынғы сату бағасын сақтай отырып, оның сапасын арттыру есебінен өткізу көлемін арттырып, пайданы өсіруге болады. Бұл кезеңде техникалық деңгей мен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қатар қойып, олардың тұтынушылық қасиеттері бойынша ең оңтайлысын таңдау мақсатында талдауға ерекше назар аудару қажет.

Ауыл шаруашылығы өнімі мен оның қайта өңделген өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау, ең алдымен, мақсатты анықтаудан басталады. Зерттеудің мақсаты қандай болмасын бәсекеге қабілеттілікті зерттеудің негізі болып нарықты кешенді зерттеу болып табылады. Берілген тауардың нарығын, нарық талаптарын, нарықтағы бәсекелестерді зерттеу қажет. Әрбір нарық үшін тұтынушы ие болғысы келген идеалды өніммен салыстырғанда бәсекелес тауарлардың нарық талаптарын қаншалықты қанағаттандыратынын анықтау қажет. Бұл кезде тұтынушылардың барынша өкілетті топтарына сауалнама түрінде жиналады. Одан кейін барып максималды пайдалылықты қамтамасыз ететіндей өткізу үшін дайындалған өнім қандай болу керектігі шешіледі.

Салыстыру базасы ретінде үлгі тауарды таңдауға бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың дұрыстығы мен одан кейінгі қабылданатын шешімдер тәуелді болады. Салыстыру үлгісі ретінде тұтынушылар қажеттіліктері, қажетті пайдалы эффект шамасы, бәсекелес тауар, гипотетикалық үлгі, аналогтар тобы бола алады.

Бәсекеге қабілеттілікті талдауда міндетті түрде нормативті параметрлерді талдау қажет. Егер оның біреуі қызмет етіп тұрған нормалар мен стандарттарға сай болмаса, одан кейінгі басқа параметрлермен салыстыру нәтижелеріне қарамастан, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау мақсатқа сай болмайтын болады.

Өз кезегінде, ең алдымен, тұтынушылық және экономикалық деп ажыратылатын салыстырылатын параметрлер жиынтығын анықтау. Бәсеке құралы болып табылатын, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі – объектілердің белгілі мақсатқа қол жеткізу жарыстастығында көрініс табатын қоғамдық даму категориясы, яғни ол техникалық және экономикалық көрсеткіштер, факторлар, шарттар жиынтығымен бағаланатын техника-экономикалық категория. Техникалық параметрлерге арналу, эргономдық және эстетикалық параметрлер жатады. Экономикалық параметрлерге тұтынушының өнімді сатып алу мен тұтыну барысындағы жұмсалған шығындары, өнімнің ішкі және сыртқы бәсекедегі ашық ақпарат пен жарнама негізіндегі рейтингі, сұраныс, өндіріс шығындары, пайдалылық, баға, негізгі капиталды қолдану тиімділігі, төлем мен жеткізу шарттары, жаңашылдық енгізу, салымдар тарту үрдістерінің тиімділігі, нарық пен өнімді нарыққа маркетингтік жылжыту технологиясын таңдау факторлары т.б. жатады.

Бағалаудың соңында келесі қорытындылардың бірі беріледі:

- өнімдердің салыстырылып отырған класы бойынша берілген нарықтағы өнім бәсекеге қабілетті;
- берілген нарықта өнімдердің салыстырылып отырған класы бойынша өнімнің бәсекеге қабілеттілігі төмен;
- берілген нарықтағы өнімдердің салыстырып отырған класы бойынша өнім тіптен бәсекеге қабілетсіз.

Бағаланып отырған өнімнің аналогтармен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері, сонымен қатар, нарықтағы оның жағдайын жақсартуға бағытталған қорытынды ұйымдастырушылық шараларды келесідей көрсетуге болады:

- тұтынушының талаптары мен нақты сұраныстарын есепке алу, өнімнің сенімділігіне назарды арттыру мақсатында өнімнің сапасы мен оның техника-экономикалық параметрлерін өзгерту, оның ішінде пайдаланылатын материалдар (шикізат, жартылай фабрикаттар), толымдаушы өнімдердің құрамы мен құрылымын өзгерту, өнімді жобалау ретін өзгерту, өнімді даярлау технологиясын, сынау әдістерін, дайындау, сақтау, орау, тасымалдау, жөндеу сапасын бақылау жүйесін өзгерту, өнім бағасын, қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер бағасын, өнімді өткізу бағасын өзгерту;
- өнімнің оның алмастырушыларымен салыстырғандағы артықшылығын және бәсекелестер шығаратын тауар-аналогтардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау және осы нәтижелерді өзінің кәсіпорнында қолдану;
- бәсекелестердің аналог тауарларды жетілдіру бойынша іс-шараларын зерттеу;
- сапалық көрсеткіштерін арттыру арқылы, өнімді түрлендіру мүмкіндіктерін анықтау;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, оның ішінде бәсекелес-кәсіпорындар қолданатын (баға жеңілдіктері, кепілдемелер мерзімі мен көлемі т.б.) бағалық факторларын анықтау және қолдану қажеттігін зерттеу;
- нарыққа жаңа және барынша прогрессивті тауарлардың шығуын шектеу, белсенді жарнамалық қызметті жүзеге асыру, ақшалай және тауарлық несие беру арқылы тікелей тұтынушыға ықпал ету;
- бірігіп өнім шығаруды ұйымдастыру үшін әріптес таңдау;
- өндіріске инвестор қаражатын тарту;
- кәсіпорынның жаңа өткізу нарықтарына шығу бағдарламаларын дайындау т.б.

Осыдан, нақты нарық не оның сегментіндегі кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорынның технологиялық, өндірістік, қаржылық, өткізушілік мүмкіншіліктерін терең талдауға негізделеді және нақты нарықтағы бәсекелік артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін кәсіпорын жүзеге асыратын шаралар мен мүмкіншіліктерді анықтауға бағдарланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Р.А. Фатхутдинов, Конкурентоспособность: Экономика, стратегия, управление: Учебник. – М: ИНФРА-М, 2000;*
2. *А.Смит, Исследование о природе и причинах богатства народов, Москва, «Наука», 1993;*
3. *Ахматова М., Попов Е., Теоретические модели конкурентоспособности \\ Маркетинг. – 2003, -№4;*
4. *М.Портер, Международная конкуренция, М:«Международные отношения», 1993;*
5. *http://www.lexgroup.ru*
6. *http://www.bp-arkadia.ru сайттарының материалдары.*

Түйін

Мақалада кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға көзқарастары қарастырылады. Бағалау әдістерінің жіктемесі ұсынылған, олардың кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін көтерудегі рөлі ашып көрсетілген.

Резюме

В статье изучаются подходы к оценке конкурентоспособности продукции предприятия. Предложена классификация методов оценки, показана их роль в достижении конкурентоспособности предприятий.

Resume

Approaches to an estimation of competitiveness of the enterprise production are studied in article. Classification of methods of an estimation is offered, their role in achievement of competitiveness of the enterprises is shown.

УТЕЕВ Б.Ж.,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«Экономика» мамандығының 1-курс PhD докторанты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстанның орталықтанған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуі қоғамдық өндірістің сипатын өзгертуде. Олар меншік қатынастары шаруашылық субъектілерінің құрылымы мен оның қызмет көрсету механизмі: олардың өзара қаржылық байланыстарының формалары; қоғамның барлық топтарының шаруашылық нәтижесіне мүдделігінің дәрежесі. Бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қатынастары экономикалық құқықтық механизмге негізделеді. Бұл бағалы қағаздардың материалдық түр ретінде оның маңызын дәлелдейді. Бірақ бағалы қағаздардың маңызы онымен шектеліп қоймайды. Бағалы қағаздар кез келген мемлекеттің төлем айналымында маңызды орын алады, себебі олар арқылы мемлекеттің инвестициялық қызметі жүзеге асырылады. Бұл күрделі қаржы тікелей халық шаруашылығының ең тиімді саласына жіберіледі, яғни оларды нарық жүйесіндегі өмірмен субъектілер ғана оны алады. Өзінің ұйымдық және құрылымдық ерекшеліктеріне орай бағалы қағаздар қаржы ин-

ституттары, қаржы ережелермен қатар мемлекеттің қаржы жүйесінің тұтас бір бөлігін құрайды. Бағалы қағаздар ақша түріндегі капиталға да, заттай капиталға да меншік құқын бекітіп тек бағалы қағаздар арқылы ғана мемлекеттік меншікті акционерлік қоғамдардың, яғни жеке меншік иелері – халықтың меншігіне айналдыру мүмкін. Бағалы қағаздар нарығына өзіне тән жүйесі қалыптасады.

Қазақстан Республикасының мемлекеті бағалы қағаздар нарығын құру және оны одан әрі өрістету мақсатында қажетті шараларды жасауда. Қазақстандағы меншікті мемлекет иелігінен алу және жеке меншіктендірудің Ұлттық бағдарламасы бағалы қағаздар нарығының негізгі элементтерін құру процесін жеңілдетті. Бағалы қағаздар нарығының механизмі экономиканың барлық субъектілеріне инвестиция көздерін алуға мүмкіндік жасайды. Акция шығару осы ресурстарды шектеусіз алуға мүмкіндік туғызса, ал облигация шығару ақша ресурстарын оларды банктерден алудан гөрі тиімді жағдайда алуға мүмкіндік береді. Мемлекет бюджет кемшілігін толтыру мақсатында да ақша белгілерін эмиссияламай мемлекеттік бағалы қағаздар шығарумен шұғылданады. Бағалы қағаздар нарығының күрделі ұйымдық экономикалық жүйесі көптеген өзара байланысты болады. Бағалы қағаздарды шығару және сол қағаздар нарығындағы операцияларды меңгеру міндеті пайда болғанын айқындайды. Сондықтан бағалы қағаздармен қызмет жасайтын жоғары білімді мамандар дайындау уақыт талабы.

Бағалы қағаз нарығы қаржы нарығының негізгі құрамдас бөлігіне жатқызылады. Бағалы қағаз нарығын дамыту елдің басыңқы бағыттарының бірі ретінде тануы қазіргі уақытта осы нарыққа деген ғалымдардың, экономистердің аса көңіл аударуына септігін тигізді.

Әлемдік қаржы нарықтарының дамуы, ең алдымен дамыған бағалы қағаздар нарығымен сипат алады. Макро деңгеймен қатар, бағалы қағаздар нарығы микро деңгейде де үлесі зор. Ең алдымен, бағалы қағаздар нарығында қаржылық ресурстар шоғырлануын атауға болады. Қаржылық ресурстар меншіктік, қарыздық және тартылған жіктелімі бар. Олардың арасындағы бәсекелестіктің болуы дамыған нарықтың бірден-бір факторы. Себебі, нарық субъектілері үшін қаржылық ресурстардың жедел, әрі арзан құралды қолдануы негізгі мақсаттарына айналды.

Қазақстан Республикасы қаржы нарығы негізінен банктік саладан тұрады. Банктік мекемелер өнімдері мен қызметтерінің жыл сайын дамуы бағалы қағаздар нарығының бәсекелеске түсуіне кедергі келтіреді. Ал, қаржылық ресурстардың тек банктік салада шоғырлануы, нарықтың барлық қатысушыларына кері әсерін тигізеді. Еліміз егемендігін алғаннан бастап бағалы қағаздар нарығы қалыптасты. Бағалы қағаздар нарығының, соның ішінде қор нарығының қалыптасу уақыты аз емес. Осы аралықта ұлттық бағалы қағаздар нарығының қалыптасу ерекшелігі, дамыған мемлекеттердің қолданған тәжірибесін енгізуімен сипат алады. Алайда, соған қарамастан ұлттық нарықтағы біршама қайшылықтардың салдарынан бағалы қағаздар нарығының жете дамымауы көрініс алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті жолдауында ұлттық бағалы қағаздар нарығын дамыту бағыттары мен міндеттері айқындалды. Соған қарамастан, бағалы қағаздар нарығының дамуын тежейтін факторлардың болуы тұтастай қаржы нарығының даму серпініне әсер ете алмайды.

Жоғарыдағы факторларды ескере отырып, бағалы қағаздар нарығы, оның мәселелері жөніндегі зерттеулердің қажеттілігі, таңдалған тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Бағалы қағаздар нарығы бойынша шетелдік, ресейлік, қазақстандық ғалымдардың көптеген ғылыми еңбектері бар. Бағалы қағаздар нарығы, оның қатысушылары, бағалы қағаздар нарығының қызмет ету механизмі ресейлік ғалымдар М.В. Романовский, Т.С.Селеванова, Я. Миркин, Е.Ф. Жуков, Б.Б. Рубцов еңбектерінде көрініс тапты. Шетелдік экономистер Д. Кидуэлл, Э. Найман бағалы қағаздар нарығы және шетелдік бағалы қағаздар нарығының даму сипатын көрсетті.

Шетелдік және ресейлік экономистермен қатар, көптеген қазақстандық ғалымдардың да бағалы қағаздар нарығы бойынша ғылыми еңбектері аз емес. Бағалы қағаздар нарығын зерттеуде Г.Т. Абдрахманова, У.М. Искаков, Д.Т. Бохаев, Э. Рузиева, Б.А. Көшенова, А.А. Ильясов, А.А. Адамбекова, А.А. Арыстанов, Г.Н. Шалгимбаева, Г.С. Сейтқасымов, С.Ш. Әуелбаев, К.Ж. Бертаева, В.Д. Мельников, С. Құлпыбаев, Д.А. Шыныбеков, А.А. Рамазанов, Ж.М. Елубаева, Р.О. Смагулова, Тусаева А.К. ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздардың шығарылымы, айналысы және өтеуі бойынша нарық қатысушылары арасындағы экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығы, қор нарығы түсініктері әр түрлі және Қазақстанда оларды теориялық, құқықтық жағынан ажырату қажеттілігі бар. Қор нарығы эмиссиялық бағалы қағаздардан тұрады, ал бағалы қағаздар нарығы одан кең – эмиссиялық және туынды бағалы қағаздар нарығынан құралады. Бағалы қағаздар нарығының дамуы бірінші сатысынан немесе қалыптасу сатысынан өтті деп тұжырымдауға болмайды, мұны тек қор нарығының үлесіне тиеді. Өкінішке орай, бағалы қағаздар нарығының басқа элементтері, яғни туынды бағалы қағаздардың даму сипаты жоқ.

Сөйтіп, бағалы қағаздар нарығы екі үлкен топтан тұрады, атап айтсақ қор нарығы және туынды бағалы қағаздар нарығы. Бағалы қағаздар нарығы экономикалық және әлеуметтік сұрақтарды шешуге көмектеседі. Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығының қалыптасуына мемлекеттік меншіктің жеке меншікке көшуі негіз болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығына келесідей анықтама береміз. Бағалы қағаздар нарығы – бұл мемлекеттің, нарық субъектілерінің қаржылық ресурстарын шоғырландыруы мен бөлінуі сипат алатын қандай да болмасын мерзімдегі бағалы қағаздардың айналысы қарастырылатын жүйе. Қор нарығы бағалы қағаздар нарығының құрылымына жатқызылады. Оның негізгі айырмашылығы ретінде – капиталдың айналысын қамтитын бағалы қағаздардың жүйесі.

Бағалы қағаздар келесідей ерекшеліктермен сипатталады: ақша қаражатқа айырбастау мүмкіндігі, сату-сатып алуға, эмитентке қайта сатуға, құқықты басқа тұлғаға беру мүмкіндігіне ие. Олар есеп айырысу кезінде қолдануға, кепіл ретінде пайдалануға болады. Қазақстан Республикасы заңнамада бағалы қағаздар түсінігі және «бағалы қағаз» мәртебесіне ие құралдар қарастырылған. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес, бағалы қағаз – мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен айқындалған өзге де түрлері жатады. Заңнамаларды салыстыру негізінде, Азаматық кодекс пен Бағалы қағаздар нарығы заңдарының сәйкессіздігі байқалады. Сонымен қатар, инвестициялық қор туралы Қазақстан Республикасы заңында пайды бағалы қағаз түрі деп бекітсе де, өзге құқықтық құжаттарда пай бағалы қағаз мәртебесі ретінде негізделмеген.

«Инфрақұрылым» термині – экономикалық жүйе негізі, фундаменті, ішкі құрылымын білдіреді. Осыған сәйкес, біз «бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымына» келесідей анықтама береміз. Бағалы қағаздардың инфрақұрылымы – бұл бағалы қағаздарды шығаратын, сататын және сатып алатын субъектілер арасындағы қатынастарда қызмет атқаратын қатысушылар жиынтығы. Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары әр мемлекетте әр түрлі жиынтықтардан тұрады. Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын кәсіби қатысушылар және сауданы ұйымдастырушылар ретінде қарастырмыз.

Бағалы қағаздар нарығының үлгісін тек қатысушы институттарға ғана байланысты емес, сондай-ақ корпоративтік басқару, қаржы нарығының құрылымына байланысты анықтау қажет. Осыған байланысты, қаржы нарығының құрылымына байланысты республиканың бағалы қағаздар үлгісі – жапон-немістік үлгі деп танысақ, ал корпоративтік басқару жағынан – немістік үлгі деп анықтаймыз.

Бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік реттеуді жүргізуіне байланысты. Бағалы қағаздар нарығын реттеудің құралдарын, әдістерін және бағыттарын таңдау нарыққа ғана емес, мемлекеттің бүкіл экономикалық жүйесіне әсер етеді. Бағалы қағаздар нарығын реттеу – бұл өкілетті қатысушылардың қызмет процесінде пайда болатын қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады. Бағалы қағаздар нарығын реттеу нарықтың барлық қатысушылары, ресурстары, қызметтері мен операциялары қамтылады. Реттеудің 2 негізгі үлгісі бар: мемлекеттік және өзін-өзі реттеу.

Қаржы нарығын мемлекеттік реттеу тікелей және жанама түрде жүзеге асырылады. Тікелей мемлекеттік реттеуге келесілер жатады: нарық субъектілерінің қызметтеріне қатысты заңнамаларды шығару, нарық субъектілерін лицензиялау, инвесторларды қорғау шараларын жасау және т.б. жатады. Ал, жанама мемлекеттік реттеу мемлекеттің экономикалық тұтқалары және капиталдары арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тұтқалар мен капиталдарға салық, ақша саясаты, мемлекеттік сатып алулар, мемлекеттік меншік, сыртқы экономикалық байланыстар жатқызылады. Қазақстанда бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы еліміздің егемендігін алғаннан басталды.

Азаматтық кодексте депозиттік сертификатты бағалы қағаз мәртебесі бар құралдардың ішінен шығара отырып, бағалы қағаздар нарығы бойынша заңнамадағы сияқты бағалы қағаздар тізімін енгізу қажет. Сонымен қатар, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңына пайды бағалы қағаз мәртебесіндегі құрал ретінде жағдайды енгізе отырып, «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасы заңына қарама-қайшылық жағдайды жоюға болады. Сондай-ақ, елде инвестициялық қорлардың акционерлік түрлері қалыптасты. Олардың негізгі жағдайлары мен акционерлік қоғамдардан айырмашылығы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңында көрініс табу қажеттілігі бар. Сонда, акцияны тек акционерлік қоғамдар ғана емес, сондай-ақ инвестициялық қорлар шығаруға құқығы бар екенін және бұл жағдай тек «Инвестициялық қорлар туралы» заңда ғана қарастырылмай, бағалы қағаздар нарығын реттейтін басқа заңнамаларды сипат алады.

Келесі қағида – бұл нақты қажеттіліктерді және мүмкіндіктерді ескеру. Бағалы қағаздардың сан алуан түрлері бар. Акция, облигациядан басқа опциондар, фьючерстер, своптар, депозитарлық қолхаттар, варранттар бар. Қазақстан Республикасында тек акция, облигация және пайлар даму серпіні бар. Облигацияның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздардың үлес салмағы жоғары. Дамыған мемлекеттерде негізгі бағалы қағаздармен қатар, туынды бағалы қағаздар даму үстінде. Алайда, олардың дамуын келесідей факторлармен түсіндіреміз:

- туынды бағалы қағаздардың дамуы ең алдымен тауар нарығының дамуынан шығады. Көптеген мемлекеттерде фьючерстік немесе опциондық биржаға дейін, сол орында тауар биржасы қалыптасқан болатын, кейіннен тауар нарығы өсе келе, бағаның жағымсыз жағдайынан сақтану жолы ретінде туынды бағалы қағаздардың шығаруына әкелді. Тек XX ғасырда, туынды бағалы қағаздар нарығы тауар нарығының негізгі қызметін (тауарды сату мен сатып алу орнын анықтау және дамыту) ығыстыра отырып, тауар нарығының келеңсіз оқиғаларды алдын-алуға көмектесетін құрал ретінде дамыды. Туынды бағалы қағаздар биржалар дамуының, мемлекеттегі тауар айналымының негізгі индикаторы ретінде қарастырылады.
- туынды бағалы қағаздардың дамуы тек негізгі бағалы қағаздардың дамуынан шығады. Себебі, бір жағынан елдегі бағалы қағаздар нарығы өндіріс жағдайын білдірсе, екінші жағынан қаржылық ресурстарға деген сұраныс пен ұсыныстың деңгейін көрсетеді. Туынды бағалы қағаздардың базистік активтері ретінде негізгі бағалы қағаздарға да тиесілі. Әсіресе, депозитарлық қолхат тек акцияға негізделеді. Сондықтан да, туынды бағалы қағаздардың дамуы тек негізгі бағалы қағаздар нарығын дамыту кезеңінен кейін жүргізу қажеттілігін қарастырамыз.

Келесі қағида – бұл экономикалық тиімділікті ескере отырып, бағалы қағаздар нарығын дамыту. Мемлекет инвесторлардың және қатысушылардың құқықтарын қорғау мақсатында көптеген шаралар жиынтығын атқарады. Бірақ, олардың құқықтарын қорғау кезінде бірнеше балама нұсқаларды дайындау керек. Агенттіктер міндетті өзара қатынастарды бекіткен кезде, олардың бағалы қағаздар нарығына әсер ету мүмкіндігін жан-жақты қарастыруы керек. Бағалы қағаздар нарығында негізгі қатысушы – бұл эмитент пен инвестор екенін ұмытпау қажет. Ал, олардың арасындағы институттар мен ұйымдар бағалы қағаздар нарығының тиімділігін арттыру мақсатында енгізіледі.

Эмитенттер немесе инвесторлардың міндетті өзара байланысы бар қатысушылар санының көп болуы, осы негізгі қатысушылардың бағалы қағаздарды шығару немесе сатып алу ынтасын түсіреді. Осы орайда, бағалы қағаздар ұстаушылар тізімін жүргізу бойынша ұйыммен міндетті шартқа отырудан бас тартуды ұсынамыз. Бағалы қағаздар ұстаушылар тізімін жүргізуге эмитенттің өз құқығында болуы керек. Ал, бағалы қағаздар ұстаушының тіркелімі екі жақта, яғни эмитент пен Орталық депозитарийде жүргізілуін анықтаймыз. Сонымен қатар, брокер-дилерлердің 2 санаты сипат алады. Оның арасындағы негізгі айырмашылығы – 1-санатты ұйым номиналды ұстаушы ретінде қызмет атқарып, бағалы қағаздармен мәмілені тіркеу құқығы бар. Ал, 2-санатты брокер-дилер тек бағалы қағаздардың сатып алу мен сату мәмілесін жүргізуге ғана құқығы бар. Осыған орай, 2-санатты брокер-дилерлер санының жыл сайын қысқарылуы байқалады. Мемлекет тарапынан санаттарға бөлмей, бірдей талаптарды бекіту арқылы бағалы қағаздар нарығының тиімді механизмге әкелуіне мүмкіндігі болады.

Қаржылық тәжірибеде тәуекел мен белгісіздік түсініктерін айырмайды. Көбінесе, тәуекелді кездейсоқ жағымсыз оқиғалардың болуы салдарынан жоғалту ретінде анықтайды. Жоғалту объективтік, яғни сыртқы факторлардың әсерінен болуы мүмкін. Мысалға, ақшаның сатып алу қабілеттілігінің жоғалуы иеленушінің іс-әрекетіне байланыссыз. Бірақ, шығындар шешімді таңдау кезінде болады, сондықтан да тиімді шешімді қабылдау қажет. Қаржылық қызметтің бірқатар аяларында тәуекел белгілі бір келеңсіз жағдайдың болу ықтималдылығы деп түсінеді. Ықтималдылық жоғары болған сайын, тәуекел де жоғары болады.

Тәуекел деңгейі мен көлеміне қаржылық механизм арқылы әсер етуге болады. Мұндай әсер қаржылық менеджмент әдістері және ерекше стратегия арқылы жүргізіледі.

Тәуекел тосуға сәйкессіздік ретінде қарастырылады. Әр түрлі баламалар бола отырып, инвестор оларды бағалайды және салыстырады. Мұнда, болжамдалатын нәтижелер бақылай алмайтын факторлар әсерінен сай болмайтынын ескеру керек. Әрбір балама екі критерий бойынша өлшенеді. Біріншісі – нұсқаның болжамдалатын бағасын (мысалға, мүмкін болатын нұсқаның орта шамасы), ал екіншісі – мүмкін ауытқу шамасын, яғни тәуекел деңгейін. Нұсқа тәуекелділігінің өсуі күтілетін нәтижелікпен бірге өседі. Инвестор қандай баламаны таңдайтыны оның тәуекелге баруына, сондай-ақ тәуекел мен табыс қатынасының қандай пропорциясын алатынына тәуелді.

Қаржылық математика қаржы нарығына, соның ішінде бағалы қағаздар нарығына талдау мен болжау жүргізеді.

Жиынтық табыстылық екі компоненттің қосындысы ретінде анықталады.

$$r = \frac{\text{төленген дивидендтер}}{\text{бастапқы баға}} + \frac{\text{акцияның соңғы бағасы} - \text{акцияның бастапқы бағасы}}{\text{бастапқы баға}}$$

r = табыстылықтың дивидендтік компоненті + табыстылықтың бағалық компоненті

Акция активінің тәуекелділігін өлшеудің бірлігі ретінде өзгерістілік, волатильдік (volatility) кеңінен қолданылады. Өзгерістілік, волатильділік акция табыстылығының мүмкін мөлшерлеме диапазонымен және оларды алу ықтималдылығымен байланысты. Акция табыстылығының мүмкін мөлшерлеме диапазоны кең болған сайын, сонымен қатар экстремалдық мәндерді алу ықтималдылығы жоғары болған сайын, соғұрлым акцияның өзгеріс көрсеткіші жоғары болады. Нақты табыстылық болжамдалған көрсеткішінен не жоғары, не төмен болуы анық. Өзгерістілік мәнін түсіну үшін, акцияның әр түрлі табыстылық деңгейінде алу ықтималдылығын бөлуін қарастырайық. Барлық мүмкін болар табыстылықтың деңгейлері нөлден (яғни табысты ала алмау) бірге (анықталған табыстылық міндетті түрде алынады) дейін сай болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Абдрахманова Г.Т., Жумабаева З.С. Рынок ценных бумаг: особенности функционирования в Казахстане. – Алматы., 2002. – 340 с.*
2. *Сейткасимов Т.С., Ильясов А.А. Ценные бумаги и фондовый рынок. – Алматы., 1998. – 184 с.*
Savings and loan associations were and are the most developing form of the organization of mortgage lending. Activity of savings and loan associations underlies so-called single-level system of mortgage lending. Creditors provide mortgage loans by attraction of deposits. Creditors can be or the specialized savings organizations, such as building societies, or commercial banks.

In financial maintenance of mortgage loans the through mortgage securities provided with mortgage loans, created as American mortgage-backed securities (further – MBS) start to play the increasing role. Credit institutes create the special organizations which buy mortgage loans, form pools of credits and let out MBS, realized to investors.

Thus, as shows foreign experiment successful formation and development of systems of mortgage lending it is possible thanks to the active policy of the state directed on direct support and development of national mortgage system.

Резюме

Ипотечные банки – развивающаяся форма организации ипотечного кредитования. Деятельность сберегательных и кредитных ассоциаций лежит в основе так называемых одноуровневых систем ипотечного кредитования. Кредитора предоставляют ипотечные кредиты за счет привлечения депозитов. Кредиторами могут быть или специализированные организации сбережений, такие как строительные общества, или коммерческие банки. Финансовое обслуживание ипотечных кредитов по американскому образцу начинает играть все большую роль. Кредитные институты создают специальные организации, которые покупают ипотечные кредиты.

Таким образом, как показывает зарубежный опыт, успешного формировать и развивать систему ипотечного кредитования возможно за счет активной политики государства, направленной на поддержку развития системы ипотечного кредитования.

АБДУЛЛАЕВА Б.А.
э.ғ.к., «Қаржы нарығы және банктік бизнес»
кафедрасының аға оқытушысы
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНДА НЕСИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Агроөнеркәсіп кешені (АӨК) – ең ірі салааралық кешен, экономиканың 10 саласын біріктіреді. АӨК – бұл ауыл шаруашылық өнімді өндіру, өңдеу, сақтау және тұтынушыға жетікзу жүйесі.

АӨК 4 сферасы бар:

- ауыл шаруашылық;
- ауыл шаруашылық құрал-жабдықтармен, техника, химикаттар және минералды тыңайтқыштармен қамтамасыздандыру;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру;
- ауыл шаруашылық өнімдерін тасымалдау, сақтау, тұтынушыға жеткізу және АӨК кадрлар дайындау;

АӨК дамытатын алдында бірнеше мемлекеттің дамыған тарихын зерттеу қажет және олардың қазіргі жағдайы қалай? Сонымен Австралия мемлекеті өзінің АӨК экстенсивті түрде құрған, соған қарамастан олардың өнімдері бәсекеге қабілетті. Австралия Қазақстан сияқты жері көп, климаты құрғақ, халқы аз мемлекет. Австралияның фермерлік шаруашылығы капиталды аз мөлшерлемемен, жұмыс күшін аз қолданып, бірақ жер аймағын кең көлемінде қолданады. Мемлекет кеңінен субсидиялармен фермерлерге көмектеседі және өнімдерді экспорттауға мүмкіндік жасайды. Бидай, ет, сүт өнімдері, мақта, жүн және т.б.экспорттайды. Ауыл шаруашылық өнімдері Австралияның бүкіл экспорттың 65% бағалық үлесін құрайды. Шығыс Еуропа, Австралия, Солтүстік Америка елдерінде халықтың 1-2 пайызы ауыл шаруышылғында жұмыс істеп, ЖІӨ-нің 2-3 пайызын құрайды. Шығыс Еуропада мына мемлекеттер ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде басты рөл атқарады: Алмания, Голландия және Дания. Дания және Голландия ауыл шаруашылығында ең жоғарғы еңбек өнімділігін көрсетеді, мысалы айтатын болсақ 70-жылдары Дания мемлекеттің бір фермері 12 адамды ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ете алатын еді, ал Азия, Африка елдерінің фермерлері тек өзінің отбасын әрен ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етер еді. Бұның бәрі мемлекеттің көмегімен

және қаржыландыру көздерін болуымен түсіндіруге болады. Фермерлерге несиені қолжетімді және пайызының төмен болуы мемлекеттің басты мақсаты болуы қажет. Оңтүстік Америка елдері жоғары тауарлық ауыл шаруашылығының арқасында валюта түсімін қамтамасыз етіп жатыр. Экономикалары қарқынды дамып халықтың табысы орта әлемдік табыстан жоғары. Және Аргентина, Бразилия, Уругвай және Чили мемлекеттері өте жоғары еңбек өнімділігінің арқасында әлемде кофе, ет, тері, жүн және т.б.өнімдер өндіруде үлесі жоғары. ЖІӨ-де ауыл шаруашылықтың үлесі 10-15 пайыз құрайды, әлемде халық саны көбейген сайын ауыл шаруашылық өнімдері де бір талай қымбаттап бара жатыр, ұсыныс сұраныстың артынан үлгере алмай жатыр. Соған қарай ірі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші мемлекеттер ұлттық қорлар құрып капитал жинап жатыр. Мысалы, Бразилия мемлекеті кофеден түскен табысты өзінің ұлттық қорына жинап болашақтағы ұрпақтарына қалдырып қоймақшы.

Алты әлемді жайлаған жаһандық дағдарыс дауылынан аман-есен шығу үшін Қазақстан басшылығы қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр. Тек қиындықты еңсеріп қана қоймай, одан жаңарған жүйе, жаңа екпінімен шығу міндеті қойылып отыр. Мұның бәрі Елбасымыздың биылғы Жолдауында айқын көрсетілген. Енді ауылды көркейтуге, ауыл шаруашылығын дамытуға аса көңіл бөлінетіндігі қуантады. «Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату – маңызды сала. Біз қазір консервіленген жеміс-жидек өнімдерінің 80 пайызын, ет өнімдерінің жартысын, құрғақ сүттің 53 пайызын сырттан әкеліп жүрміз. Егер осының бәрін шеше алсақ – онда адамдар қаладан селодағы өнеркәсіпке жұмыс істеуге баратын болады. Біздің бағалауымыз бойынша, экспорттық мамандандыру перспективада 500 мыңнан астам жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беріп, таяудағы бес жылда ЖІӨ-нің қосымша өсімінің 8 пайызға жуығын қамтамасыз етеді» – деді Президент Н.Назарбаев халыққа Жолдауында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелеріне айрықша тоқтап.

Мал басы, ет, сүт, майлы дақылдар өндіру көлемі де кеміді. Жалпы жан басына шаққанда тұтыну тауарларын өндіру тәуелсіздік алған тұстағы көрсеткіштерден анағұрлым төмендеп кетті. Нақтырақ айтсақ, 1990 жылмен салыстырғанда ірі қара 9,8 миллион бастан 2007 жылы 5,8 миллион басқа түссе, тиісінше қой-ешкі 35,7 миллионнан 16,1 миллионға, жылқы 1,7 миллионнан 1,3 миллионға, құс 59,8 миллионнан 29,8 миллионға, шошқа 3,3 миллионнан 1,2 миллионға кеміген екен. Мұның бәрі ауыл шаруашылығының халі өте мүшкіл екенін көрсетіп қана қоймай, ауылда жасайтын халықтың басым көпшілігі кедейлік деңгейінен аса алмай отырғанын да дәлелдейді. Оған халық саны жыл сайын өсіп, керісінше жұмыс орындары күн санап кеміп бара жатқан бүгінгі өмір шындығын қосыңыз. Ал бізде ауыл халқы аз емес, көп емес, бүкіл мемлекет халықтың 44 пайызын құрайды.

Жалпы, ауыл оңалмай, ел тоғаймайтынын ескерсек, қазіргі сан қырлы дағдарыстан шығудың даңғыл жолы да ауылдан басталатыны күмәнсіз. Мемлекет те басты назарды әрқашан ауылға қаратуы керек. Өйткені бүкіл елді, мемлекет халқын асырайтын, оны азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ететін диқан мен шаруа қауымы осы ауылда жасап, еңбек етеді. Демек, ауылдағы әлеуметтік ахуал мен ауыл шаруашылығының жағдайын жақсартуға бар күшті салу керек. Бұл үшін ауылға мемлекеттік қамқорлықты күшейтіп, азық-түлік өнімдерін өндіру мен өңдеу ісіне салынатын инвестицияны жедел молайту қажет.

2003-2005 жылдары аграрлық саланың дамуы айтарлықтай байқалды. Атап айтқанда, ірі қара басы 1,5 миллионға, қой-ешкі – 2,3 миллионға, құс 3,7 миллионға көбейді. Сондай-ақ, майлы дақылдар мен көкөніс өнімдері, мақта өсіру көлемі де анағұрлым артты. Мұның бәрі агроөнеркәсіптік кешеннің халықаралық нормаларға сәйкес нарыққа бейімделген заңнамалық базасын қалыптастыру, ауылға бөлінетін несиенің көбеюі нәтижесінде болды. 1997 жылмен салыстырғанда агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау 6 еседей артты. Соның арқасында 2007 жылы 1069,6 миллиард теңгенің ауыл шаруашылық өнімдері өндірілді. Бұл 2002 жылмен салыстырғанда екі еседей артық.

Дегенмен, әлемдік деңгейде азық-түлік өнімдеріне деген сұраныстың артуынан олардың бағасы да анағұрлым өсті. Бұдан бір-екі жыл бұрын осыған байланысты халық арасында әр түрлі әңгімелер көбейіп, қобалжулардың да болғаны рас. Бірақ әр жамандықтың да бір жақсылығы болады дегендей, әлемдік экономикадағы дағдарысқа байланысты күнделікті қажет азық-түліктің де, өмірлікке қажет тұрғын үйдің де ғарышқа ұшқан бағасы жерге түсіп, жұртшылықтың бұл көңілі біраз басылды. Әйтсе де, осылай жалғаса бермейді ғой, ертең-ақ қайта шарықтауы мүмкін. Сондықтан еліміздің азық-түлік

қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де, жұмыссыздықты азайтып, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін де, қылмысты қысқартып, дағдарыстан шығу үшін де ең алдымен ауылға, ауыл шаруашылығына салынатын инвестицияны молайту қажет. Өйткені, біз оны құрылысқа, экономиканың басқа салаларына салып көрдік. Бірақ оның көбі түйені түгімен жұтатын жемқорлардың жемсауына түсіп, көздеген нәтижені бермеді. Қазір қой басының саны 19 миллионға жеткенімен, олардың жүні мен терісін қабылдап, өңдейтін кәсіпорындардың жоқтығынан еліміз жылына 2,5-3 млрд теңге табыстан қағылып отыр.

Ұлттық әл-ауқат қорынан «Қазагрохолдингке» 1 миллиард АҚШ доллары бөлінетіндігі қуанарлық жайт. Және бұл жерде оның қайтарылымы басқа салаларға қарағанда анағұрлым тез әрі сенімді. Оны қарапайым мысалдармен-ақ дәлелдеуге болады. Мәселен, бір шаруа қожалығы 15 миллион теңге жеңілдікпен несие алып, 100 гектарға қант қызылшасын септі дейік. Егер барлық агротехнологияны дұрыс қолданып, қажетті химикаттар мен минералды тыңайтқыштарды норма мөлшерінде беріп лайықты күте білсе, ол әр гектардан орташа 25-30 тонна өнім алады. Өткен жылға дейін бұл өнімнің 1 тоннасын қант зауыттары 10 000 теңгеден сатып алды. Сонда 100 гектардан 2500 тонна өнім алынып, оның жалпы құны 25 миллион теңге болады. Соның 4,5-5 миллионы жерді аударуға, егу, тұқым алу, культивация жасау, суғаруға кетсе, 3,5-4 миллион арам шөптерден тазартып, химикаттар мен тыңайтқыштар сатып алуға, 5,5-6 миллионы күзгі жиын-терім жұмыстарына кетеді. Егер ол несиені 10 пайыздық мөлшерде алатын болсақ, 1,5 миллион теңге үстемесін қосып есептегеннің өзінде алғашқы жиында-ақ ол 7,5-8 миллион теңге таза пайда табуы әбден мүмкін. Ал, несие мерзімі ұзақтау болса, әлгі табысынан қажетті техника мен құрал-саймандар сатып алады да, келесі жылғы табысы одан көбеймесе, азаймайды. Өйткені, енді ол жерді аудару, культивация жасау сияқты агротехникалық амалдарды өз техникасымен жасайды да өнімнің өзіндік құны азаятын болады.

Әрине, Қазақстанның барлық аймақтарында қызылша өсіру мүмкін емес. Бірақ, дәнді және майлы дақылдар өсіру, мал шаруашылығы мен көкөністен де көп пайда табуға болады. Мәселен, 1 гектар картоп орташа 25-30 тонна өнім берсе, сәбіз бен пияздың өнімділігі одан да жоғары. Ал, майбұршақтың әр гектарынан орташа 30-35 центнер өнім алып 150-200 мың теңге табыс табуға болады. Қалғанын қара базардағы ең төменгі бағамен есептен шығару қазіргі заманның азаматтарына аса қиын емес. Және кәсібі өрге домалаған бір шаруа кемінде 5-6 адамды жұмыспен қамтуға септігі тиетінін әлем ғалымдары әлдеқашанақ дәлелдеген. Сонда бұл бірнеше әлеуметтік мәселелер тізбегінің күрмегін шешуге қосылған үлкен үлес болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых, магистрантов и студентов. – Алматы, 2010. 266 с.*
2. *www.nur.kz*
3. *ru.wikipedia.org*
4. *Экономика, 2009-20 наурыз (№3/4) – 4 бет*

Резюме

В данной статье рассматривается агропромышленный комплекс Казахстана, дается характеристика экономических отношений внутри него.

Делая сравнительный анализ агропромышленного комплекса на примере стран Европы и Австралии, автор попытался провести оценку современного состояния агропрома нашей страны и обосновать основные направления правильного использования выделенных кредитов на этот комплекс.

Resume

In this article the agroindustrial complex of Kazakhstan, describing the economic relationships within it.

Making a comparative analysis of agro-industrial complex as an example for Europe and Australia, the author tried to assess the current state of agricultural industry in our country and justify the main directions of the proper use of allocated credits for this complex.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстанның агровөнеркәсіптік кешені қарастырылған, оның ішкі экономикалық қатынасы көрсетілген. Агровөнеркәсіптік кешенінің салыстырмалы талдауын жасап Еуропа және Австралиядан алған тәжірибені енгізуге , автор агровөнеркісіп кешеніне бағалау жасап және осы бағыттарға несиені дұрыс беру керектігі жөнінде ұйғарды.

ИЗБАСАРОВА А.,
магистрант 1 курса профильного направления
МБШ при КазЭУ им. Т. Рыскулова

РАЗРАБОТКА СТРАТЕГИИ ОРГАНИЗАЦИИ И ЕЕ РЕАЛИЗАЦИЯ В УСЛОВИЯХ КОНКУРЕНТНОЙ СРЕДЫ (НА ПРИМЕРЕ ТОО «РЕМБУС»)

Развитие экономики Казахстана в значительной степени ускорило распространение конкурентных отношений на казахстанском рынке. Государство, компании, потребители услуг стали активнее влиять на конкурентную ситуацию.

Переход от конкуренции за ресурсы и товары к конкуренции за потребителя услуг ужесточают отношения в этой сфере и приводят к необходимости формировать новые рыночные факторы. К объективным предпосылкам усиления конкуренции можно отнести следующие:

I. Макроэкономические предпосылки усиления конкуренции, которые связаны с факторами структурного характера и которые радикально влияют на приоритеты ведения бизнеса.

1. Увеличение количества и разнообразия строительных компаний, действующих на нашем рынке, приводит к расширению предложений от компаний и вытеснению с рынка некачественных услуг. При ограничении платежеспособного спроса это сказывается на уменьшении и последующей стабилизации рентабельности бизнеса, что в свою очередь ведет к усилению конкуренции.

2. Либерализация цен и сокращение платежеспособного спроса. Отмена прямых ценовых ограничений коснулась рынка строительных услуг и на первых этапах повлияла на увеличение цены на услуги. Но более важным итогом либерализации цен с точки зрения влияния на конкуренцию стало приближение (или желание приблизить) цены на строительные услуги к мировым из-за использования импортных строительных материалов.

3. Финансовая стабилизация и инфляционные процессы, приватизация и формирование негосударственного сектора экономики, демонополизация экономики и создание рыночных институтов (бирж, страховых компаний и т.д.) – вот перечень целого ряда макроэкономических предпосылок усиления конкуренции, которые на различных этапах развития строительного бизнеса влияли и влияют на усиление конкуренции.

II. Микроэкономические предпосылки усиления конкуренции связаны с изменением в рыночном поведении потребителей услуг и самих строительных компаний.

В ходе реализации экономических реформ было получено большое количество уроков, как нельзя вести бизнес в условиях меняющегося рынка, в результате чего участники рынка строительно-монтажных работ медленно, но верно начали обращаться к приемам и методам работы в условиях конкуренции, тем самым создавая конкурентные преимущества своих компаний.

Роль государства в регулировании конкурентных отношений имеет многосторонний характер и реализуется путем разработки и осуществления национальной политики, а также разработки требований к участникам рынка.

Проблемы развития конкуренции на отраслевых рынках обусловлены действием ряда факторов, зачастую весьма осложняющих работу компаний:

- экономические;
- административные;
- организационные;
- структурные;
- факторы неправового порядка.

Конкурентные преимущества компании являются концентрированным проявлением ее превосходства над конкурентами в экономической, технической, организационной сферах деятельности. Конкурентные преимущества можно измерить экономическими показателями (дополнительная прибыль, более высокие рентабельность, доля рынка, объем продаж).

Необходимо особо подчеркнуть, что конкурентное преимущество нельзя отождествлять с потенциальными возможностями компании. В отличие от возможностей, это факт, который фиксируется в результате реальных и очевидных предпочтений покупателей услуг. Именно поэтому в практике бизнеса конкурентные преимущества являются главной целью и результатом деятельности компании.

Конкурентное преимущество носит сопоставительный, а следовательно, относительный, а не абсолютный характер, так как оно может быть оценено только путем сравнения характеристик, которые влияют на экономическую эффективность продаж. Другой характеристикой конкурентного преимущества является его подверженность неоднозначному влиянию множества разнородных факторов. Для того чтобы добиться конкурентного преимущества, необходимы усилия, направленные на комплекс внешних и внутренних факторов, влияющих на конкурентное преимущество компании.

Проведенное маркетинговое исследование конкурентных преимуществ компаний, работающих на рынке строительно-монтажных работ, направлено на формирование у потребителей такого уровня информированности, который позволяет им принимать решение о выборе услуг на основании достаточного количества критериев, характеризующих конкурентные преимущества компании.

Конкурентные преимущества оценочных компаний подразделяются:

- на уровне компании;
- на уровне услуги.

Стратегия – это долгосрочное, качественно определенное направление развития организации, касающееся сферы, средств и формы ее деятельности, системы взаимоотношений внутри организации, а также позиции в окружающей среде, приводящие ее к целям. Стратегия организации – это генеральный план действий, определяющий приоритеты стратегических задач, ресурсы и последовательность шагов по их решению.

Эффективное управление фирмой непременно требует от руководителей стратегического мышления и умения разрабатывать стратегию. Сегодняшним менеджерам приходится думать стратегически о положении, в котором находится компания, и о влиянии, которое на нее оказывают меняющиеся условия. Они вынуждены анализировать внешнюю среду достаточно тщательно, чтобы знать, когда вносить изменения в стратегию. Они должны быть достаточно хорошо знакомы с деятельностью компании, чтобы знать, какие изменения вносить в стратегию. Другими словами, стратегический менеджмент является фундаментом общего подхода к управлению всей компанией.

Преимуществами стратегического мышления, имеющего первостепенное значение в стратегическом менеджменте, являются:

- обеспечение направленности всей организации на ключевой аспект стратегии: «что мы стараемся делать и чего добиваемся?»;
- необходимость менеджеров более четко реагировать на появляющиеся перемены, новые возможности и угрожающие тенденции;
- возможность для менеджеров оценивать альтернативные варианты капитальных вложений и расширения персонала, т.е. разумно переносить ресурсы в стратегически обоснованные и высокоэффективные проекты;

- возможность объединить решения руководителей всех уровней управления, связанных со стратегией;
- создание среды, благоприятствующей активному руководству и противодействующей тенденциям, которые могут привести лишь к пассивному реагированию на изменение ситуации.

Последнее преимущество, заключающееся в поощрении активного управления, а не в простом реагировании на внешние факторы, приводит к тому, что новаторские стратегии могут стать ключом к улучшению результатов деятельности компании в долгосрочном плане. Из истории бизнеса известно, что высоких результатов добивались обычно компании инициативные и ведущие, а не те, которые просто реагировали на изменившиеся условия или защищались. Преуспевающие компании предпринимают стратегические наступления для обеспечения устойчивого конкурентного преимущества, а затем используют свою долю рынка, чтобы достичь превосходных финансовых результатов. Энергичное выполнение творческой, неординарной стратегии может вывести фирму на ведущие позиции, обеспечивая продвижение ее товаров или услуг до тех пор, пока они не станут стандартом в данной отрасли.

Задача руководства по выработке направления развития включает разработку целей, постановку задач и формулирование стратегии. На ранней стадии процесса выработки направления управляющим нужно сформировать представление о том, куда вести организацию. Хорошо обдуманная формулировка миссии компании помогает направить усилия организации по пути, который определило руководство.

Разработанная инвестиционная стратегия для ТОО «Рембус» является одной из базисных предпосылок стратегических изменений общей стратегии организации и ее конкурентных преимуществ.

ТОО «РЕМБУС» образовалось 1 февраля 2005 года выбрало для себя приоритетом такую отрасль, как строительство. Руководство компании уверено в ее большом потенциале в перспективах развития и конкурентоспособности на рынке жилья.

Основные направления деятельности ТОО «РЕМБУС»:

- производство строительно-монтажных работ;
- производство и реализация продукции производственно-технического назначения, товаров народного потребления, сельскохозяйственной продукции;
- оказание транспортных, бытовых и иных услуг предприятиям всех форм собственности и населению;
- посредническая, торгово-закупочная, коммерческая деятельность.

Основными покупателями продукции и работ ТОО «РЕМБУС» являются индивидуальные покупатели, физические и юридические лица, также различные по размерам организации, расположенные в РК. Многие из этих организаций являются постоянными клиентами предприятия.

У предприятия имеются производственные корпуса, которые удовлетворяют условиям строительного процесса, существуют внутренние транспортные коммуникации.

Продукция данного предприятия в основном сбывается на территории Республики Казахстан. Поэтому рынок можно охарактеризовать как региональный. Для нашего предприятия это рынок строительно-монтажных работ. География рынка определяется границами, рынок услуг строительно-монтажных работ является олигопольным рынком, с косвенным воздействием государства на спрос.

В настоящее время работа ТОО «РЕМБУС» ориентирована на выделенные потребительские сегменты – это заказчики, юридические и физические лица.

Фирма поддерживает и расширяет установленные связи с основными поставщиками материалов, с целью выявления новых строительных материалов. Использует новые разработки в области строительства, производит обучение и переподготовку персонала.

Строительное предприятие наращивает объемы строительно-монтажных работ и суммы прибыли, имеет устойчивое финансовое положение.

Рассмотрим конкурентные стратегии конкурентов. Конкуренты ТОО «РЕМБУС» придерживаются в основном двух ее типов. Одна из них, – это стратегия фирмы, которая решила завоевать сегмент рынка наименее обеспеченных и менее требовательных покупателей, что связано со снижением платежеспособного спроса потребителей. Благодаря низким издержкам в отрасли, предприятия либо производят массовую дешевую продукцию с высокой прибыльностью, либо получают большую прибыль

при невысокой прибыльности и ценах, неприемлемых для менее эффективных конкурентов. Другие предприятия, ориентированные на рыночные условия, при том же уровне цены стараются улучшить параметры товара или придать ему новые свойства. Данная стратегия направлена на создание у покупателей представления о существенных отличиях данного товара от товаров конкурентов.

ТОО «РЕМБУС» в конкурентной борьбе выбирает стратегию ведомого за лидером – «обход». Нестандартное оборудование предприятия имеет более высокое качество, чем аналог у конкурентов; так как предприятие среднее, оно сравнительно гибкое, может быстрее приспособиться к изменившимся потребностям рынка, в малые сроки освоить новое производство. Вместе с тем конкуренты обладают рядом преимуществ по отношению к ТОО «РЕМБУС»: большие объемы, мощности производства, доверие потребителей, определяемое опытом работы на рынке. Таким образом, своевременное реагирование на изменение требований рынка, разработка более перспективных технологий, рекламно-информационный показ продукции будущим заказчикам, более низкий уровень цен и т.д. способствует захвату предприятием своей ниши, «места под солнцем». Рыночную стратегию при конкурирующих фирмах ТОО «РЕМБУС» строит на политике «низких цен». Она достигается путем поиска поставщиков наиболее дешевых материалов, снижения издержек производства. ТОО «РЕМБУС» имеет относительно небольшое преимущество, в основном, за счет более низкой стоимости продукции, которое достигается в основном за счет более низких расходов на оплату труда, т.к. на предприятиях-конкурентах уровень заработной платы выше. Главным положительным фактором для конкурентов ТОО «РЕМБУС» является наличие сложившейся системы сбыта своей продукции.

Единой стратегии для всех не существует. Каждое предприятие даже одной отрасли уникально, поэтому индивидуально и определение его стратегии, которая зависит от его потенциала, а также от многих внешних факторов.

В конечном итоге формирование стратегии предприятия должно дать ответы на три вопроса: Какие направления хозяйственной деятельности необходимо развивать? Каковы потребности в капиталовложениях и наличных ресурсах? Какова возможная отдача по выбранным направлениям?

ЛИТЕРАТУРА

1. *Ансофф И. Новая корпоративная стратегия. – СПб.: Питер, 1999. – 416 с.*
2. *Виханский О.С. Стратегическое управление: учебник. – М., 1995. – 250 с.*
3. *Роджерс, Л., Маркетинг в малом бизнесе: учебник / – М.: Аудит, ЮНИТИ, 2001.*
4. *Томпсон А. А., Стрикленд А. Дж. Стратегический менеджмент. Искусство разработки и реализации стратегии: учебник для вузов /Перевод с англ; под ред. Зайцева Л. Г., Соколовой М. И. – Банки и биржи, ЮНИТИ, 1998. – 576 с.*

Түйін

Ұйымның стратегиясы – бұл стратегиялық мақсаттардың табысы бойынша әсерлердің бас жоспары, адамдардың стратегиялық есептердің анықтайтын басымдылықтары, қорлар және тізбегі. Фирмамен тиімді басқару стратегияны өңдейтін стратегиялық ойлаудың жетекшілерінен міндетті түрде талап етеді және өте үлгерімді серіктестіктер орнықты бәсекелестік артықшылықтың қамтамасыз етуі үшін стратегиялық шабуылдарды қолданады, содан соң өте жақсы қаржы нәтижелеріне жету үшін нарықтың өз еншілерін қолданады.

Резюме

Стратегия организации – это генеральный план действий, определяющий приоритеты задач, ресурсы и последовательность шагов по достижению целей. Эффективное управление фирмой непременно требует от руководителей стратегического мышления и умения разрабатывать стратегию. Преуспевающие компании предпринимают стратегические наступления для обеспечения устойчивого конкурентного преимущества, а затем используют свою долю рынка, чтобы достичь превосходных финансовых результатов.

Resume

Strategy for the organization - is a master plan that identifies priorities for strategic objectives, resources and sequence of steps to achieve strategic objectives. Effective management of the firm necessarily requires the heads of strategic thinking and ability to develop strategy. Successful companies make strategic offensive in order to ensure sustainable competitive advantage, and then use their share of the market to achieve superior financial results.

Ключевые слова:
Стратегия, организация, условия, конкурентоспособность, эффективность.

Keywords:
Strategy, organization, conditions, competitiveness, efficiency.

Басты ұғымдар:
Стратегия, ұйым, шарт, бәсекеге түсе алатындық, тиімділік.

КЕНЕСАРИЕВА А.А.,
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
“Экономика” мамандығының 2-курс магистранты
Д.Я. КУАТОВА
жетекші

КӘСІПОРЫНҒА ИНВЕСТИЦИЯНЫ ТАРТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік шаруашылықтың толық қанды мүшесі болып табылады. Республикамыздың экономикасының дамуы экономикалық ортада инвестициялық бағытты құруды талап етті. Инвестицияның құйылу өндірістің масштабының кеңеюіне, сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етті. Экономикадағы жаңалықтар мен өсулер инвестицияның көлемімен, құрылымымен және олардың жүзеге асырылу сапалары мен қарқыны арқылы анықталынады. Сонымен қатар, инвестициялық жинақтаулар мен олардың материалдық ресурстарынсыз инвестицияда ешқандай оң нәтижелер болмайды. Инвестициясыз ішкі және сыртқы рыноктардағы тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, қазіргі кездегі капитал жұмсалымдарының болулары мүмкін емес. Рыноктік инфрақұрылымдардың және әлемдік тауар өндірушілердің құрылымдық және сапалық өзгертулерінің процестері инвестициялаудың есебімен жүзеге асырылады.Инвестициялау экономикалық өсуді, аймақтың әлеуметтік жағдайын, халықтың жұмыспен қамтылуын және сонымен қатар елдің экономикасының дамуын анықтайды [3].

Экономикалық дамуға көптеген факторлар әсер етеді, олар табиғи ресурстардың саны мен сапасы, қолдану мүмкіншілігі, негізгі капиталдық көлемі мен сапасы, технологияның дәрежесі, техникасына қабылдау жүйесі, еңбек ресурстарының кәсіптік дәрежесі, оның ғылыми және мамандану сипаттамасы, өндірілген өнімге сұранысты арттыру және қолдана білу, ұлттық басқаруда бар ресурстарды тиімді қолданып өте көп мөлшерде сапалы өнім өндіре білу [1].

Біздің алға қойған мақсатымыз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу.

Нарықтық қатынастар жағдайы кәсіпорын мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың жаңа формалары мен әдістерін талап етеді. Үзіліссіз дамуды, үнемділікті және қазіргі заманғы кәсіпорын қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін бірдей мағынаға ие бәсекелестік пен ынтымақтастық сияқты нарықты экономикалық маңызды сұраушыларының арақатынасын белгілеу күрделі міндеттердің бірі болып табылады.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесінде бәсекеге қабілеттілі шешуші экономикалық категориялардың бірі болып есептеледі. Бәсекелестік қатынастарды дамытпай ұлттық экономиканың серпінді даму жүйесіне айналуы екіталай.

Соңғы жылдары көптеген кәсіпорындар сапалы өте оңтайлы бағада өнім өндіру қажеттілігін сезінді. Бұл дегеніміз жалпы өндіріс шығындарын азайта отырып, өнім сапасын, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату. Нарықтық экономика талабы бойынша өндіріс тиімділігін барынша арттыру – кәсіпорындардың өмірлік ұстанатын қағидаларының бірі.

Осы жағдай кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы арттыру, жалпы тиімділікті жоғарылату әдістерінің басты бағыттарын анықтау өте маңызды [1].

Кез келген меншік нысандарын кәсіпорындар үшін белгілі бір кезеңге қаржылық нәтижесін көрсететін шығыстар мен табыстар арақатынастарын есепке алып, олардың есепті жылдам нәтижелерін бағалап, талдап тұжырым жасау өзекті мәселе болып табылады. Инвестициялық тартымдылықты арттыру жолдары барлық уақытта да маңызды болған және алдағы кезеңдерде бола беретіні анық. Келешекте ұлттық экономикамыздағы кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын қандай әдістермен шешеді және қандай іс-шаралар кешенін қолданатыны өзекті мәселе [4].

Инвестицияларды экономикаға тарту ішкі жинақтардың және қаражаттардың жетіспеушілігінен құтылуға, өндірістің өсуіне, экспорттың жоғарлауына, импорттың төмендеуіне, тауарлық тапшылықтың қысқаруына және өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін жоғарылатуға көмектеседі.

Жалпы қазіргі кезде адамдар экономикаға салынған инвестициялардың нақты тиімділігін көруі тиіс, ол жұмыс орындарының көбеюінен, жаңа өндірістердің пайда болуынан, еңбек өнімділігін артуы үшін жағдайдың жақсаруынан танылады.

Кәсіпорын деңгейінде инвестиция қызметін басқару тұр.

Инвстицияларды дұрыс басқара білу кәсіпорынның экономикалық тиімділігіне, қаржылық тұрақтылығына, оның өз бизнес саласындағы өміршеңдігіне айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан да, инвестициялық қызметті басқару кәсіпорындағы қаржы менеджментінің маңызды да жауапты міндеттерінің бірі болып табылады.

Инвестицияларды басқарудың құрамына келесілер кіреді:

- инвестицияларды мемлекеттік деңгейде басқару – бұл инвестициялық қызметті заңды түрде реттеуді, бақылауды және ынталандыруды қажет етеді;
- жеке инвестициялық жобаларды басқару – бұл қазіргі заман талаптарына сай әдістер мен басқару техникасын қолдану арқылы инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтиды;
- жеке кәсіпорынның инвестициялық қызметін басқару – бұл кәсіпорын тарапынан инвестициялау объектілерін таңдаумен және инвестиция барысын бақылаумен сипатталады.

Кәсіпорын деңгейінде инвестицияларды басқару капитал салымдарының ең тиімді нұсқаларын жүзеге асыруға бағытталды. Осы орайда кәсіпорындардың инвестицияларды басқару барысына толығырақ тоқтала кетелік. Кәсіпорын деңгейінде инвестицияларды басқарудың бірінші кезеңі – бұл елдегі инвестициялық жағдайды (климатты) талдау. Ол келесідей көрсеткіштерді ескереді:

- жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ), ұлттық табыстың және өнеркәсіптік тауарлардың өндіріс көлемінің динамикасы;
- ұлттық табысты бөлудің динамикасы;
- мемлекеттің инвестициялық қызметті заңды түрде реттеуі, бақылауы және ынталандыруы;
- инвестициялық нарықтардың, бірінші кезекте несие нарығы мен құнды қағаздар нарығының, даму деңгейі.

Келесі кезең-кәсіпорынның экономикалық даму стратегиясын ескере отырып, оның инвестициялық қызметінің нақты бағыттарын анықтау. Бұл кезеңде кәсіпорын инвестициялық қызметінің салалық бағытын, сонымен қатар өз қызметінің жекелеген кезеңдеріндегі инвестициялаудың негізгі нысандарын анықтайды. Бұл үшін экономиканың жекелеген салаларының инвестициялық тартымдылығы, яғни олардың конъюнктурасы, осы салалардың өнімдеріне деген сұраныстың динамикасы мен болашағы зерттеледі.

Инвестицияларды басқарудың тағы да бір өте маңызды кезеңі – инвестициялық ресурстардың қажетті көлемін анықтау және оларды қаржыландыру көздерін іздестіру болып табылады. Бұл кезеңде кәсіпорынның жоспарлы бағыттары бойынша инвестициялық қызметті жүзеге асыруға қажетті қаржылық ресурстардың жалпы көлемі анықталады.

Инвестициялық ресурстарға деген мұқтаждықтарға сүйене отырып, оларды қаржыландыру көздері анықталады. Кәсіпорынның меншікті қаражаттары жетіспейтін жағдайда шеттен қаражаттар тарту туралы шешім қабылданады. Жоғарыда аталған шаралардың барлығын жүзеге асырған соң кәсіпорынның инвестициялық қоржыны қалыптасады. Инвестициялық қоржын кәсіпорынның барлық инвестициялық жобаларының жиынтығы болып табылады. Инвестицияларды басқарудың қорытынды кезеңі – инвестициялық тәуекелдерді басқару. Бұл кезеңде алдымен кәсіпорын барлық инвестициялық объектілер бойынша кездесуі мүмкін тәуекелдерді анықтап алып, содан кейін осы тәуекелдерді мүмкіндігінше азайтуға байланысты шаралар қолданылады [2].

Кәсіпорынның инвестициялық саясаты капитал салымдарының тиімді объектілерге салынуын, олардың өндіріс барысын сенімді ақша ағынымен қамтамасыз етуге, нәтижесінде кәсіпорынның жалпы экономикалық қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге арналған. Демек инвестициялық саясат өз кезегінде кәсіпорынның экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

Әрбір кәсіпорын өзінің инвестициялық саясатын жүргізу керек, ол үшін оның тактикасы болу керек. Біз оны стратегиялық инвестициялық саясат дейміз. Инвестициялық саясат дегеніміз – инвестицияның жиынтық көрсеткішін іске асыру және сол іске асырудың механизмі.

Табыс алу мақсатында көлемді құрылымды белгілейтін шаруашылық шешімдердің жүйесі және инвестицияны шаруашылық объект бағытында (кәсіпорын, фирма, компания) жүргізетін негіз – кәсіпорынның инвестициялық саясатын құрайды. Осының арқасында көптеген мәселелер шешіледі. Мысалы: өндірістің құрылымын жетілдіру, даму қарқынын жылдамдату және т.б. Ерекше орын алатын – жұмысшылардың кәсіби деңгейін, білімдерін және тәжірибесін жоғарылату.

Нарықтық қатынастардың дамуы және сонымен байланысты макроэкономикалық саясаттағы өзгерістер кәсіпорындардың инвестициялық саясатына қосымша маңыздылық береді. Айталық кәсіпорындардың инвестициялық қызмет жөніндегі міндеттері келесідей болуы тиіс:

- кәсіпорынның даму стратегиясын анықтау;
- өзінің инвестициялық бағдарламасын жақсарту және өзекті инвестициялық жобаларды анықтау;
- инвестициялық ресурстардың оңтайлы орналастырылуын қамтамасыз ету.

Кәсіпорын экономикасына капитал ағындарын және олардың қажетті объектілерге салынуын қамтамасыз ететін қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыру.

Кәсіпорындар аталған міндеттерін жүзеге асыру үшін өзінің инвестициялық саясатын әлемдік тәжірибеде қалыптасқан принциптері келесідей:

- капитал салымдарын қаржыландыру көздерінің алуан түрлі болуы;
- іріктеушілік және ұқыптылық-инвестициялық жобаларды жан-жақты талдау нәтижесінде іріктеп,таңдап алу;
- мақсаттылық-инвестициялық бағдарламаның түпкі қажетті нәтижелерді қамтамасыз ету мақсатында бағытталуы;
- жүйелілік инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті шаралардың жиынтығын жалпы ұлттық экономиканың даму деңгейімен байланыстыра отырып қалыптастыру;
- қамтамасыз етушілік кез келген инвестициялық жоба қажетті ресурстардың барлық түрімен (қаржылық, еңбектік, ақпараттық, материалдық) және қажетті мөлшерде қамтамасыз етілуі тиіс;
- өтелімділік – салынған қаржы-қаражаттардың барынша үлкен өсімімен қайтарылуы;
- инвестициялық белсенділікке ықпал ету мақсатында экономикалық және ұйымдастырушылық құралдарды қолдану.

Инвестициялық саясаттың іріктеушілік және ұқыптылық принциптерін жүзеге асыру кәсіпорынның экономикалық өсіміне және жандана түсуіне септігін тигізетін инвестициялық бағыттарды (жобаларды) дұрыс таңдай білуді қажет етеді. Кез келген кәсіпорын үшін инвестициялық саясатты жүзеге асыру және инвестициялық бағыттарды таңдауда келесідей қажеттіліктерді қамтамасыз етуі керек:

- өзге кәсіпорындарға немесе жаңа өнімдерге қаражаттар салу мақсатында өзінің өндірістік әлеуетін дамыту;
- инвестициялық бағдарламалардың өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілетін салаларға капитал салу;
- бәсекелестік қабілеті жоғары, ішкі және сыртқы нарықтарда үлкен сұранысқа ие болатын өнімдермен салаларға инвестициялар салу;
- әрбір кәсіпорын өзінің инвестициялық саясатын жүргізу керек, ол үшін оның тактикасы болу керек. Біз оны стратегиялық инвестициялық саясат дейміз. Инвестициялық саясат дегеніміз – инвестицияның жиынтық көрсеткішін іске асыру және сол іске асырудың механизмі.

Табыс алу мақсатында көлемді құрылымды белгілейтін шаруашылық шешімдердің жүйесі және инвестицияны шаруашылық объект бағытында (кәсіпорын, фирма, компания) жүргізетін негіз – кәсіпорынның инвестициялық саясатын құрайды.Осының арқасында көптеген мәселелер шешіледі. Мысалы: өндірістің құрылымын жетілдіру, даму қарқынын жылдамдату және т.б. Ерекше орын алатын – жұмысшылардың кәсіби деңгейін, білімдерін және тәжірибесін жоғарылату [2].

Басқарудың экономикалық әдісін кең қолдану жағдайында кредиттік жағдайды кешіру және нарықтық қатынастарға өтуде перспективаға инвестициялық саясаттың ғылыми дәлелдігін қамтамасыз ету керек, жаңа шаруашылық механизммен инвестицияны болжау мен жоспарлау тәжірибесін байланыстыру және салымдардың ұтымды жолдарын қамтамасыз ету, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағдарламасының бірі сияқты оның нәтижелілігін жоғарылату болып табылады.

Кәсіпорында инвестицияны тиімді пайдалану үшін мынандай шараларды қолдану керек:

1. Экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік жетістіктерге жетудің жолдарын табу.
2. Пайданы көздеу.
3. Жалпы шығындарды азайту.
4. Мемлекеттен келген, бюджеттен келген қаржыны, кредиттік қаржыны, гранттан келген қаржыны дұрыс пайдалану.
5. Дүниежүзілік мүмкіндіктерді пайдалану, жеңілдетілген гранттар алу.
6. Инвестициялық тәуекелділік.
7. Инвестицияның өтімділігі.

Қазіргі кездегі инвестициялық саясаттың ерекшелігі техникалық қаруландыруға салымдар және өндірістік кәсіпорынды қайта жөндеу, инвестицияны базалық машина жасау саласына, ауыл шаруашылық саласына жіберу, ресурс алатын, өндірістің және пайдалану саласына бағыттау.

Сонымен, инвестицияны тарту және тиімді пайдалануды басқару – кәсіпорынның инвестициялық қызмет саласындағы шешімдерді жасау, қабылдау және жүзеге асыру үрдісі болып табылады.

Бұл үрдіс келесі принциптерді сақтаумен ұйымдастырылуы тиіс: Инвестициялық мақсаттың принципі инвестицияның табысы мен пайдаланушылық принципі, жоғары тәуелділікті мүмкіншілігінше азайта отырып, теңестіру принципі, инвестицияны таратудың жүйелі принципі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ұлттық экономика. Оқулық А.В. Сидорович Ә.Ә. Әбішевтің жалпы редакциялауымен. – Алматы: Экономика, 2010.*
2. *Кәсіпорын экономикасы. Мейірбеков А.А., Әлімбеков Қ.А.: Оқу құралы. – Алматы. Экономика, 2002.*
3. *Кәсіпорын экономикасы Тәжірибе сабағына арналған оқу құралы. – Алматы ТОО.*
4. *Айқын газеті. «Инвестициялық тартымдылық»*
5. *Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2009.*

Түйін

Мақалада кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын арттыру, жалпы тиімділікті жоғарылату әдістерінің басты бағыттары, кәсіпорында инвестиция қызметін басқару, қаржыландыру және кәсіпорынның инвестициялық саясаты, инвестициялық саясаттың әлемдік тәжірибиеде қалыптасқан принциптері және оларды жетілдіру жолдары туралы айтылған.

Резюме

В статье приводятся данные об увеличении привлечения инвестиций, об их эффективном использовании, управлении. Приводятся данные по инвестиционной политике и выработанной практике принципов инвестирования, путей их доведения до потребителя.

Resume

The article presents data on the increase attracting investment, on its effective use and management of investments. We give Data on investment policy and developed in practice the principles of investing, how they bring to the consumer.

Негізгі сөздер: Инвестициялық саясат; экономикалық өсу; инвестициялық тәуекелділік; инвестицияның өтімділігі; инвестициялық қызмет; капитал салымдары.

КУЛЕМБАЕВА Ф.М.,
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ магистранты

БИЗНЕС-ИНКУБАТОР – КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫ ҚОЛДАУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

Экономиканың тұрақты болуы және оның бәсекелік сипатын қалыптастырудың басты күштерінің бірі кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Бұл қосымша жұмыс орындарын құруға жағдай жасайды, қаржы нарығын жандандырады, бәсекелестікке қалыпты орта қалыптастырады, халықтың сатып алу қабілетін арттыруға және ірі бизнестің одан әрі даму мүмкіндігін кеңейтеді. Нәтижесінде бизнес жүздеген адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналды. Кәсіпкерліктің экономикадағы рөлін нығайту, олардың дамуы мен қызмет тиімділігін арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөліп отырғанымен, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді қажет етеді. Жалпы өркениетті елдердің қай-қайсысын алсақ та өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Кәсіпкерліктің экономикалық және әлеуметтік функциялары оны дамыту мәселесін маңызды мемлекеттік міндеттер қатарына жатқызуға және экономиканы реформалаудың ажырамас бөлігі деп қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының бұрынғы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009-2010 жылдарға арналған «Мемлекеттік орган қызметкерлерінің стратегиялық жоспар бөлімінде шағын және орта бизнес субъектілерінің ЖІӨ үлесі 2009 жылы – 31,1%, 2010 жылы – 31,3 %, 2011 жылы – 31,5% деп жоспарланған. Дамыған елдерде шағын және орта бизнес ЖІӨ-нің 60-70% пайызын құраса, Қазақстанда бұл көрсеткіш соңғы мәлімет бойынша 31,2%, соның ішінде шағын бизнес – 28% болса, орта бизнес – 3,2%. Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы «Болашақ іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында Елбасы: «Стратегиялық жоспардың аясында таяу онжылдықта

Қазақстан 2020 жылға қарай, шағын және орта бизнестің ЖІӨ-гі үлесі 40% пайызды құрайды», – деп айтып кеткен болатын. Яғни, 2020 жылға дейін шағын және орта бизнестің үлесі еліміздің ішкі жалпы өнім көлемінің 40 пайызын құрауға тиіс. Бұл мақсатқа қол жеткізуде «Бизнестің Жол картасы - 2020» бағдарламасы маңызды рөл атқарады. Былтыр бағдарламаны жүзеге асыру үшін 657,3 млн. теңге бөлінді. Қазіргі кезде республика 11 жобаны құптады. Одан басқа, аймақтарда, ауылдық тұрғындарға шағын несие беру ісі жалғасын табуда. Бағдарлама шеңберінде кәсіптік мамандар даярлауға және жастар тәжірибесін өткізуге қаражат берілді. Кәсіпкерліктің тынысын кеңейту үшін бизнес-ахуалды жақсартуға және әкімшілік кедергілерді азайтуға мән беріледі. Әзірше халыққа және бизнес өкілдеріне 5 қызмет түрі электронды негізде көрсетіледі, биыл олардың саны 15-ке жеткізіледі. Экспортқа бейім кәсіпкерлік нысандарының белсенділігін көтеретін жеке іс-шара жоспарымен қатар, жүйе құраушы кәсіпорындар айналасында шағын және орта бизнесті дамыту бойынша да бағдарлама жасау тапсырылды. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауын іске асыру барысында алдағы жылдарға жоспарланған істерді мерзімінен бұрын атқару үшін бюджет қайта қаралатын болады [1].

Қазақстанда Республикасында Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша соңғы бес жылда, яғни 2005-2010 жылға дейінгі кезеңде елде тіркелген шағын орта кәсіпкерлік субъектілер санының 60160 бірлікке (131%) дейін, ал нақты жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар 13538 бірлікті (107%) құрайды. Соның ішінде жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік 11278 бірлікке (107%), орта 1872 бірлік (117%) және ірі 388 бірлікті (120%) құрайды. 2005 жылдан бастап 2010 жыл аралығында нақты жұмыс істеп тұрған бизнес субъектілерінің Қазақстан Республикасының аймақ бойынша өсу қарқыны дамып келеді. Аймақ бойынша нақты жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны жылдан жылға өскенін, ал кейбір аудандарда нақты жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың кему тенденциясын байқауға болады. Сонымен, 2005-2010 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының аймақ бойынша нақты жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалдар саны 13538 бірлікке (107%) өскен. Соның ішінде аймақтар бойынша соңғы бес жылда Алматы қаласында – 3722 бірлікке (107%), Астана қаласында – 3168 бірлікке (121%), Қарағанды облысында – 3722 бірлікке (132%) және Маңғыстау облысында 2769 бірлікке (155%) өскенін байқауға болады. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында – 2655 бірлікке (82%), Ақмола облысы – 829 бірлікке (88%), Солтүстік Қазақстан облысы – 475 бірлікке (92%) және Қостанай облысында 305 бірлікке (96%) кемігені байқалады. Бұдан біз кәсіпкерліктің дамуына несиені пайдаланудағы жоғары пайыз, мемлекеттік қызмет алу кезінде әкімшілік кедергілер, яғни соның ішінде мемлекеттк мекемелерде ұзақ кезек болуы, тиісті жауап алуға көп уақыт кететіні кіреді, мемлекеттік органдардың жиі араласуы, кәсіпкерліктің төменгі деңгейі, ақпараттарға қол жеткізу, алдыңғы қатарлы құрал-жабдықтармен озық технологияны қолданбау, күрделі есеп жүйесін және жалға берудегі төлем құнының жоғары болу себептері кәсіпкерліктің дамуына өзіндік әсерін тигізеді [2]. Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде кәсіпкерлікті инновациялық экономикада өз орнын жедел іздеу үшін өзінің икемділігін, ұтқырлығын, нарықтың объективтілігін пайдаланудың қажеттігі пісіп жетілді. Кәсіпкерлікті дамытудың бір жолы шағын және орта бизнесті қолдау инфрақұрылымының болуы қажет. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы – бұл кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға көмектесетін және кәсіпкерліктің дамуы мен кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қажетті жағдай жасау үшін қызметтер көрсететін ұйымдар мен бірлестіктер нысаны. Экономикалық дамудың осы кезеңінде мемлекеттің негізгі рөлі кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын жасау болып табылады. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы – бұл субъектілердің дамуына жәрдемдесетін және оларға кәсіпкерліктің дамуы үшін қажетті қызмет көрсететін және кәсіпкерлік ортаның тыныс тіршілігіне орта мен жағдай қамтамасыз ететін ұйымдар мен бірлестіктер жиыны. Кәсіпкерлік қолдау инфрақұрылымының маңызды құрамдас бөлігі бизнес-инкубатор болып табылады.

Бизнес-инкубатор шағын бизнес субъектілерін дамытудың әсерлі құралдарының бірі болып табылады. Бизнес-инкубаторлар – шағын инновациялық кәсіпорындарға алғашқы даму кезеңдерінде барынша жағымды жағдайлар жасай отырып, оларды қолдайтын ұйымдар. Бизнес-инкубаторларда арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмейді, тек бар технологиялар негізінде құрылған өндірістерге қолдау көрсетеді [3].

Бизнес-инкубатор өз ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге қаржылық мәселелерден басқа да келесі қызметтер көрсетеді: маркетингтік шараларды дұрыс жүргізу, өз кәсіпорнын тіркеу, нарықта жаңа өнімді немесе қызмет түрлерін көрсетуді жүзеге асырудың бизнес-жоспарын құрастыру сияқты бірқатар ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық және техникалық мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Сонымен қатар біліктілігі жоғары мамандарды табу, кеңсеге ғимарат табу, фирма қызметіне қызығушылық білдіретін әріптестерді табу сияқты мәселелерде өзекті болып табылады. Бизнес-инкубатордың ерекшелігі – қол астындағы фирмаларды қаржыландырылмайтындығында. Бизнес-инкубатордың қызметі тиімді болып келеді. Көптеген мәліметтерге сүйенсек, бизнес-инкубатор шығарған компаниялардың 70-80% кемінде үш жыл өмір сүреді, ал өз бетінше құрылған кәсіпорындардың ¾ бөлігі өзінің құрылған кезінен бастап алғашқы жылында-ақ құлдырай бастайды.

Алғашқы бизнес-инкубатор Ұлыбританияда 1950 жылдары пайда болды, дегенмен АҚШ-та көп тараған. АҚШ-та бизнес-инкубаторлар 1959 жылы пайда болды, 1985 жылы бүкіл дүниежүзінде 70 бизнес-инкубатор, 1992 жылы – 470, ал қазіргі таңда олардың көлемі 4000-нан асады. Дегенмен, бизнес-инкубатордың көп тараған жері АҚШ болып есептелінеді, олардың саны 200-ден астам бірлікті құрайды. Америка Құама Штаттарындағы бизнес-инкубаторлардың 90%-ға жуығы – бұл коммерциялық емес ұйымдар. Олардың басты мақсаты – жаңа кәсіпорындар құру және дамыту. Бизнес-инкубатордың көбі технопарктердің құрамында жұмыс жасайды. Қазіргі таңда АҚШ-та бизнес-инкубаторлар әр түрлі бағыттарда қызметтер атқарады. Мысалға алатын болсақ, өнер инкубаторлары (жас суретшілер мен әртістерге жалға үй-жай ұсынады), ауыл шаруашылық инкубаторлары (кішігірім фирмалардың жер өңдеумен және мал шаруашылығымен айналысуы), өнеркәсіптік инкубаторлар және жоғарғы технологиялы фирмалар инкубаторлары. Бір айта кететін жайт, бүкіл әлемде бизнес-инкубаторлар жаңа шағын кәсіпорындарды ғылыми-техникалық салада қаржыландыру негізінде мемлекеттің көмегімен құрылады.

Ең алғашқы бизнес-инкубатор ассоциациясы АҚШ-та 1985 жылы құрылған. Ассоциация әлемдегі ең ірі деп саналып, құрамына әлемнің 800-ге жуық мүшесі кіреді. Осы тәріздес ассоциациялар барлық Батыс Еуропа елдерінде құрылған. Ресейде алғаш рет осындай ассоциация 1990 жылы құрылған. Ресейде бизенс-инкубаторлар алғаш рет халықаралық көмек бағдарламалары негізінде пайда болды. Морозовск жобасы негізінде «БИНК» бағдарламасы әзірленіп, 1996 жылы 8 бизнес-инкубатор құрылды. 1996 жылы Ресей аймақтарынан 22 бизнес-инкубатор құрылтайшылар шешімімен бизнес-инкубаторларды дамытуға бағытталған коммерциялық емес әріптестік «Бизнес-инкубаторлардың ұлттық ынтымақтастығы» құрылды. Қазіргі таңда Ресейде 120-ға жуық бизнес-инкубаторлар бар. Ресейдің бизнес-инкубаторларының ұлттық қоғамы мәліметтері бойынша өз қызметін жеке бастаған шағын кәсіпорындардың 14-15%-ы ғана өз қызметтерін жалғасытарды, ал бизнес-инкубаторлар көмегімен құрылған шағын кәсіпорындардың – 85-86% өз қызметтерін ары қарай жаллғастыра алады. Қазіргі таңда Ресейде 100-ден астам бизнес-инкубаторлар қызмет істейді. Бизнес-инкубаторлар бизнестің келеңсіздігін 20%-ға дейін қысқартып, әлемде шағын кәсіпкерлікті қолдаудың ең тиімді нәтижелі элементтерінің бірі болып саналады.

Әлемдік тәжірибеде бизнес-инкубаторлардың мемлекеттік қаржылық қолдау субсидия негізінде жүреді және құралдарды ұсынады. Бизнес-инкубаторларға ұсынылатын жер көлемі 6-10 мың шаршы метр, Қытайда 1,5 шаршы метр, Австралия және Еуропа елдерінде бизнес-инкубаторларға ұсынылатын орташа жер көлемі 3-4 мың шаршы метр [4].

Бизнес-инкубаторларды құру мен дамытуда белгілі бір жетістіктерге жеткен, елде инновациялық әлеуетті қалыптастыра білген Израиль тәжірибесін қарастырамыз. Бизнес-инкубаторларды технологиялық дамыту бағдарламасы Израильде 1991 жылы қабылданған. Бүгінгі таңда Израильде 23 инкубаторлар бар. 2 жылда әр инкубаторларға 5 компания кіреді. 1992 жылдан 2009 жыл аралығында барлық инкубаторлар 1229 компания құруға көмектесті. Соның ішінде 55%-ы табысты бизнесін жалғастыруда. Бизнес-инкубаторлар мемелкет тарапынан 6 жылға қаржыландырады және 6 жыл бойы қадағалауға, тексеріске алынбайды, тек қаржы көздерінің қай мақсатта жұмсалғаны туралы ғана мәлімет ала алады. 6 жылдан кейін алынған қаржы көздері мемлекетке қайтарылады. 6 жылда инкубатор 10 есе пайда табуы немесе жоба құрдымға кетуі мүмкін, бұл жағдайда мемлекетке инкубатор ештеңе қарыз болмайды. Қарыз жойылып кетеді, яғни мемлекет үлкен тәуекелді бастапқы кезден бастап өз мойнына алады. Осындай жағдайда, мемлекеттің қаражатты ұсыну шарттары мен талаптары тәжірибелі түрде оңды деп есептеуге болады.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» №124 Заңына сәйкес бизнес-инкубатор – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингілік және ақпараттық қызметтер көрсету жолының оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға [5].

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы №450 қаулысында кәсіпкерлікті қолдаудың құрылымдары бизнес-инкубаторлар, индустриалды технологиялық парктер. Қазіргі олардың барлығы дерлік жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынща құрылды және өздерінің қалыптасу кезеңінде.

Бизнес-инкубаторлар өз алаңдарына арнайы жеңілдік жағдайда іріктелген шағын кәсіпорындарды орналастыратын және оларға консалтингтік, оқыту, бухгалтерлік және офистік қызметтер, оқыту бойынша қызмет көрсететін құрылым. Бизнес-инкубаторлардың негізгі мақсаты оның аумағында орналасқан шағын кәсіпорындардың орнықты қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады.

Негізінен жоғары оқу орындарының базасында немесе ғылыми-зерттеу институттарының базасында осы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін пайдалану және технопарк аумағында орналасқан инновациялық кәсіпорындарды құру және дамыту арқылы әзірленген технологияларды коммерцияландыру мақсатында құрылған технопарктер бар [6].

Көптеген бизнес-инкубаторлар инфрақұрылымның аталған нысанын құру тұжырымдамасының халықаралық практикасына сәйкес емес: офистік және өндірістік үй-жай ұсыну, заңды тұлғаны ұйымдастырумен шектеледі және өзінің нақты міндетін әлсіз орындайды не мүлде орындамайды. Ол бизнес-инкубаторлардың менеджерлері мен ұйымдастырушыларымен теориялық және практикалық даярлығының әлсіздігіне; биліктің жергілікті органдары тарапынан бизнес-инкубаторларды түсіну мен қажетті қолдаудың болмауынан; қаржы-қаражаты мен ақпараттың болмауына байланысты болып отыр.

Бизнес-инкубаторлардың инновациялық инфрақұрылым құрамындағы басқа элементтерінен ерекшеліктері бар. Бизнес-инкубаторлар жаңадан құрылған, дамуының алғашқы сатысында тұрған фирмаларды қолдайды, сонымен қатар олар тек инновациялық қызметпен айналысатын фирмаларды емес, түрлі бағыттағы шағын бизнес субъектілеріне де қолдау көрсетеді және технопарктер сияқты өз аумағы бола бермейді.

Елімізде құрылған бизнес-инкубаторлар мынанадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Материалдық-техникалық база ұсыну.
2. Жобаларды жүзеге асыру жағдайында инвесторалар тартуға жәрдем көрсету.
3. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ұйымдастыруға жәрдем көрсету [7].

Қазақстандық бизнес-инкубаторлар қызметінің шағын ғана тәжірибесі олардың бірқатар ерекшеліктері мен өзекті мәселелері бар екенін көрсетті:

- бизнес-инкубаторлар туралы заң, бағдарламалардың болмауы.
- жалға берілетін аумақтың шектеулілігі.
- бизнес-инкубаторлардың көбі халықаралық қорлар мен ұйымдар қолдауымен құрылуы.
- бизнес-инкубаторларды мемлекеттік қолдаудың әлсіздігі, тіпті, керісінше мемлекеттік органдардың жиі араласуы.
- жеке бизнестің бизнес-инкубаторларды құруға деген ынтасының жеткіліксіздігі.
- жоғары оқу орындары базасындағы инкубаторлардың аз болуы.
- технологиялық бизнес-инкубаторларды қалыптастыратын және дамытатын бірден-бір орта – еліміздегі технопарктердің аздығы.
- бизнес-инкубаторлармен көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы.
- технологиялық бизнес-инкубаторлардың тиімді дамуына жағдай жасайтын инновациялық кәсіпкерлік ортасының болмауы.
- қаржыландырудың жеткіліксіздігі және осы аталған мәселелерді шешудің ғылыми негізделген тетіктерінің қалыптаспауы, т.б.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 50-ден астам бизнес-инкубатор қызмет етуде. Алайда, олардың көбі инновациялық сипаты жоқ, тек кәсіпкерлік ортаға икемді шағын кәсіпорындарды дайындаумен және оларға қызмет көрсетумен айналысуда, яғни еліміздегі технологиялық бизнес-инкубаторлар өзінің мақсатты жұмыстарымен шұғылдана алмай отыр. ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңына сәйкес, олар – инновацияны құру, қорғау құжаттарын алуға өтінімдерді ресімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі іс-шараны жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады. Бизнес-инкубаторлардың дамуы, жоғарыда атап өткендей, біріншіден, кәсіпкерліктің дамуына үлкен әсерін тигізеді; екіншіден, кәсіпкерліктің дамуы барысында мемлекеттің экономикасының жақсаруы байқалады, экономиканың құрылымдық өзгеруіне әсер етіп, шағын кәсіпкерлік экономикаға өтімділік, икемділік береді; үшіншіден, қоғамның және халықтың қажеттіліктерін жақсы қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өркениетті бәсекелестік нарықтық қатынастардың қалыптасуы; төртіншіден, ең бастысы – жұмыс орындарының пайда болуы, қосымша жұмыс орындарының ашылуы, жұмыссыздық деңгейінің қысқаруына қол жеткізіледі; бесіншіден, ғылыми-техникалық дамуды жандандырады.

Бұл жағдайлар орындалу үшін келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- бизнес-инкубаторларды құру туралы заң немесе бағдарламалар қабылдау, ассоциация құру;
- әр аумақта, облыс аудандарында бизнес-инкубаторларды құру;
- мемлекет аумақтық басқару органдарынан, кәсіпкерлікті қолдау ұйымдарынан қаржы көздерін тартуды жеңілдету;
- шетелдің озық, оңды тәжірибелерін қолдану;
- жоғары білікті кадрларды дайындау.

Қазақстан экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде бизнес-инкубаторлардың құрылуын әлі ертерек дейді. Өйткені бизнес-инкубаторлар коммерциялық ұйымдар ретінде мемлекеттік және мемлекеттік емес демеушілер есебінен қаржыландырылады. Біздер үшін ең қиыны – қаржы көздерін табу. Соған қарамастан, АҚШ тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бизнес-инкубаторлардың клиенті – 90%-ға жуығы жоғары тиімділікті кәсіпорындар. Бұл факт Қазақстанда бизнес-инкубаторларды құруда маңызды болып табылады. Инкубаторлар мақсаты және қаржыландыру көздеріне қарай фирмалық, мемлекеттік, университеттік және жеке деп бөлінеді. Қазір бүкіл әлемде бизнес-инкубаторлар шағын кәсіпкерлікті қолдаудың тартымды әдісі болды. Біздің елімізде бизнес-инкубаторлар құрылып, көбеюіне қарамастан қызмет ету жағынан қиындай түседі. Осының нәтижесінде мемлекеттік қолдау мен реттеудің қажеттілігіне көз жеткізуге болады. Бұл қажеттілік, қысқартып айтсақ, мынандай белгілерді топтастырады:

- құқықтық қамтамасыз ету;
- қаржылық қолдау;
- ақпараттық қамтамасыз ету;
- технологиялық жәрдем.

Бизнес-инкубаторларды мемлекеттік қолдау мен реттеуді ұйымдастырып және басқаруды қажет етеді. Себебі бұл бизнесті дамытудың бірден-бір жолы болып табылады. Ал қазіргі кезде бизнесті дамытпайынша экономиканы дамыту мүмкін емес, өйткені кәсіпкерлік нарықтық қатынастарды үнемі қайта өндіріп отыратын орта болып табылады. Сондықтан да кәсіпкерлікті ұйымдастырып, оны басқару мемлекеттік қолдау мен ынталандыру жалпы ұлттық басымдылыққа айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.*
2. *www.stat.kz*
3. *Ерменко Г.А. Инфраструктура малого иннавационного бизнеса. Выпуск 38, Москва,1992.*
4. *www.google.kz*

5. *Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы №124 «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы №450 қаулысы.*
6. *Әмірбекұлы Е. «Инновациялық инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі» – Алматы, 2010.*

Түйін

Мақалада бизнес-инкубаторлардың мәні мен маңызы, кәсіпкерлікті дамытудағы рөлі, оның қалыптасуы мен даму проблемалары қарастырылған. Сонымен қатар бизнес-инкубаторларды дамытудың шетелдік озық тәжірибелері зерттелген.

Резюме

В статье рассмотрены сущность и значимость бизнес-инкубаторов, их роль в развитии предпринимательства, а также рассмотрен передовой зарубежный опыт развития бизнес-инкубаторов.

Resume

In this article was considered about the importance and meaning of incubators, also the problems of forming and development of them. Along with this, the development of business incubators were researched the foreign progressive experiments.

Ключевые слова: Бизнес-инкубатор, инновация, технология, консалтинг, бизнес, кәсіпкерлік, инфрақұрылым, технопарк, ассоциация, ақпарат, жоба.

Орысша: Бизнес-инкубатор, инновация, технология, консалтинг, бизнес, предпринимательство, инфраструктура, технопрак, ассоциация, информация, проект.

Ағылшынша: Business-incubator, innovation, technology, consulting, business entrepreneurship, infrastructure, technopark, association, project, information, project.

САДЫКОВА Л.Ж.,
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚМУ
КУРАЛБАЕВА А.Ш.,
ғылыми жетекші: э.ғ.д., профессор

АГРООНЕРКӘСІП КЕШЕНІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНДА КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Қазақстан Республикасындағы өндірістік саланың құрылымын жетілдіру бағдарламасындағы қажетті іс-шаралардың бірі күрделі қаржының тиімділігін және оның көлемін көбейту мәселесі тұр. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, облыстар үшін мемлекеттік қолдау деңгейі өндірістік бағыттағы жалпы республикалық күрделі қаржының көлемі 5-7 пайыз болуы керектігін ұсынады. Күрделі қаржының мұндай көлемдері олардың айтуынша өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық өндірістерінің өнімдерін ұтымды өткізуге тұрақтандырады және құрылымдық қайта құру базасының әрі қарай өсу барысында іс-шараларды жүйелі түрде іске асыру үшін жеткілікті көмектеседі дегенді айтады.

Соңғы жылдары мемлекеттің аймақтарында негізінен мемлекеттік емес кәсіпорындар есебінен капитал құрайтын күрделі қаржылар көлемінің ұлғаю тенденциясы байқалып отыр. Бұл Оңтүстік Қазақстан облысының 2008-2010 жылдар аралығындағы негізгі капиталға салынатын күрделі қаржы құрылымын қаржыландыру көздерінің өзгеруінен байқалады. Сондықтан да, оның тиімділігін анықтаудың әдістемелік жолын таңдаудың маңызы зор.

1-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысының қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға күрделі қаржылар құрылымының өзгеруі

(пайыз есебімен)

Көрсеткіштер	Жылдар					
	2005	2006	2007	2008	2009	2009 %% 2005
Қаржылық емес активтегі күрделі қаржылар, соның ішінде: меншікті қаражаты	100	100	100	100	100	-
тартылған қаражат	85,4	62,4	49,6	46,2	22,3	26,1
соның ішінде: банк несиелері	14,6	37,6	50,4	53,8	77,3	5,3 рет
онын ішіндегі:						
– шетелдік банктер (резиденттік емес)	-	16,0	-	-	-	-
– басқа да шетелдік қаражаттар (резиденттік емес)	-	1,7	-	-	65,2	-
– бюджеттік қаражаттар						
– басқа қаражаттар	8,7	6,6	18,3	14,0	-	-
	5,7	14,6	25,8	43,7	30,8	5,4 рет
	0,2	0,4	-	-	4,6	20,3 рет

Ескерту: Статистикалық жинақтың негізінде автордың өңдеуі бойынша орындалған

Бұл тенденцияда күрделі қаржы көлемінің бағытын қолдану жергілікті және мемлекеттік емес ұйымдармен анықталады және аймақтардың үкімет билігі шаруашылық субъектілерінің шешімдерінде басты рөлді мемлекеттік емес кәсіпорындар, жекеменшік, біріккен ұйымдар атқаруда.

Дегенменен, мемлекеттік емес кәсіпорындардың меншіктік қаражатының үлестік өсуі әлі де болса оның керекті көлемін толық қамтамасыз етпей отыр; бұл нарықтық қатынастардың даму қарқынының баяулығын және жекшелендіру процесінің жеткіліксіз нәтиже беріп отырғандығын көрсетеді деп түсінуге болады.

Оңтүстік Қазақстан облысының күрделі қаржыдағы қызметті жаңдандыру деңгейінің қарқынына өндірістік емес сала, соның ішінде тұрғын үй құрылысы маңызды ықпал етуде. Тұрғын үй құрылысы күрделі қаржылық салымдардың бірден бір тиімді түрі. Талдау бойынша құрылыс тұрғын үй иелерінің Оңтүстік Қазақстан облысынының 1998-2010 жылдары аралығында қаржыландыру көздерінде орталықтанған капиталдық салымдардың маңызы онша мәнді болмады. 1998 жылы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың үлесіне меншіктің барлық түріндегі тұрғын үйлердің үлесі 0,2 пайызды құрады, 1999 жылы ол 1,6 пайызға дейін өсіп, ал 2004 жылдан 2010 жылға дейін 2,1-2,2 пайыз көлемінде қалып отыр. Ал, мемлекеттік емес кәсіпорындармен жеке ұйымдардың үлесі өте жоғары (2-кесте).

Сонымен, аймақтың экономикасын қайта құру мәселесін табысты шешу және дағдарыстық жағдайдан шығу жолы болып, тікелей және портфельді күрделі қаржыны тарту жолдары Оңтүстік Қазақстан облысындағы ішкі инвестициялық ресурстар тапшылығын жоюға алып келді.

Оңтүстік Қазақстан облысының статистика басқармасының берген мәліметтеріне қарағанда 2010 жылдың қорытындысы бойынша, негізгі капиталға, салынған инвестиция ауыл шаруашылығына 67,2 млрд. аса теңге, Республикалық бюджеттен 25,61 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен және меншікті қаражаттан 96,0 млрд. теңге, шетелдік инвесторлардан 47,7 млрд. және қарыз қаражаттан 27,03 млрд. теңге құраған.

2-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысының қаржыландыру көздері барлық меншік формасы бойынша (%)

Жылдар	Барлық меншік формасындағы кәсіпорындар мен тұрғын үйлерді іске қосу	Жалпы енгізгендегі үлес салмағы, пайызбен		
		Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар	Мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдар	Соның ішінде тұрғындар
1998	100	0,2	99,8	94,5
1999	100	1,6	98,4	98,4
2000	100	0,2	99,1	98,2
2001	100	1,0	98,9	98,0
2002	100	1,8	97,8	97,5
2003	100	1,9	99,1	96,8
2004	100	2,0	99,5	98,3
2005	100	2,1	99,2	98,5
2006	100	2,2	99,6	97,5
2007	100	2,1	98,6	98,3
2008	100	2,1	97,8	98,6
2009	100	2,2	96,9	98,4
2010	100	2,1	97,3	98,5
Ескерту: Статистикалық жинақтың негізінде автордың өңдеуі бойынша орындалған				

Облыс шаруашылық субъектілері 2010 жылдың ішінде негізгі капиталға, нақты құны бойынша, 1,5 млрд.теңге күрделі қаржыларын игерді, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңдегі деңгейінен үш есе көп.

Дегенменен, қаржы жағдайын мұнан әрі қарай жетілдіру үшін барлық қолда бар күрделі қаржы көздерін, ең алдымен, Қазақстанның өнім өндіретін салаларына күрделі салымның мүмкін болатын ішкі көздерін пайдалану керектігі туып отыр. Мемлекет, Республикадағы күрделі қаржының қуатты, қарқынды субъектісі болып табыла отырып, жекшелендіру кезінде мемлекет рөлі түбегейлі өзгерді. Мемлекеттің көптеген кәсіпорындары меншік иесінен күрделі қаржылық процестің сілтеушісіне айналады. Мұндай рөлі күрделі қаржының қызметі тек заңмен реттеумен ғана шектелмеді. Сонымен қатар, ұлттық қызығушылық тұрғысынан жекешелендіру тиімсіз болатындықтан немесе жекеменшік сектор үшін коммерциялық тартымсыздығына орай жекешелендіру мүмкін емес екенін айта кету керек.

Мемлекет бірқатар өнеркәсіптік объектілерге меншік иесі болып табылады. Жалпы, Қазақстанда бүгінде күрделі қаржылық қызметті қаржыландырудың ішкі мүмкіндіктерін жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ, экономикаға қажетті күрделі қаржының көлемін қамтамасыз ету үшін қазір ішкі резервтер анық жеткіліксіз. 2005 жылға дейінгі кезеңде республика экономикасының даму болжамына сәйкес Қазақстан экономикасы құрылымдық қайта құру үшін қажетті күрделі қаржылар пайдаланудың жалпы көлемі 20 млрд. АҚШ долларынан жоғары болды.

Сонымен қатар, күрделі қаржылық қызметте тек ішкі резервтерге сүйенген саясаттағы әлемнің көптеген елдері өткен нарықтық шаруашылығы дамуының классикалық жолы көрсеткендей алғашқы жинақ кезеңінің ұзақтылығымен сипатталады. Қазір Қазақстан экономикалық дамудың дәл осы өтпелі кезеңінде. Күрделі қаржылық белсенділік резервін арттыру негізі ретінде нарықтың жүйеге өтудің ұзақ мерзімді кезеңінде Жапон тәжірибесінде қарастырылған даму жолын салыстыруға болады. Сыртқы сауда арналарымен қазіргі заманғы технологияларды тікелей иелену арқылы ғылыми-техникалық прогреске қатысу есебінен бұл ең тиімді қаржылық механизмдерге өтуді қамтамасыз етеді деп қарастыруға болады.

Күрделі нарықтың қарқынына орналасуының стратегиялық іскерлігі мен табиғи ресурстар байлығына қарамастан, көптеген шетел инвесторларының айтуынша, Қазақстан Республикасының инвестициялық климатының болашағы зор, бірақ, бұл алғашқыда тұрақсыз болды. Тұрақсыздық

республикаға шетел қаржыларының құйылуына кедергі келтіретін бірнеше факторлармен ұласып жатты. Осы факторлардың орын алуы шетел инвесторларының Қазақстан Республикасы үкіметінің ішкі саясатына кері көзқарас қалыптастырды. Шетел инвесторлары Қазақстанға шетел қаржыларының құйылуына кедергі болатын бес негізгі тосқауылды атап өткен жөн. Олар:

- әкімшілдік-әміршілдік;
- қаржылық тәуекел;
- салық және қаржы тәртібі;
- құқықтың инфрақұрылым;
- валюталық бақылау.

Осы факторлардың екеуі таза экономикалық емес бола тұрса да, республикаға күрделі қаржының құйылуына едәуір әсер етуде. Қазақстандағы салық пен қаржы тәртібі және валюталық бақылау ТМД елдерінің ішіндегі еркін қатынастағы елдердің бірі деп танылғанымен, олар да шетел қаржылары құйылуының пайдасына әрекет етіп жатқан жоқ.

Факторлардың арасындағы ең жоғарғы рейтинг әкімшілдік-әміршілдікте. Біздің қоғамдағы әкімшілдік-әміршілдік көбіне жекешелендіру мен құрылымдық қайта құрудың тиімділігінің төмен әсерде жүргізілуімен байланысты болды. Әкімшілдік-әміршілдікті ең болмағанда сәл қысқарту үшін, меншік құрылымын анықтауға байланысты кезек күттірмейтін мәселелерді интенсивті шешу керектігін тудыруда.

Осындай жолменен біздің шаруашылық өнеркәсіптік алыптардың иелері анықталды. Меншік құрылымын анықтағаннан кейін әкімшілдік-әміршілдік аппарат өндірісіндегі қызметкерлерді қысқартуға болды. Сондай-ақ, басқаруға беру процесі қаржылық құрылумен қатар, басқару тәжірибесін тартуды білдірді.

2002-2006 жылдардан бастап, жалпы күрделі қаржыны негізгі капиталға тарту климаты біршама көтерілді. Шетел инвесторларының басым көпшілігі Қазақстаннан күрделі қаржыдан түсетін пайданың тартымдылық коэффицентінің болашағы бар деп үміттенді. Бірақ, шетел инвесторларының едәуір бөлігі Қазақстанға күрделі қаржыны құюдың климаты нашарлап барады деп санайды.

Күрделі қаржы тарту климаты жалпы өзгерістеріне оң және теріс көзқарастардың айырмашылығы болмашы ғана, 40% – оң, 35% – теріс .

Оң көзқарастар да, теріс көзқарастар да барлық кәсіпкерлік аумақты қамтиды. Шамасы, бұл нәтиже 2008-2009 жылдары болған нақты салалық өзгерістерге емес, компаниялардың Қазақстандағы жеке тәжірибесіне негізделген. Үкімет инвестициялық қауіпті төмендетуде қадам жасағанымен, үкімет саясатының екі ұштылығына байланысты анықталмағандығы мен әкімшілдік-әміршілдік тұрақсыздығы Қазақстанға шетелдік қаржыны тартуда кедергі келтіруші басты фактор болып отыр.

Қазақстандағы күрделі қаржының қазіргі кездегі және болашақтағы түрлерін, экономика секторларының, нақты және болашақ инвестициялардың АҚШ доллары өлшеміндегі шамасын және инвестицияларының салалық құрылымын талдау арқылы Қазақстандағы шетел күрделі қаржыларының әсер ету факторларымен анықтайды.

Шетел инвесторлары Қазақстанға біршама іргелі себептермен келуде. Қазақстанның табиғи ресурстарға байлығы мен нарықтың үлкен қарқыны – осы елге күрделі қаржыны жеке меншік фирмаларға әсер ететін стратегиялық факторлар тізімінің алдыңғы шебінде тұрады. Шикізат материалдары мен табиғи ресурстарға қол жетуіне қатысты сауал берілгендердің 41%-ға жуығы ең бірінші, ең маңызды фактор деп, ал, 45%-ы нарықтың қарқыны біршама маңызды деп таныды, 53%-ы оны бірінші немесе екінші негізгі фактор деп санаған.

Инвесторларға берілген сауалдарға жауабын талдай отырып, шетел инвесторына салық салудағы жеңілдіктер емес, оның тұрақтылығы, мемлекет үшін де, инвесторлар үшін де экономикалық тиімді жағдайы маңызды екенін атап өту керек.

Бұл факторлардың барлығы үкіметтің жалпы экономикалық стратегияларымен байланысты. Сондықтан, бұл мәселелерді кешенді қарастыру керек екені сөзсіз.

Халқының жалпы білімділігі мен салыстырмалы жағын қарағанда жұмыс күшінің арзандығы, саяси тұрақтылығы, ұлтаралық керістердің болмауы шетелдік әріптестермен үлкен қаржылық қауымдастығына ұмтылып отырған Қазақстанның нақтылы әлеуметтік-экономикалық жетістігі.

Қазақстанның, Азия аймағындағы стратегиялық жағдайы, қазба байлықтары, кен орындарының молшылығы, АӨК елеулі қарқыны, сонымен қатар, еңбек ресурстарының білім деңгейінің жоғарылығы, сыртқы қаржы ресурстарының жалпы ағынындағы тікелей шетел қаржыларының елеулі рөлін айқындап берді.

Қазақстан экономикасының инфрақұрылымының онша дамымағандығына, қаржыландыру үшін қажетті климатты қамтамасыз ететін нарық жүйесінің көптеген элементтерінің жоқтығына қарамай, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының өзінде (1991-1993 жж.) Қазақстанға тікелей шетел қаржылары түрінде 1,2 млрд долл., ал, 2000 жылы 1,8 млрд АҚШ доллары салынды.

Қазіргі кезеңде тәуелсіз ҚР тартылған жалпы шетел қаржысының көлемі 120,0 млрд долларды құрайды, яғни, ТМД елдеріне тартылған қаржының 1/3 бөлігі дерлік біздің елдің үлесіне тиеді.

Қазақстанға тікелей шетел қаржылар ағымы біріккен кәсіпорындар құру, шетел капиталдары қатысуы мен мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды шетел фирмаларының басқаруына беру және банк секторын қаржыландыру арқылы жүргізілуде.

Акционерлік капиталдың басым бөлігі – бұл біріккен кәсіпорындардың құрал-жабдық түріндегі жарғылық қорға жарнасы. Олардың көпшілігі Түркия, Ресей, Қытай, Германия, АҚШ, Италия, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания және басқа елдермен бірігіп ұйымдастырылған. Бірақ, қазіргі кезеңде бұл кәсіпорындардың көпшілігі тоқтап қалған немесе сауда делдалдық қызметпен айналысуда. Жұмыс істеген жылдары бұл кәсіпорындарда өнім көлемі жыл озған сайын артып отырған. Тек өнім көлемі ғана емес, сәйкесінше, жұмысшылар саны, еңбек өнімділігі, еңбекақы қоры да артып отырған. Бұл ОҚО тек шетелдік инвестициялық салымның ұтымды ортасына ғана айналмай, қарқынды дамуының көрінісі болды. Бірлескен кәсіпорындар негізгі импорттық тараптарға азық-түлік өнімдері мен шикізаттарын, тұрмыстық құралдарын, көлік құралдарын, қосалқы бөлшектерін, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің құрал-жабдықтарын жатқызуға болады.

Біздің ойымызша, қаржыландырудың бұл түрі капитал реципиенті үшін тиімді. Шетел қаржысының тікелей қаржысының басым түрін таңдау республика үшін мәселенің екі: экономикалық және саяси жақтарын араластырмаудың маңыздылығына байланысты болып отыр. Тікелей жеке меншік шетел қаржысына сақтықпен қарайтын дамушы елдер мемлекеттік қарызды жөн санамайды.

Ұлттық экономикаға шектен тыс қарыз қаржы тартуды шектеу керек. Жекешелендірілген кәсіпорындарға, кооперативтерге, жекеменшік кәсіпорындарға өндірістің жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін шетел қаржыларын тарту жолдарын өз бетінше таңдау мүмкіндіктерін беру тиімді.

Біздің ойымызша, ең бастысы сыртқы қаржыны тартудағы бағдарламада ішкі қаржы көздерін және ұлттық сектор кәсіпорындарының қаржылық белсенділігін ешқашан кемітпеуі тиіс. Осыған байланысты, қаржыландыруды ішкі субъектілері мен объектілері ортасында қаржылық белсенділігін талдау өте маңызды болып табылады.

Толассыз құлдырау кезеңінен кейін 1999 жылы Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің барлық дерлік елдерінде экономикалық белсенділіктің артуы байқалды және оңды өсім тіркелді. Болашақта ТМД елдерінде де, оның ішінде, Қазақстанда да аймақтың қаржылық белсенділігін қалпына келтіруді қолға алу керек.

Қазақстан Республикасында өндірістердің біраз уақыт құлдырауынан соң, тұңғыш рет өндірістерге күрделі қаржы тарту көлемі тұрақты өсті. Мемлекеттің қаржылық саясатының аймақтық жағы аймақтық нарықтардың даму ерекшеліктерімен қатар, аймақтардағы күрделі қаржылау құрылымдық тұрақтылыққа негізделе бастады.

Бірақта қаржылық тұрақтылық біртекті емес. Ол аймақтардың мамандану ерекшеліктермен, экономикалық қарқынының және меншікті қаржы ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейінің әртүрлілігімен түсіндіріледі.

Біздің ойымызша, мемлекеттік қаржылық қызметтің тартылу орталығы аймақтық деңгейге ауысуы тиіс, ол үшін бюджеттік қаржылардың едәуір бөлігін инвестициялық қызметті белсендіру қажет деп саналған орындарда қалдыру керек.

Жергілікті бюджеттің әлеуметтік шығындарын мемлекеттікі сияқты, қатал нормативтік негізге ауыстыру қажет, ал, ең төменгі норматив шамасынан жоғары бюджет табысының барлығын немесе негізгі бөлігін шаруашылық кешенін құрылымдық қайта құру жобаларын қаржыландыруға бағыттау керек.

Бірлескен кәсіпорындар – шетел қаржыларын тартуда келешектегі формаларының және ынтымақтастық арқылы шетел нарығына шығудың бірден-бір құралы. Бүгінгі күні облысымызда 57 бірлескен және 23 шетел кәсіпорны, 22 мемлекеттердің қатысуымен құрылған (Түркия – 6, Ресей – 10, Өзбекістан – 6, БАЭ – 4, Англия – 3, Пәкістан – 3, Канада – 2, Франция – 1 және т.б.), жиынтық жарғылық қоры 3,9 млрд. теңге, шетел құрылтайшыларының үлесі 68%-ға тең. Осыған байланысты, негізгі капитал ағымы инфрақұрлымы дамыған қалалар мен аудандардың экономикасындағы басымды секторларына бағытталған, бірлескен және шетел кәсіпорындардың басым бөлігі Шымкент қаласында (54 кәсіпорын), Сарыағаш ауданында (8 кәсіпорын), Сайрам ауданында (3 кәсіпорын), Созақ ауданында (2 кәсіпорын) орналасқан.

Міндеттемелері бойынша жалпы қарыз мөлшері – 16,2 млрд теңгеге тең. Экспорт 53 мемлекетке жүргізіледі, солардың ішінде ірі экспортшылар – Нидерланды, Ресей, Ирландия, Түркия, Франция, Пәкістан, Өзбекстан елдері.

Облыстағы бірлескен және шетел кәсіпорындарының құрылымында негізгі тауарлық топтарына талшықты мақта, мұнай өнімдері, темекі фармацевтикалық өнімдер, цемент, тамақ өнеркәсібінің өнімдері, тері жатады. Шет мемлекеттерге экспорттайтын кәсіпорындар: «Химфарм» АҚ – 154,2 млн, «Медазия» ЖШС – 167,6 млн, «Агро-Темекі» ЖШС – 201,0 млн АҚШ долларын құрайды.

Шетел және бірлескен кәсіпорындардың импорты 2006 жылы 11,3 млн. доллар немесе облыс бойынша жалпы импорт келемінен 20,5% құрады. Ал, 2007 жылы салыстырмалы түрде – 13,6 млн., 22,4%, 2008 жылы 15,7млн., 23,6 % болды.

Импорт өнімдерінің негізгі жабдықтаушылары бірлескен және шетел кәсіпорындары үшін Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Германия, Иран, Түркия, Франция елдері. Бірлескен және шетел кәсіпорындарының импорттау құрылымын формацевтикалық өнімдер, май, темекі, сабын, қағаз, электромашиналары және құрал-жабдықтар және т.б. құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана. – Астана. 2002-2010 гг.*
2. *К.Маркс. Капитал т.3. – С. 213.*
3. *Закон РК «О предприятиях», 1991.*
4. *Купешев А.Ш. Современное состояние и пути повышения экономической эффективности сельскохозяйственного производства Южно-Казахстанской области. Материалы международной научно-практической конференции «Стратегия подготовки экономических кадров; совершенствование форм и методов обучения». К 40-летию Казахского экономического университета им. Т.Рыскулова, часть 2. – Алматы.24-25 сентября 2003 г. – С. 236-244.*
5. *Куралбаева А.Ш. Шаруа (фермер) қожалықтарының мәселелерін реттеудің қажеттілігі. Проблемы агрорынка. – Алматы. – 2004. – № 4. – С. 41.*
6. *Сигарев М.И. и др. Кредитование в аграрном производстве Казахстана // Проблемы агрорынка. – № 1. – 2005. – С. 40-45.*
7. *Социально-экономическое положение Южно-Казахстанской области 2000-2004 гг. – Шымкент, 2005.*
8. *Мусина Л.С. Новые механизмы финансирования развития агропромышленного комплекса в рамках Государственной агропродовольственной программы на 2003-2005 гг. //Проблемы агрорынка. – Алматы. – № 1. 2005. С. 5-11.*

Түйін

Мақалада автор АӨК құрылымдық бөлімшелерінде инвестициялар мен капиталдық салымдарды нәтижелі қолдануды қарастырған.

Резюме

В статье автор рассматривает эффективное использование инвестиций и капитальных вложений в структурных подразделениях АПК.

Resume

The effective utilization of investments and capital investments in structural divisions of an agro-industrial complex is considered in authors article.

ТАМАБЕКОВА А.А.,
«Менеджмент» мамандығының
1-курс магистранты Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
С.Ы. ӨМІРЗАҚОВ,
Жетекші

КӘСІПОРЫННЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ-СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Стратегиялық жоспарлау экономиканың мақсаттары мен міндеттерін, кәсіпорынның шама мүмкіндіктерін өзара үйлестіруді қарастыру мәселесін өзекті етеді. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістерді басқару жүйесін, олардың бағыттары мен динамикасын реттеу коммерциялық ұйымдардың қалыпты қызметін қамтамасыз етуде жоспарлаудың маңызы өте зор. Елдегі ұлттық экономиканың барлық деңгейлерінде әзірленетін болжамдар, бағдарламалар, жоспарларға сәйкес басқару субьектілерінің саясатын жүзеге асырудың құралы болып табылады. Сондықтанда, стратегиялық жоспарлау қоғаммен шаруашылық жүргізуші субъектілердің алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша дәйекті алдын ала ойластырылған, жан-жақты негізделген жұмысты орындауға мүмкіндік береді [1].

Макроэкономиканы стратегиялық жоспарлау қажеттілігі келесі шарттармен түсіндіріледі:

Біріншіден, бүгінде экономика дамуына ғылыми-техникалық озықтық ықпалы күшеюде, неғұрлым жетілген және күрделі технологияға еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың тиімді нысандарына көшу жоспарлауды, салаларды алдын ала болжауды талап етеді.

Екіншіден, басқарудың қажетті функциясы ретінде жоспарлау мемлекетке экономикалық дамудың топтамасын алдын ала болжау, пайда болған деформацияларды баланстап, түзетіп отыру үшін экономикалық және әлеуметтік нәтижелер арасында байланыс орнату, тұрғындардың аз қамтамасыздандырылған топтарының мүддесін қорғау үшін қажет.

Үшіншіден, нарықтық экономика жағдайында кез келген фирма, меншік пен шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан ақырғы мақсаттарына жету үшін өзінің даму стратегисын жасауы тиіс. Сол сияқты ел экономикасы да ғылыми негізделген жоспарлау негізінде өзінің даму бағытын дұрыс таңдай алса ғана өсіп-өркендей алады.

Нарықтық экономика жағдайында макродеңгейдегі жоспарлау директивалық емес, рекомендациялық сипатқа ие. Мемлекет экономиканы реттеу мақсатында макроэкономикалық көрсеткіштер түріндегі индикаторларды пайдаланады.

Экономикалық өсу ұғымы өндірістің нақты көлемінің қысқа мерзімдік шарықтаулары мен құлдыраулары емес, ал ұзақ мерзімді уақыт аралығында өндіргіш күштердің дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің ұзақ мерзімді өзгерістерін білдіреді. «Экономикалық өсу» термині елдің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) немесе жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) нақты көлемінің ұлғаюын көрсетеді.

Яғни, экономикалық өсу пайыздық тұрғыда есептеледі және өткен жылғымен қайсібір базалық жылмен салыстырғанда ЖІӨ не ЖҰӨ көрсеткіштерінің өсімін сипаттайды. Экономикалық өсуді анықтау кезеңінде ЖІӨ көрсеткіші салыстырмалы бағалар мен шарттар бойынша немесе осы көрсеткішті есептеуде баға факторын және өзге де құрылымдық өзгерістерді есепке алусыз есептеледі. [2]

Дүниежүзілік банктің ресми анықтамасына сәйкес жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)-нақты елдің аумағында бір жылдың ішінде өндірілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтық құндылығы. ЖҰӨ-нің ЖІӨ-нен өзгешелігі, жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), сондай-ақ ел азаматтарының шет елдерден алған табыстарын да қосып, шетелдіктердің елден әкеткен табыстарын шегеріп тастайды. ЖІӨ мөлшері құндық көріністе есептен шығарылады, қағида бойынша ол мемлекеттің ұлттық валютасымен және ағымдағы бағам бойынша АҚШ долларымен есептеледі (халықаралық салыстырулар жүргізу үшін). БҰҰ халықаралық салыстыру бағдарламасына сәйкес ЖІӨ мөлшері, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілеті тепе-теңдігін есепке алу арқылы АҚШ долларымен есептеп шығарылады. Экономикалық өсу факторының 3 тобы бар: ұсыныс, сұраныс, бөлу.

Ұсыныс факторлары болып табылатындар: елдегі табиғи ресурстардың саны мен сапасы, негізгі капиталдың көлемі, технология. Нақ осы факторлар өндірістің өсуін нақты түрде мүмкін етеді. Ұсыныс факторлары түпкілікті бір сипатқа ие: олар өте сирек немесе мөлшері шектеулі. Ал адам қажеттіліктерінің іс-жүзінде ұшы-қиыры жоқ. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық дамудың белгілі бір деңгейінде елдердің әйтеуір біреуінде азық-түліктік, экономикалық, демографиялық проблемалары туындайды. Өндірістік ресурстардың сиректік немесе шектеулік салдарынан экономиканың соған бейімделуі, қайта жаңғыруы (өзгеруі), өсудің жаңа үлгілерін таңдауы тиіс, үдерістерді ынталандырып немесе, керісінше керексіздерін тежеп отырады. Экономиканың нақты өсуі сондай-ақ сұраныс факторларына да байланысты болады. Олар өндірістің өскелең көлемін іске асырудың мүмкіндігін анықтайды. Олардың ең маңыздыларының қатарында тұтынушылық, инвестициялық, мемлекеттік шығындарды, өткізудің жаңа нарықтарын игерудің есебінен экспортты ұлғайтуды немесе елде шығарылатын өнімнің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетін арттыруды атауға болады.

Жоғарыда көрсетілген факторлармен қатар экономиканың өсуіне бөлу факторлары да ықпал етеді. Экономиклық өсуге әсер ететін факторларға жататындар:

Өндіріс қорларын салалар, кәсіпорындар, елдегі аймақтар бойынша нақты бөлу;

Шаруашылық қызмет субьектілерінің арасында табыстарды бөлудің қоғамда қолданылатын тәртібі [3].

Экономикалық өсуді сипаттайтын индикаторлар болып табылатындар: ЖІӨ нақты өсуі, халық табыстарының нақты өсуі, инфляция деңгейі валютаның айырбас бағамы, мемлекеттік бюджеттік тапшылығы және ЖІӨ қатысты үкіметтің сыртқы борышының деңгейі елдің сауда балансы (экспорт, импорт және сауда сальдосы) экономикаға тартылатын инвестициялардың нақты өсуі, сондай-ақ экономика салалары мен экономикалық қызмет түрлері бойынша тауарлар және көрсетілген қызметтер өндірісінің өсу қарқындары.

Дамыған елдерде макроэкономикалық жоспарлау статистикалық мәліметтерге негізделген халық шаруашылығындағы негізгі өзара байланыстардың сызбасына сүйенеді. Бұл сызба ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) деп аталады.

ҰШЖ баланстық әдіске негізделеді және экономикалық әрекет нәтижелерін, экономиканың құрылымын сипаттайтын макрокөрсеткіштерді, шаруашылық әрекеті барысында жасалатын операцияларды, елдегі ресурстар мен олардың қолданылуын ұлттық деңгейде есепке алуды білдіреді. Жоғарыда аталған ЖҰӨ және ЖІӨ-мен қатар ҰШЖ-нің негізгі көрсеткіштері:

Таза ішкі өнім –ЖҰӨ-нен негізгі қорлардың тұтынылуын шегереміз;

Таза ұлттық табыс – ЖҰӨ-нен негізгі қорлардың тұтынылуын шегереміз;

Нақты ұлттық табыс – таза ұлттық табысқа шетелден түскен сыйлықтар, гуманитарлық көмек сомаларын қосып, керісінше, елдің шет елге берген гуманитарлық көмегін, сыйлықтарын шегергенге тең болады.

Ақырғы тұтыну шығындары – үй шаруашылықтарының тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығындары, мемлекеттік басқару органдарымен жеке коммерциялық ұйымдардың ақырғы тұтыну шығындары [4].

Сонымен, стратегиялық жоспар біртұтас басқару объектісін (кәсіпорын, аймақ, ел) ұзақ мерзімді перспективадағы жағдайы алдын ала ғылыми тұрғыда болжау болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау мынаған негізделеді:

- экономика объектілерінің дамуын жобалау жүйесіне;
- мерзімі, ресурстары, орындаушылары бойынша өзара келісілген іс-шаралар жүйесіне;
- экономика салаларын, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шараларға.

Нарықты экономика жағдайында келесі ереже сақталуы тиіс: басқарылатын жүйе неғұрлым жоғары болған сайын стратегиялық жоспар жобаларында экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, сыртқы экономикалық даму болжамдарының жүйесі соғұрлым жетілген, дамыған болуы тиіс [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кревенс Д. Стратегический маркетинг.*
2. *Бактымбет С.С. Маркетинговая стратегия предприятия.*
3. *Агапова Т.Л. Серегина С.Ф. Макроэкономика. учебник. – М.*
4. *Мэнкью Н.Г. Макроэкономика. – М.: МГУ, 1997.*
5. *Питер Дойль. Менеджмент. Стратегия и тактика, 1999.*

Түйін

Экономикалық өсу – адамзат қоғамының үдемелі дамуын бейнелейтін ең маңызды үдерістерінің бірі. Соның негізінде адамзаттың «Мәңгі» проблемалары: қажеттіліктерді қанағаттандырудың жолдары мен түрлерін іздестіру, ғылымды дамыту, табиғатты сақтау мәселелері шешіледі. Сонымен қатар, жоспарлаудың қоғам өміріндегі және оның жекеленген салаларындағы рөлі оның басқару жүйесінде алатын орнымен анықталады. Кез келген құбылыстың немесе үдерістер мәні оның қызметтерінен көрініс табады. Басқарудың негізгі қызметтерінің мазмұнын талдай отырып, оның қызметінің екі жақтылығы туралы қорытынды жасауға болады, яғни басқару шешімін даярлау және қабылдау басқару субъектісі алдына қойған мақсаттарды белгілеу, оларға қол жеткізуге көмектесетін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі тәжірибелік іс-әрекеттерді білдіреді.

Резюме

Интенсивное развитие – один из самых важных процессов деятельности человеческого общества. На его основе решаются «вечные» проблемы удовлетворения человеческих потребностей и интересов, развития науки, сохранения природы, а также планирование жизни общества. Обсуждая значение в системе управления всех взаимоотношений – материальных, социальных, духовных, можно придти к заключению о двухсторонности функции управления. То есть сначала разрабатываются и принимаются решения по управлению, ставятся цели перед субъектом, потом – осуществляются практические действия, которые помогают достичь цели.

Resume

Thus, the intensive development – one of the most portant processes, which depict the rapid growth human society. Based on this, "Eternal" problems of human beings: the issues are resolved search for ways and forms to meet the need, development of science and nature store. Also, the role of planning in society and the role of individual industries is determined by the position occupied in the system management. Any event or the meaning of the processes finds spectacle in his work. In discussing the content of core business management, you can come to conclusion that the two sides of its activities. That is prepare and approve management solution, to appoint goals before the subject of management, preparation practices that help them achievement.

Негізгі сөздер: Макроэкономикалық стратегия; Әлеуметтік-экономикалық үдеріс; Стратегиялық жоспарлау; Экономикалық өсу; Рекомендациялық сипат.

УПУШЕВ Е.М.,
д.э.н., профессор, каф. «ЭППиООС»
АЛТЕЕВА Н.К.,
преподаватель

ПЛАТЕЖИ ЗА НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЕ

В Конституции Республики Казахстан записано, что «земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы находятся в государственной собственности. Земля может находиться также в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом». Таким образом, предоставляя право недропользования инвесторам, государство является хозяином, что дополнительно закреплено в Законе РК «О нефти и недропользовании» и обеспечивает доступ к недрам на основе законодательства, более того, гарантирует действующим недропользователям неизменность их нынешних контрактов. Но, тем не менее, в отдельных статьях оговаривается внесение изменений в контракты по согласованию сторон, а также в случае выявления угрозы ущерба экономическим интересам страны.

В Налоговом кодексе для новых недропользователей отменяется соглашение о разделе продукции (СРП). Для того чтобы реализовать свои интересы, Казахстан принимает закон о приоритетном праве перед другими недропользователями на приобретение долей в проектах по освоению высокоэффективных месторождений. В настоящее время без утилизации попутного и природного газа промышленная разработка нефтегазовых месторождений запрещается, а также предусмотрены повышенные ставки платежей за выбросы загрязняющих веществ от сжигания попутного газа.

Безусловно, добывающая промышленность республики, куда и входит нефтегазовая отрасль, до сих пор является главным источником пополнения бюджета и реализации социальных программ. По данным Агентства РК по статистике удельный вес минерального сырья составил около 1/5 части от ВВП, а в общем объеме экспорта более 75%. Удельный вес инвестиций в горнодобывающий сектор от общего объема составил порядка 36%, и эти экономические показатели дают нам представление о том, что до сих пор мы не можем проводить диверсификацию экономики нашей страны.

Преимущественное привлечение иностранного капитала в горнодобывающую отрасль способствуют закреплению сырьевой направленности экономики и является одной из главных угроз для экономической безопасности страны. Рост мировых цен на нефть приводит к большому объему экспорта и увеличению нефтедолларов, что ведет к укреплению национальной валюты и сдерживает соответственно развитие обрабатывающей промышленности.

На сегодняшний день ситуация в экономике свидетельствует о сохранении высокого уровня зависимости от импорта, так как по многим позициям потребность покрывается за счет ввозимых товаров. Так, например, необходимое оборудование в нефтегазовой отрасли покрывается за счет ввоза из-за границы, за счет собственного производства покрывается не более 5%, а 40% необходимых смазочных материалов и нефтепродуктов завозится из России. Сохраняется большая зависимость от импорта продовольственных товаров, что в среднем составляет более 50%, тем самым под угрозой оказалась продовольственная безопасность страны.

В этой связи важнейшим приоритетом экономической политики государства является диверсификация экономики и создание устойчивого развития на основе преимущественного подъема обрабатывающей промышленности, на производстве и реализации готовой конкурентоспособной продукции, что приобретает особую актуальность в условиях функционирования Таможенного союза.

Для устойчивого развития экономики и модернизации производства разработана программа «Форсированного индустриально-инновационного развития». В идеале обрабатывающая промышленность должна вносить больший вклад, чем горнодобывающая. По данным Агентства РК по статистике в 2010 г. удельный вес обрабатывающих предприятий в ВВП составил всего лишь 11,5%. Как видим,

потенциал по улучшению ситуации не исчерпан, а потому следует производить и экспортировать не сырье, а готовую продукцию, что позволит повысить ее социально-экономическую значимость.

После обретения независимости в Казахстане был принят ряд важнейших законодательных актов, которые способствовали укреплению политической системы государства и создали благоприятный инвестиционный климат. Одним из важнейших направлений по улучшению привлекательности для иностранных инвесторов, роста экономики и повышения благосостояния населения является налоговая политика. При разработке, совершенствовании норм нового Налогового кодекса ставилась задача перераспределить существующую налоговую нагрузку, создать условия для развития малого и среднего бизнеса. Прежде всего, речь идет о соотношении двух секторов – сырьевого и несырьевого, устранении перекосов в их налогообложении.

Независимо от структуры налогов и платежей уровень налоговых изъятий у недропользователей не должен отрицательно влиять на дальнейшее развитие, так как чрезмерно высокий уровень нагрузки может привести к стагнации отрасли. Поэтому условия исчисления специальных налоговых платежей недропользования должны быть справедливыми и экономически обоснованными.

К чему приведут несоблюдение баланса интересов чрезмерные налоговые нагрузки на добывающие отрасли? Это – сокращение инвестиций, снижение объемов геологоразведочных работ по пополнению запасов минерального сырья, повышение аварийности, консервация малодебитных месторождений, ухудшение ситуации на фондовых рынках и экологической обстановки, рост инфляции из-за повышения цен на нефтепродукты, что в конечном итоге повлечет снижение жизненного уровня населения.

В этой связи снижены ставки налога на добавленную стоимость (НДС) до 12%. Плательщиками НДС являются те лица, оборот которых превышает 15 тысяч расчетных показателей в месяц. Если субъект малого бизнеса имеет оборот ниже этой суммы, то он не является плательщиком НДС.

Что касается среднего и крупного бизнеса, то по ним осуществлено значительное снижение корпоративного подоходного налога с 30% до 20%, а для малого бизнеса в зависимости от получаемого дохода (КПН) колеблется от 3 до 7%. Для сравнения в Европейских государствах КПН колеблется на уровне 35-50 %, а в России от 33-45%.

Как видим, в Казахстане по сравнению с ними товаропроизводители находятся в очень выгодном положении. При этом государство стремится не потерять доходы в бюджет от добывающего сектора, увеличивая налоговую нагрузку. Хотя в недропользовании также снижаются ставки по КПН, однако там вводятся дополнительные специальные налоги.

В целях диверсификации отраслевой структуры при приобретении дорогостоящего оборудования, предприятия могут сразу ставить на вычеты путем одномоментной амортизации или списывать в течение 1-5 лет, что позволяет одновременно обновлять производственные фонды, так как подавляющее большинство предприятий нуждается в переоснащении производства.

Как экспортные, так и импортные товары облагаются 12% НДС для того, чтобы создавать на внутреннем рынке одинаковые конкурентные условия с местным производством. Наряду с этим уплачивается также таможенная пошлина на импортируемые товары, хотя государство должно снижать пошлины на такие виды сырья, которые дорабатывают наши производители, создавая высокую добавленную стоимость, впоследствии реализуя на экспорт с новым казахстанским продуктом. Таким образом, государство должно создавать льготные таможенные пошлины на импорт важного технологического оборудования и сырья, которые отсутствуют у наших товаропроизводителей. Для импортного оборудования представляется возможным ввести лизинговые операции, т.е оплату за закупленное оборудование осуществлять из будущих доходов, тем самым создавая стимул для развития производства.

На сегодняшний день, если судить по чистой прибыли, то она практически отсутствует у субъектов малого и даже среднего бизнеса, т.е они работают без получения прибыли.

Объявление о получении чистого дохода делает их бизнес неоправданным, убыточным, так как они по закону должны уплачивать налоги на прибыль в размере 20%. Поэтому предприниматель вынужден заниматься уменьшением налогооблагаемого дохода за счет увеличения расходной части, т.е.

ему выгоднее заплатить такому же, как он, и обналичить. В этой связи для малого и среднего бизнеса нужно создавать нормальные условия, чтобы он не искал возможности уходить в тень.

Недропользователи уплачивают все налоги и другие обязательные платежи в бюджет установленные новым кодексом. Существующие ныне роялти заменены налогом на добычу полезных ископаемых, который взимается в зависимости от годового объема добычи нефти с каждой тонны по мировой цене. Для стимулирования поставок нефти на внутренний рынок применяется льготный тариф с коэффициентом 0,5 к указанной ранее ставке. В налоговом законодательстве установлены следующие специальные платежи и налоги:

Специальные платежи недропользователей включают:

А) подписной бонус;

Б) бонус коммерческого обнаружения;

В) платеж по возмещению исторических затрат;

1. Налог на добычу полезных ископаемых;
2. Налог на прибыль;
3. Налог на сверхприбыль;
4. Рентный налог;
5. Экспортная таможенная пошлина (ЭТП).

В России экспортная таможенная пошлина на сырую нефть составила 269 долл. за т, а у нас 40 долл. Но дело в том, что там не дублируются платежи за одну и ту же продукцию. В Казахстане объемы экспортной нефти облагаются как рентным налогом, (а в России рентный налог отсутствует) так и экспортной пошлиной.

Государство, идущее по пути повышения налоговых ставок и увеличения количества налогов, ведет к снижению инвестиционной деятельности и приостановке развития бизнеса. Мудрость государственной политики заключается в том, чтобы найти ту золотую середину, при которой налоги для недропользователей не были бы удушающими и в тоже время не снижался государственный бюджет страны. По своей сути рентный налог и экспортная таможенная пошлина начисляются на те же объемы поставляемой сырой нефти за пределы страны. Различия заключаются лишь в том, что рентный налог поступает вне бюджетного национального фонда, а экспортная таможенная пошлина направляется в республиканский бюджетный фонд, что позволяет покрывать его дефицит.

Рентный налог принимается парламентом при рассмотрении приемлемого уровня налоговой нагрузки и имеет прозрачный и предсказуемый характер, понятный инвесторам, а экспортная таможенная пошлина устанавливается Правительством без одобрения Парламента. В конечном итоге это приводит к произвольному и необоснованному увеличению налоговой нагрузки. Недропользователи предлагают Минфину, выбрать что-то одно из них, в зависимости от того, что выгоднее оставить в виде платежей – РНЭН или ЭТП. Неопределенность и изменчивость размера ставки по поводу экспортной пошлины не вызывает желания у товаропроизводителей вкладывать средства в данную отрасль.

Согласно постановлению Правительства размер пошлины на сырую нефть был установлен на уровне 20 долл. за т, а с января 2011 года ЭТП подскочила до 40 долл. Вводя экспортную пошлину на нефть, Правительство утверждало, что эта мера не ухудшит экономических показателей нефтедобывающих предприятий и что суммарная налоговая нагрузка увеличится всего лишь на 2,5-3%. Однако, по данным KAZENERQY при цене за баррель в 60 долларов и ЭТП в 20 долл. налоговая нагрузка возрастет до 5%, а при ЭТП в 40 долл. и цене 75 долл. за баррель повысится до 9%.

Как видим, без ЭТП, при цене 75 долл. рентабельность составляет 21,6%. При дальнейшем росте цен доходы у нефтедобывающих будут увеличиваться и соответственно возрастают отчисления в бюджет. Нефтяники считают, что это вполне приемлемые показатели, так как у них приличная рентабельность (по новому налоговому законодательству рентабельность 25%), что позволяет вкладывать средства в дальнейшее развитие производства и социальной инфраструктуры, а также пополнять госбюджет.

Нефтяные компании убеждены в том, что двойное налогообложение не выгодно не только отрасли, но и государству, о чем свидетельствуют приведенные данные:

Платежи	Цена в долл. за баррель	Коэффициент налоговой нагрузки в %	Рентабельность в %	Полученная сумма от ЭТП государству	Потерянный доход компании
Без экспортной таможенной пошлины (ЭТП)	75	63,38	21,6	-	-
	95	62,86	24,22	-	-
С учетом ЭТП 20 долл. за баррель 40 долл.	75	67,66 72,21	18,69 16,7	79110,6 млн тг 158221,2 млн тг	80 млрд тг 160 млрд тг
По данным KAZENERQY (составлено автором)					

С учетом же экспортной таможенной пошлины при 40 долл. коэффициент налоговой нагрузки увеличился до 72,2, а рентабельность снизилась до 16,75. При объеме продажи нефти в 33 млн т государство получает доход порядка на 159 млн тенге, одновременно снижается доход компании на сумму более 160 млрд тенге. По данным генерального директора Сарсенова Д. только за три месяца действия ЭТП (2010) рыночная капитализация «РД КазМунайгаз» снизилась на 1,5 млрд долл., а Правительство потеряло более 1 млрд долл., что в разы превышает поступления в бюджет от ЭТП[1].

Поскольку конкуренция между странами на этом рынке большая, то для республики было бы желательно сдерживать экспортную товарную пошлину для сохранения привлекательности нашего нефтяного рынка для инвесторов. Как отметил министр нефти и газа Суат Мынбаев, в 2015 г. планируется увеличить добычу нефти и газа до 85 млн т, сырого газа до 54 млрд куб.м, экспорт нефти увеличить до 75 млн т, а переработку на внутреннем НПЗ до 17 млн т, с глубиной переработки до 87%, и доведением качества нефтепродуктов до стандарта Евро 4, Евро 5.

Согласно пункту 4 статьи 307 Налогового кодекса: порядок отнесения месторождения к категории низкорентабельных, высоковязких, обводненных, малодебетных и выработанных, их перечень и порядок налогообложения в части налогов и специальных платежей, установленных настоящим разделом, определяется Правительством Республики Казахстан. Предлагаемые понижающие ставки НДПН колеблются от 70% до 95%, при условии если рентабельность не превышает 10%. Льгота действует в течение года. Ставки определяются индивидуально, но не менее 5% от базовой ставки НДПН, которая в зависимости от добычи колеблется от 5 до 18% до конца 2012 г. с увеличением на 1% в последующие годы.

Таким образом, сырьевой сектор является наиболее важным источником дохода в бюджет, а механизмы исчисления платежей в него должны быть понятными и не обременительными. Даже небольшие объемы экспортной таможенной пошлины создают определенные трудности в плане дальнейшего развития производства, включая и улучшение социального положения населения.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Указ Президента РК, имеющий силу закона «О земле, о недрах и недропользовании». – Алматы, 1996.*
2. *Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет». – Алматы, 2009.*
3. *Упушев Е.М. Экология, природопользование, экономика: учебное пособие. – Алматы: НИЦ Ғылым, 2002.*

Резюме

В Налоговом кодексе для новых недропользователей отменяется соглашение о разделе продукции (СРП). Для того чтобы реализовать свои интересы, Казахстан принимает закон о приоритетном праве перед другими недропользователями на приобретение долей в проектах по освоению высокоэффективных месторождений. Поскольку конкуренция между странами на этом рынке большая, то для республики было бы желательно

[1] Газета «Деловой Казахстан» – 4 марта 2011 года «КНН глубокого бурения».

сдерживать экспортную товарную пошлину для сохранения привлекательности нашего нефтяного рынка для инвесторов. В настоящее время без утилизации попутного и природного газа промышленная разработка нефтегазовых месторождений запрещается, а также предусмотрены повышенные ставки платежей за выбросы загрязняющих веществ от сжигания попутного газа.

Түйін

Салық кодексінде жаңа жер қойнауын пайдаланушылар үшін өнімді бөлу туралы келісімшарт (ӨБК) алынып тасталды. Өзіне деген қызығушылығын арттыру үшін, Қазақстан жоғары тиімді кен орындарын игеру жобасында басқа жер қойнауын пайдаланушылар алдында иемдену құқығы туралы заң қабылдады. Мемлекеттер арасында бәсекелестік үлкен болғандықтан, инвесторлар үшін мұнай нарығына деген қызығушылықты сақтау үшін Республика экспорттық тауар салығын барынша сақтап тұру қажет.

Resume

In the tax code for new effective deposits the agreement on production section is cancelled. To realize the interests, Kazakhstan passes the law on the priority right before others deposits on acquisition of shares in projects on development of highly effective deposits.

Ключевые слова: *недропользователи, месторождения, рентный налог, экспортная таможенная пошлина(ЭТП), соглашение о разделе продукции (СРП)*

ЖОЛМУРЗАЕВА Г.А.
э.ғ.к., Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің
«Қаржы» кафедрасының доценті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстанның бюджет жүйесі ұлттық экономиканы басқарудың ең маңызды құралы болып табылады. Кез-келген, оның ішінде экономикалық реформа жүргізу үшін экономикаға, әлеуметтік салаға және инфрақұрылымды дамытуға қыруар қаржы жұмсау қажет. Мұның өзінде реформалардың негізгі ауыртпалығы, әдетте, қоғамның барлық салаларын, экономиканы, әлеуметтік қорғауды, білім беруді, ғылымды, мәдениетті, өнерді, денсаулық сақтауды, қорғаныс пен басқаруды қозғайтын экономикалық реформа жүргізуге арналған мемлекеттің сыртқы да, сонымен бірге ішкі де ресурстарын жұмылдырып, шоғырландыруға қабілетті республиканың бюджет жүйесіне түседі.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда бюджеттік үдерісті жетілдіру, экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеудің пәрменді механизмін құру, қоғамның мұқтажына мемлекеттік бюджеттің қаражатын пайдалануға қаржылық бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде көп жұмыс жүргізілді. Республикаға тоталитарлық жүйеден қалған мұра рынокқа көшкен мезетте, жас егемен мемлекет жылдар бойы қордаланған өндіргіш күштердің шикізат проблемасы басым бағытта біржақты дамуы, өнеркәсіптік әлеуеттің техникалық және технологиялық жағынан артта қалуы, әлеуметтік саланың материалдық-техникалық базасындағы істердің қараусыз қалуы, бюджеттік мекемелердегі еңбекақының төмендігі, тұрғын үй проблемасының шешілмеуі, еңбекке жарамсыз азаматтардың әлеуметтік жағынан аз қорғалуы, қоршаған ортаның ластануы мен халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі сияқты проблемаларды бір уақытта шешуге тиіс болды.

Жағдайды бұрынғы КСРО-ның ыдырауы бүкіл ұдайы өндіріс үдерісіне күрт теріс әсер етіп, бұрын қалыптасқан шаруашылық байланыстар бұзылды, осының нәтижесінде кәсіпорындардың өндірісінің құлдырауы мен төлемге қабілетсіздік ауқымы сыни мөлшерге жетіп, қаржылық дағдарыс белең алып, инфляция бой көтерді.

Инфляцияға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің 1991 жылға дейін ресми статистикада көрсетілмеген тапшылығы да себеп болды. Іс жүзінде шығыс кірістен асып кеткен жағдайда, әдетте, ол одақтық бюджеттің есебінен жабылатын, мұның өзінде шығыстың асуы республиканың Мемлекеттік бюджетінің кіріс көздерінде көрсетілетін. 1991 жылы республиканың 9 млрд. сомасындағы бюджет тапшылығы бюджеттің кіріс бөлігінде көрсетіліп, ол ЖІӨ-нің 11,1%-ын немесе бюджеттің кірісінің 25,7%-ын құрады, яғни республика бюджетінің әрбір төртінші сом түсімі Ұлттық банктің кредит эмиссиясымен қамтамасыз етілді. Ал практикада бюджет тапшылығының ұйғарымды деңгейі жалпы ішкі өнімнің 2-3%-нан аспауға тиіс.

Қазақстанның 1991 жылғы бюджет тапшылығын экономиканың дағдарыс жағдайында республика кірісінің төмендеуі, экономикада бұрын қалыптасқан экономикалық байланыстардың бұзылу нәтижесінде 1990-1991 жылдары өндірістің күрт құлдырауы, импорт тауарлары мен алкогольдік ішімдіктерді сатудың қысқаруы (осы себеппен бюджет өзінің кірісінің 20%-ын жоғалтты), республиканың экспорттық мүмкіндіктерінің азаюы салдарынан валюталық түсімдердің кемуі, инфляция өршіген жағдайда халықты әлеуметтік қорғаудың өте қажет болуы, рынокқа көшу кезеңінде ғылыми негізделген тұжырымдамалардың болмауы салдарынан жүйесіз қаржы-кредиттік саясатын жүргізу, мемлекеттің ыдырауы және экономикалық агенттердің арасындағы бұрын болған барлық шаруашылық өзара қарым-қатынастардың бұзылуы сияқты себептер туындатты.

Республика 1992 жылдан бастап дербес қаржылық саясатты алғашқы рет жүргізуге кірісті. Рынокқа көшу 1992 жылдың қаңтарында жүзеге асырылған бағаларды ырықтандыру басталды. Монополия жоғары және іс жүзінде бәсекелестік болмаған жағдайда бұрынғы Одақтың барлық республикаларында бағалар ырықтандырылып, бағалардың басқарусыз өсуіне әкеп соқтырды. Мәселен, бағаларды ырықтандыру жүргізілгеннен кейін 1992-1994 жылдары тұтыну бағаларының индексі Қазақстанда тиісінше жылына 30,6, 22,7 және 12,6 рет артты.

Рынокты қайта құрудың алғашқы жылдары инфляция шарықтап, өндіріс күрт құлдырап, кәсіпорындардың төлемге қабілетсіздігі өсті. Экономиканың мемлекеттік секторының барлық кәсіпорындары дерлік және әсіресе өз өнімін Ресей мен бұрынғы Одақтың басқа республикаларына жеткізіп отырған ең ірі өнеркәсіп алыптары жөнелтілген өнім үшін төлем төленбеу салдарынан жұмыс істеуді тоқтатты. Шарықтаған инфляция кәсіпорындардың барлық айналым қаражатын жұтып, осының салдарынан экономиканың нақты секторының қаржылық жай-күйі шиеленісті.

Осы жағдайда республиканың бюджет жүйесі елеулі қиындықтарға тап болды, бюджеттің барлық деңгейлерінің кірістері қысқарып, бюджеттің бюджет қызметкерлеріне еңбекақы, сондай-ақ халыққа зейнетақы мен әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі кредиторлық берешегі артып, қоғамдағы әлеуметтік жағдай одан бетер шиеленісті. Ең ірі кәсіпорындарды дағдарыстан шығарудың жолдары мен әдістері іздестірілді. Экономиканың нақты секторын қаржылық жағынан сауықтыру үшін оңалту, санация, шетелдік фирмаларға сыртқы басқаруға беріп, кейін оларды жекешелендіру сияқты әр түрлі шаралар қолданылды. Төлемге қабілетсіз кәсіпорындарды сауықтыру рәсімдерін жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен арнайы қаражат бөлінді.

Қазақстанда тоқсаныншы жылдардың басынан бастап жүргізілген экономикалық және саяси реформалар мемлекеттік қаржы және бірінші кезекте 1991 жылы түбегейлі өзгерген Қазақстан Республикасының бюджет жүйесіне де ықпалын тигізді. Осыған дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджеті ел аумағындағы, оның ішіндегі селолық және поселкелік, барлық бюджеттер көрсетілетін КСРО Мемлекеттік бюджетіне кіретін.

Еліміздің бюджет жүйесін реформалау мемлекеттің қаржы ресурстарын басқарудың негізгі ережелері алғашқы рет қарастырылған, 1991 жылғы 17 желтоқсанда («Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңы қабылданғаннан кейінгі келесі күні) қабылданған «Бюджет жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына

негізделді. Осы Заңда Қазақстан Республикасының бюджетін қалыптастырудың негізгі қағидаттары, республикалық бюджет пен халық депутаттары жергілікті Кеңесінің бюджеттері арасындағы өзара қатынастар, бюджеттердің заңды және жеке тұлғалармен салық, басқа төлемдерді төлеу және бюджет қаражатын бөлу жөніндегі өзара қатынастары белгіленді.

Сол уақытта экономикалық реформаларды іске асырудың негізгі ауыртпалығы мемлекеттің қаржылық ресурстары мен оның барлық активтерін тиімді басқару және бірінші кезекте бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру мен мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін уақытында қаржыландыру үшін жауап беретін негізгі министрлік ретіндегі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, сондай-ақ коммерциялық банктердің қызметін және мемлекеттің сыртқы әлеммен валюталық қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне жүктелді. Рыноктық экономикаға көшу жағдайында орынды қаржы және ақша-кредитік саясатты жүргізу және мемлекеттік активтер мен барлық ақшалай қаражаттарды тиімді басқару үшін жауапкершілік осы басқару органдарына жүктелді.

Мемлекеттің қаржылық ресурстарын басқару және бюджеттің атқарылуын бақылау үдерісінде Қаржы министрлігінің рөлін күшейту міндеті 1994 жылы атқарушы және республикалық, сондай-ақ жергілікті бюджеттің есеп айырысу-кассалық қызметтің атқарылуын бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын орган ретінде Қазынашылықты құру арқылы шешілді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі экономиканы дамыту үшін шетел инвесторларын тарту жөніндегі саясатты ойдағыдай жүргізді, осының арқасында Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің арасында біздің республика оның экономикасына салынатын шетел ивнестицияларының көлемі бойынша алғашқы орынның біріне шықты. Іс жүзіндегі келешекте мемлекетіміздің келешегі және оның азаматтарының әл-ауқаты игеруші салалардың жай-күйіне тәуелді екенін түсіне отырып, едәуір шетел инвестициялары сол уақытта республикада жоқ қыруар күрделі қаржы жұмсалымы мен қаржылық ресурстарды қажет ететін минералдық шикізат өндіру мен оны өңдеуге бағытталды. Сондықтан 1993 жылдан бастап еліміздің тау-кен секторына шетел капиталы көптеп тартылады. Шетел инвесторларын жекешелендіру үдерісіне тартудың да маңызы артты.

Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру мен рыноктық қатынастарды дамыту мақсатында, Қазақстанда мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы қабылданды. Жалпы Қазақстан бойынша республиканың өнеркәсіптік әлеуетінің негізін қалайтын 50 ірі кәсіпорын жекешелендіріліп, шетел компанияларына басқаруға берілді. Келесі кезеңде осы кәсіпорындар жекешелендіріліп, жаңа инвестициялардың түсуіне ықпал етті.

Бюджетаралық қатынастардың қазіргі жүйесінің негізін қалаған бюджет саласындағы негізгі реформалар Қазақстан Республикасының бюджет құрылымы белгіленген 1995 жылы еліміздің Конституциясы қабылданғаннан кейін басталды. Еліміздің Конституциясындағы мемлекеттік басқару жүйесін құрудың негізін қалаушы қағидалар, бірқатар конституциялық заңдар, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың жекелеген салаларын реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілердің тұтас пакеті қабылданып нақтыланды. Осы заңдардың арасында еліміздің бюджет жүйесін реформалау басталған 1996 жылы «Бюджет жүйесі туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл Заңның қабылдануына бірқатар себептер түрткі болды. Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануымен қатар мемлекеттік құрылымда құрылымдық өзгерістер орын алды, сондай-ақ «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы» (1995 жылғы 24 сәуір) ҚР Заңы қабылданды.

Кірістерді орталық пен өңірлер арасында ұзақ мерзімді нормативтердің негізінде бөлуге көшу жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 1996 жылы заңды тұлғаларға салынатын акциз және табыс салығы, ал 1997 жылдан бастап – қосылған құн салығы бойынша нормативтерді тұрақты ету ұсынылды. Сөйтіп, 1998 жылы бір ғана реттелетін кіріс – төлем көзінен ұсталатын, жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы қалды. Осы тәсілдеме әкімдердің әр өңірде өндірісті дамытып, оны нығайту мүддесін көтермелеп, жергілікті жерлерде нақты қаржы базасын құруға ықпал етіп, бюджеттің кірісін бірнеше жыл бұрын болжауға мүмкіндік берді.

Бюджетті қалыптастыру мен оның атқарылу үдерісі халықаралық стандарттардың талаптарына бейімделе бастады. 1996 жылдан бастап бюджеттің атқарылуы ескі және жаңа бюджеттік сынып-

тама бойынша қатар жүзеге асырылды. Бұған елімізде қаржы ағындарының қозғалысын неғұрлым толық көрсететін мемлекеттік қаржы статистикасының құрылуы себеп болды. Жаңа Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары мен Бас шоттар жоспарының кең ауқымда іске асырылуы Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануына ықпал етіп, өндіріс пен инфрақұрылымды дамытуға шетел инвестицияларының түсуін қамтамасыз етті.

1996 жылдан бастап республикалық бюджеттің кірістерін бюджетке есепке алу мен жасалған кассалық шығысты есептен шығару жөніндегі барлық операциялары бірыңғай қазынашылық шот арқылы жүзеге асырылады. Қазынашылық жүйесінің жұмысы мемлекеттік ұйымдардың функцияларын орындау үшін қажетті бюджет қаражатымен қамтамасыз ету үдерісін жетілдіруге, бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп және есеп беру жүйесін жақсартуға, бюджет қаражатын мақсатқа орай және тиімді пайдаланылуын бақылауды күшейтуге мүмкіндік берді.

1998-1999 жылдары әкімшілік-бюджеттік реформа жүргізіліп, оның ауқымында республикалық және облыстық билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктер шектелді. Мемлекетке тән емес функциялардың бөлігі жекеменшіктік секторға беріліп, мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік секторға қызмет көрсететін ұйымдар шешетін мәселелердің ауқымы нақты анықталды.

2000 жылдан басталған кезеңде әлеуметтік саясат басымды рөл атқарды. Осы кезеңде бірқатар өте маңызды заңдар мен стратегиялық мемлекеттік бағдарламалар: Үкіметтің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимылдар бағдарламасы, Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күресу жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама, еңбек туралы заң, әлеуметтік әріптестік туралы заң, жұмыспен қамту туралы заң, мемлекеттік нысаналы әлеуметтік көмек туралы заң, республиканың Салық заңы, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заң қабылданды.

Осыған байланысты еліміздің Үкіметі реформалардың әлеуметтік бағдарын күшейтіп, жұмыссыздықты қысқарту мен кедейшілікпен күресуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі қызметті күшейтті.

2001 жылғы 6 желтоқсанда бюджетті жоспарлаудан бастап бюджеттің атқарылуымен аяқталатын бүкіл бюджеттік үдерісті реттеу қарастырылған «Бюджет жүйесі туралы» ҚР Заңы қабылданды. Аталмыш Заңда бюджет қаражатын жоспарлау мен оны пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігіне бетбұрыс жасау көзделген.

Бюджеттік үдерістің жаңа тәсілдемелерінде бюджеттің атқарылуының нәтижелері бөлінген бюджет қаражатының игерілу дәрежесімен емес, жүргізілетін бюджеттік саясаттың әлеуметтік маңызды нәтижелеріне жетумен анықталатыны қарастырылған. Бұл бюджет шығындарын сметамен қаржыландырудан бірте-бірте бас тартып, мемлекеттік органдардың стратегиялық бағыттары мен мақсаттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге және осы қызметтерді жүзеге асыруға бюджет қаражатын бөлуді білдіреді.

Жаңа жағдайда мемлекеттік органдардың алдына олардың бюджеттік өтініштерін осы күнге дейін жасалып келгендей шығын тұрғысынан емес, өздерінің қызметінің нәтижесіне сәйкес негіздеу міндеті қойылады. Бюджеттік бағдарлама «міндет-шығындар-тікелей нәтиже (көрсетілген бюджеттік қызметтің көлемі)» байланысты айқын көрсетуге тиіс. Мұның өзінде бюджеттік бағдарламалар қызметтер деңгейінде қалыптастырылады және мемлекеттік органның жоспарланған шығыстарының, сапа көрсеткіштері мен ол көрсететін қызметтер санының және оның стратегиялық мақсаттарының байланысын айғақтауға тиіс. Сөйтіп, мемлекеттік органдардың қызметін олардың өз функцияларын формальді түрде орындап, бюджет қаражатын игеруден азаматтарға, заңды тұлғаларға, Үкіметке, Парламентке сапалы қызмет көрсетуге және түпкілікті нәтижеге жетуге бетбұрыс жасауға қол жеткізіледі.

Қазақстан осы жылдары әлеуметтік мұқтажға жұмсалатын бюджет шығындарын едәуір арттырды. Тек соңғы 10 жылда орташа айлық еңбекақы 5 есеге артты, ал зейнетақының орташа айлық көлемі 3 есеге өсті.

2009 жылы Қазақстанның экономикасы ғаламдық экономикалық дағдарыс, мұнайдың, металдың және басқа да ресурстардың әлемдік бағасы төмен деңгейде болған кезде дами бастады. Сонымен бірге Үкіметтің, Ұлттық банк экономика мен қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі

2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспары ауқымында экономика секторларын мемлекеттік қолдаудың қолданылған іс-шараларын іске асырудың арқасында Қазақстан 2009 жылы ЖІӨ-дің 1,1% деңгейінде өсуін қамтамасыз етті.

2009 жылы мемлекеттік шығыс көлемінің біршама төмендеуіне қарамастан, мемлекеттің бюджеттік саясаты мемлекет өзіне алған барлық, оның ішінде бірінші кезекте әлеуметтік міндеттемелерді, сондай-ақ жұмыспен қамтуды қоса алғанда, еліміздің халқын әлеуметтік жағынан қолдауға жанама әсер ететін іс-шараларды толық әрі уақытында жүзеге асыру үшін қаржылық ресурстарды жұмылдырып, шоғырландыруға бағытталды.

Қазақстан 2010 жылдан бастап Ел экономикасының үдемелі индустриялдық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыруға кірісті. Индустрияландыру саясатын іске асыру ұлттық экономиканы жылдам әртараптандыруды, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Егер Қазақстанда бір қызметкер жылына 17 мың доллардың өнімін өндірсе, әлемнің дамыған елдерінде осы көрсеткіш 90 мың доллардан асады, демек, республика экономикасы сапасының өсуіне әсер ететін инновацияларды қаржымен қолдауды қамтамасыз ету қажет. Ел экономикасының дамуына, сондай-ақ ірі инвестициялық жобаларды іске асыру де септігін тигізеді.

2010-2014 жылдары Қазақстанда нақты ЖІӨ-ді 15,7%-ға өсіру көзделеді. 2014 жылдың соңында инфляцияның деңгейі 7%-ға дейін төмендетілетін болады.

Алдағы орта мерзімді кезеңде мемлекеттің фискалдық саясаты әлемдік экономикалық және қаржылық дағдарыстың салдарын еңсеру, мемлекеттік басқару жүйесін сауықтыру мен жетілдіру және экономиканы қалпына жылдам келтіру және одан әрі сапалы өсуін қамтамасыз ету үшін жоспарлау жөніндегі шаралар кіретін үш бағыт бір уақытта жүргізілетін болады.

Сонымен бірге жаңа Бюджет кодексінде кейбір өзекті проблемалардың шешілмеуіне байланысты, еліміздің бюджет жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

1. Шығыстарды шектеу мен кірістері бюджеттердің арасында бөлудің қолданылатын механизмі жергілікті бюджеттердің салық базасы мен өңірлер бойынша бюджетті тегістеуді нығайтуға ынталандырмайды. Практика көрсеткендей, трансферттерді пайдалану салық түсімдерінің республикалық бюджетте орталықтандырылып, олардың орталық уәкілетті органның қалауы бойынша өңірлердің арасында қайта бөлінуіне әкеп соқтырды.

Талдау жергілікті бюджеттер кірістерінің құрылымында соңғы бес жылда трансферттер үлесінің артқанын, ал салықтық түсімдердің өзіндік салмағының төмендегенін айғақтады. Жергілікті бюджеттердің шығындарында республикалық бюджетке берілетін трансферттердің сомасы осы кезеңде 2,5 есеге ұлғайды. Республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге берілетін трансферттер де 3 есеге өсті. Осы фактілер республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінен транферт арқылы реттелетін қатынастары жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің республикалық бюджеттің атқарылуына тәуелділігін арттыратынын көрсетеді. Сонымен бірге бюджеттер деңгейлерінің арасындағы қарама-қарсы қаржы ағындары ұлғайды. Мұның өзінде атқарушы органдар мақсатты трансферттерді көбінесе тиімсіз пайдаланады.

Соңғы жылдары субвенциялық облыстардың саны артып келеді, салық әлеуеті зор Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстары да субвенциялық облыстар қатарына жататын болды. Мұндай жағдайда мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту проблемасын шешу өте қиын.

Біздің ойымызша әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасының жақсаруына қоғамның өте маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталатын қыруар бюджет қаражаттарының тиімді жұмсалуын бақылауды әлі де болса күшейту қажет.

Бюджет кодексінде нақты лауазымдық тұлғалардың бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану үшін жауапкершілік шаралары жазылмаған. Мұның өзінде бюджет бағдарламаларының әкімшілеріне бюджеттік бағдарлама ауқымында бюджет қаражатын жұмсауда толық дербестік беріледі, сондықтан Бюджет кодексінде сондай нормалар болуы тиіс. Дербестік жақсы нәрсе, сөйтсе де бюджет қаражатын пайдалану үшін жүктелетін жауапкершілікті арттырған орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі – Алматы: ЮРИСТ, 2010 ж.*
2. *Программа форсированного индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010-2014 годы.*
3. *Құлпыбаев С., ЫнтықбаеваС.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық/ – Алматы. Экономика, 2010 ж.*
4. *http://www.minfin.kz/.*

Түйін

Бұл мақалада Қазақстанда бюджет жүйесін жетілдіру, экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеудің пәрменді механизмін құру, мемлекеттік бюджеттің қаражатын тиімді пайдалануға байланысты шаралар қарастырылған.

Резюме

В данной статье рассматривается проводимая в Казахстане колоссальная работа по совершенствованию бюджетной системы, созданию адекватного механизма государственного финансового регулирования экономики, повышения эффективности финансового контроля за использованием средств государственного бюджета.

Resume

This article discusses conducted in Kazakhstan, a tremendous work to improve the budgetary system, the creation of an adequate mechanism for public financial management of the economy, improvement financial controls over the use of state budget.

БИКТЕУБАЕВА А.С.
к.э.н., ст. преподаватель кафедры
«Бухгалтерский учет, КаЭУ им. Т. Рыскулова

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ СТРАХОВОГО РЫНКА КАЗАХСТАНА

Страховой рынок сегодня, в широком смысле, представляет собой особую специфическую сферу финансовой системы со своей динамично развивающейся инфраструктурой, основанную на инвестировании доходов в другие отрасли и сектора экономики, что определяет значимость современной страховой деятельности и ее роль в развитии отечественного бизнеса.

Роль страхования на каждом конкретном этапе социально-экономического развития общества определяется теми задачами, которые ставят перед ним постоянно совершенствующиеся рыночные отношения. В настоящее время страховой рынок характеризуется достаточно высокой степенью присутствия страховщиков через филиалы, представительства, сети страховых агентств в регионах, являясь эффективной системой защиты организаций от предполагаемых рисков, фактором экономической стабильности, стимулом расширения предпринимательской деятельности, а также средством формирования долгосрочных инвестиционных ресурсов [все возможные риски не застрахованы ни в одной стране мира:

- объем страховых сборов ведущих стран – это не только внутренние, но и внешние операции, т.е. часть чужого ВВП;
- значительная часть поступлений по страхованию жизни в казахстанские компании не имеет никакого отношения к защите от рисков.

Таким образом, отечественный страховой рынок является достаточно привлекательным, поскольку в настоящее время он представляет собой практически неосвоенный сектор экономики, в РК страховой защитой охвачены далеко не все объекты, подлежащие страхованию.

Страхование – специфическая сфера деятельности, в которой задействованы жизненные интересы многих юридических и физических лиц, имеющих договоры страхования, гарантирующих страховую защиту на случай наступления непредвиденных, порой чрезвычайных событий. Поэтому она должна быть надежной, свободной от пагубных влияний недобросовестной конкуренции. К примеру, в конкурентной борьбе непозволительно снижать страховые тарифы до уровня, при котором ставится под угрозу финансовая устойчивость страховщика [5, с. 69].

В результате становления страховой деятельности обозначились следующие предпосылки его развития: укрепление негосударственного сектора экономики, появление разных организационно-правовых форм частной собственности, снижение уровня гарантий, предоставляемых системой государственного страхования; либерализация допуска иностранных страховых компаний на казахстанский рынок.

Тем не менее, согласно данным АФН РК следует отметить стабилизационные тенденции развития страхового дела (табл. 1).

1. Показатели деятельности страховых организаций Казахстана

Наименование показателей	2008 г.	2009 г.	2010 г.
Число учтенных страховых организаций	41	44	41
Уставный капитал, тыс. тенге	38 745 299	40 618 311	76 367 279
Страховые премии (взносы), млн тенге	9 647 434	13 347 308	14 726 992
Страховые выплаты, тыс. тенге	2 741 831	2 470 804	2 854 185
Страховые премии (взносы) по договорам, переданным в перестрахование (без учета ретроцессии), млн тенге	3 140 827	6 884 361	6 521 783
Прибыль, млн тенге	3 653 736	(-1 510 317)	1 127 256
Примечание: на основе данных АФН РК			

По состоянию на 1.01.2011 года на страховом рынке Республики Казахстан осуществляли лицензионную деятельность 41 страховых организаций (в том числе: 7 – по страхованию жизни), 14 страховых брокеров и 77 актуариев (табл. 2).

2. Структура страхового рынка РК

Институциональная структура страхового сектора	1.01.2010г.	1.01.2011г.
Количество страховых организаций, в т.ч.	44	41
по страхованию жизни	7	7
Количество страховых брокеров	13	13
Количество актуариев	63	70
Примечание: на основе данных АФН РК		

На отчетную дату 27 страховых (перестраховочных) организаций являются участниками АО «Фонд гарантирования страховых выплат».

По состоянию на 1.04.2011 года совокупный размер собственного капитала страховых организаций составил 216 528,0 млн. тенге (табл. 3).

3. Финансовые показатели страхового рынка РК, млн тенге

Финансовые показатели	1.04.2010г.	1.04.2011г.	Изменение по сравнению с 1.04.2010г., в %
Совокупные активы	327 433,4	366 653,5	12,0
Обязательства	139 835,3	150 125,4	7,4
в т.ч. страховые резервы	117 923,2	128 570,3	9,0
прочие обязательства	21 912,1	21 555,2	-1,6
Собственный капитал (по балансу)	187 598,1	216 528,0	15,4
Примечание: на основе данных АФН РК			

Совокупный объем активов страховых организаций на 1 апреля 2011 года составил 366 653,5 млн тенге, что на 11,9% больше аналогичного показателя на 1 апреля 2010 года, что можно увидеть в таблице 4.

4. Структура активов страховых компаний РК, млн тенге

Активы	1.04.2010 г.		1.04.2011 г.		Изменение по сравнению с 1.04.2010 г., в %
	Сумма	доля, %	Сумма	доля, %	
Деньги	14 479,0	4,4	27 587,4	7,5	90,5
Вклады размещенные	80 822,5	24,7	77 349,5	21,1	-4,3
Ценные бумаги	126 001,5	38,5	170 463,7	46,5	35,3
Операция «обратное РЕПО»	9 628,3	2,9	5 569,2	1,5	-42,2
Страховые премии к получению от страхователей и посредников	18 819,2	5,7	18 096,3	4,9	-3,8
Основные средства	4 645,5	1,4	6 658,6	1,8	43,3
Активы перестрахования	54 316,3	16,6	45 049,6	12,3	-17,1
Прочая дебиторская задолженность	12 870,8	3,9	9 495,4	2,6	-26,2
Другие активы	5 850,3	1,8	6 383,8	1,7	9,1
Итого активы	327 433,4	100,00	366 653,5	100,0	12,0
Примечание: разработана автором на основе данных АФН РК					

По состоянию на 1 апреля 2011 года сумма обязательств страховых (перестраховочных) организаций составила 150 125,4 млн тенге, что на 7,0% больше, чем на аналогичную дату прошлого года.

На отчетную дату объем страховых резервов, сформированных страховыми (перестраховочными) организациями для обеспечения исполнения принятых обязательств по действующим договорам страхования и перестрахования, составил 128 570,3 млн тенге, что на 8,6% больше объема сформированных резервов на 1 апреля 2010 года.

В рассматриваемом периоде наблюдается уменьшение уровня концентрации страхового рынка по страховым премиям и страховым выплатам. На долю 5 крупнейших страховых компаний приходится 42,8% совокупных страховых премий и 27,7% страховых выплат. Доля пяти крупнейших страховых компаний в совокупных активах страхового рынка составила 52,2%.

Система государственного страхования, предоставляющая минимальный уровень социально-экономических гарантий, не обеспечивает их адекватность в рыночных условиях, что приводит к появлению новых форм и видов страхования. Происходящие преобразования в системах пенсионного обеспечения и медицинского страхования, привлекая дополнительных участников страховых отношений, способствуют расширению сферы деятельности страховщиков на рынке страховых услуг.

Рис. 1. Анализ динамики активов, собственного капитала и страховых резервов
Примечание: взято из отчетов АФН РК

Либерализация допуска иностранных страховых компаний на казахстанский рынок обусловлена, с одной стороны, процессом увеличения емкости национального страхового рынка, требующего участия иностранных страховщиков, поскольку казахстанские потребители страховых услуг, особенно по страхованию рисков в предпринимательской и финансовой деятельности, объективно заинтересованы в расширении иностранного присутствия в этом секторе. С другой стороны, по статистическим данным иностранный страховой капитал участвует лишь в одной трети совместных страховых компаний; остальные две трети учредителей являются не профессиональными страховщиками, а лишь оффшорными инвесторами [7].

Развитие интеграционных связей и внешних экономических отношений с участием зарубежных страховых компаний требует дальнейшего усовершенствования нормативного регулирования и систематизации государственного воздействия. В рамках этой проблемы был принят Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года № 126-II «О страховой деятельности» [8]. Необходимо отметить своевременность и существенность мер, принимаемых государством для защиты отечественного страхового бизнеса. Однако нельзя исключать положительного влияния, оказываемого притоком иностранного участия, на деятельность казахстанских страховщиков по следующим направлениям:

- повышения качества и расширения спектра предоставляемых услуг;
- распространения технологических и управленческих новаций;
- увеличения емкости рынка;
- совершенствования правовой системы;
- повышение квалификации специалистов страховой сферы;
- обеспечение большими гарантиями страхователей;
- формирование адекватной структуры страховых тарифов.

Хотя иностранные инвестиции в уставные капиталы отечественных страховых компаний представляют собой дополнительный приток капитала в страну, их абсолютная величина по отношению к другим каналам притока капитала является незначительной. Кроме того, деятельность организаций с участием иностранного капитала в дальнейшем приводит к оттоку валютных средств в результате совершаемых операций перестрахования, которые являются потенциальными внутренними инвестиционными ресурсами. Следует отметить, что возможности введения ограничительных мер в условиях реальной международной конкуренции не позволяют обеспечить надлежащий уровень развития страхового рынка. Мерами государственного воздействия необходимо стимулировать сохранение только стратегических видов и направлений страхования за компаниями, полностью контролируемыми отечественным капиталом. Собственные ресурсы отечественных страховых компаний ограничиваются следующими требованиями к величине уставного капитала, который в настоящее время установлен законодательством на уровне 1,2 млрд тенге, на следующий год планируется повысить этот уровень до 1,5 млрд тенге [завышенный уровень страховых тарифов;

- отсутствие положительной деловой репутации страховых компаний, формирующей ее высокий имидж, стажа страховой деятельности, работа сразу с несколькими видами страхования;

- низкое качество обслуживания, связанное с излишне бюрократичным подходом к заключению договоров страхования;
- недостаточная квалификация персонала страховых компаний, требующая создания и организации системы подготовки кадров страховщиков. Учитывая специфику страховой деятельности, инвестирование в подготовку персонала становится одним из важных направлений действий страховщиков, поскольку на практике страховым агентам предоставляются полномочия от привлечения страхователей до квалифицированной оценки страхового риска. Это обязывает их обладать определенными знаниями в страховом деле, однако из-за отсутствия единых квалификационных требований к профессиональной деятельности страховых посредников, пока не разработаны стандарты их обучения [12].

Все это обусловливает необходимость перехода страховых организаций к новой модели экономического роста, базирующейся на инновационном типе развития страхования, что требует:

- обеспечения увеличения спроса на услуги постоянных и потенциальных клиентов через освоение принципиально новых видов или улучшенных услуг, а также расширение сферы сбыта;
- непрерывного развития инновационного потенциала компаний (постоянное обучение и самоисследование) и создание условий, необходимых для реализации новшеств;
- комплексный подход, когда технические, экономические, социальные инновации тесно взаимосвязаны между собой и взаимно продвигают друг друга;
- мобилизацию персонала;
- экономическое стимулирование работников;
- учет рисков (чем выше риск, тем выше потенциальный экономический эффект от реализации инновации).

Нововведение должно быть ориентировано на более полное удовлетворение потребностей клиентов компании в условиях постоянно меняющейся рыночной конъюнктуры. Каждую страховую услугу следует рассматривать как объект постоянных изменений. Однако решение о внедрении инновации не всегда означает ликвидацию старого продукта. Инновацию порождает и стремление продлить жизненный цикл продукта, совершенствуя его характеристики. Такая инновация сводится к модификации или внедрению новой функции уже существующего продукта (услуги). При разработке новой или улучшении существующей услуги главными составляющими элементами являются ее преимущества по сравнению с аналогичными продуктами и возможными продуктами-заменителями; целевой сегмент рынка; развитие и возможные изменения систем сбыта; общие затраты на разработку, производство и сбыт.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Журавлев Ю.М., Секерж И.Г. Страхование и перестрахование. – М.: Анкил, 1993. – 184 с.*
2. *Калашникова Н.Н. Учет доходов страховой деятельности и анализ их достаточности. / Саратов, 2005. – 200 с.*
3. *Бахрушина М.А. Учет затрат по функциям и стратегическое управление ими. // Справочник экономиста. 2004. – № 11. – С. 40-46.*
4. *Коломин Е.В. Основные предпосылки и направления повышения социально-экономической эффективности страхования. // Финансы. – 2006. – №5. – С. 49-54.*
5. *Жуйриков К., Назарчук И., Жуйриков Р. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт. – Алматы: ОФ «БИС». – 2000. – 384 с.*
6. *Официальный сайт АФН РК. – www.afn.kz*
7. *Постановление Национального Банка Республики Казахстан «Об утверждении инструкции о порядке размещения страховых резервов» от 25.12.1999 № 440.*
8. *Закон Республики Казахстан «О страховой деятельности» от 18 декабря 2000 года N 126.*
9. *Постановление Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций «Об утверждении* **Инструкции** *о нормативных значениях и методике расчетов пруденциальных нормативов страховой (перестраховочной) организации, норматива доста-*

точности маржи платежеспособности страховой группы, формах и сроках представления отчетов о выполнении пруденциальных нормативов» от 22 августа 2008 года № 131.

10. *Жуйриков К.К. Страхование в Казахстане: пути дальнейшего развития. – Алматы: Жибек жолы. – 1994. – 278 с.*
11. *Ежова А.Ю. Признание страховой премии доходом страховщика // Налогообложение, учет и отчетность в страховой компании. – 2007. – № 1.*
12. *Ефимов С.Л1. Справочник бухгалтера страховой компании / – М.: РосКонсульт, 1998. – 203 с.*

Резюме

В данной статье проанализировано современное состояние страхового сектора экономики Казахстана. Определены проблемы, тормозящие дальнейшее развитие страхового дела в РК. Даются положительные стороны и особенности страхового рынка страны и определена модель инновационного развития страхового сектора.

Resume

This article reviews the current status of the insurance sector in Kazakhstan. The problems hindering the further development of insurance business in Kazakhstan. Given the positive aspects and features of the insurance market and the model of innovation development of the insurance sector.

Түйін

Қазақстан экономика сақтандыру секторының қазіргі күйі осы бапта талқылаған. ҚР-дағы сақтандыру ісінің ары қарай дамыту бөгелтетін мәселелер анықталған. Оң тараптар және елдің сақтандыру нарығының ерекшеліктері беріледі және сақтандыру секторының инновациялық дамытуын моделі анықталған.

ОМАРБАЕВА А.К.
экономика ғылымдарының докторы,
Қазақстан-Британ техникалық университетінің ассистент-профессоры

ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Әлемдік қаржы нарықтарының негізгі қызметтері банктердің және басқа да несиелік институттардың депозиттік және несиелік операциялары арқылы немесе құнды қағаздар операциялары арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, әлемдік қаржы нарығының құрылымында валюталық сегменттен басқа да өзара байланысты екі сегмент қалыптасты – әлемдік несиелік және қор нарығы.

Әлемдік қаржы нарығына қайтарымдылық, мерзімділік және пайыздық төлем шарттары бойынша әлемдік деңгейде жүзеге асырылатын ссудалық капитал қозғалысын жатқызамыз. Әлемдік несие деңгейі әлемдік экономиканың жаһандану үдерісінің дамуына байланысты өсіп отыр, сонымен қатар оның катализаторы болып табылады.

Әлемдік несиелік нарықтағы несиегерлер – банктер, бірінші кезекте ТҰК, банктік емес несиелік институттар, қаржы саласына қатыссыз компаниялар – ТҰК, үкімет, халықаралық және аймақтық қаржы ұйымдары (Дүниежүзілік Банк, ХВҚ, ЕҚДБ т.б.).

Әлемдік қор нарығы – әлемдік қаржы нарығының жеке сегменті, онда эмиссия және халықаралық құнды қағаздар айналымы жүзеге асырылады. Әлемдік экономиканың жаһануына байланыс-

ты халықаралық акциялар айналымы өсіп келеді. Негізінен акциялар саудасымен айналысатын қор биржаларының бірігу тенденциясы пайда болды.

Бірақ, әлемдік акциялар нарығы шын мәнінде жаһандық емес. Әлі күнге көптеген елдерде резидент еместердің акцияларын биржада тіркеуге шектеу қойылады. Халықаралық айналымға негізінен дамыған елдердің компанияларының шағын топтарының акциялары түседі; бұл нарықтағы дамушы елдердің үлес салмағы шамалы, тіпті күннен-күнге азайып бара жатыр деген сөз. Бірақ жаһандану акциялардың дамушы елдер нарығынан шығып, әлемдік айналымға түсуін талап етеді. Нәтижесінде, депозитарлық қолхаттар – құнды қағаздар қолданыла бастады, ол құнды қағаздарды «ашық емес» компаниялардың акцияларын сатып алып, оларға қатысты қауіптердің белгілі бір бөлігін өз мойнына ала отырып банктер шығарады. Мұндай қосалқы құнды қағаздар банктің шетелдік акциялардың иесі екенін дәлелдейді.

Соңғы 30 жылда қаржы нарығы әлемдік сауда қызметі мен инвестициялық ағындарға қызмет көрсету бағытында дами бастады.

Бір жағынан, қаржы ағындарының маңызды бөлігі – қылмыстық жолмен табылған ақша қаражаттары, яғни, көлеңкелі экономиканы қаржыландыруға, ұйымдасқан қылмыстық топтарды және мемлекеттік коррупциялық аппаратты қаржыландыруға жұмсалатын қаржы.

БҰҰ статистикалық мәліметтеріне сәйкес, халықаралық қаржы ағыны жүйесінде күніне шамамен 300 млн. долл. легализацияланады. Есірткі бизнесінің жылдық айналымы (400 млрд. долл.), яғни көлемі жағынан мұнай және қару-жарақ бизнесінен кейін үшінші орында тұр.

Екінші жағынан, нарықтық шаруашылық жүйесіне неғұрлым көп елдер тартылса, олардың көпшілігі негізінен спекулятивтік капитал реципиенттеріне айналады. Соның нәтижесінде, олар өздері маманданған капитал қозғалысының жылдамдығымен дәстүрлі, материалдық технологияларды құру мерзімінің сәйкес келмеуіне байланысты қиындықтарға тап болады.

Мемлекет тарапынан қолдау табатын, қаржы операцияларын алдын ала ырықтандыруға бағытталған масштабты спекулятивті капитал салымы, экономикалық құрылымы мен сараптамалық базасы дамымаған елдер үшін тиімсіз. Себебі, бұл елдерде капитал ештеңеге қызмет етпестен, қайта сыртқа кетеді.

Компьютерлік және телекоммуникациялық жүйені, алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу өнімділікті арттырады, экономикалық дамуды қамтамасыз етеді, әлемдік қаржылық-технологиялық интеграцияға әсер етеді, соның әсерінен бәсекелестік те артады.

Бұл технологияларды меңгеру қаржы капиталының неғұрлым мобильді формасын - спекулятивті капиталды тартуға ықпал етеді. Оның қысқа мерізім ішіндегі айналымы ақпараттық технологиялардың даму жылдамдығына сәйкес келеді және ақпаратты алушы үшін ол өндірістік сипатта болады.

Әлемдік қаржы саласында құнды қағаздар нарығының алатын орны екі түрлі тұрғыдан бағаланады: әр түрлі қаржы көздерінен тартылатын қаражат көлемі тұрғысынан және қандай да бір нарыққа еркін ақша қаражатын салу тұрғысынан. ҚҚН қаржы ресурстарын қайта бөлудің және капиталды қайта бөлудің тиімді механизмі болып табылады [1].

Қазақстанда құнды қағаздар нарығының құрылғанына аз ғана уақыт болды. Отандық қор нарығын дамытудың басым бағыттарының бірі – пайдалы қаржы құралдарының көптеген түрлерін қалыптастыру.

Аталмыш бағыттың негізгі міндеттерінің бірі – жаңа қаржы құралдарының пайда болуына және қалыптасуына жағдай жасау, ықпал ету, бұл шаралар инвесторлардың несиелік қауіптерді салымдарды диверсификациялау жолдары арқылы қайта бөлулеріне ықпал етеді, ал кәсіпорындардың - эмитенттерді – жаңа займ алу көздерін – банк неиселерінің арзан альтернативаларын іздеп табуларына мүмкіндік береді.

Бұл міндеттерді іске асыру үшін, келесі бағыттар бойынша бірқатар процедуралар мен шаралар жүзеге асырылуы қажет:

Қазақстандық акциялар мен облигациялардың инвестициялық тиімділіктері мен тартымдылықтарын арттыру, соған байланысты негізінен корпоративтік басқару нормаларына, шағын акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаларына баса назар аударылуы тиіс, акционерлік қоғамдардағы

төлем тәртібіне және акционерлік қоғамдардың қызметінің ашықтығына, құнды қағаздар салығы жөніндегі салық заңын жетілдіруге көңіл бөлген жөн.

Қарыздық міндеттемелер нарығын дамыту, оның аясында жаңа облигация түрлерінің (агенттік және ипотекалық) қалыптастыру шаралары іске асырылады және ақша нарығының жаңа құралдары пайда болады (коммерциялық құнды қағаздар және депозиттік сертификаттар).

Туынды құнды қағаздар нарығы мен қаржы құралдарын дамыту, оның аясында қазақстандық депозитарлық қолхаттарды шығару және қалыптастыруды ынталандыру шаралары жалғастырылады және қарыздық міндеттемелерге құрылымдық және будандық туынды құралдарды, хеджирлеу құралдарын қалыптастыру, пайыздық және валюта қауіптерін реттеу құралдары мен келісімшарт құралдарын қалыптастыру шаралары атқарылады.

Депозиттік сертификаттар айналымға түсетін нарықтарды іске қосу екінші деңгейлі банктердің жаңа займ көздерінің пайда болуына және олардың депозиттік базаларының кеңеюіне ықпал етеді, ал олар бойынша сыйақы төлеу мерізімі мен тәртібін айқындау аталмыш құралдардың өтемпаздығын арттыруға ықпал етеді.

Коммерциялық құнды қағаздар түріндегі жаңа құралдардың пайда болуы айналымдағы активтерді қаржыландыруға байланысты қарыздарды азайтуға және уақытты үнемдеуге ықпал етеді, коммерциялық құнды қағаздар әлемдік тәжірибеде қысқа мерзімдік қарыздық міндеттемелер болып саналады, олардың нақтылы белгіленген кіріс мөлшері болады.

Облигациялар мен вексельдердің ең сапалы қасиеттерін жинақтаған коммерциялық қағаздар кеңінен таралады. Корпоративтік облигациялармен салыстырғанда, коммерциялық қағаздар эмиссиондық емес құнды қағаздар болып саналады, яғни – эмиссияларды тіркеу шығындары азаяды және айналым мерізімін таңдауда да артықшылық болады деген сөз. Коммерциялық қағаздардың вексельдерден басты айырмашылығы – олар тек стандарттық ережелерге сәйкес шығарылады, орталықтандырылған тіркеу жүйесі бар және ұйымдасқан нарықта айналымға түсе алады.

Аталмыш жобаны жүзеге асыру несиелендіру ставкаларының төмендеуіне және теңге массасын қаржы нарығы аясында қайта бөлуге ықпал етеді, теңге ресурстарының бір бөлігін валюталық нарықтан алып, қысқа мерізімдік инвестициялардың жаңа құралына салады.

Агенттік облигациялар нарығын іске қосу қаржы агенттіктеріне мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда тиімді займдар алу саясатын жүргізуге ықпал етеді.

Теңгенің орташа алынған айырбас бағамы 2007 жылы доллар үшін 122,61 теңге болды. Кезеңнің аяғында биржалық бағам доллар үшін 120,30 теңге болды. Бір жылда номиналдық көрсеткіште теңге АҚШ долларына 5,28% нығайды. Девальвацияның барынша жоғары жылдамдығы мамырда және тамызда (тиісінше 1,93% және 2,16%), ревальвация – сәуірде және қыркүйекте (тиісінше 3,02 және 4,19%) байқалды.

2007 жылы теңгенің еуроға қатынасы бойынша ресми бағамы – 6,01%, ресей рубліне – 2,07% құнсызданды. 2007 жылы биржада, сол сияқты банкаралық нарықта шетел валютасымен операциялар көлемінің едәуір өсуі байқалды. Сауда-саттықтың үлкен көлемі энергия тасымалдауыштарға арналған әлемдік бағаның жоғары деңгейіне негізделген валюта түсімінің елеулі көлемінің сақталып отырған ағынымен, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың алыпсатарлық көңіл-күйімен айқындалды. Шетел валютасы ұсынысының басқа көзі екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыз алуды тартуы болып қалды. Мәселен, доллар позициясындағы биржалық сауда-саттық көлемі 2006 жылмен салыстырғанда 77,3% ұлғайып, 73,3 млрд. долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында резидент банктердің мәмілелерінің көлемі 2006 жылмен салыстырғанда 2,5 есе ұлғайды және 110,7 млрд. долл. болды.

Ресей рублімен және еуромен операциялар валюта нарығының биржалық және биржадан тыс сегменттері айналымында шамалы үлеске ие. Биржа нарығында ресей рублімен операциялар көлемі 411,3 млн. ресей рубліне дейін 2,6 есе ұлғайды, еуромен операциялар көлемі 6 млн. еуроға дейін 24 есе ұлғайды. Биржадан тыс валюта нарығында ресей рублімен конверсиялық операциялар көлемі 4031,0 млн. ресей рубліне дейін 2,2 есе ұлғайды, еуромен конверсиялық операциялар көлемі 373,8 млн. еуроға дейін 0,04% шамалы төмендеді.

Бір жылда айырбастау пункттерінің ресей рубльдерін нетто-сату көлемі 54,9% және 5,9 млрд. ресей руб. дейін, еуроны нетто-сату – 1,8 млрд. еуроға дейін 94,8%-ға ұлғайды.

Номиналды бағамдар динамикасының салыстырмалы тұрақтылығының сақталуына қарамастан жылдың аяғында негізгі әріптес елдердегі инфляция қарқынын басып озған Қазақстандағы инфляция қарқыны теңгенің нақты бағамының қымбаттау қарқынының жылдамдауына себепші болды. Егер шілденің аяғында НТАБ индексі 2006 жылғы желтоқсандағы деңгейден бар болғаны 4,1%-ға және 2000 жылдың аяғында есептелген НТАБ индексінің базалық мәнінен 5,1% жоғары болса (НТАБ индексі 2000 жылдың желтоқсанында = 100%), онда 2007 жылдың аяғында теңгенің сауда-әріптес елдерінің валюталарына қатысты нақты қымбаттауы 10,3% болды (НТАБ индексінің базалық мәнінің 11,2%).

Қазақстанның 2008 жылғы қаржы тұрақтылығын айқындаған факторлар кешенін бағалау (Қазақстанның қаржы тұрақтылығы туралы 2008 жылғы есеп) 2009 жылы экономикалық жағдайларды қалыптастыратын мынадай тәуекел факторларына ерекше назар аударды:

1) әлемдік экономикадағы белсенділіктің баяулауы мен әлемдік қаржы және тауар нарықтарының тұрақсыздығы жағдайында Қазақстанда экономикалық өсудің баяулау тәуекелдерінің ушығуы;

2) төлем балансындағы тәуекелдердің ұлғаюы нәтижесінде елдің халықаралық резервтеріне ауыртпалықтың өсуі;

3) қаржы жүйесін қорландырудың дәстүрлі көздерінің шектеулі болуы жағдайында банктердің клиенттерінің сенімін сақтап қалу маңыздылығы;

4) жылжымайтын мүлік секторындағы төмен баға деңгейлерін сақтау;

5) экономикалық өсудің күтілетін баяулауы және кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауы аясында провизияларды қалыптастыру бойынша шығыстардың өсуі жағдайында банктерді капиталдандыруды арттыру қажеттігі;

6) қолдау көрсететін саясаттан осалдық факторларын құрылымдық түзетуге бағытталған саясатқа біртіндеп өту қажеттігі;

7) акционерлердің өздеріне бұрын қабылдаған тәуекелдерінің қаржы жүйесі қатысушыларының шығындарды барабар бөлу қағидаттарымен мемлекеттің өктемдіктер тетіктерін әзірлеу қажеттігі.

Ағымдағы жылдың нәтижелері жасалған бағалардың барабарлығын дәлелдеді. 2009 жылғы ахуал тәуекелдің түрлі факторлары комбинациясының айтарлықтай тұрақсыздандырушы сипатта болатынын және мемлекеттен қаржы тұрақтылығына қолдау көрсету мақсатында көлемді қаржы және тұрақты араласуды талап ететіндігін көрсетті.

Атап айтқанда, әлемдік бағалардың төмендеуі және Қазақстанның негізгі сауда әріптес елдерінің валюталары құнсыздануының нәтижесінде теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының өлшемдері едәуір нашарлады, экономикалық белсенділіктің баяулау ауқымы өсті, экспорттық операциялардан түсетін шетел валютасының келуі айтарлықтай қысқарды. Нәтижесінде экономиканың валюталық дағдарысқа қатысты осалдық дәрежесін көрсететін және қаржылық әрі макроэкономикалық тұрақтылықтың экономикалық индикаторларының негізінде есептелген композиттік индикатор 2008 жылғы қарашаның өзінде шекті мәннен асып кетті, бұл валюталық нарықта қысқа мерзімді болашақта айтарлықтай қысымның туындау ықтималдығын көрсетті.

Өткен жылдың аяғындағы осалдықтың өсуіне ықпал еткен факторлар 2007 жылдағы кезеңмен салыстырғанда сол кезеңде сақталған қолайлы баға конъюнктурасының аясында сыртқы сауда операцияларынан түскен шетел валютасының тұрақты келуі және экономиканың нақты өсуі кредиттік өсу және ақшаны шамадан тыс ұсыну кезеңінде жинақталған тәуекелдердің әсерін аз шығынмен абсорбциялауға мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленді.

Ұлттық валютаның 2009 жылғы ақпандағы құнсыздануы және Ұлттық банк таңдаған ақша-кредит саясатының басым бағыттары нарықтағы алыпсатарлық күтулерді өтеуге мүмкіндік берді, кәсіпорындардың әлемдік тауар нарықтарының қолайсыз баға конъюнктурасынан болған залалдарын ішінара өтеді және төлем балансы дисбалансының кеңеюін шектеді.

Шикізат тауарларына әлемдік бағаның одан кейін өсуі экономиканың экспортқа бағытталған салаларына қосымша қолдау көрсетті, олар жылдың 2-жартысында өндірістің қайта қалпына келу динамикасын және қаржы көрсеткіштерінің жақсарғанын көрсетті. Тұтастай алғанда, тәуекелдер картасының бірқатар өлшемдерінің тәуекелдер болу аймағында 2 қала беруіне қарамастан осалдылықтың барлық салалары бойынша дерлік 2009 жылдың аяғында бағамдық саясат режимін ауыстыру туралы шешім қабылданған 2009 жылдың 1-тоқсанындағы ахуалға қатысты қысымның айтарлықтай төмендегені байқалды. Сонымен қатар өтімділікпен, төлем балансымен, жиынтық борыштық жүктememен және елдің халықаралық резервтерінің жеткіліктілігімен байланысты ахуал едәуір жақсарды.

Бұл ретте мемлекеттік сектордың төлем жасау қабілеті мен өтімділігі тәуекелдерінің біршама өскенін айта кету қажет. Төлем жасау қабілетіне борыштың өскендігі, ал өтімділік деңгейіне мемлекеттік бюджеттің мұнайға жатпайтын түсімдер түріндегі кірістерінің төмендеуі аясында борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша шығыстар негізгі қысым көрсетіп отыр.

Инфляцияның қысқа мерзімді болашақта төмен болып қала беруіне қарамастан, фискалды құрамдас бөліктің жоғары рөлі орта мерзімді болашақтағы инфляциялық әлеуетті айқындайды. Тиісінше, шығыстардың шектен тыс өсуін және бюджеттің мұнайға жатпайтын дефицитінің кеңеюін шектеу маңызды.

Бағамдық саясатты түзету экспортшылардың кірістілігіне қолдау көрсетуге, құнсыздануды күтуді барынша азайтуға мүмкіндік берді, ішкі сұраныстың төмен болуымен қатар импорттың өсуін шектеді. Бұл ретте ағымдағы бағаларға сәйкес төлем балансының ағымдағы шотының дефициті тұтастай алғанда 2009 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3%-ға жуық болғанына қарамастан ол тікелей инвестициялар түріндегі айтарлықтай капиталдың әкелінуімен қаржыландырылады деп күтілуде. Сыртқы сұраныстың және шикізат ресурстарына деген бағаның 2010 жылы одан әрі қайта қалпына келуі сыртқы экономикалық операциялар жанданып, төлем балансының ағымдағы операциялары бойынша профицит аздап қалыптасады деп болжам жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тікелей инвестициялар ағынының жоғары көлемдері сақталады.

Теңгенің айырбастау бағамының сауда операцияларының нәтижелеріне салыстырмалы өзгеруінің ықпалын талдай отырып, сыртқы сауданың елдік және тауарлық құрылымын назарға алу қажет. Еуропа елдерімен және долларлық аймақта сауда жасауда мұнайдың және басқа шикізат тауарларының, яғни бағамның салыстырмалы өзгеруінің ықпалына азырақ ұшырайтын тауарлар экспорты басым.

Ресей Федерациясымен сауда құрылымында тауарлық топтар, атап айтқанда валюталық бағамның салыстырмалы өзгеруіне анағұрлым сезімтал тұтыну тауарлары басым.

Тұтастай алғанда, теңгенің құнсыздануы тұтыну импортының көлемін, оның ішінде Ресей Федерациясынан, төмендетуге мүмкіндік берді.

Ұлттық банктің таза халықаралық резервтері 2009 жылғы қыркүйекте 2008 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 20,0 млрд. АҚШ долл. дейін 8,7%-ға төмендеді.

Олардың құрылымында ішкі валюта нарығында валютаны сату бойынша операциялар, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету және банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықты төмендету нәтижесінде таза валюталық қорлар қысқарды. Бұл төмендеу Ұлттық қордың активтерін қайта айырбастаумен және Үкіметтің Ұлттық банктегі шоттарына валютаның түсуімен, сондай-ақ алтындағы активтердің өсуімен өтелген жоқ.

Валюталық интервенциялар жағдайларының жиі болуы әлемде протекционизмнің өсуіне әкеп соғуы мүмкін.

Дамыған экономикалардың ішкі сұранысының жай-күйінің әлсіздігін ескере отырып, көптеген елдер арзан валюта саясатын жүргізе отырып, сауда жағдайларын жақсарту есебінен өздерінің өсулерін жақсартуға тырысуда. Бұл ретте АҚШ, Ұлыбритания және жақын уақыттан бері Жапония жүргізіп отырған сандық жұмсарту бағдарламалары имплицитті валюталық өктемдік ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ағымдағы шоттардың теңгерімсіздігін профицит шектеулерін ЖІӨ-нің 4% аспайтындай етіп белгілеу арқылы қысқарту жөніндегі АҚШ ұсынған шара ірі профицитті елдер – Қытай, Жапония және Германия тарапынан оң қолдау таппады.

Үлкен 20-лық басшылары 2010 жылғы қарашаның ортасында Оңтүстік Кореяда өткен жиналыста осы саладағы үйлестірілген іс-қимыл туралы келісімге келе алмады.

Негізгі мәселе «валюталық соғысқа» қатысатын елдердің саны көп болған сайын тарифтік емес протекционизм жағдайлары көп болады, ол халықаралық сауданың өсу қарқынының және тиісінше, экономикалардың ағымдағы қиын жағдайларда қайта қалпына келу қарқынының баяулауына әкеп соғады.

Тіпті Ресей және Белорусьпен Кеден одағына қарамастан Қазақстан үшін оқиғалардың бұлай өрбуінің мүлдем қажеті жоқ. Экономикалардың өсу қарқынының қайта қалпына келуі сауда балансының жай-күйіне және капитал ағынының жеткілікті деңгейінің сақталуына байланысты, ал халықаралық сауданың баяулауы 2010 жылы қол жеткізген тұрақтануды бұзады.

2010 жылы қолайлы баға жағдайлары жоғары экспорттық кірістерді қамтамасыз етті, бұл ағымдағы шотта оң көрініс тапты, ал елге тікелей инвестициялардың айтарлықтай көлемінің әкелінуі банктердің міндеттемелерін төлеумен байланысты капиталдың кетуінің орнын толтырды.

Қайта құрылымдаудың табысты нәтижелері банктердің сыртқы борышын құптарлық деңгейге дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Валюта бағамы тұрақтанды және нарықтағы күтулерге қарасақ, ҚР ҰБ-ның теңгенің валюталық дәліз режимінен еркін басқару режиміне көшу жөніндегі ниетін жариялағаннан кейіннің өзінде ол 2011 жылы қатты құбылмайды

2010 жылғы қаңтар-қыркүйекте ішкі валюта нарығында жандану көрініс тапты, оған қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктура, экономиканың бірқалыпты өсуі және айтарлықтай күйзелістердің болмауы себепші болды.

Ішкі валюта нарығында 2010 жылдың басынан бері шетел валютасын (негізінен АҚШ доллары) банктердің сатып алу-сату мәмілелерінің жиынтық көлемінің бірте-бірте өсуі байқалды. Мәселен, банктердің АҚШ долларын сатып алу көлемі қаңтардағы 14,6 млрд. АҚШ долл.-дан шілдеде 24,9 млрд. АҚШ долл. дейін өсті, ал сату көлемі – қаңтардағы 16 млрд.АҚШ долл.-нан шілдеде 23,6 млрд. АҚШ долл. дейін өсті.

Валюта нарығының жиынтық айналымының өсуі қазақстандық ірі кәсіпорындардың Қазақстан экономикасының біртіндеп жандануы аясында және әлемдік шикізат нарықтарындағы қолайлы конъюнктураға қатысты сыртқы экономикалық белсенділігінің айтарлықтай өсуіне негізделді.

Тұтастай алғанда, 2010 жылғы 9 айдың ішінде шетел валютасының ұсынысы (негізінен АҚШ долл.) оған қаржы институттарының және экономиканың нақты секторы субъектілерінің тарапынан сұраныстан асып түсті. Сонымен қатар жаз айларында Еуропаның және АҚШ-тың қаржы нарықтарының жай-күйіне қатысты күтулердің белгісіздігіне және еуроның АҚШ долларына қатысты бағамының құбылмалылығына негізделген банктер тарапынан АҚШ долларына сұраныстың өскені байқалды. Биржа нарығында теңге бағамына сұраныс (маусым-шілде) және ұсыныс (қаңтар-сәуір, тамыз) тарапынан қысымды ҚР ҰБ биржалық валюта нарығында операциялар жүргізу арқылы реттеді.

Сонымен қатар, тұрақты негізде валюталар бағамдарының мониторингі жүргізіледі, ай сайын айырбастау пункттерінің қызметіне талдау жасалады, айырбастау операциялары саласындағы бұзушылық статистикасы жүргізіледі.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 3061 айырбастау пункті жұмыс істеді, оның ішінде 1990 банктік айырбастау пункті, 1033 уәкілетті ұйымдардың (банктік емес заңды тұлғалардың) айырбастау пункті және «Қазпочта» АҚ-ның 38 айырбастау пункті. 2009 жылдың басымен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы айырбастау пункттерінің саны 368-ге қысқарды, оның ішінде банктердің айырбастау пункттері 179-ға, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері 185-ке, «Қазпочта» АҚ-ның 4 айырбастау пункті қысқарды. Бұл ретте жыл бойы барлығы 382 айырбастау пункті ашылып, 746 айырбастау пункті жабылды.

Салыстыру үшін, 2008 жылы айырбастау пункттерінің жалпы саны 52-ге ұлғайды, бұл ретте 791 айырбастау пункті ашылып, 741 айырбастау пункті жабылды.

Осылайша, 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы ашылған айырбастау пункттерінің саны жалпы қысқарған кезде (52%-ға, оның ішінде банктік еместер бойынша 25%-ға), жабылған айырбастау пункттерінің саны іс жүзінде сол деңгейде қалды, бұл валюта нарығының осы сегменті қатысушыларының тұрақтанудағы және нығаюдағы орнықты үрдісін көрсетеді.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау. Экспорттық-импорттық валюталық бақылау саласындағы қызмет 2009 жылы экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың түрлендірілген нұсқасын одан әрі жүзеге асыруға бағытталды.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау шеңберінде бизнестің жүктемесін төмендету мақсатында Ұлттық банк қабылдаған шаралар бөлігінде 2009 жылы мынадай жұмыс жүргізілді:

- көтерілген кезде мәміле паспортын ресімдеу қажет болатын шекті мән 2009 жылғы 1 қарашадан бастап 10 мың доллардан 50 мың долларға дейін ұлғайтылды. 2008 жылдың деректерін бағалау бойынша бұл негізінен шағын және орта бизнестің паспортизацияланатын сауда келісімшарттары санының үштен бірінен астамын қысқартуды қамтамасыз етеді. Бұл ретте мәміле паспортын жабу үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан қандай да болмасын құжаттар ұсыну талап етілмейді;

- артық бағандар мен бөлімдерді алып тастау арқылы мәміле паспортының нысаны оңайлатылды;
- 2009 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының жаңа Кеден кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы шеңберінде 295-баптың редакциясы келісілді, оған сәйкес Тәуекелдерді басқару жүйесі ескеріле отырып, мәміле паспортының көшірмесі сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың жекелеген санаттары ғана тауарлар шығару кезінде ұсынылатын қосымша құжаттардың тізбесінде көзделген (сары және қызыл дәліз);
- 2009 жылғы қыркүйекте Қазақстанның Қаржыгерлері қауымдастығының көмегімен тарифтік саясат, оның ішінде мәміле паспорты бойынша алымдар алу бөлігіндегі мәселелер бойынша ірі банктердің өкілдерімен кездесу өткізілді.

Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен (бұдан әрі – КБК) ақпарат алмасу арқылы экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында 2009 жылы мынадай мәселелерді талқылау үшін КБК өкілдерімен 2 кездесу өткізілді:

- Кеден одағы іс жүзінде жүзеге асырылған кезде экспорттық-импорттық валюталық бақылау саласындағы тәуекелдерді бағалау;
- экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде экспорттық-импорттық валюталық бақылау механизмін Бірыңғай электрондық терезе жүйесіне ендіру.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың қолданылып жүрген схемасын одан әрі жетілдіру және автоматтандыру мақсатында экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде Бірыңғай электрондық терезе жүйесін ендіру үшін ақпараттық жүйелерді интеграциялау жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмыс топтарының отырыстарына қатысты және осы бағытта шешім ұсынды.

Валюталық заңнаманың бұзылуын қарау үшін 2009 жылы Ұлттық банктің филиалдарына 4 мыңнан астам хабар келіп түсті.

2009 жылы Кеден одағы іс жүзінде жүзеге асырылған кезде экспорттық-импорттық валюталық бақылау саласындағы тәуекелдерді бағалау бойынша жұмыс жүргізілді. Кеден одағы іс жүзінде жүзеге асырылған кезде қарау және шешу талап етілетін мәселелер бойынша кездесулер өткізу жөнінде ұсыныс жіберілді және Қаржы министрлігінің, Индустрия және сауда министрлігінің және Статистика агенттігінің өкілдерімен кездесуге қатысты. Кездесу нәтижесі бойынша Кеден одағы ішіндегі репатриацияны бақылаудың қолданылып жүрген механизмінің жұмыс істеуі тоқтатылған кезде туындайтын тәуекелдерді басқару шараларының бірі ретінде Ұлттық банк репатриацияны бақылау жөніндегі міндетті жаңама салықтар алу және тауарлар экспорты мен импорты кезінде оларды төлеуді бақылау механизмі шеңберінде салық органдарына жүктеуді ұсынды.

Валюталық заңнаманы бұзушылықтар саласындағы әкімшілік іс жүргізу. Ұлттық банк 2009 жылы валюталық заңнама саласында әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау бойынша жұмысты жалғастырды.

Валюталық операциялар және капитал ағындары бойынша ақпарат базасын жасау және осы база негізінде валюталық операцияларға талдама мониторингін жүргізу валюталық реттеудің басым міндеті болып табылуы жалғасуда.

Уақтылы ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

Осы жағдайлар және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий енгізу Ұлттық Банк жүргізетін тексерулер санының жыл сайын қысқаруына себепші болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.А. Қазақстан – 2030 стратегиясы*
2. «*Валюталық реттеу туралы*» *ҚР Заңы // 24.12.1996.*
3. *«ҚР-да ұлттық валютаны енгізу туралы» ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығы // 12.11.1993.*
4. *Бұхарбаев Ш.М.* «*Валюталық бағамның және оның атқарылуы тәртіптерінің елдің сыртқы экономикалық қызметіне әсері*» */Банки Казахстана. №1- 2005 ж.*
5. *С.Б.Мақыш* «*Валюталық операциялар және валюталық мәмілелер*»*// ҚазҰУ хабаршысы. №5, – 2003 ж.*
6. *С.Б. Мақыш. Коммерциялық банктер операциялары: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 229 бет.*

7. *Райханов Н. Реформа және дағдарыс. // Ақикат. – 2008. №7-31бет*
8. *Бакин А. Дағдарысқа дайын тұрайық. //Егемен Қазақстан. 2009 8 сәуір.*
9. *Сәйкенов Б. Дағдарыс тамыры тереңде емес.//Егемен Қазақстан. 2009 16 сәуір.*
10. *Куватов Р. Новое слово о преодолении кризисного состояния экономики. //Транзитная экономика. – 2008. № 5-6. – с.127-132.*
11. *О. Баймұратов // «Қазақстан қаржы нарығы» // Алматы. Экономика 2007.*
12. *Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің статистикалық бюллетені. – 2008-2009.*
13. *Қазақстан Республикасының Ұлттық банктің хабаршысы – 2011.*

Түйін

Берілген мақалада магистрант әлемдік дағдарыстың валюталық нарыққа және бвнктердің валюталық операцияларына әсерін қарастырады. Валюталық операцияларды жүргізудің теориялық және практикалық аспектілерінің маңыздылығы белгіленеді.

Резюме

В данной статье магистрант рассматривает влияние мирового кризиса на валютный рынок и в частности на валютные операции банков РК. Отмечается важность теоретических и практических аспектов ведения валютных операций в стране.

Resume

This article examines the impact of undergraduate global crisis on the foreign exchange market and in particular on foreign exchange transactions of banks of Kazakhstan. Notes the importance of theoretical and practical aspects of exchange operations in the country.

Негізгі сөздер: *валюталық операциялар***,** *валюталық реттеу, экспорт, инфляция.*

КАМАЛОВА А.,
2-курстың магистранты
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
ИСАЕВ І.И.,
ғылыми жетекші: Қаржы кафедрасының доценті

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТКІЛІКТІГІНІҢ СЕРПІНІ

Бүгінгі таңдағы банк ресурстары нарығының құрылуында көптеген ерекшеліктер бар деуге болады. Коммерциялық банктердің қызметінің тұрақтылығы үшін, ең бастысы олардың баланстары өтімді болу керек, ал оның қамтамасыз етілуі, банктік ресурстар мен несиелік жұмсалымдар арасындағы көлемі және мерзімі бойынша тепе-теңдіктің сақталуын талап етеді.

Банк ресурстары нарығының пайда болуымен қатар бағалы қағаздар нарығы қалыптасады. Сөйтіп, банктер жаңа қызмет түрлері ретінде бағалы қағаздармен, факторинг, лизинг және басқа операцияларымен тікелей жұмыс жасай бастады. Бұл, яғни банктің ресурстық құрамына тек қана ақшалай қаражаттар емес, сол сияқты тауарлы-материалдық құндылықтар және бағалы қағаздар кіреді дегенді білдіреді. Ұлттық банкіміз «банктердің банкі» болып табылатындықтан, коммерциялық банктердің ресурстарының бір бөлігі сол банктен алынған ресурстардан да құралады.

Демек, коммерциялық банктер ерекше бір кәсіпорын ретінде делдалдық қызметке байланысты, банктік ресурстар нарығында ақшалай ресурстарды сатып ала отырып, оны қажет ететін кәсіпорынға, ұйымға және халыққа сатып отырады.

Банк ресурстары – бұл банктің пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

Нарықтық қатынастарға өту барысында банктік ресурстарының құрылымында біршама өзгерістер болуда. Меншікті қаражаттар қатарына біріншіден, коммерциялық банктің акционерлік капиталы, резервтік қоры, сол сияқты қосымша қорлары жатады. Тартылған қаражаттың жаңа түріне: Ұлттық банктен және басқа да несиелік мекемелерден алатын несиелер, басқа банктердің, корреспонденттік шоттағы, депозиттік шоттардағы қаражаттары, облигацияларды сатудан түскен қаражаттар, лизингтік операцияларды жүзеге асырғаны үшін алынған тауарлы-материалды құндылықтар жатады.

Коммерциялық банктердің ресурстарының құрылымы олардың мамандануы, әмбебаптығы және қызметінің ерекшеліктеріне қарай ерекшелінеді.

Банк ресурстарының құрылымына мыналар жатады:

Банктің меншікті капиталы

Банктің заемдық және тартылған қаражаттары.

Банк ресурстарының құрамындағы меншікті капитал үлесі тартылған қаражаттарға қарағанда өте төмен болғандықтан барлық қаражаттарға деген қажеттілігінің 10%-ға жуық бөлігі өтелсе, ал қалған бөлігі тартылған қаражаттардың үлесіне тиеді.

2010 жылдың 1 қаңтарына берілген мәліметтер бойынша Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің пассивтері, олардың құрылымы мен шамасына қарай 1-кестеде топтастырылған.

1-кесте. Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің пассивтерінің құрылымы мен шамасына топтастырылуы

млн теңге

Банктің атауы	Міндеттемелер	Меншікті капитал	Барлық пассивтері
"ҚАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 203 234 718	269 048 183	2 472 282 901
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 704 369 073	264 299 796	1 968 668 869
"БТА Банк" АҚ	1 874 712 779	93 319 340	1 968 032 119
"Банк ЦентрКредит" АҚ	1 132 258 706	106 115 201	1 238 373 907
"АТФБанк" АҚ	956 012 434	64 806 175	1 020 818 609
"Альянс Банкі" АҚ	439 159 602	37 743 045	476 902 647
"Евразийский Банк" АҚ	317 166 665	24 864 980	342 031 645
"Нұрбанк" АҚ	274 141 171	43 660 990	317 802 161
"KASPI BANK" АҚ	304 333 362	34 254 604	338 587 966
«Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ	212 190 839	37 785 915	249 976 754
"Ситибанк Казахстан" АҚ	186 733 435	21 838 552	208 571 987
"ЦЕСНАБАНК" АҚ	206 373 951	18 986 198	225 360 149
«Темірбанк» АҚ	178 965 049	18 525 538	197 490 587
"RBS (Kazakhstan)" ЕБ" АҚ	94 873 405	19 759 318	114 632 723
"HSBC Банк Қазақстан" АҚ ЕБ	178 089 499	14 453 147	192 542 646
"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	74 580 126	21 931 584	96 511 710
"Казинвестбанк" АҚ	56 665 866	11 117 719	67 783 585
"ЭКСИМБАНК КАЗАХСТАН" АҚ	53 042 238	13 258 911	66 301 149
"Альфа-банк" ЕБ АҚ	64 310 072	10 246 375	74 556 447
"Қазақстандағы Қытай Банкі" ЕБ АҚ	82 738 101	11 426 533	94 164 634
"Delta Bank" АҚ	37 570 961	8 405 184	45 976 145
Астана-Финанс банкі АҚ	13 445 817	3 574 462	17 020 279
"ТПБК" АҚ	13 551 825	5 557 965	19 109 790

Кестенің жалғасы

«МЕТРОКОМБАНК» АҚ	9 575 023	6 811 426	16 386 449
"Хоум Кредит Банк" АҚ	8 877 489	6 374 713	15 252 202
" Банк Позитив " АҚ	7 971 275	5 099 914	13 071 189
"КЗИ БАНК" ЕБ АҚ	4 870 211	5 997 656	10 867 867
"AsiaCreditBank" ББ" АҚ	8 790 346	5 537 853	14 328 199
Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ	4 536 857	8 461 491	12 998 348
"Банк Kassa Nova" АҚ	2 617 873	5 709 454	8 327 327
"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	2 823 314	3 595 384	6 418 698
"Шинхан Банк Казахстан" АҚ	598 319	5 138 895	5 737 214
"Al-Hilal" Ислам Банкі" АҚ	254 827	6 087 189	6 342 016
"Заман-Банк" АҚ	599 437	3 578 182	4 177 619
"Сенім-Банк" АҚ	3 555 281	2 292 396	5 847 677
"Данабанк" АҚ	1 307 183	2 008 135	3 315 318
"Казинкомбанк" АҚ	1 113 318	3 722 172	4 835 490
Пәкістан ҰБ Қазақстандағы ЕБ АҚ	376 663	2 191 005	2 567 668
"Кредит Алтын Банк" АҚ	29 364	4 929 936	4 959 300
Жиынтығы	**10 716 416 474**	**1 232 515 516**	**11 948 931 990**

Кестеден көріп отырғанымыздай, банктердің пассивтерінің өсуіне міндеттемелердің артуы, соның ішінде депозиттік базаның өсуі ықпал етуде. 2010 жылдың 1 қаңтарына екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелердің мөлшері 89% құраса, жиынтық меншікті капитал мөлшері 11% болды.

Банк ресурстарын қалыптастырудың негізгі көздеріне банк клиенттерінің салым ақшалары жатады. Алайда, бөтен капиталды тарту үшін банктердің өзіндік капиталы болуы керек. Бұл қиын сәттерде несие берушінің сенімді болуы үшін қажет.

Банктің өзіндік қаражатына жарғылық және резервтік қорлары, сондай-ақ, банк пайдасы есебінен қалыптасқан өзге де қорлар, сақтандыру резервтері және жыл ішінде бөлінген пайда жатады.

Банктің жарғылық қоры (капитал) – банк ісін ұйымдастырудың бастапқы нүктесі. Оның формасына қарай жарғылық капиталдың қалыптасуы әр түрлі болады.

Банктің ұйымдық-құқықтық формасына қарамастан оның жарғылық қоры толықтай қатысушылардың – заңды және жеке тұлғалардың салым ақшаларының есебінен қалыптасады әрі олардың міндеттемесін қамтамасыз етеді. Ол банк несиесінің есебінен емес, тек ақшалай қаражатпен ғана, әріберіден соң банк қатысушыларының өзіндік қаражатымен құрылады. Тартылған ақшалай қаражат жарғылық қордың жарнасы үшін пайдаланылмайды.

Банктің жарғылық капиталына акционерлер (қатысушылар) салым ақшаны салумен қатар жыл сайын дивидендтер түрінде банк пайдасының бір бөлігін алып отырады.

Аударылатын дивидендтердің мөлшері, аударылатын кезегі мен тәртібі акциялардың түрлерімен және шығарылатын шарттарымен байланысты (пайданың мөлшеріне қарай табыстың деңгейін түзететін артықшылықты акция немесе жай акция).

Банкке түскен пайда жеткіліксіз болған жағдайда артықшылықты акция бойынша дивидендтерді есептеу резервтік қордың есебінен жүргізіледі.

Коммерциялық банктің резервтік қоры активтік операциялардан болған залалдың орнын толтыруға арналған, банк облигациясы бойынша төлем көзі ретінде әрі алынған пайда жеткіліксіз болған жағдайда артықшылықты акция бойынша дивидендтердің төлем көзі ретінде қызмет етеді. Резервтік қор түскен пайдадан жыл сайын аударылатын аударымдардың есебінен қалыптасады. Оның шекті мөлшері банктің жарғысында жарғылық қор шамасының 25-100% деңгейінде анықталған. Шекті мөлшерге жеткеннен кейін қалыптасқан резервтік қор жарғылық қорға аударылады (капиталдандырылады) және оны есептеу қайтадан басталады.

Меншікті капитал коммерциялық банктер ресурсының қажетті бөлігі болып табылады. Меншікті қаражат банк қызметінің басында жарғылық қор түрінде қалыптасады. Банктің меншік капиталының

маңызы мен көлемі оның басқа мекемелер мен ұйымдардан ерекшелігін көрсетеді.Банктің ресурстарға жалпы сұраныстарының 1/5 бөлігіне дейін оның меншікті капиталы толықтырылады. Банктер мен басқа да несие және қаржы мекемелерінің ерекшеліктері, біріншіден, банктер делдал ретінде тұрғылықты халықтан, жеке және мемдекеттік ұйымдар мен кәсіпорындардан депозит және салым түрінде ірі көлемде ақша тартуымен, екіншіден, ақша түріндегі түрлі банк активтері кәсіпорындардың ғимараты, құрал-жабдықтарды, материалдық құндылықтарына қарағанда өтімді және тез сатылатынымен байланысты. Осыдан келіп, банктер мен басқа да несие және қаржы мекемелері өзге ұйымдар мен кәсіпорындарға қарағанда меншікті капиталы мен активтері арасында онша жоғары емес пропорцияны қамтамасыз ете алады. Салыстырмалы түрде үлесінің аздығына қарамастан, меншікті капиталы банктің сенімділігі мен жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін шешуші рөл атқарады. Акциялық капитал түріндегі меншікті капитал банк қызметінің басында, яғни құрылтайшылар банк қызметін бастауға қажетті бірінші кезектегі шығындар жұмсағанда қажет. Кейіннен банк қызметі аясының кеңеюі, оның операцияларының өсуі банктің меншікті капиталының көлеміне тікелей тәуелді болады. Меншікті капиталдың үлесі банктің активті операцияларын қаржыландыру көлемінде аз болғанмен, ол активті операциялардың кеңеюі үшін шешуші жағдай туғызады, осы арқылы банктің оперативті қызметін немесе банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қызметін атқарады. Банк қаражатының келесі қызметі – қорғаныс қызметі, ол ағымдағы шығындарының орнын толтыру арқылы жүзеге асырылады және салымшылар мен банк кредиторларының мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Қорғаныс қызметі банк тартылған жағдайда салымшыларға өтемақы төлегеннен, несие қатерлерін жабу үшін құрылған резервтердің төлемге қабілеттілігінен, шығынға ұшырау қаупіне қарамастан банк қызметін жалғастыра беруден байқалады. Қаражаттың соңғы қызметі – реттеушілік, ол мемлекеттің банк жүйесі сәтті жұмыс істеуіне мүдделілігімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі агенттігіне банк қызметіне бақылау жасауға мүмкіндік беретін заңдар мен ережелерге байланысты. Сонымен банктің меншікті капиталы қадағалау органдары белгіленген нормативтерге жауап бере отырып, банк ісін бағалауда олардың талабын қаражат жеткіліктілігі тұрғысынан қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Банк капиталы аталған қызметтерді көлемі жеткілікті болған жағдайда ғана атқара алады. Осыдан барып банк капиталының жеткілікті болуына, ең алдымен, банктердің өздері мүдделі, өйткені жеткілікті капитал көлемі оларға ірі салымшыларды тиісті кепілдіктер барына сендіру үшін, оның активтерінің өсуін қолдау үшін қажет; екіншіден, банктің салымшы-кредиторлары, осы банкте депозиті бар басқа банктер, банк акционерлері, банк жүйесіне сенім қалыптастыруда қамтамасыз ететін реттеуші органдар мүдделі. Меншікті капитал мен оның тиімділігін реттеуді мынандай көрсеткіштер қамтамасыз етеді: банктің үлкен-кішілігі, қатерлі активтер көлемі, қауіпті және онша құнды емес активтер көлемі, банктің ықтимал өсуі, жоспары және болжамы, басқару сапасы. Банк шамасын анықтауда алғашқы (негізгі) капиталы мен оның ең аз деңгейінің коэффициенті салыстырылады, қарастырылып отырған кезеңдегі жиынтық капитал шамасының төмендеу деңгейі анықталады, талданып отырған банктің коэффициенттері мен бірдей банктер тобының орташа коэффициенттері салыстырылады, бұл орайда банк капиталдарының жетімділігінің трендтері немесе жекелеген кезеңдердегі көрсеткіштерінің өзгеру дәрежесі ескеріледі. Қатерлі активтер көлемін талдау көмегімен осы банктің қатерлі активтерінің коэффициенті салыстырылады, трендтер талданады. Меншікті капиталдың немесе жарғылық капиталдың көлемдерін салыстыру арқылы қатерлі активтердің мүмкін болатын ең төменгі деңгейін, қарыз бойынша шығындар мен ықтимал жабу үшін құрылған резервтерінің жеткіліктілігін бағалауға болады. Қатерлі активтер көлемінің өзгеруін талдағанда қарастырылып отырған кезеңдегі өзгерістерді (трендтерді) ескеру қажет. Бұл сандық және сапалық жағынан үнемі өзгеріп отыратын, неғұрлым қозғалмалы активтерге қарағанда банк капиталы тұрақты көрсеткіш екенінен туындайды. Активтер сапасы клиентураға, оның қаржылық жағдайына тәуелді және актив сапасы деңгейінен едәуір өзгерістеріне қарамастан, банк капиталы жекелеген кезеңдерде еш өзгеріссіз қалуы мүмкін. Қауіпті және онша құнды емес активтерді талдауда мөлшерлі орташа жіктемелік көрсеткіш, жіктемелік көрсеткіш және трендтер ескеріледі. Мөлшерлі орташа жіктемелік көрсеткіш әлемдік тәжірибеде берілген қарыздан болуы мүмкін шығындарды есептеу үшін және несие операцияларынан жоғалтылуы мүмкін ақшаның орнын толтыруға арналған резервті құру

үшін қолданылады. Бұл көрсеткіш несие топтары бойынша шығындарды есептен шығару қарызының коэффициентін тиісті несие тобының қатерлік пайызына көбейту арқылы есептеледі. Мөлшерлі орташа жіктемелік көрсеткіштің шамасы тиісті активтер тобының сомасын қатерлік пайызына көбейту жолымен шығарылады. Қауіпті және сапасыз активтердің тобы бойынша қажетті резервтердің көлемі жіктемелік көрсеткіштерге (қатерлілік пайызына) қарай анықталады. Егер осы жолмен есептелген резерв банктің жиынтық капиталына тең болса немесе одан асып кетсе, онда бұл банкті сенімсіз банктердің қатарына жатқызу керек. Банк дамуы, оның жоспарлары мен перспективасы меншікті капиталдың көбейтілуін көздейді (қажет етеді). Бұл жағдайда банктің жиынтық капиталының өсу қарқыны мен банк активтерінің өсу қарқыны, тағы басқа кезеңдер бойынша трендтер (өзгерістер) салыстырылады. Банк капиталы осы жағдайда оперативті қызмет атқара отырып, оның активті операцияларының өсуіне негіз жасайды. Осыған байланысты банк капиталы мен активтерінің өсу қарқыны талдау барысында активті операцияларды кеңейту үшін қаражат жеткіліктілігі анықталады. Базель келісіміне сәйкес, банктің капиталы екі деңгейге бөлінеді: I деңгейлі капитал және II деңгейлі капитал. I деңгейлі капиталға: қарапайым акциялар, бөлінбеген пайда, сол сияқты еншілес компаниялардың бақылаусыз пакеті шегерілген материалдық емес негізгі капитал шамасы жатады. II деңгейлі (қосымша) капиталға: ссудалар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер, мерзімсіз артықшылығы бар акциялар қосылған екінші дәрежелі қарыздар жатады. Базель келісімінің бекіткен нормативтік коэффициентіне сәйкес, екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеуде қолданылатын, пруденциялық нормативтер қатарына банк капиталының жеткіліктілігі коэффициентін белгілейді. Бұл коэффициентті біздің тәжірибемізде есептеу үлгісі пруденциялық нормативтер қатарында берілген.

2005-2009 жылдардағы статистикалық деректерге сүйеніп, банктердің меншікті капиталының серпінін 2-кестемен беруге болады.

2-кесте. ЕДБ-дің меншікті капиталының жеткіліктігінің серпіні

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008	2009
Жиынтық меншікті капитал, млрд теңге,о.і.:	223,5	346,8	587,2	1168,6	1781,8
1-деңгейлі капитал, млрд теңге	153,3	229,1	368,4	816,5	1283,7
2-деңгейлі капитал, млрд теңге	87,9	128,4	218,7	385,4	560,9
3-деңгейлі капитал, млрд теңге	-	-	-	1,5	1,5
1-деңгейлі капиталдың барлық активтер сомасына қатынасы (к1)	0,11	0,08	0,08	0,09	0,11
Меншікті капиталдың тәуекел дәрежесіне қарай топтасқан активтерге және баланстан тыс міндеттемелерге қатынасы (к2)	0,17	0,17	0,16	0,15	0,14

Кестеден көріп отырғанымыздай банктеріміздің меншікті капиталы соңғы жылдары онша қатты өспеген. 2010 жылдың 1 қаңтар айына капиталдың мөлшері 1 232,5 млрд теңгені құрайды. Сонымен бірге ЕБД-дің жиынтық меншікті капиталының құрамында шетелдің банктер капиталының өсуін байқауға болады. ЕДБ-дің меншікті капиталы мен активтердің соңғы 2005-2009 жылдардағы қатынасын төмендегі 1-суреттен көруге болады.

Осындай жағдайларға байланысты кейбір банктеріміз капитал жеткіліктілігін сақтап, тәуекелдің алдын алу мақсатында несиелеу көлемін шектеуде. Банктің табысы берген несиелердің сапасына тікелей байланысты десек, онда несие көлемін шектеу банк табыстылығын шектеуге, соның нәтижесінде банк капиталын ұлғайту көзінің қысқаруына әкелетінін білеміз. Ендеше бүгінгі банктеріміздің меншікті капиталын ұлғайту көзі ретінде тек қана акцияларды шығару амалы қалуда. Бір айта кететіні, кейбір ірі банктеріміз өздерінің акцияларын депозитарлық қолхат арқылы шетел нарығына орналастырып отырғаны да жасырын емес. Бұл шаралар аталған банкке қатысты Қазақстан Республикасы Қаржылық қадағалау агенттігі тарапынан күмән туғызуы мүмкін. Себебі мұндай жағдай отандық банк акциялары иелерінің жұмбақ болуын баяндайды.

млрд теңге



1-сурет. ЕБД-нің меншікті капиталы мен активтер серпіні

Капитал көлемі банк қызметін дамытуды, шектеуші фактор болатыны, болмайтыны айқындалады. Бұл орайда активті операциялардың өсу қарқыны банктің меншікті капиталының өсу қарқынынан онша көп аспағаны жөн, өйткені бұл банк капиталының жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін белгіленген критерийлерді орындамау қатерінің артуына әкелуі мүмкін болады да, активті операциялар қатері ұлғаяды. Әлемдік тәжірибеде банк капиталының жеткіліктілігін бағалаудың негізгі көрсеткіштері ретінде: банктің жарғылық капиталының абсолютті аз шамасы; I және II деңгейлердегі (негізгі және қосымша) капиталының арақатынасы; I (негізгі) деңгейдегі капитал мен қатері ескерілген мөлшердегі активтер қосындысына қатысымен есептелетін капитал жеткіліктілігі коэффициенті, «левередж» (тетік) коэффициенті; жиынтық капитал мен активтің өсу қарқынының арақатысы; активтер сапасы қызмет етеді. Көптеген елдерде банктің меншікті капиталына акционерлік капитал мен жарияланған резервтердің жалпы сомасын енгізеді. Акционерлік капитал жай акциялардан тұрады, ал кейбір елдерде сонымен қатар, артықшылықты акциялар да қосылады. Бұл элементтер жарияланатын деректерде нақты көрсетіліп, банк негізін құрайды, банк сапасын және оның қаражаттану деңгейін бағалау осыған негізделеді. Банк меншікті капиталына банктің жалпы қатерінің орнын толтыруға бағытталған қорлары да жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Н.Н.Хамитов «Банк менеджменті», Алматы: «Экономика». – 2007.*
2. *С.Б.Мақыш «Банк ісі». Алматы: «Жеті жарғы», 2009.*
3. *Қ. Алтынбекұлы. «Коммерциялық банктердің өтімділігін басқару». – Алматы: «Экономика», 2009.*
4. *Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігінің есептік материалдары.*
5. *Қазақстан Ұлттық банкінің статистикалық бюллетенінен алынған сандық мәліметтер.*

Түйін

Меншікті капитал коммерциялық банк ресурсының қажетті бөлігі болып табылады. Меншікті қаражаттар қатарына біріншіден, коммерциялық банктің акционерлік капиталы, резервтік қоры, сол сияқты қосымша қорлары жатады. Мақалада екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің меншікті капиталы мен оның банк қызметіне тигізетін әсеріне толық сипаттама берілген.

Резюме

Собственный капитал является основной частью ресурса коммерческих банков. В ряд собственных финансов входят, во-первых, акционерный капитал, резервной фонд и другие фонды в этом роде. В статье полностью описывается собственный капитал и его воздействие на деятельность банков второго уровня.

Resume

Amount of own capital determines the key drivers of the bank and is a major part of the resource of commercial banks. A number of their own finances include: equity capital, reserve fund and other funds in this way. This article describes the importance of equity and its impact on the activities of commercial banks.

КИЯЛБАЕВ Н.
Халықаралық бизнес-мектебінің
магистранты, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ӨТІМДІЛІГІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

Әлемдік қаржы дағдарысының әсерлерінен Қазақстандағы банк мекемелерінің қызметіндегі банк саласындағы жағдай және Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, банктік қадағалаудың заңды базасының одан әрі дамуының қажеттілігін көрсетеді. Ең алдымен, бұл банк мекемелерін ұйымдастыру және олардың қызметтерін лицензиялауға қатысты болады. Бұл кезеңдері банктерді құрушылардың қаржылық тұрақтылығына деген талаптарды күшейту қажет. Банктерді құрушылар клиенттерден ақша алу үшін емес, ақшаны қарызға беруге дайын болу керек.

Сонымен қатар, құрылтайшылардың іскерлік репутациясына, олардың шын және сәтті бизнесті жүргізу тәжірибесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Менің ойымша, тек қана бір заңды не жеке тұлғаға банк құруға құқығын беру қазіргі жағдайда орынсыз болып табылады. Көптеген батыс елдерінде жеке тұлғаларға банк құруға мүмкіндігі қазіргі уақытта да рұқсат етілмейді.

Егер құрылтайшылардың біреуі (заңды тұлға) 20% астам үлесі бар болса, банк мекемесінде қаржылық қиыншылықтар жағдайында көмек көрсетуде гарант ретінде шығу қажет. Банктердегі проблемалы жағдайларының анализі банктің қадағалау кеңесінің қызметі негізінен формалды түрде қала беруіне байланысты күрделі мәселелердің пайда болуын көрсетеді. Себебі басқарушы органның басшылары капиталда едәуір түрде қатысады, яғни “өз-өздерін” бақылайды. Бұл жағдайларда, банк басшыларының лауазымдары белгілі бір коммерциялық фирманың басшылығымен үйлесуі жиі кездеседі, бұл тиімсіз несиелендіруге әкеледі.

Заң актілеріне банктің төлем қабілетсіздігі мен жұмысындағы бұзушылықтар үшін банк басшыларын, оның акционерлерін мүліктік және қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ережелерді енгізу дұрыс болар еді.

Қазір лицензияны қайтарып алу туралы бұйрыққа қол қойылған уақыттан бастап банк мекемелері мүлігінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар жүргізетін органды құру және оның мәртебесі туралы сұрақ туындап жатыр. Бұл орган ликвидациялық комиссияның құрылуына дейін бұйрықтың орындалуын қамтамасыз ететін және оның жұмысына қатысатын еді. Осындай арнайы институт

төлеуге шамасы жоқ банктер активтерін басқаруға мүмкіндігі және банк клиенттерінің төлемдері бойынша мораторияларды жариялауда шешімдер қабылдауға құқығы бар болу керек.

Сот инстанциялары мен осы институттың әрекеттерін кредиторлардың тең жағдайы, банк клиентінің мүддесін қорғау, олардың шығындарын қысқарту принциптеріне қарап заңды тәртіпте келісіп шешу маңызды.

Банк мекемелерінің дамуын залог, ипотека және т.б. салаларындағы нақты заңды мінездемелердің жоқ болуы тоқтатады.

Халықаралық тәжірибе көрсететіндей банктік және банктік емес институттардың арасындағы айырмашылықтар жыл сайын қысқаруда. Бұндай процестер Қазақстанда да қалыптасып жатыр, нәтижесінде халықтан қаржыны тарту үшін коммерциялық банктер, сақтандыру, зейнетақы және басқа да мекемелер арасындағы бәсекелестік күшейеді. Бұл жағдайда пайда болатын құқықтық мәселелерді шешу "Банктік холдингтік компаниялар туралы" заңды дайындау негізінде шешуге болады. Банктік холдингтер арнайы заңдарға сәйкес қызмет көрсетудің кеңірек спектрін ұсыну қажет, оған тәуекелдерді төмендету бойынша қосымша реттеуші шараларды қажет ететін лизинг, трасттік қызмет, инвестициялау және т.с.с. Сонымен қатар, банктік мекемелердің банкроттығы бойынша сұрақтардың зерттелуін қажет етеді.

Банктің төлеуге шамасы жоқ (банкрот) деген түсінік ақшалай міндеттемелер бойынша кредиторлар талаптарын қанағаттандыруға, бюджетке міндетті төлемдерді қамтамасыз етуге қабілетсіздігін білдіреді. Банк мекемелерінің төлеуге қабілетсіздігі қатысында "Банк мекемелерінің төлеуге қабілетсіздігі (банкроттығы) туралы" заңның проектісіне сәйкес келесі шаралар жүргізу қажет: сотқа дейінгі процедуралар; қайта процедуралары; уақытша әкімшілік; реабилитациялық процедуралар; сот ісінің процедуралары; әлемдік келісімдер; қайта құру процедуралары (арбитраждық сот бақылауы астында); тарату (ликвидация).

Қазіргі заңмен банк мекемелерін банкроттық процедура шегінде қайта құру және санкциялар мүмкіндігі формалды түрде қарастырылған, бірақ бұл мәселелерді шешу үшін қажетті құралдар мен институттар қалыптасқан жоқ.

Банк мекемелерінде қолданылатын сотқа дейінгі процедуралардың мақсаты – баланс құрылымын қалпына келтіру және банк мекемелері қызметінің міндетті нормативтерге сәйкес болу, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру немесе басқаша реттеу болып табылады. Сотқа дейінгі процедуралар, ең алдымен, банк операцияларын жүргізуге және оның таратылуы немесе есептеу жүйесіне нұқсан келтіретін, басқа банктік мекемелердің қаржылық жағдайының нашарлауына әкелетін банк қызметінің тоқтауы жағдайында банк мекемелерінің қызметін қайта бастау кезінде пайдаланылады.

"Банкроттық туралы" ҚР Заңына сәйкес банктік мекемелерге қаржылық жағдайына банктің кредиторлар алдында барлық талаптарға жауап бере алатын және төлем қабілеттігін толығымен қалпына келтіре алатын көлемде көмек көрсету жолымен қайта құру процедурасын (санкциясын) жүргізу туралы өтініш банктік мекеме, оның құрылтайшылары немесе үшінші тұлға тарапынан банкті мекеменің төлеуге қабілетсіздігі (банкроттығы) туралы сот шешімін қабылдауына дейін сотқа беру мүмкін.

Банктік мекемені қайта құру процедурасы банктің басқа банк мекемесіне қосылу, не басқа банк мекемесімен бірігу түрінде жүзеге асырылады. Осындай процедура әлемдік тәжірибеде кең қолданылады. Бірігу және тарту процедуралары банктік мекемені таратуға қарағанда банк клиенттерінің – заңды және жеке тұлғалардың шығындарын минимизациялауға, банк және оның клиенттері арасындағы қалыптасқан серіктес арақатынасын сақтауға мүмкіндік береді. Осы себептен банк мекемелерін тарату (оның бөлшектеп сатылуы) батыс елдерінде салыстырмалы түрде сирек қолданылады. Банк және оның клиенттері арасындағы байланыстардың үзілуінен банк көлемінің өсуі ұлғаяды, берілген процедура батыс елдерінде кішігірім банктерге және ең алдымен банктік емес қаржылық институттарға қатысты қолданылады.

Төлем қабілетсіз банк мекемесінің қаржылық жағдайы тұрақты басқа банк мекемесіне біріккен жағдайда, Ұлттық Банк біріккен банкке белгілі бір жеңілдіктер жасау туралы мәселені қарастыру қажет, ол келесі түрде: жеңілдетілген пайыз арқылы тұрақтандырылған несие беру, бұл жағдайда не-

сие банктің тұрақтандырылған шараларды орындау шамасымен белгілі бір транштармен берілуі қажет; белгілі бір кезеңге міндетті резервтерге аударылатын нормалардың төмендеуі.

Бір банктік мекеменің қаржылық күйреуі тізбекті реакцияға әкелу арқасындағы қаржылық жүйенің күрделілігі мен өзара байланысы банктерді, коммерциялық банктердің өз қызығушылықтарына қауіп төнетін жағдайда банктерді (потенциалдық банкроттарды) құтқару шараларында қатысуын мәжбүрлейді.

Өтімділік – банктің сенімділігін қамтамасыз ететін, оның қызметінің жалпы сипттамалардың бірі.

Банк өтімділігі – бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдында банктің өз міндеттемелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілеттігі.

Банктің міндеттемелері нақты және потенциалды деп екіге бөлінеді. Банктің нақты міндеттемелері: талап ету депозиттері, мерзімді депозиттер, тартылған банкаралық ресурстар, несие берушілердің қаражаттары түрінде банктің балансында көрсетіледі. Ал, потенциалды немесе баланстан тыс міндеттемелерге: банктен берген кепіл-хаттар, клиенттерге несие желілерін ашу және т.б. арқылы көрсетіледі.

Егер коммерциялық банктің борыштық және қаржылық міндеттемелерді уақытысында орындау үшін қолма-қол ақшалай қаражаттар мен басқа да өтімді активтері болып, сонымен қатар басқа көздерден қаражаттарды тез арада жұмылдыру мүмкіндігі жеткілікті болса, онда бұл төлемқабілетті банк болып табылады.

Банктің төлемқабілеттілігі аталған барлық міндеттемелерді, сонымен бірге болашақта пайда болуы мүмкін міндеттемелерді уақытында орындауын сипатттайды. Міндеттемелерді орындау үшін кассадағы және корреспондеттік шоттардағы (Орталық банкте және басқа коммерциялық банктерде) қалдықтарымен сипатталатын банктік ақшалардың барлығы; қолма-қол ақшаға тез айналатын активтер; банкаралық нарықтан немесе қаражат көздері пайдаланады.

Осы аталған қаражат көздерін пайдалану банк үшін шығыстармен байланысты болмау керек. Мысалы, төлемқабілетті қаражаттардың көзі ретінде бағалы қағаздарды немесе басқа активтерді сату қалыпты тәртіпте алдын ала келісіп қойған шарттардың негізінде жүзеге асырылуы керек. Банк өтімділігі мынадай қызметтерді атқарады:

- депозиттерді алу мен несиелерге байланысты сұранысты қанағаттандыру;
- тиімділік тәуекелін азайту және банктің сенімділігін қамтамасыз ету;
- активтерді зиянсыз сату;
- тартылған қаражаттарды бойынша төлей алмау тәуекелі үшін сыйақы мөлшерлерін шектеу.

Банк төлемқабілетінің екі формасы, яғни міндеттемелерді өз уақытында және шығынсыз орындауы көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен анықталады. Ішкі факторлар қатарына мыналар жатады:

- банк капиталының базасы;
- банк активтерінің сапасы;
- депозиттердің сапасы;
- сыртқы қаражат көздеріне орташа тәуекелдігі;
- мерзімі бойынша активтер мен пасивтердің өзара сәйкестігі;
- сауатты менеджмент;
- банктің жоғары дәрежелі беделі.

Банк капиталының базасы – бұл салымшылар қаражаттары мен депозиттеріне кепіл беретін және олардың мүдделерін қорғайтын меншікті капиталдың жеткілікті мөлшерін сипаттайды.

Меншікті капиталдың көзіне: жарғылық капитал және әр түрлі мақсаттар үшін бағытталған банктің басқа да қорлары жатады. Банктің меншікті капиталы неғұрлым жоғары болса, оның өтімділігі соғұрлым жоғары болады.

Банк активтерінің сапалылығы мынадай төрт критерийлермен анықталады: өтімділік, тәуекелділік, табыстылық пен диверсификация.

В государственном регулировании притока иностранного капитала в страну проявляются определенные противоречия. С одной стороны, государства стремятся снять действующие ограничения в привлечении иностранных инвестиций, с другой стороны, принимают меры по их ограничению. Приходящие в страну прямые иностранные инвестиции связаны с собственностью иностранных инвесторов в данной стране. В связи с этим возникают противоречия интересов иностранных инвесторов с национальными экономическими интересами стран, принимающих иностранный капитал [2].

ЛИТЕРАТУРА

1. *Жунисбекова Л.С. Особенности развития либерализации международного движения финансового капитала в мировой экономике. // КазЭУ Хабаршысы. – №3. – 2005. – С. 33-37.*
2. *Омарбаева А.К. Международное движение капитала и развитие инвестиционных процессов в принимающих странах. //Индустрия дизайна и технологии. Академия бизнеса моды «Сымбат». – 2008. – №4-8.*

Түйін

Капитал - жұмыс күші, табиғи ресурстар және кәсіпкерлік сияқты өндірістік факторлардың бірі. Өндірістік факторлардың барлығына дерлік, әсіресе капиталға, халықаралық мобильділік тән, яғни ол бір елден екінші елге еркін ауыса алады.

Резюме

Капитал является одним из факторов производства наряду с рабочей силой, природными ресурсами и предпринимательством. Все факторы производства, капитал в особенности, обладают международной мобильностью и могут свободно перемещаться из страны в страну.

Resume

Capital is one of the factors of production along with manpower, natural resources and entrepreneurship. All factors of production, capital in particular, have international mobility and can move freely from country to country.

ТАСТАНБЕКОВ Т.
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
МҰҚАҰЛЫ С.М.
э.ғ.к., проф., ғылыми жетекші

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОРҒАУ

Қоршаған ортаны қорғаудың басты мақсаты – адамзат дамуы мен қоршаған ортаның жағымды ахуалы арасындағы үйлесімділікті орнату болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін бірқатар күрделі сұрақтарға жауап талап етіледі:

- Адамзат дамуының әсерінен болатын қоршаған орта сапасының өзгеруі адамзаттың тіршілік етуіне қаншалықты әсер етеді?
- Адамдар экологиялық дағдарыс басталуын сақтап қалуға қабілетті ме?
- Қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешу үшін, адамға жағымды қоршаған ортаға құқығын кепіл ету үшін не қажет?

Қоршаған ортаны қорғау саласында негізгі халықаралық-құқық көздеріне халықаралық конвенциялар, шарттар, келісімдер, резолюциялар қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану саласында халықаралық ұйымдардың құжаттары жатады. Осы қатарда маңызды орын БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясына беріледі. Қоршаған ортаның құқығы теңіз, космос және халықаралық құқықтың басқа салаларымен тығыз байланысты.

1948 жылы желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған Адам құқықтары туралы барлығына жалпы декларациясында адамдардың жағымды табиғат ортасына құқығына тікелей көрсетілмеген. Адамның өмірі мен денсаулығына құқығын бекіту жеткілікті болып табылатын.

18 желтоқсан 1962 жылы «Экономикалық даму және табиғат қорғау» резолюциясы қабылданды, бұл резолюцияда ЮНЕСКО ұсынған бастамалар мен ұсыныстар мақұлданған. Осы резолюцияда үш негізгі ереже белгіленеді:

Біріншіден, қоршаған ортаның жиынтығын, флора мен фаунаның табиғат ресурстарын біртұтас қарау;

- екіншіден, «табиғатты қорғау» терминінің «қоршаған ортаны қорғау» кең терминімен ықпалдасуы;
- үшіншіден, табиғатты қорғау мүдделерінің және экономикалық дамудың органикалық үйлесу тұжырымдамасы.

Содан кейін 3 желтоқсан 1968 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы резолюция қабылдайды, бұл резолюцияда адамзатың негізгі құқықтарын сақтай және экономикалық әлеуметтік дамуы үшін жағымды қоршаған ортаның маңызды рөлі белгіленеді. Осы салада көзқарастар эволюциясы пікірталастармен сүйемелденеді. Солай, американдық ғалым Норма Э.Борлауг жасыл революцияға өз үлесін қосқаны үшін алған Нобель премиясының лауреаты ДДҒ және уландыратын химикаттарға тыйым салуға қарсы болған. Алайда, жүз жылға дейін уақытымыз болғанда, біз өз білімізді кеңейтіп, тереңдетер едік, яғни осы мәселені шешу кезінде кейбір қателерді қысқартар едік. Ал егер де бұл жүздеген, мыңдаған немесе миллион жылдар болса, онда бұл мәселені ұмытайық деп ол қорытынды шығарды. Халықаралық экологиялық ынтымақтастықтың алғашқы қағидалары 1972 жылы қоршаған орта мәселелері жөніндегі БҰҰ Стокгольм конференциясының Декларациясында қорытылған. Бұл құжатта преамбула ретінде, ең алдымен, ғаламдық экологиялық мәселелердің мәні мен себептері туралы талқылаулар келтірілген, олар халықаралық ынтымақтастықтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық сияқты жаңа бағытының қажеттілігін түсіндіреді. Содан кейін, адамның осындай қоршаған ортаға құқы-негіз қалаушыны жариялай отыра, 26 қағида тұжырымдалды. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды реттеудің халықаралық-құқық қағидаларын жүйелендірудің келесі қадамы – ол БҰҰ Бас Ассамблеясымен мақұлданғаны және 28 қазан 1982 жылы қарарда салтанатты түрде жарияланған.

Дүниежүзілік табиғат хартиясы болған БҰҰ Бас Ассамблеясының басқа міндетті заңды күштері жоқ. Алайда, олардың маңыздылығы да аса зор, өйткені олар ең беделді, сондай-ақ бүкіл адамзаттың еркін бейнелейтін БҰҰ Бас Ассамблеясымен тікелей қабылданған. Стокгольм декларациясымен салыстырғанда Дүниежүзілік табиғат хартиясы дауыс беру арқылы қабылданған және салтанатты түрде жарияланған. Өкілдері БҰҰ Бас Ассамблеясының отырысына қатысқан 138 мемелекеттердің ішінде осы мәселені қарау кезінде 111 мемлекет қарар үшін дауыс берді, 18-қалыс қалды және 1 мемлекет – АҚШ қарсы болды.

Дүниежүзілік табиғат хартиясында Стокгольм декларациясының қағидаларының қайталанғаны бар. Бірақ та, ол қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың халықаралық заңды қағидаларының генерализация жолымен баруда. Бұл Декларация мен Хартияның бірқатар ерекшелерін салыстыру кезінде байқалады. 1980 жылы қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясы «Мемлекеттердің қазіргі және болашақ ұрпаққа Жер табиғатын сақтау тарихы жауапкершілігі туралы» қарар қабылдайды. Бұл қатар қару- жарақтарды қысқарту және қоршаған ортаны қорғауда іс-шараларды әзірлеу бойынша нақты шаралар қабылдауға барлық мемлекеттер мен халықтарды шақырады.

Қоршаған табиғат ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың қағидалары Рио-де-Жанейро қаласында 1992 жылы маусым айында өткен БҰҰ конференциясының қатысушыларымен қабылданған қоршаған орта және даму декларациясында баяндалған. Рио-де-Жанейродағы Декларациасында айтылғандай қоршаған орта және даму бойынша БҰҰ конференциясы 1992 жылдың маусым айының 3-нен бастап 14-не дейін шақырылып, Стокгольмда 16 маусым 1972 жылы қабылданған қоршаған орта мәселелері жөніндегі БҰҰ Декларациясын растай отырып және де оны дамытуға талпыныс жасай отырып, мемлекеттер, қоғам мен адам араларындағы негізгі секторлар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейлерін құру арқылы, барлықтарының мүдделерінің және қоршаған орта мен дамудың ауқымды жүйесінің біртұтастығын қорғалуын қамтамасыз ететін Халықаралық келісімдер жасауға күш сала отырып, жаңа, әділетті ғаламды серіктестік орнату мақсатын қойып отыр.

Мемлекет қоршаған орта саласында нәтижелі заң актілерін қабылдайды. Экологиялық стандарттар, регламенттер мақсаттары мен басылымдықтар олар қолданылатын экологиялық шарттар мен даму шарттарын бейнелеуі керек. Бір елдермен қолданылатын стандарттар орынсыз және даму үстіндегі басқа елдердегі негізделмеген экономикалық және әлеуметтік ұстанымдарымен кездесіп отырады.

Рио-де-Жанейродағы Декларацияның 8 қағидасында былай деп көрсетіледі: тұрақты дамуға және мемлекеттің барлық адамдары үшін жоғары сапалы өмірге жету үшін өндіру мен тұтынудың өмірге қабілетсіз модельдерін шектеу және жою керек, сондай-ақ тиісілі демографиялық саясатты көтермелеу тиіс.

Қағидалардың үшінші тобы, азаматтардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерін сипаттайды. Әр адам Дүниежүзілік табиғат хартиясының ерекшелеріне сәйкес әрекет етуі тиіс, жеке әрекет ететін әр адам алға қойған мақсаттарына жетуге және осы Хартияның ерекшелерін орындауға тырысуы тиіс (24 тармақ).

Рио-де-Жанейроның Деларациясында осы ережелер келесі түрде тұжырымдалған: «Әйелдер қоршаған ортаны тиімді пайдалануда өмірлік маңызды рөл атқарады. Сондықтан да, олардың жанжақты қатысуы тұрақты дамуға жету үшін қажет».

Тұрақты дамуға жету және барлықтары үшін ең жақсы болашақпен қамтамасыз ету үшін ауқымды серіктестікті құру мақсатында әлем жастарының ерлігін және идеалдармен шығармашылық күштерді жұмылдыру керек.

Тұрғылықты халық және оның қауымы, сондай-ақ басқа да жергілікті қауымдар қоршаған ортаны тиімді пайдалану және жақсартуда маңызды рөл атқаруы керек. Мемлекет олардың мәдениеті мен мүдделерін танып, қолдауы керек және де олардың тұрақты дамуға жетудегі нәтижелі қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қоршаған орта мен қанау үстемшілдік және оккупация жағдайларында тұратын халықтардың табиғат ресурстары қорғалуы керек.

Стокгольм декларациясының 3 және 5 қағидалары жаңартылатын және жаңартылмайтын ресурстарды қорғауға арналған. Біріншісі олардың ұдайы өндірісіне табиғаттың табиғи қабілеттерін қолдау

арқылы сақталуы тиіс. Жаңартылмайтын ресурстар келешекте олардың таусылуы қорғалуы қамтамасыз етіледі және халықаралық кеңестікте олардың өндеуінен бүкіл адамзат пайда табатындай әзірленуі тиіс.

Табиғатқа зиян келтіретін іс-әрекет бақылауға алынуы тиіс және де табиғатқа келтірілетін зиянды салдардың мөлшерін азайтатын технологияны қолдану керек.

Көбінесе:

а) табиғатқа түзетілмес зиян келтіретін іс-әрекеттен тартыну қажет;

ә) табиғатқа оса қауіп төндіретін іс-әрекеттен тартыну қажет. Осы іс-әрекетті жүзеге асыратын тұлғалар одан келетін пайда, табиғатқа келтіретін зияннан елеулі болатынын дәлелдеу керек;

б) табиғатқа зиян келтірілетін іс-әрекеттің алдында болатын салдарға алдына ала баға берілуі тиіс;

г) ауыл шаруашылық, мал шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау саласындағы іс-әрекет осы аудандардағы табиғат ресурстарының ерекшеліктері мен қорларын ескере отырып жүргізілуі керек;

д) адам әрекетінің нәтижесінде құлдыраған аудандарда өзінің табиғи әлеуетіне және осы аудандарда тұратын халықтың әл-ауқатын талаптарына сәйкес қалпына келтіруі тиіс .

Қоршаған ортаны қорғау қағидаларының ауқымды тобы, жетінші топ осы саладағы тығыз және нәтижелі халықаралық ынтымақтастықты болжамдайды. Мемлекеттер жердің экожүйесінің ахуалы мен тұтастығын сақтау, қорғау және қалпына келтіру мақсатта ғаламды серіктестік бағытында ынтымақтық етеді. Ғаламдық қоршаған орта ахуалының нашарлауындағы түрлі рөлдерінің салдарынан мемлекеттер жалпы, бірақ әр түрлі жауапкершілік көтереді. Дамыған елдер тұрақты дамуды қамтамасыз ету бойынша халықаралық күштер контексінде көтеретін жауапкершіліктері үшін жауап береді.

Рио-Де-Жанеронын Декларациясында былай деп айтылған: қоршаған орта ахуалының нашарлану мәселелерін нәтижелі шешу үшін мемлекеттер экономикалық өсуге және барлық-елдерде тұрақты дамуға ықпал ететін жағымды және ашық халықаралық экономикалық жүйе құру ісінде ынтымақтасулары керек. Қоршаған ортаны қорғау мақсаттарында қабылданатын сауда саясаты саласындағы шаралар ерікті немесе ақталмаған дискриминация құралдары немесе халықаралық сауданың жасырынды шектеулері болмау керек. Импортқа шығаратын елдің юрисдициясынан тыс экологиялық міндеттерді шешу бойынша біржақты әрекеттерден бас тарту қажет. Сондай-ақ, мемлекеттер өздерінің юрисдициялары мен бақылауымен аудандарға келтіретін экологиялық залалдың жағымсыз салдарына өтемақы мен жауапкершілікке қатысты халықаралық құқықты бұдан әрі әзірлеу мақсатында ынтымақтасады (13- қағида). Мемлекеттер басқа мемлекеттерге іс-әрекеттің кез келген түрлерін және қатты экологиялық зиян келтіретін немесе адамның денсаулығына зиянды болып саналатын заттардың тасымалдануына жол бермеу мақсатта нәтижелі ынтымақтасады (14-қағида). Қоршаған ортаны қорғау мақсаттарында мемлекеттер өз мүмкіндіктеріне сәйкес сақтану шараларын қабылдау қағидасын кеңінен қолданады. Қатты және кері қайтарылмайтын зиян қаупі төнген жағдайда толық ғылыми сенімділіктің болмауы қоршаған орта ахуалының нашарлануын ескерту бойынша экономикалық нәтижелі шаралар қабылдауын кейінгі уақытқа қалдыру себебі бола алмайды (15-қағида). Ұлттық өкімет экологиялық шығындардың интернационализациясына ықпал етуге және экологиялық құралдарды пайдалануға тырысу керек. Бұл жағдайда қолданылынатың тәсілге сәйкес ластаушы халықаралық сауда бұзбай және қоғам мүддесін ескере отырып, ластануға байланысты шығындарды жабуға міндетті (16-қағида).

Ұлттық құрал реттінде экологиялық салдардың бағаланушы қоршаған ортаға елеулі жағымсыз әсер ететін және құзырлы ұлттық органның шешімімен бекітілетін іс-әрекеттердің болжамды түрлеріне қатысты жүзеге асырылады (17-қағида).

Мемлекеттер алдын ала немесе уақытымен хабарлама және елеулі жағымсыз салдар келтіретін іс-әрекеттер туралы тиісті ақпаратты мемлекеттермен кеңес жүргізеді (19-қағида).

Мемлекеттер ғылыми-техникалық білімдермен алмасу және жаңа технологияларды кеңінен әзірлеу, бейімдеу тарату арқылы ғылыми ұғынудың тереңдеу жолымен тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін ұлттық әлеуетті өсіру іс-әрекетін бекіту мақсатында ынтымақтасуы керек (19-қағида).

Барлық мемлекеттер мен барлық халықтар кедейлікті жою, тұрақты даму жағдайларын жасау, өмір деңгейлерінде алуан түрлілікті жою және көптеген әлем халқының қажеттіліктерін нәтижелі қанағаттандыру сияқты маңызды міндеттер шешу үшін ынтымақтасуы керек.

Ерекше мән даму үстіндегі елдердің, ең алдымен, дамыған елдердің ахуалы мен қажеттіліктеріне беріледі. Қоршаған орта және даму саласындағы халықаралық іс-әрекеттер барлық елдердің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Әр адам ұлттық деңгейде мемлекеттік органдардың билігіндегі қауіпті материалдар мен іс-әрекеттер туралы ақпаратқа қол жетуі керек және шешім қабылдау үрдісінде қатысу мүмкіндігі болуы керек. Мемлекеттер ақпаратты кеңінен ұсыну арқылы халықтың ақпараттылығы мен қатысуын дамытады және көтермелейді. Сот және әкімшілік рәсімдейтін пайдалану мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Тоғызыншы топ – қарулы жанжалдар жағдайларында қоршаған ортаны қорғау міндеттер орнатады. Соғыс туралы даму үрдісінде бұзушылық әрекеттер жасайды. Сондықтан да, мемлекеттер қарулы жанжал кезінде қоршаған ортаны қорғайтын халықаралық құқықты құрметтейтін және қажет болған жағдайда бұдан әрі даму ісінде ынтымақтасулары қажет. Бейбітшілік, даму және қоршаған ортаны қорғау өзара тәуелді және бір-бірінен ажыратылмайды. Мемлекеттер ордерінің барлық экологиялық дауларын бейбітшілік жолмен және БҰҰ Жарғысына сәйкес тиісілі құралдармен шеше алады. Мемлекеттер мен халықтар осы Декларацияның қағидаларын орындауында серіктестікте және ізгі ықыласын ынтымақтасады.

Әрине, қоршаған ортаның қорғалуын реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру үрдісі 90-жылдары жаңа деңгейге шықты. Қоршаған орта және даму жөніндегі БҰҰ конференциясының құжаттарында баяндалған ұсыныстар мен қағидалар ескеріле отырып әлемнің 20 елімен, оның ішінде Беларуссиямен тұрақты даму бойынша БҰҰ Комиссияның шешімі, қоршаған орта және даму ұлттық бағдарламалары қабылданды.

Бұл бағдарламаларды қоршаған орта және даму жөніндегі БҰҰ Конференциясында Рио-де Жанейрода 1992 жылы қабылданған негізгі ұсыныстар мен құжаттардың қағидаларын, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің, сондай-ақ қазіргі және ұрпақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жағымды қоршаған орта мен табиғат – ресурстың әлеументтік сақтау мәселелерін шешіліуін қамтамасыз ететін тұрақты дамуға ауысуды жүзеге асыру бейненленген. БҰҰ Конференциясында қабылданған «XXI ғ күн тәртібінде» әлемнің барлық халық үшін қоршаған ортаны негізгі мақсаттарға жетуді көздейтін болашаққа әлем қауымдастығының стратегиясы белгіленген. Бұл қоршаған ортаның қорғалуы және табиғат ресурстарының тиімді пайдалануын, жоғары технологиялар мен химиялық заттардың экологиялық қауіпсіз қолданылуын болжамдайды.

Осы шаралардың жүзеге асырылуы тұрақты әрекетті, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық сфералардың өзара әрекеті мен қозғалысы бейнелейтін ең маңызды өзара байланысты индикаторлардың өзгеруінің жағымды динамикасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осындай тәсіл өз мүдделері, жағдайлары мен ерекшеліктерін ескере отырып, «XXI ғ күн тәртібінде» белгіленген қағидалар негізінде тұрақты даму моделіне ауысу қажеттілігін көздейді.

Тұрақты даму модулі кез келген әлеументтік модель сияқты ықпалдасқан компоненттер жүйесін, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық даму үрдісінің негізгі мазмұны бейнеленетін олардың мәнді қатыныстарын және байланыстарын ұсынады. Қоғамның тұрақты дамуының қысқа анықтамасына сәйкес, ал оның мәні – болашақ ұрпаққа зиян келтірмей қазіргі ұрпақтың мұқтаждықтарын қанағаттандыру бұл модельге әлеуметтік, экономикалық және экологиялық сфералардың әрекеттері мен өзара әрекеттерінің негізгі аспектілерін бейнелейтін компоненттер кешені жатады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жоғарыда аталған қағидалары Ресейдің ТМД елдермен қарым-қатынасына да таралады. 1992 жылы ақпан айында осы елдердің өкілдері Мәскеуде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара әрекеттер туралы келісімге қол қойған.

Бір жағынан, қоршаған табиғат ортаның тұтастылығы мен бөлінбейтіндігі – ТМД құрамына кіретін әр мемлекеттің құқығы, табиғат ресурстарымен билеу, екінші жағынан, осы мемлекеттік құрылымдардың экологиялық өзара қатынастарының қағидаларына өз таңбасын қалдырады. Қауымдастық мүшелері ортақ экологиялық кеңестіктің құқықтың қамтамасыз етілуін заң полицияларын жою қажеттілігін таныды. Ресейде қоршаған ортаны қорғау және оның ресурстарын пайдалану саласында ішкі құқыққа халықаралық құқық қағидасын заң түрінде бекітілген. РФ қоршаған ортаны

қорғау туралы заңына сәйкес, егер де қоршаған табиғат ортасын қорғау саласында Ресей Федерациясымен жасалған халықаралық шарттар Ресей Федерациясының заңнамасындағы ережелерден басқа өзара ережелер белгіленген, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қорытындысында, ғаламдық экологиялық серіктестіктің құрылған жүйесіндегі жаңартылған Бірікен ұйымдар ұйымының орны мен рөлі БҰҰ емес, мемлекет – мүшелеріне , олардың саяси ықыласы мен өз құқықтарымен құрбандық етуге дайындығына байланысты Мемлекетке жай азаматтардың өздері қысым жасай алады. Осындай жағдай отыз жыл бұрын қоршаған орта ахуалының нашарлауына қоғамның беймазалануы үкіметті 1972 жылы Стокгольм конференциясын жүргізуге мәжбүрлеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *«Жалпы экология» Қуатбаев Қ. 2009.*
2. *«Экологиялық кодекс» 2007.*
3. *ҚР статистика агенттігі.*

Түйін

Қоршаған ортаны қорғаудың басты мақсаты адамзат дамуы мен қоршаған ортаның жағымды ахуалы арасындағы үйлесімділікті орнату болып табылады.

Резюме

Главная задача охраны окружающей среды – это развитие человечества в гармонии с окружающей средой.

Resume

The main task of preservation of the environment is mankind development in harmonies from environment.

БАЯСОВА А.Б.,
ҚазЭУ «Басқару» факультетінің «БЕжС» мамандығының 3-курс студенті
ҚАЛИАСҚАРОВА Э.А.,
Ғылыми жетекшісі: «Маркетинг және коммерция» кафедрасының аға оқытушысы

АЛЫП КОРПОРАЦИЯЛАР МЕН КИБЕРТОНАУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ «ЭЛЕКТРОНДЫ ҚАҚТЫҒЫС» НЕМЕН БІТПЕК?

Алғашқы банктің іргетасы қаланғаннан бастап оларды тонау үрдісі де белең алды. Ақша сақтау және олармен шаруашылық операцияларын жүзеге асыру мекемелерін тонамағанда, енді нені тонау керек?!

Бони мен Клайд заманында банктер қарулы түрде тоналса, кейін «механикалық тонаудың» орнын «интеллектуалды тонау» басты.

«Интеллектуалды тонау» дегеніміз не және оны кім жүзеге асырады?

Интеллектуалды тонау барысында банктің территориясына қарулы түрде енбестен, күзет, кассир, инкассатор, басқа да қызметкерлерге зорлық көрсетпестен, дүниенің бір нүктесінен персоналды ком-

пьютер мен интернет арқылы банктің программалық жабдықтамасына еніп, клиенттердің шоттарының кодтарын, проводкаларын, пластиктерінің пин-кодтарын көшіріп алу. Біраз сағаттан соң, заңсыз алынған ақпаратты қолдана отырып, клиенттердің шоттарынан активтерді адрессіз шоттарға аудару әрекеті. Бұл үрдісті жүзеге асыратын субъект – «хакер».

70 және 80-жылдары компьютерлік технологиялар дамуы бір адымға ілгерілеп, нәтижесінде ПК әрбір үй мен кеңседе орын тапты. ПК қолданушылар саны көбейген сайын, қоғамда ерекше топ «хакерлер» қалыптасты. 1983 жылы «Newsweek» журналында «хакер» терминіне түсіндірме алғаш рет беріліп, олардың қоғамдағы рөлі артты. Хакер – компьютерді және өзге де IT-технологияларды жетік меңгерген, кез келген серверді бұзып, өз мүддесіне қолдана алатын және жүйелік администраторлар, қауіпсіздік органдары мен банктердің бас ауруына айналған бірегей тұлғалар [1].

Банктерді «интеллектуалды тонау» тарихынан ең үздіктерін келтірсек:

Американдық банктерге 25 млн доллар шығын келтірген екі ресейлік хакер – А.Иванов пен В.Горшков. Олар Western Union кредиттік карталарының 15,7 мың нөмірлерін ұрлап, өз шоттарына активтерді аударған.

«Forbes» тізіміне енген тұлғалардың «электронды қалталарынан» И.Клопов 1,5 млн долларды өз қалтасына басқан.

В.Левин 1994 жылы американдық банк «Citibank-тің» виртуалды жүйесіне кіріп, модемдік байланысын бұзып, 10,7 млн долларды қармалаған [2].

Кибертонаушылардың барлығы банктік серверлерді бұзып, клиенттердің индивидуалды ақпараттарына келесі технологиялар көмегімен қол жеткізген:

- Санкциаланбаған әрекет (НСД) – банктің ақпараттық ресурсына заңсыз қол жеткізу және оны өз мүддесіне қолдану.
- Garbaging – банктің қоқыс жәшіктерін тінту.
- Salami attack – синтетикалық шоттардағы қалдық ақшаны иемдену.
- Sistem hack – банктің жүйелік қамтамасыздандыру жүйесіне ену.
- Manhole – банктің программалық операция қателіктерін қолдану.
- Trojan horses – бұл вирустың әрекеті нәтижесінде ақпаратты көшіру, өзге компьютерге жіберу, өшіру, өзгерту жүзеге асады.
- Directional viruses – мақсатталған вирустар. Бұл программаның негізгі функциясы өзін-өзі жүктеу және тарату.
- Worms – вирус типтес құрттар. Тек жүйеде таралады, өзін-өзі жүктей алмайды.
- Crabber – пароль ұрлауға арналған программалық жабдықтама.
- Инсайдерлер – банктің шаруашылық операциялық ақпараттарына заңсыз және кедергісіз қол жеткізе алатын банктік қызметкер [3].

Келтірілген қауіптерді қорытындылай келе, банк жүйесі қауіпсіздігінің негізгі бағыттарына тоқталсақ:

1. Физикалық қауіпсіздік. Яғни, банктің механикалық зақым, тонаудан т.б. қорғау.
2. Санкциаланбаған әрекеттен қорғау.
3. Электронды құжат айналымын қорғау.
4. Антивирустық қорғаныс.

«Интеллектуалды тонаудың» барлығы дерлік вирус арқылы жүзеге асатындықтан дүние жүзінің ең әйгілі компьютерлік корпорациялары Киберқылмыстықпен күрес бойынша Ұлттық ассоциациямен (NCFTA) бірігіп «Антивирустық бағдарламалар» ойлап табуда. Мәселен, төменде келтірілген зерттеу нәтижелері дәл осындай серіктестіктің жемісі деу артық болмас.

1-сурет. Зерттеу нәтижелері

2008 жылдың 1-кварталында банктік желілердің және әлемдік банктік ақпарат жүйесінің 877 осалдық, 248 эксплоиттерін, 180 түрлі вирустерді және 618 ұрлану мен бұзылу қаупі анықталды. Нәтижесінде 505 осалдық (57,58%), 350 (39,91%) қауіптің жойылу мүмкіндігінің жоқтығы анықталып, 8 сырттан ену әрекеттері жартылай зерттелді және 14 қауіптің алдын алу, оларды жою әдістері мен тәсілдері арнайы басылымдарға шықты.



2-сурет. Зерттеу нәтижелері



3-сурет. Avg Days-of-Risk

Бұл графикте компьютерлік және бағдарламалық қауіпсіздікті жабдықтау компанияларының ақпараттарды бұзу, ұрлау, вирустық шабуылдармен күресу көрсеткіштері келтірілген. Банктік серверлерге интернет арқылы келетін енулерді, жалпы қауіптерді жою және емдеу бойынша бағдарламаларын алғаш болып ұсынушы Microsoft екені анықталып отыр. Корпорацияға ақауды жойып, жаңа жетілдірілген программа шығаруға 29 күн қажет екен.

Келесі математикалық модельде банктердің ақпараттық базаларына 1 жыл ішіндегі енулер қаупін анықтау жылдамдығы берілген.



4-сурет. Математикалық модель

Мәселен, 1 жыл ішінде банктік базаға интернет арқылы енудің 20 қаупі табылса, онда жүйенің қауіптен қорғану дәрежесі 0,2-ге бірлікке тең. Бұл жүйенің осалдығының бірден-бір дәлелі. Алайда, «Symantec» зерттеуі нәтижесі бойынша Windows жүйесі жарты жыл ішінде 39 қауіпті жою бағдарламаларын шығарып, қорғау жүйесін үнемі жаңарту үрдісінде екендігі мәлім болды. Сол себепті, банктік қауіпсіздігінің бірінші амалы – тек Microsoft өнімдерін қолдану. Сондай-ақ, банктер «Касперскийдің лабораториясы» және «Джет инфожүйелері» компаниясымен бірігіп жемісті жұмыс істеуде [4].

Жоғарыда айтылған ақпаратты қорытындылай келе, біз, банк клиенттерінің қаражаттары толық қорғалуы үшін қауіпсіздіктің негізгі 3 постулатын әлеуетті салымшыларға ұсынамыз:

Біріншіден, ешкімге және ешуақытта пластик карточкаңызды бермеңіз.

Екіншіден, ешқашан пин-кодты жария қылмаңыз және қағазға түсірмеңіз.

Үшіншіден, интернет шотты қолдансаңыз, ПК-ді сенімді антивирус бағдарламасымен қорғаңыз.

«Интеллектуалды тонаудан» ешбір банктің қауіпсіздік жүйесі 100 % қорғанысты қамтамасыз ете алмайды. Бұған тарих беттері мен статистика көрсеткіштері дәлел. Оған қоса қыркүйек айының соңында АҚШ-та болған киберқылмысты еске түсірсек жеткілікті. Дамыған елдерде бұл қауіп әрбір әлеуетті салымшы басына күнде төнген қатер. Қазақстан да көштен қалмай дамуда. Сондықтан бұндай «интеллектуалды тонаулардың» алдын алу үшін түрлі шаралар қолданылуда. Дүние жүзінің белді банктері қолданысқа енгізген әдіс ТМД бойынша тек ҚР-ның Халық банкінде ендірілген. Ол биометриялық технология, банктің ақпараттық жүйесін қорғайды.

Биометриялық технология – банктің компьютерлік жүйелеріне қолданушыны автоматты режимде тануды үйретеді. Биометриялық жүйе екі бөліктен: аппараттық және арнайы программалық жабдықтамадан тұрады. Аппараттар биометриялық сканерлер мен терминалдардан құралған. Олар белгілі бір биометриялық көрсеткішті қабылдайды және алынған ақпаратты сандық модельге айналдырады. Сосын ақпараттық базамен салыстырылып, сканерден өткен адамның кім екенін анықтайды.

Биометриялық көрсеткіштер саусақ таңбасы немесе көз қарашығы, қантамырлар бейнесі болуы мүмкін. Қолданушыны идентификациялау үшін, алдымен биометриялық жүйеде ол адам туралы биоақпараттарды жазу керек. Қолданушы әрдайым сканерден өткен сайын сандық моделі ақпараттық базадағы модельмен сәйкестендіріледі. Биометрияның тағы бір ерекшелігі – биометриялық көрсеткіш тек, тірі адамға тиесілі болуы шарт, яғни, егер бір қолданушының саусақ ізінің көшірмесін жасап көрсету немесе тіпті саусағын алып келу әрекеттері жасалса, сканер көрсеткішті қабылдамайды. Бұл технологияның құрылымы мен жүзеге асу барысы өте күрделі үрдіс және кез келген адамның саусақ пен қантамырлар бейнелері қайталанбас болғандықтан, банктің құпия ақпараттарының ұрлану мүмкіндігі нөлге тең.

Сонымен мәліметтерді қорытындылай келе, келесідей ұсыныстар жасауға болады: ҚР-да биометриялық технологияны Халық банкінен өзге банктерде қолданысқа енгізу керек. Сондай-ақ, биометрияның қолданыс аясын кеңейту қажет. Мәселен, қызметкерлермен қатар, кез келген банк клиентінің биометриялық қорғанысы болса, ақшаның ұрлануы, шоттардың жоқ болып кетуі де тоқтар еді. Банкомат және төлем терминалдарында да биометриялық технологияны енгізуді ұсынамыз. Ол пластикалық карточкаларының ұрлануын, қалпына келтіру және өзге де құжаттық басқатыруларды жояды. Бұл қорғаныс технологиялары күнделікті қолданысқа енгенінше біраз уақыт қажет. Ол уақыт аралығында өзіңіздің банктегі немесе банкоматтағы ақшаңыздың қауіпсіздігі үшін негізгі постулаттарды естен шығармаңыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Борисов В.И.: «Вирусы – это серьезно».*
2. *Арджен де Ландграаф: «Почти идеальное ограбление».*
3. *Баева Т.: «Персональная защита банковской информации».*
4. *www.bankir.ru: «Посторонним вход воспрещен!»*

Түйін

Бұл жұмыста банк секторын интеллектуалды тонаудан қорғаудың инновациялық технологиялары зерттеліп, олардың тиімділігі мен нәтижелілігіне баға берілген. Жұмыста статистикалық мәліметтер мен соңғы ақпараттар келтірілген, зерттеу пәні әлемдік деңгейдегі банктер мен IT корпорациялардың өмірлік тәжірибелеріне негізделген.

Резюме

Предметом данной статьи являются инновационные технологии, употребляемые в банковском секторе с целью защиты от интеллектуальных взломов. В статье приведены статистические данные последних исследований субъектов банковского и IT-секторов.

Resume

Subject of given article are innovative technologies used in bank sector for the purpose of protection against intellectual breakings. In article given the statistical data of the last research of subjects bank and IT sectors.

МЫРЗАБАЕВА Р.,
докторант, слушатель DBA МАБ

К ВОПРОСУ ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В современной экономической теории известен аргумент, который косвенным образом может быть использован для обоснования проблемы импортозамещения. Этот аргумент называется «защита молодых отраслей» (или «детский возраст отрасли») и его смысл состоит в следующем. Если страна (следует заметить, что этот аргумент главным образом ориентирован на развивающиеся страны и сферой его приложения являются отрасли обрабатывающей промышленности) имеет потенциальное сравнительное преимущество в производстве определенной продукции, и эта отрасль производства не в состоянии выдерживать конкуренцию с импортом из промышленно развитых стран, то ее следует защищать до достижения отраслью стадии зрелости.

Одним из основных доводов в пользу этого аргумента, как правило, приводятся различные типы несовершенств рынка (в частности – несовершенство рынков капитала, поскольку страна не имеет развитых финансовых институтов).

Политика по приоритетному развитию тех сфер производства, что традиционно существуют в Казахстане, и которые могли бы попытаться конкурировать с импортом на внутреннем рынке, была провозглашена в 2001 г. Отечественная перерабатывающая промышленность отнеслась к этому с энтузиазмом, увидев в идее импортозамещения проявление давно ожидаемого патронирования со стороны государства.

Развитие собственного производства в перерабатывающих отраслях и машиностроении пока остается одним из приоритетов казахстанского правительства. Но предыдущий опыт показывает, что от деклараций в этом вопросе до ощутимой для всей экономики отдачи достаточно далеко.

Ожидания тогда в большой степени не оправдались. Нельзя сказать, что все акции по поддержке своего производства носили характер PR-кампаний, но многие из них были именно такими. Не раз местными властями проводились совещания по импортозамещению, где одни компании (часто – иностранные инвесторы) подписывали протоколы о намерении приобрести у других, казахстанских, те или иные товары и услуги на крупные суммы. После этого пресса сообщала об успехах политики импортозамещения, называя озвученные суммы протоколов. Но мало известным оставался факт, что как правило из этих «протокольных» намерений реализуется обычно 50-60%. Соответственно и эффект для казахстанских компаний-производителей был «половинчатым».

Другим способом показать заботу о выполнении государственной задачи развития импортозамещения стали рапорты крупных отечественных компаний, работающих в сырьевом секторе, о росте заказов у казахстанских же заводов. Одна заметная компания, работающая в энергетической сфере, заявляет о закупках на внутреннем рынке на несколько десятков миллиардов тенге. Но «в тени» остается факт, что у иностранных производителей оборудование продолжает закупаться во много больших объемах. Причем, зачастую именно того, что делают или могут делать и наши заводы.

В целом спустя несколько лет после провозглашения «курса» на импортозамещение итоги оказались не слишком уж грандиозными. Тем более, что трудно определить, чем вызван тот или иной контракт в перерабатывающей сфере: претворением государством своей программы импортозамещения или активной работой самого завода с потенциальными клиентами, у которых благодаря росту мировых цен на нефть появились «лишние» деньги. Зато можно вспомнить, что вопреки многим громким заявлениями, программы импортозамещения как таковой, т.е. в виде специального перспективного правительственного документа, до сих пор не существует.

В последний год эта тема вообще стала звучать реже. Ее вытеснили дискуссии по поводу вступления в ВТО. А членство в организации и какие-либо специальные меры по поддержке своих производи-

телей не совместимы. Какое-то время казалось, что идея импортозамещения вообще тихо «спущена на тормозах». Очевидно, очень нестабильная ситуация на мировых рынках сырья и опасения казахстанских бизнесменов из перерабатывающих отраслей вступления в ВТО заставили правительство вспомнить об импортозамещении. Это дает повод обратиться к причинам, сдерживающим развитие отечественного перерабатывающего сектора. В первую очередь, наверное, нефтегазового машиностроения, так как именно ему, по логике, предстоит быть «локомотивом» в этом вопросе. Причин здесь очень много, но есть пласт проблем, важных и притом мало известных.

Эти проблемы заложены в контрактах с иностранными компаниями, работающими в сфере добычи сырьевых ресурсов, в первую очередь, нефти. Смысл их в том, что сегодня казахстанские производители оборудования находятся в более сложных экономических условиях, чем поставщики аналогичного оборудования из-за рубежа. Сегодня крупнейшие иностранные компании, которые у всех на слуху, завозя оборудование в Казахстан из-за рубежа, не платят ни таможенных пошлин, ни НДС (его берут в зачет). Приобретая же аналогичное оборудование у казахстанских компаний-производителей, надо заплатить НДС, и в этой ситуации налог рассматривается как часть затрат инвестиций в производство. Очевидно, что при такой абсолютно неравноправной системе отношений государства с иностранными и собственными компаниями последним «подняться» крайне сложно.

Если абстрагироваться от специфики и выделить суть, то аргумент «защиты молодых отраслей» будет выглядеть следующим образом. Страны, которые имеют сравнительное преимущество в производстве определенной продукции (по ряду причин это производство находится в состоянии зарождения), и в которых отсутствуют совершенные рынки, могут защищать отрасль данного производства до того, что произойдет раньше: продукция достигнет того уровня, при котором она сможет конкурировать с зарубежной или же недостатки рынка в основном будут преодолены. Чтобы оградить процесс защиты от бесконечности, необходимо оценить минимально средние темпы роста производства, которые могли бы оправдать применение защитных мер. Как представляется, нижний порог может различаться по отраслям, но его значение должно соответствовать примерно 2-3% ежегодного роста.

Для стран с транзитной экономикой быстрый переход от плановой системы к рынку стал глубоким потрясением. В условиях практически полного отсутствия рыночной инфраструктуры, необходимой правовой базы многие отрасли экономики стали сокращаться. Глобальные перемены в хозяйственной жизни стран с переходной экономикой поставили большинство отраслей в статус «зарождающихся» или «новых».

Поэтому вполне допустима ситуация, когда страна-импортер может существенно ограничить поставки товара или сделать попытку увязать прежний уровень импорта с определенным вариантом решения отдельных политических вопросов. При условии, что такая ситуация может представлять интерес не только для одной страны-импортера, но и для большего числа стран – потенциальных импортеров, можно предположить, что либо цена на импорт в эту страну резко возрастет, либо страна будет вынуждена уступить и выполнить политические требования.

Если учесть, что рост внутреннего производства является длительным процессом и может продолжаться несколько лет, от того, насколько серьезно осложнится ситуация в стране, будет зависеть содержание политических требований.

Существуют разные подходы, которые не затрагивают вопросы специфического подхода к открытию той или иной отрасли, а рассматривают либерализацию всей экономики в целом.

В частности, в своей работе Д. Стиглиц поддерживает идеи либерализации, но вместе с тем делает две существенные оговорки: либерализация должна проходить постепенно, промышленно развитые страны также должны устранить преграды для продукции из развивающихся стран, в первую очередь, – агропродовольственной продукции.

В работах Д.Тарра подчеркиваются преимущества открытого торгового режима, в т.ч. с рекомендациями использования единообразного тарифа.

Другой известный экономист Всемирного банка А.Панагарайя исследует практический опыт либерализации экономики в отдельных странах (Индии, Китае, Южной Корее, Бразилии и др.), и в результате делает вывод о необходимости открытия экономики, а также неэффективности политики импортозамещения.

Безусловно, логика подхода со стороны теории сравнительных преимуществ заключается в том, что нужно (и выгодно) производить и экспортировать ту продукцию в производстве которой страна специализируется и не стоит производить (не выгодно) ту продукцию, в производстве которой сравнительные преимущества отсутствуют. Однако, кто может сказать и когда, если развивается «молодая» отрасль, то это что – процессы импортозамещения (что в теории означает «плохо») или развитие собственного экспортоориентированного производства (что означает «хорошо»)?

Например, собственный и весьма успешный рост производства мяса птицы в Казахстане – это импортозамещение продукции США (что означает «плохо») или развитие в будущем конкурентоспособной на мировом рынке национальной отрасли («хорошо»)?

Наверно, в отдельных случаях такая точка зрения позволяет удобно для себя трактовать применение тех или иных мер политики в странах-импортерах и давать им оценку.

Завершая теоретическую часть проблемы импортозамещения следует отметить, что, в условиях произошедших перемен, многие отрасли экономики необходимо рассматривать только как «молодые», которые потребуют в некоторых случаях времени для того, чтобы сделать вывод о том, насколько полно раскрыт потенциал каждой из них и насколько сильны сравнительные преимущества в отечественном производстве.

ЛИТЕРАТУРА

1. *План антикризисных мер Правительства, Национального Банка и Агентства финансового надзора по стабилизации экономики и финансовой системы на 2009-2010 годы.*
2. *Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира.*
3. *Тайна "металлического ящика". Деловой еженедельник «Бизнес&Власть». 26 декабря 2007.*
4. *Государственная программа импортозамещения*

Резюме

Данная статья посвящена актуальному вопросу – вопросу импортозамещения в РК. По оценкам экспертов, у идеи импортозамещения совковое происхождение. И сегодня она присутствует как некая экономически активная добавка ко всем утвержденным программах развития РК, связанных с повышением конкурентоспособности, модернизацией, инновационной политикой.

Resume

This article focuses on a topical issue - the issue of import substitution in the RK. According to experts, the idea of import sovkovoe origin . And today it is present as a kind of economically active addition to all the approved programs of RK associated with increased competitiveness, modernization, *innovation policy.*

Түйін

Бұл мақаланың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында бәсекелестікті нығайтуға арналған. Экспорттардың бағалауынша бәсекелестіктің түб тамыры шұңғыл тектігінде. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының дамуының барлық бекітілген жоспарларында экономикалық белсенділікті, бәсекелестікті, иновациялық саясатты жаңартуға себебепші құрал ретінде әсер ететіні байқалады.

ДАБИКОВА Ж.,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD доктарантура институтының II-курс магистранты
КАРПЕКОВ Қ.Д.,
Жетекшісі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

ҚАПШАҒАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ТАБИҒАТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын, «Қазақстан – 2030» стратегиясы әлеуметтік экономикалық дамуын қарастыра отырып, Қапшағай қаласының туризмін дамыту қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, менің ойымша қала тұрғындарын қай кездерде болса да назарда. Тек қана осы қала халқын ғана емес, сонымен қатар бүкіл ҚР азаматтарында шетте қалдыра қоймайды. Себебі өз елімізде шет елдерде сияқты (Түркия, Кариб теңізі, Қара теңіз) демалатын қаламыз болғаны тамаша.

Қапшағай қаласы – Алматының серік қаласы және Іле өзенінің бойында Қапшағай гидроэлектростанциясын орнатумен байланысты тұрғызылған. Жетісудің өңір өзенінің бірі Іленің бойынан су электр станциясын салудың жобасы 1942 жылы жасалған болатын. Оны алғаш болып ғалым-энергетик, бұрынғы Республика Ғылым Академиясының президенті академик Ш. Шокин қолға алған [2].

1963 жылы 26 ақпанда КСРО энергетика министрлігі Қапшағай СЭС салу туралы заң қабылдайды.

Қапшағай су қоймасы Қазақстандағы өте үлкен су қойма қатарында, оның ұзындығы 180 шаршы, ені 22 шаршы. Су қойманың негізгі мақсаты, Іле өзенінен келетін су арнасын ретке келтіріп отыру. Су қойма 28,14 млрд. м куб сақтауға арналған. Пайдаланылатыны 6,6 млрд куб. Қыста су қойма қатады [3].

Қапшағай қаласы негізінен 1970 жылы құрылған. Қала 3600 шаршы метрді құрайды. Онда қазіргі таңда 2 округ жане 11 елді мекен бар [1].

Міне осылайша су қоймасын құрудың арқасында Қапшағай қаласы тек қана СЭС пен ғана емес, сонымен қатар демалыс аймақтарымен де қамтамассыз етіп отыр.

«Қапшағай» сөзінің сәл тарихына үңілсек, якут тілінде «хапсағай» сөзі «тез, шапшаң, епті», ал «хаптағай» тұлғалы сөз «жазық, тегіс» мағыналарын береді. Түркі тілдерімен туыстас моңғол тілдерінде «гавшагай» «шапшаң, пысық, жылдам» деген мағынада. Бұл мағына жағынан араларында алшақтық болса да оның өзі де жер бедеріне байланысты.

«Қапшағай» аса биік таулы емес, керісінше, шатқал, сайлы, аңғарлы. Сондықтан ол жерден ағып жатқан өзенде жылдамдық, шапшаңдық болуы мүмкін емес. Осыдан шығатыны «Қапшағай» атауының алғашқы төркіні якут, моңғол тілдеріндегі «жазық» мағынасын беретін «хаптағай» ары кетсе «аңғар, сай» ұғымына ие. Сонымен «Қапшағай» шатқал, сай, аңғар сөздерінің ертедегі түсінігі.

Сөйтіп бұл аймақты «қазақ Лас-Вегасына» айналдыру жобасы жайлап жүзеге асуда [4]. Ол Қапшағайдың ойын-бизнесінің гүлденген орталығына айналып бара жатқанының бірден-бір көрінісі. Еліміздің ірі туристтік жобасы болып табылатын Oz болашақ қаласы арнайы дайындалған бейне ролик ретінде таныстырылған. Жобаның негізгі инвесторы АҚШ-тың Лас-Вегас қаласының белгілі кәсіпкері Марк Эдвент, оның сөзіне қарағанда 11 мың га жерде орналасатын Oz болашақ қаласында Сидней, Сан- Франциско, Лондон, Нью-Йорк сияқты ірі мегополистердің нақыштары – көпірлер, ескерткіштер, қонақүйлер мен ойын-сауық орталықтары бой көтермек. «Қазіргі кезде осы қалаларға бару үшін ұзақ уақыт әрі қыруар қаражат керек. Ал Қапшағай қаласында бой көтеретін Oz болашақ қаласына Қазақстанның және көрші мемлекеттердің азаматтары емін-еркін келіп, демалып қайта алады», – дейді М. Эдвант [4].

Бұл Қапшағай қаласының туризмін дамытудағы бір фактор. Одан басқа да көптеген жобалар ену-де. Қапшағай қаласын гүлдендіріп жатқан Алматы-Қапшағай автожолының 42-шақырымы тұсында

«Қазақстан-Қытай » магистральды газ құбырының құрылысы жүзеге асты. «Қазақстан-Қытай» газ құбыры Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Қызылорда облыстарын газдандыруға және тұрғындарды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек. Ол Алматы облысының ұлттық, аймақтық және әлемдік шаруашылық жүргізу жүйесінде тиімді орнығуына жағдай жасайды, бұл Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сонымен қатар Қапшағай қаласы географиялық, көліктік тұрғыдан алғанда өте қолайлы жерде орналасқан.

Бұл өңір Орталық және Солтүстік Қазақстанды Ресей және Еуропа елдерімен, ал Алматы облысының солтүстігін Қытаймен жалғастырады [6, 1].

Қапшағай қаласын 2015 жылға дейін дамыту Стратегиясының МІНДЕТТЕРІ төмендегілер болып табылады:

- кеңістіктік-аумақтық даму элементтерін және экономикалық процестерді тиімді ұйымдастырылуы үшін жағдайларды қамтитын аймақты дамыту жөніндегі міндеттерді шешу кезінде біртұтас кешенді көзқарасты жүзеге асыру.
- аймақтық, республикалық және халықаралық маңызы бар экономикалық нүктелерін анықтау;
- қаланың инфрақұрылымдық және геоэкономикалық ресурстары негізінде аумақты дамыту және өңірді аймақтарын анықтау;
- аймақтық сервистік-өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық даму аумақтарын функционалды аймақтандыру [1].

Экотуризмді дамыту

Міндеттер:

- аумақтық рекреациялық сыйымдылығын ескере отырып, инфрақұрылымды құру мақсатымен қолда бар табиғи-рекреациялық ресурстар негізінде туризмді дамытудың бәсекелестік бағыты ретінде экологиялық туризмді дамыту.

Осылайша Қапшағай өңірінің туризмін дамыту жоспарындағы міндеттер орындалуда. Қорыта келгенде Қапшағай қаласын дамыған туристік орталық және демалыс аймағы ретінде дамуы яғни, туристік әлеуетін арттыру, ойын-бизнесін және туризм аймағын құру, көлдің туристік және спорттық әлеуетін кеңейту негізгі мақсаты болып табылады. Келешекте Қапшағай қаласы дүние жүзінің «бренд» қалалары сияқты Қазақстанның атақты қаласы болатынына сенемін.

1-сурет. Қапшағай қаласының болашақ жобасы [2]

2-сурет. Қапшағай қаласының аэро космос түсірімі [2]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *http:// kondor-tour.kz\ kapchagay_kz*
2. *http:// wiki. Iteach.ru\ index.phd. Туризмді дамыту*
3. *Қапшағай қаласының әкімшілігі*
4. *Қапшағай қаласының әкімшілік сайты www. kapchagay_kz*
5. *Қапшағай кітабы. Алматы баспасы. – 2008. – 250 б.*
6. *Әбішева З.М. Туризмнің географиялық ортасы: оқу құралы – Алматы:Қазақ университеті,2007. – 108 б.*

Түйін

Мақала авторы Қапшағай аймағының табиғи ерекшеліктерін пайдалана отырып туризмді жетілдіру жолдарын қарастырған. Мақалада Қапшағай аймағының 2015 жылға дейін дамыту стратегиясындағы міндеттер толық сипатталып, талқыланған. Мақала Қапшағай аймағында туризмді дамыту мәселелері мен стратегиясын бейнелейді.

Резюме

В статье рассматриваются пути развития туризма в Капгачайском регионе. Описываются задачи стратегии развития Капчагайского региона до 2015 года.

Resume

This article discusses the development of tourism in the region Kapgachai. Describes the objectives of the strategy development Kapchagai region until 2015.

ЖАЛТАНБАЕВ А.Б.
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ,
«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығының 1-курс магистранты
СМАГҰЛОВА Г.С.
э.ғ.к., доцент, ғылыми жетекші

СЫНДАРЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ – ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Әлемдік даму аренасына қадам басқан кез келген мемлекет өз қоғамының мүшелерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандырып, жаңа биік белестерге қадам басуға әрекет жасайды. Бүгінгі таңда әлеуметтік мемлекет болып табылатын көптеген әлем мемлекеттері үшін әлеуметтік саясаттың айқын басым бағыттарын анықтап, салиқалы әлеуметтік саясат жүргізу, халықты әлеуметтік қорғаудың өзіндік үлгісін қалыптастыру стратегиялық маңызы бар мәселе болып отыр. Әлеуметтік саясаттың басым бағыттарын анықтау арқылы мемлекет ең алдымен халықтың негізгі қажеттіліктерін анықтап, саясатты сол арнаға бағыттайды. Демек, тиімді тетіктерін табу арқылы қоғамның әр түрлі топтарына, таптарына, әсіресе әлеуметтік қорғауды қажет ететін әлжуаз топтарын әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етеді.

Елімізде әлеуметтік саясатты жүргізу мынадай негізгі қағидаға сүйенеді: баға көтерілгенде өтемақының түрлі нысанын енгізіп және индексация жүргізу арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру; ең кедей отбасыларға көмектесу; жұмыссыздық жағдайында көмек беру; әлеуметтік сақтандыру саясатын жүзеге асыру; мемлекет есебінен білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғауды дамыту, мамандандыру бағытында белсенді саясат жүргізу. Жалпы әлеуметтік саясатты жүзеге асыру үш кезеңнен тұрады: саясатты қалыптастыру, оны халыққа тарату және оны әр адамның қабылдауы. Әлеуметтік саясатты қалыптастыру процесіне Үкіметтің жасаған түрлі бағдарламалары, жобалары және Парламент, Президенттің бекіткен Заң, жарлықтарын тікелей жатқызуымызға болады. Ал енді әр адамның әлеуметтік саясатты қабылдауы, ол тікелей екінші кезеңнің жүзеге асуына байланысты өз нәтижесін береді.

2010 жылы халқымыздың табыс деңгейін арттыру, жұмыссыздықты азайту және мемлекеттің әлеуметтік саладағы міндеттемелерін толықтай қамтамасыз ету мақсатындағы шаралар толық жүзеге асырылды. 2010 жылы Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына қойған әлеуметтік мәселелер жөніндегі міндеттемелерінің бәрі орындалды. Бюджет тұрғысынан келетін болсақ, 2010 жылғы бюджетті әлеуметтік сипаттағы бюджет деп айтуға толық негіз бар. Білім, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қамтамасыз ету мақсатына бөлінген қаржы соңғы 5 жыл ішінде екі есе өсіп отыр. 2010 жылы оның көлемі еліміздің ішкі жалпы өнімі көлемінің 10,4 пайызын құрады.

Жұмыссыздық деңгейі 2010 жылы 5,5 пайызды құрап, 2009 жылдың желтоқсан айындағы көрсеткіштен 1,1 пайызға төмендеді. 2010 жылы халқымыздың нақты ақшалай табыстары 6,3 пайызға артты. Қарастырылып отырған кезеңде тұрғындардың алатын нақты еңбекақысының көлемі 7 пайызға өсіп отыр.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап негізгі зейнетақы төлемдері 30 пайызға артты. Мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік жәрдемақы және арнайы мемлекеттік көмектер 9 пайызға арттырылды. Сонымен бірге бала күтіміне арналған ай сайынғы жәрдемақы, төртінші және одан да көп бала туғандарға берілетін бір жолғы жәрдемақы көлемі 30 айлық есептік көрсеткіштен 50 айлық есептік көрсеткішке дейін өсті. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға төленетін жәрдемақы мөлшері айлық төменгі жалақы (14952 теңге) көлеміне дейін теңестірілді. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 65 жыл толуына байланысты барлық майдангерлерге бір мезгілдік материалдық көмек көрсетіліп, барлық ардагерлер мен соғыс мүгедектері жеңілдетілген жолақы мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілді. Осы мақсатқа республикалық бюджеттен 4,2 миллиард теңге қаржы жұмсалды [2].

Мың адам

1-сурет. Қазақстан Республикасының жұмыссыздық деңгейі [1]

Шалғай елді мекендерде тұратын халықты медициналық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында телемедицина әдісі өмірге енгізіліп, алыс қашықтықтан жоғары деңгейдегі медициналық көмек көрсетілді. Заманауи медициналық техникалармен жабдықталған жылжымалы емхана кешендері сатып алынып, жұмыс істей бастады. Елбасының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы шеңберінде 50 денсаулық мекемесі іске қосылды. Оның ішінде, жалпы құны 79 миллиард теңге тұратын 33 медициналық мекеме 2010 жылы іске қосылды.

Мемлекет басшысының «Балапан» бағдарламасының шеңберінде есепті кезеңде республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылған мемлекеттік тапсырыс барысында 90 мың бүлдіршінге арналған балабақшалар пайдалануға берілді. «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы шеңберінде еліміз бойынша жалпы құны 104,3 миллиард теңге болатын 103 мектеп пайдалануға берілсе, оның ішінде, жалпы құны 6,4 миллиард теңге тұратын 24 мектеп 2010 жылы пайдалануға берілді. 2010 жылы еліміздің жоғары оқу орындарының көшбасшысы болатын «Назарбаев университеті» жұмыс істей бастады. Еліміздің жоғары оқу орындарының көшбасшысы болатын бұл университет бүгінгі білім жүйесіндегі халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейді. Осы университетті дамытуға 2010 жылы республикалық бюджеттен 16,1 миллиард теңге қаржы жұмсалды [3].

Әлемдік тәжірибеде бұдан да басқа халықты әлеуметік қорғаудың қалыптасқан үлгілері көп. Әлеуметтік саясат жүргізу үлгілерін әр түрлі жіктейді. Олардың көпшілігі әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттің, азаматтық қоғам институттарының және жекелей азаматтардың қатысу деңгейі мен алатын рөліне байланысты қағидаларға негізделген. Геосаяси аспектіде қарастыратын болсақ скандинавиялық, континенталдық және американ-британдық әлеуметтік саясат үлгілерін көрсетуге болады. Скандинавиялық үлгіні – социал-демократиялық, континенталдыны – социал-нарықтық, ал американ-британдықты – либералды үлгі деп атайды.

Халықты әлеуметтік қорғаудың скандинавиялық үлгісі. Әлеуметтік саясат жүргізудің бұл типінде әлеуметтік қажеттіліктерге деген қаражаттың көп бөлігін мемлекет өз мойнына алып, оны әлеуметтік қамсыздандыруға бөлу мен таратудың көзі тікелей бюджет болып саналады. Мемлекет өзінің азаматтарының әл-ауқатын, жағдайын жасап, негізгі әлеуметтік қызметтерді де көрсетуге жауапты болады. Скандинавиялық үлгі Швеция, Финдляндия, Дания, Норвегия сынды мемлекеттердің саясатында кең көрініс табады. Осы елдердің ішінде Швецияның әлеуметтік саясат жүргізу үлгісі әлемдік тәжірбиеде ерекше орны бар. «Швециялық үлгі» 60-жылдардың соңында Швеция дамыған әлеуметтік, экономикалық қатынастар орнаған ел ретінде статус алғаннан кейін пайда болды. Дәл осы Швецияда «толыққанды жұмысбастылық саясат» пен «жалақы төлеудің мәртебелі жүйесі» ұғымдары шыққан болатын. Елдің әлеуметтік саясатының негізгі мақсаты толыққанды жұмысбастылық пен

табысты теңестіру саясаты болатын. Елдің бұл мақсаты табысты теңестіріп қайта бөлу мен арнайы мемлекеттік немесе мемлекеттік емес институттар жүзеге асыратын салық және трансфереттік саясат арқылы іске асады. Швециялық үлгінің универсалдылығы жалпыға арналғаны және бәріне бірдей қолжетімділігінен көрінеді. Әлеуметтік қамсыздандыру жоғарғы деңгейде және жұмыссыздық бойынша, балаларға арналған т.б. мемлекеттік жәрдемақы түрлері бар. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы жұмыстан айрылып қалған жағдайда азаматтардың қалыпты күн кешуіне арналған. Ал балалар ата-анасының табысына қарамай 18 жасқа толғанша ай сайын жәрдемақы алып отырады. Әлеуметтік қызметтердің ішіндегі білім беру саласы халықтың бар бөлігінің сауаттылығын қамтамасыз етуде. Орта және жоғары білім ақысыз болып табылады және көптеген қайта даярлау оқыту орталықтары мен білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Квалификациялы мамандарды дайындау мен қайта даярлау жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, халықтың толыққанды жұмысбастылығына бағытталған әлеуметтік саясатын көрсетеді. Швеция заңнамасында оқу демалысына қаржы төленеді делінген, жалпы Швеция білімге ЖІӨ-нің көп мөлшерін жұмсайды.

Халықты әлеуметтік қорғаудың континенталды үлгісі. Әлеуметтік саясат жүргізудің континеталды үлгісінде мемлекет тек қана әлеуметтік төлемдер төлеумен ғана айналысады, әлеуметтік қызметтерді ұйымдастырмайды. Мұнда мемлекет бюджетінен және жұмысшылар мен жұмыс берушілердің әлеуметтің шараларға бөлетін қаражаты бірдей мөлшерде және негізгі қаражат көзі мемлекеттік және жеке әлеуметтік сақтандыру қорлары болып табылады. Бұл үлгіні ұстанатындар – Германия, Франция, Австрия, Бельгия. Осы елдердің ішінде Германияның әлеуметтік саясатына тоқталып өтсек, ең алдымен Германияда 1946 Альфред Мюллер-Армак жылы «нарық еркіндігі» мен «әлеуметтік теңестіру» қағидаларын біріктіретін және экономикалық саясатты анықтайтын «әлеуметтік нарықтық қатынас» ұғымын енгізді. Мұндай саясаттың мақсаты экономикалық сферада қоғамның әрбір мүшесінің өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасайтын әлеуметтік саясат болып табылады. Бұл үшін индивидтердің шаруашылық қызметін реттейтін институционалды жағдайлар керек. Бірінші кезекте табысты бюджет арқылы қайта бөлу немес швециялық үлгідегідей тегін әлеуметтік қызметтер емес, әлеуметтік қорғауға бағытталған еңбекке қабілетті халыққа экономикалық жағдай жасау тұр. Сонымен қатар Германияда әлеуметтік сақтандырудың төрт түрі бар: зейнетақылық, медициналық, жұмыссыздыққа және күтілмеген жағдайға қатысты. Әлеуметтік сақтандыру жұмыс беруші мен жұмысқа тұрушы есебінен қаржыландырып, қызмет түріне байланысты дифференциацияланып төленеді. Әлеуметтік сақтандыру қағидасы белгілі бір қорларына төлемдер төлеген болса, онда төлеген адамға қызметтер алуына құқық береді. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мемлекет есебінен төленетін балаларға жәрдемақы (бала туылғанда берілетін, күнкөрісі төмен және көп балалы отбасыларға), босқындарға көмек, білім алуға жәрдемақы, жастарға көмек, емделуге жәрдемақы, зейнеткерлік субсидиялары, соғыс құрбандарына көмек, мүгедектер мен қоғамның басқа да кедей, әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетіледі. Германияның мемлекеттік әлеуметтік саясатының аясында денсаулық сақтау жүйесінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесі орындалады. Нәтижесінде халықтың 90 пайызы міндетті сақтандырумен, 8 пайызы жекеменшік, ал 2 пайыз халықтың бөлігіне мемлекет өзі төлейді.

Халықты әлеуметтік қорғаудың американ-британдық үлгісі. Американ-британдық үлгі әлеуметтік сферада мемлекеттің минималды түрде қатысуымен сипатталады. Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру тетігі мемлекеттік бюджет емес, жеке салымдар мен сақтандыру болып табылады. Мемлекет өз мойнына тек барлық азаматтардың минималды кірістерін сақтауды және халықтың аса көмекке мұқтаж табын қорғауды алады. Бұл үлгіні негізгі ұстанатын мемлекеттер: АҚШ, Англия, Ирландия. Әлеуметтік бағдарламалар қатаң индивидуализацияланған: барлық топтардың тең мүмкіндіктері орнына халықтың жекеленге категорияларына іріктелген көмек көрсету қағидасы сақталады. Оның ішінде зейнеткерлер, мүгедектер, ауру жандар, аз қамтамасыз етілген отбасылар, толық емес отбасыларға мемлекеттік жекелей қолдаулар бар. Қазіргі таңда 16 жасқа дейін және толық емес аз қамтамасыз етілген отбасыларға жәрдемақы төленіп келеді. Міндетті білім мен денсаулық қорғау жүйесі тегін болып саналады. Бірақ та, медициналық керек-жарақтар жетіспеушілігі мен дұрыс жетілмеген ақылы медициналық қызмет көрсету проблемасы туындағаннан кейін бұл саланы реформалау қажеттілігі болып тұр. Осы жылдары Ұлыбританияда емделушілердің аурухана мен дәрігерлер таңдау мүмкіндігін

арттыру үшін сапалы медициналық қызметтер көрсету жобасын денсаулық жүйесіне енгізу көзделініп отыр. АҚШ-та заманауи әлеуметтік халықты қамсыздандыру үлгісінің негізі 1935 жылы Ф.Рузвельт қабылдаған Әлеуметтік сақтандыру туралы Заңның қабылдануымен қаланды. АҚШ-та әлеуметтік көмектің негізгі бағыты отбасыға арналған. Материалды қолдау алудың негізгі талабы – отбасыда жан басына шаққандағы кіріс көзі елде бекітілген күнкөріс өлшемінің ең төменгі мөлшерінен төмен деңгейде болуы керек. Аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына жәрдемақылар төленеді. АҚШ-тың әлеуметтік саясатының ерекшелігі көмекке мұқтаж адамдарға қаржылай бөлек тағы да басқа көмектер көрсетіледі. Ол – тамақтануға, азық-түліктер сатып алуға арналған талондар [4].

Қорытындылай келгенде, Қазақстан экономикасының дамуы өз тәуелсіздігін сақтап, ұлттық жаңғырудың кепілі ретінде барша халықтың әлеуметтік жағдайының деңгейін жақсарту мен рухани өсуіне толық мүмкіндік жасап отырғаны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі. http://www.stat.kz/;*
2. *Жұматай И. «Қазақстан Республикасында кедейшілікке қарсы күрес, әлеуметтік қорғау, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту – саясатты ізгілендірудің басты бағыты». //Саясат-Policy, 2011 ж. №12;*
3. *Динар Нөкетаева. «Еліміз барлық әлеуметтік міндеттерін орындайды». //Егемен Қазақстан, 2011 жылғы 18 ақпан;*
4. *Байгісиев М.К. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. «Раритет» баспасы. Алматы, 2010 жыл;*
5. *Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитеті. http://www.esep.kz/;*
6. *Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі. http://www.minfin.kz/.*

Түйін

Мақалада автор мемлекет тарапынан жүргізілетін әлеуметтік саясаттың орнын айқындап, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған бөлігін мемлекет тарапынан қолдау, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру сияқты мәселелер кеңінен талқыланған.

Резюме

Социальная защита населения является неотъемлемой функцией любого ориентированного государства. Сегодня социальные проблемы в обществе, связанные со сложным положением экономики и ухудшением вследствие этого материального положения как основной массы работающих, так и неработающих граждан усугубляются наличием многих социальных законов, предоставляющих многочисленные льготы различным категориям граждан. Автор сделал анализ по этим данным.

Resume

Population social protection is the integral function of any focused state. Today social problems in a society, the economy connected with a difficult situation and deterioration thereof financial position, both great bulk working, and idle citizens are aggravated with presence of many social laws giving numerous privileges to various categories of citizens. The author could make the analysis under this data.

Кілт сөздер: *әлеуметтік саясат, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жұмыссыздық, әлеуметтік сақтандыру, шетелдік тәжірибе.*

Ключевые слова: *социальная политика, социально-экономическое развитие государства, безработица, социальное страхование, зарубежный опыт.*

Key words: *social policy, social and economic development of the state, unemployment, social insurance, foreign experience.*

САХИ А.С.,
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
«Экология» мамандығының 2-курс магистранты

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда қалалардың өсуі, дамуы, өркендеуі қалыпты жағдай. Сондықтан адамзат қала өркениетін дамытуда өмір сүру деңгейі мен денсаулығын қорғау үшін таза экологиялық аймақ қалыптастыру жолдарын іздестіру қажет. Бұл жолдың негізгі шығу тетігі – қала экологиялық орталығын қалыптастыру [1]. Бұл үшін қаланың аймақтарында табиғи немесе жасанды жолмен экологиялық жүйелер құру керек, яғни, парктер, ботаникалық бақтар, баулар ұйымдастыру.

Қала құрылысын әр түрлі архитектура мен табиғи ландшафтармен үйлестіре отырып салудың маңызы зор [2].

Қала құрылысын салуда «Экологиялық архитектура» деген термин көбірек қолданылады. Бұл дегеніміз – қала территориясындағы жаңа құрылыстарды салуда адамдардың әлеуметтік-экологиялық қажеттіліктері ескеріледі. Яғни, табиғатқа жақынырақ орналасу, кеңістіктің біртектілігінен арылу, 1 гектарға халықтың тығыздығы 100 адамнан аспау. Сонымен бірге, кішігірім ықшам аудандар ұйымдастыру, жасыл желек, гүл бақтарына, транспорт жолдарын қашығырақ орналастыра отырып, адамдар қарым-қатынасына жағдай жасау.

Тағы келесі бір мәселе, қаладағы өндіріс орындарынан шығарылатын газ тәріздес улы газдардың қала халқының денсаулығына зиянының алдын алу мәселесі. Өндірістің шығаратын газ тәріздес улы газын бөлу немесе олардың мөлшерін азайту үшін әр түрлі химиялық немесе физикалық тазарту әдістерін пайдалануға болады. Жалпы, газды пайдалану арқылы, ауаны көп ластайтын тас көмірдің орнын ауыстырып, ауа ластануын азайтуға болады. Сондықтан, өндіріс орындары отынның таза түрін, табиғи және газды, электр энергиясын, биогазды пайдаланғаны жөн. Қаладағы және қаланың айналасындағы тас көмір мен жағатын өндіріс орындары мен тұрақты жылу жүйелерін, мекемелер мен шағын кәсіпорындарды жаппай табиғи газға көшіру керек. Барлық автокөліктерді де газға көшірген тиімді. Ол үшін қаланың іші мен сыртындағы жанар жағар май станцияларын жауып, олардың орнына газ станцияларын орнату керек [3,4].

Басқа да атмосфера ластаушы факторлардың алдын алу маңызды. Соның бірі қаладағы өндіріс орындарынан шығатын улы, зиянды газдар және қалдықтар. Ауаны тазартудың бірден-бірі жолы-өндірістің технологиялық процестерін жетілдіру немесе түбегейлі жаңарту. Қалдықтардың құрамындағы химиялық заттарды бөліп алып, пайдаға асыру да уақыт талабы. Қазіргі кезде табиғи шикізаттардың 2-4% ғана пайдаға асса, қалған 96-98% пайызы әр түрлі қалдықтарға айналады және бұл қалдықтар қоршаған ортаны ластайды. Қалдықтарды өңдеп, пайдаға асыру үшін өндіріске аз қалдықты технологияны енгізу керек.

Тағы бір айта кететін жай, қала мен қала сыртындағы жайма базарлардың айналасы күл-қоқысқа, әр түрлі тұрмыстық қалдықтарға толы. Осылай ауаның ластануына жол бермес үшін әр жерде шашылып жатқан қоқысты жинап, оларды өңдеп, пайдаға асыру керек. Ол үшін шет мемлекеттердің жобасымен қоқыс өңдейтін зауыт салсақ ұтылмаймыз. Ондай зауыт қазір Алматы қаласында желтоқсан айынан бастап жұмыс істеуде. Оған жеке кәсіпкерлер өз инвестицияларын тартты.

Көше бойы мен саябақтардағы шіріген, құрап қалған ағаштар мен бұталардың орнына жаңа көпжылдық ағаштар, атап айтқанда да экологиялық мәдениеттілікті насихаттауға автокөліктерге көрсетілген қызмет аясын дамытуға, жолда жүру жағдайын жетілдіруге негізделген. Уақыт өте экологиялық қауіпсіздік, көліктің саны көбейетін болады және сертификатталған автомобиль отынын

пайдалану тәртібі жақсарады. Сонымен қатар, мегаполистің ауа бассейнін көліктердің ластау себебіне талдау жүргізу және автокөліктің қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету шаралары көзделген. Осылардың ішіндегі бірінші кезектегі шаралар ретінде сертификатталған мамандырылған техникалық қызмет көрсету станцияларының торабын құру арқылы көлік құралдарын бақылауды жетілдіру, жоғары сапалы автомобиль отынын пайдалану, автокөліктерді түтін құрамындағы зиянды заттарды азайтуға арналған құралдармен біртіндеп жабдықтауды жүргізу міндеттері шығарылған. Көліктерді газ отынына ауыстыру жағдайын жасау, көлік ағымын басқаруды ырықтандыру және қаладағы көлік ағымын басқарудың автоматтандырылған жүйесін түрлендіру мәселелеріне баса маңыз берілген. Сонымен бірге автокөліктерді сақтауға және қоюға арналған құрылыстар желісі дамытылатын болады.

Оңтүстік астана ауасының ластануына тікелей себеп болып отырған жәйттердің бірі, бұл – бүгінде көпшілігі рухани жағынан да, физикалық жағынан да тозған жылу энергия кәсіпорындарының жұмыс істеп тұрғандығы. Бұл орайда қаладағы жылу энергетикалық кешен кәсіпорындарында мейлінше таза отын түрін, яғни табиғи газды пайдаланудың экологияны тазартуға айтарлықтай үлес қосқаны анық. Мұндағы негізгі міндет – қазандық агрегаттарын қайта жарақтандыру болмақ. Ол бойынша қазандықтарға жаңа эмульгатор қою, мүлде ескірген қазандық агрегаттарын жаңасымен алмастыру, түрлі ведомствалық қазандықтарды жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және тау баурайындағы қазандықтарды электрмен жылытуға көшіру секілді іс-шаралар көзделген. Сондай-ақ қазандықтарда тазартушы сүзгі құралдарын қолдануға үлкен мән берілуде.

Жалпы алғанда, қала табиғатын сауықтыруда көп жұмыстар жасалуы керек екендігін біз болашақ эколог маманы ретінде жақсы түсінеміз. Қазір “Таза ауа – жанға дауа” бағдарламасы негізінде жүзеге асырылатын мәселелер алматылықтарды көп үміттендіріп отыр. Өйткені кешенді бағдарлама атмосфералық ауаны қорғау, қалдықтар мәселесін шешу, ауыз су тазалығын сақтау, қала құрылысы, көгалдандыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын қорғаудағы проблемаларды түбегейлі шешуге бағытталған. Оның алғашқы кезеңінде іске асырылатын шаруалар соңғы екі-үш жылдан бері жасалынып жатыр. Соның бірі қала көлігін кезең-кезеңімен жанар майдан газға ауыстыру болып табылады.

Қалдықсыз өндірістерде құрудағы негізгі қағидаларға шикізатты кешенді пайдалану, түбегейлі жаңа және жұмыс жасап тұрған технологияларды жаңарту, тұйықталған су және газ айналым циклондарын құру, кәсіпорындарды кооперациялау және аумақтық-өндірістік кешендер құру жатады.

Шикізатты кешенді пайдалану. Өндіріс қалдықтарына белгілі бір себептерге байланысты қолданбаған немесе қолданып бітпеген шикізаттың бір бөлігі жатады. Сондықтан да шикізатты кешенді пайдалану проблемасы экология жағынан да, экономика жағынан да маңызды мәселе болып табылады.

Табиғи ресурстарды кешенді пайдалану қажеттілігі, біріншіден, қоршаған ортаны ластап жатқан өндірістік кәсіпорындардың көлемінің өсуіне, екіншіден, оны тиімді жұмсауына тығыз байланысты болады. Өйткені минералды шикізаттар қоры шектелген. Қазіргі кезде шикізаттар бағасы тоқтаусыз өсуде. Өз кезегінде бағалардың өсуі қалдықсыз және аз қалдықты өндірістің тез дамуына әкеледі. Қалдықтардың негізгі көздеріне мыналар жатады:

- шикізат қоспалары, яғни дайын өнім алу үшін осы өндірісте қолданылмайтын компоненттері;
- үрдістің толық жүрмеуі;
- қолданбайтын заттарды қалыптастыратын химиялық реакциялардың пайда болуы. Шикізатты ұтымды және кешенді пайдалану оның қолданылмаған санын азайтуға, дайын өнімдердің ассортименттік көбейтуге, бұрын қалдықта кеткен шикізат бөлінген жаңа өнім шығаруға ықпал етеді. Мысалы, түсті металлургияда әрқашанда минералды шикізаттан алынатын элементтер саны өсіп отырады. Жердің биосферадан табылған 90 элементтен түсті металлургия кәсіпорындарды келесідей элементтер алынған.

Түбегейлі жаңа және жұмыс жасап тұрған технологияларды дамыту. Бұл технологиядағы ең негізгі кезең болуға тиісті. Мысалы, алатын болсақ, атом өндірісінің негізіне қоршаған ортаны ластамау немесе зияндылықты төмендету қағидасы қойылған. Атоммаштағы «радон» кәсіпорынында барлық технологиялық сызбаларда қалдықтарды көму әдістері өте жоғары деңгейде. Қара металлургияда жаңа технологиялық сызба құрылған, ол ортаның ластануын төмендетеді.

Тұйықталған су және газ айналымдарының циклін құру экологиялық қауіпсіздік позициясы тұрғысынан қарағанда негізгі мәселелердің біріне жатады, яғни тұйықталған су және газ айналымдарын құру. Мысалы, Ресейдің «Тулачермет» өндірістік бірлестігінде тұйықталған газ айналымы циклі ұйымдастырылған, ол суперфосфаты және басқа да фосфорлы тыңайтқыштар өндіру үшін жасалған, өз кезегінде ол қоршаған ортаның фториттермен ластануына жол берілмейді.

Кәсіпорынды кооперациялау, аумақтық өндірістік кешенді құру.

Көптеген жағдайда бір өндірістің қалдықтары екінші бір өндірістің шикізаты болып табылады. Осыған байланысты «қалдықтар» терминін «аяқталмаған өндіріс өнімдері» терминімен ауыстыру жөнінде ұсыныстар ғылыми әдебиеттерде кездеседі. Әр түрлі елдерде «қалдықтар банкі» атты жұмыстар жүргізілуде, яғни әр түрлі өндіріс салаларының қалдықтарын бір жүйеге келтіру қажеттігі туындайды.

Соңғы жылдар ішінде Алматы қаласының атмосфералық ауаның тазаруы нақты байқалған жоқ, сондықтан қазіргі кезде жүзеге асырылып отырған атмосфераны тазарту шаралардың нәтижесі өте төмен деп айтуға болады.

Алматының ауа бассейнінің ластануының алдын алу мақсатында 2015 жылға дейінгі “Таза ауа – жанға дауа” экологиялық бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі бөлімінде автокөлік, жылу энергетикасы және өнеркәсіптік кәсіпорындар бойынша атқарылуға тиісті шаралар қарастырылған.

Тағы бір айта кететін жайт, қала мен қала сыртындағы жайма базарлардың айналасы лас қоқысқа, әр түрлі тұрмыстық қалдықтарға толы. Ауаның ластануына жол бермес үшін, әр жерде шашылып жатқан қоқысты жинап, оларды өңдеп, пайдаға асыру керек. Ол үшн шет мемлекеттердің жобасымен қоқыс өңдейтін зауыт салсақ ұтылмаймыз.

Көше бойы мен саябақтардағы шіріген, құрап қалған ағаштар мен бұталардың орнына жаңа көп жылдық ағаштар, атап айтқанда – қарағай, қайың, терек, емен, долана және тағы басқа молырақ отырғызған абзал. Жапырағы жайқалған өсімдіктер мен ағаштар денсаулыққа пайдалы, олар ауаны тазартады, көмір қышқыл газын жұтып, ауаға оттегі бөліп шығарады. Зиянды газдарды бойына сіңіріп алып, ауаны әр түрлі шаң-тозаңдардан тазартады.

Жалпы алғанда, қала табиғатын сауықтыруда көп жұмыстар жасалуы керек екендігін болашақ эколог маманы ретінде жақсы түсінеміз. Қазір “Таза ауа – жанға дауа” бағдарламасы негізінде жүзеге асырылатын мәселелер алматылықтарды көп үміттендіріп отыр. Өйткені, кешенді бағдарлама атмосфералық ауаны қорғау, қалдықтар мәселесін шешу, ауыз су тазалығын сақтау, қала құрылысы, көгалдандыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын қорғаудағы проблемаларды түбегейлі шешуге бағытталған. Оның алғашқы кезеңіндегі іске асырылатын шаруалар соңғы 2-3 жылдан бері жасалып жатыр. Соның бірі қала көлігін кезең-кезеңмен жанармайдан газға ауыстыру болып табылады. Осы аталған жоспарлар жүзеге асса, Алматының тұрғындарымен бірге жұпар иісті бақтар еркін тыныс алатын уақыт алыс емес деп сеніммен айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Мамыров Н.К., Тонкопий М.С., В.В. Храпунов Экологическое состояние города Алматы. – Алматы: Экономика, 2000. –52 с.*
2. *Состояние атмосферного воздуха города Алматы в 2004 году. РГП “Казгидромет”. Алматы, 2004.*
3. *Экологическое состояние г. Алматы. Статистический бюллетень. Управление статистики г. Алматы, 2002.*
4. *Салимбаева Р.А. Современное состояние природной среды города Алматы и меры по ее улучшению. // Вестник КазЭУ. №1 2005 г. С.205-208.*
5. *Кошелев В.В. Эколого-экономическая оценка городов Казахстана. //Вестник КазЭУ. №3 2004.*
6. *Отчет о состоянии окружающей среды, организации выполнения комплексной программы оздоровления экологической обстановки города Алматы “Таза ауа – Жанга Дауа” на 1999-2015 гг. И об итогах деятельности Алматинского городского территориального управления охраной окружающей среды за 2004 год.*

Түйін

Мақалада Алматы қаласында туындап отырған қазіргі күрделі экологиялық жағдайлары мен оны шешу жолдары туралы мәселелер бұқаралық ақпарат құралдары және ғылыми әдебиеттер негізінде жазылып, ол мәселелерді шешуде автордың жеке талдаулары келтірілген.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы экологии и экологической обстановки города Алматы и пути их решения.

Resume

On town Almaty article already propagated the present broad ecological cases and his write principle mass popular and scientific literatures questions about roads permission, personal analyses author permission he questions.

Кілт сөздері: *мониторинг, биосфера, биотоп, экожүйе,*

Ключевые слова: *мониторинг, биосфера, биотоп, экосистема.*

Keywords*: monitoring, acumen, biotope, ecosystem.*

СЕЙДАХМЕТОВ А.С.,
к.э.н., профессор, зав.кафедрой «Экономика»
КазЭУ им.Т. Рыскулова

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ И ОТРАСЛЕВОЙ СТРУКТУРЫ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

Уровень и темпы роста социально-экономического развития страны во многом зависит от особенностей состава и структуры национальной экономики. Поэтому современный уровень развития национальной экономики, особенности ее отраслевой и территориальной структуры, эффективность функционирования отдельных ее сфер и отраслей, степень вовлеченности в мировые интеграционные процессы формируют прогрессивную национальную систему и отраслевую структуру экономики.

Республика Казахстан с 1993 г. перешла на методологию ООН «Система национальных счетов» с учетом специфики национальной экономики. В 2003 г. в соответствии с терминологией международной классификации институциональных единиц (хозяйствующих субъектов) рыночной экономики, принятой в системе национальных счетов ООН, Агентство Республики Казахстан по статистике разработало и утвердило Общий классификатор видов экономической деятельности (ОКЭД) ГК РК 03-2003. В зависимости от цели, функции объекта производства продукции и оказании услуг, а также источников финансирования национальная система экономики классифицируются по двум типам: секторам и отраслям экономики.

В СНС классификация национальной системы экономики проводится по 6 секторам, из них пять – секторы внутренней экономики – резиденты, шестой сектор внешний – нерезидентный (рис. 1).

Секторы экономики – это совокупность институциональных единиц, имеющих сходные цели, функции и источники финансирования, обуславливающие их сходное экономическое поведение. К их числу обычно относят: сектор предприятий, сектор домашних хозяйств, сектор государственных учреждений и внешний сектор. Сектор предприятий обычно подразделяется на сектор финансовых и сектор нефинансовых предприятий.

Сектор «Нефинансовые корпорации» представляют институциональные единицы, производящие товары и услуги (кроме финансовых) по ценам, покрывающим затраты и дающим возможность получения прибыли (в некоторых случаях частично за счет субсидий госбюджета). К нефинансовым корпорациям относятся частные и государственные предприятия, товарищества, производственные кооперативы, совместные и дочерные предприятия, гостиницы, рестораны, кафе, кинотеатры, казино и др.

В зависимости от того, кто осуществляет контроль за их деятельностью, они, в свою очередь, подразделяются на государственные, национальные, частные и иностранные нефинансовые предприятия.

Сектор «Финансовые корпорации» включает институциональные единицы, оказывающие финансовые услуги: посреднические (предоставление кредитов от своего имени) и вспомогательные (мобилизуют денежные средства, не предоставляя кредитов). К финансовым корпорациям относятся Национальный банк Республики Казахстан, банки второго уровня, страховые компании, пенсионные фонды, биржи, рынки ценных бумаг, брокерские компании, ломбарды, трастовые компании.

Сектор «Государственное управление» включает все организации, находящиеся под контролем государства, содержащиеся за счет госбюджета, оказывающие в основном нерыночные услуги населению индивидуального и коллективного характера. К данному сектору относятся физические лица, участвующие в производстве, предоставляющие свою рабочую силу и приобретающие товары и услуги на рынке, а также собственники мелких некорпоративных предприятий (в основном семейные).

Сектор «Домашнее хозяйство» объединяет как частных предпринимателей без образования юридического лица, так и другие формы индивидуальной трудовой деятельности.



Рис.1. Классификация секторов и отраслей экономики

Сектор «Некоммерческие организации, обслуживающие домашние хозяйства», включает все некоммерческие организации, предоставляющие товары и услуги домашним хозяйствам бесплатно или по низким ценам за счет взносов, благотворительных пожертвований, трансфертов от предприятия-учредителя. К различным типам некоммерческих организаций относятся: профсоюзы, политические партии, религиозные общества, спортивные добровольные общества; благотворительные общества и фонды; ведомственные жилища, больницы, поликлиники, клубы, стадионы и т.д.

Сектор «Остальной мир или внешний сектор» – это совокупность институциональных единиц – нерезидентов данной страны (т.е. расположенных за пределами страны), имеющих экономические связи, а также посольства, консульства, военные базы, международные организации, находящиеся на территории данной страны.

В условиях перехода Казахстана к рыночной экономике произошли значительные изменения в секторальной структуре экономики страны (табл. 1).

1. Состав и структура секторов экономики Республики Казахстана, в %

Годы	Нефинансовые корпорации	Финансовые корпорации	Государственные управление	НКООДХ	Домашние хозяйства	Итого по секторам
1990	85,5	0,6	6,0	1,8	6,1	100,0
1995	69,5	1,2	6,5	0,7	22,1	100,0
2000	76,6	1,9	5,4	0,4	15,7	100,0
2004	74,9	2,3	5,4	0,6	16,8	100,0
2005	74,7	2,4	5,3	0,6	17,0	100,0
2006	76,7	3,4	5,1	0,5	14,3	100,0
2007	74,4	3,9	5,4	0,5	15,8	100,0
2008	77,0	3,8	4,9	0,4	13,9	100,0
2009	72,6	5,0	4,9	0,6	15,6	100,0

Как видно из данных таблицы 1, в процессе формирования ВВП страны наибольший удельный вес занимают нефинансовые корпорации и некорпорированные предприятия домашних хозяйств. Наблюдается тенденция увеличения удельного веса финансовых корпораций. Если удельный вес финансовых корпораций в 1990 г. составили 0,6% в ВВП, то в 2009 г. 5,0% или увеличился более 8,3 раза. Снижается доля государственного управления и НКООДХ.

Отраслевая классификации хозяйствующих субъектов в СНС также отличается от той, которая была принята в балансе народного хозяйства. Если в классификаторе отраслей народного хозяйства все отрасли разделялись на сферу материального производств и сферу не материальных услуг, то в Международной стандартной классификации всех видов экономической деятельности (МСОК) классификация начинается с отраслей, приближенных к использованию непосредственно природных ресурсов, и продолжается в сторону отраслей, которые используют уже обработанные природные ресурсы, а также в направлении приближения к отраслям, обслуживающим домашние хозяйства.

Отраслью, как известно, понимается сфера национальной экономики, которая отличается определенными видами производимой продукции специфическими средствами производства (предметами и орудиями труда), особой технологий и организацией производства, профессиональными качествами и квалификацией работников.

Отраслевое деление экономики является результатом исторического процесса и развития общественного разделения труда.

Каждая из специализированных отраслей, в свою очередь, подразделяется на комплексные отрасли и виды производства. В составе промышленности, например, насчитывается более 15 таких крупных отраслей, как электроэнергетика, топливная промышленность, черная металлургия, химическая и нефтехимическая промышленность, машиностроение и металлообработка, лесная, целлюлозно-

бумажная промышленность, промышленность строительных материалов, легкая и пищевая промышленность и другие отрасли. В сельском хозяйстве соответственно: растениеводство, животноводство, кормопроизводство и другие отрасли.

Классификация отраслей экономики Республики Казахстан представляет собой аутентичный текст Статистической классификации экономической деятельности в Европейском экономическом сообществе (NACE) и соответственно классификация по 17 секциям (рис.1).

В условиях перехода к рыночной экономике произошли существенные изменения в структуре отраслей национальной экономики Казахстана (табл. 2). Увеличился удельный вес промышленности в структуре ВВП страны с 24,6% в 1991 г. до 31,0% в 2009 г. и соответственно: транспорта: 6,6 и 8,4% ; связи – 0,6%; 2,8%, финансовой деятельности 2,6 и 5,0%, торговли – 1,3 и 2,7%.

2. Структура валового внутреннего продукта Республики Казахстан по отраслям, в %

№	Показатели	Годы					
		1991	2000	2005	2008	2009	2010
1	ВВП	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
2	Сельское хозяйство, лесное и рыбное хозяйства	28,6	8,6	6,6	5,6	6,2	4,4
3	Промышленность	24,6	33,2	31,0	32,9	31,0	32,8
4	Строительство	9,0	4,9	8,2	8,3	8,0	7,7
5	Торговля, ремонт автомобилей и изделий домашнего пользования	7,9	13,2	12,3	12,5	12,4	13,1
6	Гостиницы и рестораны	-	0,6	0,9	0,8	0,9	0,8
7	Транспорт	6,6	12,0	10,2	8,8	8,4	8,1
8	Связь	0,6	1,5	2,1	2,5	2,8	3,1
9	Финансовая деятельность	2,6	3,3	3,4	5,4	5,0	3,9
10	Операции с недвижимым имуществом, аренда и услуги потребителям	-	11,5	15,7	15,3	16,1	8,7
11	Государственное управление	1,3	2,4	2,2	1,7	2,1	1,9
12	Образование	4,8	3,8	3,6	2,9	3,3	3,2
13	Профессиональная и научная деятельность	-	-	-	-	-	3,9
14	Здравоохранение и социальные услуги	3,1	2,1	1,8	1,5	1,8	1,7
15	Прочие коммунальные, социальные и персональные услуги	5,8	2,8	1,9	1,7	1,9	1,9
16	Предоставление услуг по ведению домашнего хозяйства	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
17	Прочие услуги	5,0	-	-	-	-	0,9

Примечание. Данные 2010 года предварительные

В то же время наблюдается тенденция уменьшения доли сельского хозяйства, лесного и рыбного хозяйства с 28,6% в 1991 г. до 6,2% и соответственно строительства – 9,0% и 8,0%, образования – 4,8% и 3,3%; здравоохранении и социальных услуг – 3,7% и 1,9%.

Следует отметить, что за анализируемый период наблюдается увеличение доли производства услуг в структуре ВВП страны. Например, в 1991 году удельный вес услуг в структуре ВВП составил – 36,1%, 2000 г. – 51,3%, 2005 г. – 54,1%, а в 2009 г. – 54,8%. Это связано, во первых, со снижением доли реального сектора экономики; во вторых, повышением доли торговли, транспорта, связи; в третьих, появлением новых рыночных сфер услуг; в четвертых, более высоким уровнем цен в сфере производства услуг. Такое изменение структуры в основном соответствует современным общемировым тенденциям в системе национальной экономики стран.

В структуре ВВП страны все еще высок удельный вес добывающей промышленности. В 1991 г. удельный вес горнодобывающей промышленности в структуре ВВП страны составил 25,6%, а в 2009 г. – 32,4%. Это связано с тем, что горнодобывающая промышленность все еще зависит от конъюнктуры внешнего рынка, на который ориентирована данная отрасль промышленности.

Развитие обрабатывающей промышленности носит неравномерный характер и в основном имеет тенденцию к снижению. Например в 1991 г. удельный вес обрабатывающей промышленности в структуре ВВП страны составил – 23,5%, 2000 г. – 34,1%, 2005 г. – 25,4%, а в 2009 г. – 17,6%. Это связано с сокращением внутреннего спроса из-за снижения темпов роста реальных доходов населения вследствие высокой инфляции, которая начала нарастать со второй половины 2007 г. в результате мирового экономического кризиса.

Следует отметить, что все еще в структуре национальной экономики Казахстана преобладают добывающие отрасли и отрасли первичной переработки сырья. Рациональной структурной базой, как известно, являются преобладание доли в системе национальной экономики – обрабатывающей промышленности, перерабатывающей отрасли, особенно инновационные подотрасли этой сферы. Эти тенденции и особенности сформировали в развитых странах прогрессивную отраслевую структуру экономики, определяемую не столько долей непосредственного машиностроения, химии, электроэнергетики, сколько внутренней структурой этих отраслей, а именно: уровнем развития индустриально-инновационной технологии, информационно-телекоммуникационных систем, биотехнологии, нанотехнологии, которые становятся рациональной основой современной экономики.

Следовательно, высокая доля добывающей отрасли в экономике Казахстана может оказать сдерживающее воздействие на процессы установления рациональной структуры экономики в условиях ориентации инновационного развития и повышения конкурентоспособности экономики страны. Если снижение совокупного удельного веса отраслей сельского хозяйства и добывающей промышленности являются объективным явлением в связи с ориентацией на увеличение выхода конечной продукции, то удельный вес обрабатывающей промышленности должна повышается за счет расширения переделов в области металлургии, нефтехимии, расширения выпуска наукоемкой продукции с использованием высоких технологий, развития легкой и пищевой промышленности, а также сферы услуг.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Послание Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе». – Астана 29.01.2011.*
2. *Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы от 19 марта 2010 года №958. – Астана, 2010.*
3. *Шокаманов Ю.А. Анализ динамики основных экономических показателей Казахстана в 2007-2009 годах // Мировой экономических кризис: теория, методология, практика. Экономическое исследование; под ред. д.э.н., профессора Абишева А.А., д.э.н., Мухамбетова Т.И. – Алматы, Экономика, 2009.*
4. *Статический ежегодник Казахстан 2009. Статический сборник. – Алматы, 2010 (www.stat.ru) .*
5. *Статистический ежегодник Казахстана 2010. Статистический сборник. – Алматы, 2011 (www.stat.ru) .*

Резюме

В статье рассматриваются состав, структура и классификация национальной системы экономики Казахстана. С использованием аналитических данных исследованы тенденции и структурные изменения системы национальной и отраслевой экономики страны в условиях рыночных отношений.

БЕРДАЛИЕВ К.Б.,
профессор
МУХАЕВ С.,
профессор КазЭУ им. Т. Рыскулова

БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ ОРЫНБАСАР ТӨЛЕМІСҰЛЫ – 70-те

Ғалымның ғалым болып қалыптасуына көптеген табиғи және адами ақиқаттар әсер ететіні белгілі. Олар адамның мінез-құлқынан, іс-әрекеттерінен көрініс тауып жататыны сөзсіз. Сондай жарқын тұлғалардың бірі Евразия экономикалық академиясының академигі, экономика ғалымдарының докторы, профессор Орынбасар Төлемісұлы.

Орынбасар Төлемісұлының қатысуымен елімізде машина жасау саласының бес жылдық жоспарлары, ұзақ мерзімдік тұжырымдамасы, ғылыми-техникалық даму бағдарламалары және осы саланың өндіргіш күштерін орналастырудың үлгісі жасалды.

Қазақстан экономикасының құрылымы және жетілдіру туралы ойларын О. Төлемісұлы «Табиғат байлығына егеменділік және оның құны» атты ортақ монографияда айқын көрсетті.

О. Төлемісұлы өнеркәсіп жетілдірумен қатар бірқатар әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму мәселелерін атап көрсетті және оларды шешу жолдарын ұсынды. Біздің ойымызша тұйықтан шығудан бірден бір жолы – экономикалық тәуелсіздікпен егеменділік негізінде тауар айналымында ТМД елдері шеңберінен шығып, шетелдермен қарым-қатынасты нығайту сауда әріптесін еркін таңдау болып табылады.

О. Төлемісұлының пайымдауынша «Республика экономикасын көтеріп сан-саналы халық шаруашылығын қалыптастырудың бірден бір жолы ұлғаймалы ұдайы өндіріс үлгісі арқылы тауардың құны мен бағасын құн теориясына сәйкес анықтап, жүзеге асыру».

Экономиканы қайта құру меншік қатынастарына күрделі өзгерістер әкелді. Осы тұста О. Төлемісұлы өзінің меншік туралы зерттеулерін жүргізді.

О. Төлемісұлы 1980 жылдан бастап ЖОО ауысып АҚШИ ғылыми педагогикалық жұмыстармен айналысты. Онда аға оқытушы, доцент, нарық институты директорының орынбасары, «менеджмент және маркетингі» оқу-ғылыми кешенінің директоры, «Басқару» факультетінің деканы қызметтерін атқарды. Бұл жылдары ол бағаның теориялық негіздері, баға белгілеу туралы монографиялар мен ғылыми мақалалар жариялады. Еліміздің белгілі ғалымдары мен қоғам қайраткерлері Қ.А. Сағадиев, Ғ.С. Сейтқасымов, Н.Қ. Мамыров, Т.Ш. Шаукенбаев, Д.Қ. Қабдиев, Қ.О. Оқаев, Қ.Ә. Төлтаев, А.Е. Есентүгелов, Ж.О. Ихданов, Ө.Қ. Есқараев және тағы басқалармен қызметтес болды. Бұл да ғалымның өмірлік жолымен ғылыми қызметінің қалыптасуына игі әсерін тигізді. Қазақстанда ауыл шаруашылық өнімдеріне белгіленген бағалардың еліміздің экономикасын көтеруге толық әсер ете алмайтындығын, орталықтан белгіленген дотацияның жеткіліксіз екенін дәлелдеп, осы тапшылықтан шығу жолында бірталай тиімді ұсыныстар дайындады.

Баға теориясы, оның қалыптасуы, нарық жағдайына сәйкес өзгерістері туралы ғылыми-зерттеулер жүргізіп монография, мақалалар жазумен қатар ЖОО арналған оқу-әдістемелік құралдар дайындады.

«Нарық қатынасына өту кезеңінде өндірістік бизнес баға тетігін пайдалану» тақырыбына монография жариялады. Сол зерттеулердің нәтижесінде 1996 жылы «Нарық қатынасына өту кезеңінде баға тетігін пайдалану» тақырыбында алғашқылардың бірі болып қазақ тілінде докторлық диссертация қорғады.

О. Төлемісұлы менеджер және экономист мамандарын жаңа талаптарға сәйкес оқыту-әдістемелерін жетілдіруге өзіндік үлесін қосты. Шетелдік тәжірибелерді зерттеу мақсатында АҚШ, Голландия, Италия және Жапония Университетінің жұмыстарымен танысты. Чикагода (АҚШ) «Оқытудың шекарасы жоқ» деген ұранмен өткізілген «Дүниежүзілік оқыту менеджменттің дамыту» форумына қатысты.

О. Төлемісұлының ғылыми-педагогикалық жетістіктері, оның ерекше қасиеттері адамдармен қарым-қатсынасы, өз ісіне жауапкершілігі, іскерлігімен білімділігі арқылы бағаланды. Педагогикалық еңбек шеберлігі ізденімпаздығымен ғылыми жетістіктері, студенттерді тәрбиелеудегі ұстанымдары оның жоғарғы мектеп тәлімгер ұстаздар арасында беделін арттырды. Экономист-мамандар дайындау жастарға тәлім-тәрбие берудегі еңбектері бағаланып, 2009 жылы ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ол Қазақстан экономист-ғалымдар кеңесінің мүшесі.

ТАНКИЕВА А.Қ.
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, э.ғ.к.

ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН...

(студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жайында)

...тас қияға өрлеген жас талаптанушы алатын белесінің зор екендігін білсе де, оған жетер жолда «шыңдалу» мектебінен өтетіндігін әсте біле бермейді. Бұл шыңдалу мектебі университет қабырғасында студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы деп аталса керек-ті.

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануы оң жолға қойылған деп айту артық емес. Олай деуіме соңғы екі оқу жылдарында (2009-2010 және 2010-2011) студенттердің қатысуымен өткізілген ғылыми шаралар дәлел бола алады.

«Инемен құдық қазғандай» – бейнеті көп, нәтижесі оңай да жылдам бола қоймайтын, «табандаған шыдамдылық» пен терең ізденуді талап ететін, зерттеу негізінде талдау жүргізіп, қорытынды жасап, өз ұсынысын білдіру сияқты бірсыпыра жұмыстар – осы ғылыми-зерттеудің еншісіне тиесілі.

Бұл мақаланы жазудағы басты мақсатым – атқарылған жұмыстарға ой түйіндеп, студенттердің ғылыми-зерттеуге, танымпаздыққа, ізденушілікке деген талпыныстарының, ұтқырлықтарының, оқытушылық құрамның оларды даярлаудағы ұстаздық шеберліктерінің, ұйымдастыру шараларының берекелі тұстары жөнінде ой өрбіту.

«Ел үмітін ер ақтаған», – дегендей, университет артқан үмітті студент-жастар өз талаптарын университетаралық, республикалық конкурс, олимпиада, ғылыми жобаларда сынау арқылы жеткен жетістіктері, көңілге қуаныш ұялатарлық нәтижелері – «артылған» сенімді ақтағанға іспеттес.

Айта кетелік, биыл университетімізде үшінші рет экономика мамандықтары бойынша (экономика, қаржы, есеп және аудит, бағалау) республикалық студенттік пәндік олимпиада өткізілді. Олимпиадаға республикамыздың 26 жоғары оқу орындарынан 325 студент (107 команда) қатысқан болса, оның ішінде жеңімпаз атанған 6 команда біздің университетімізден. Осы олимпиадаға қатысушылардың үлесі бойынша «салмақтырағы» «Қаржы» мамандығына тиесілі. Жыл сайын «Қаржы» мамандығы бойынша қатысатын командалардың саны басқаларға қарағанда көп, дайындық деңгейлері де жоғары. Қазылар алқасының осы бірінен бірі үздік командалардың ішінен «жарып шыққанын» жүлделеуде кездесетін «қиындықтары» баршылық. Осы орайда, уақыттың тапшылығын да, әділдікті де, білім сапасын да ескеруде «көрегенділік» танытып келе жатқан профессорлардың еңбегін айтуды міндетім деп санаймын. Олар – «Қаржы нарықтары және банктік бизнес» кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ұ.М. Искаков, «Қаржы» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы В.Д. Мельников.

Оған қоса, студенттеріміз еліміздің жетекші оқу орны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг», «Менеджмент», «Ақпараттық жүйе» және Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінде «Туризм», «Әлеуметтік жұмыс» мамандықтары бойынша өткізілетін аталмыш деңгейдегі олимпиадаға, конкурстарға қатысып, бірінші, екінші, үшінші жүрделі орындарға ие болды. Осы орайда аталмыш мамандықтар бойынша студенттің білімін жетілдіруге «алтын уақытын сапр ететін» оқытушы еңбегі елең еткізері анық. Олардың қатарында Ш.А. Смағұлова, А.А. Нұрпейісова, Ғ.Қ. Кішібекова, Б.О. Құламбаев, Е. Бейсекей, К.Ә. Әбенова, Қ.Қ. Пірімжарова, С.Б. Сауранбай, Ә.С. Бектеубаева, Р.Қ. Елшібаев, Ә.К. Нүсібалиевалар бар.

